



"Мәдени мұра"

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша шығарылды

Астана

2011

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Әшімбаев Мәулен, *кеңес төрағасы*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбаев Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхаммадиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шаймерденов Ербол
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

*Қазақ
мақал-мәтелдері*

68 ТОМ



УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)
Б 12

*Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Күзембаева С.А.,
Әлібеков Т., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

С. Қасқабасов, Қ. Алпысбаева, Т. Әлібеков (*жауапты редактор*),
И. Жеменей

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

Т. Әлібеков, Т. Әкімова, А. Оралбек,
Қ. Орынғали (*жауапты шығарушы*)

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2011.
Т. 68: Қазақ мақал-мәтелдері. — 400 бет.

ISBN 978-601-292-199-1

«Бабалар сөзі» сериясының 68-томына қазақ фольклоры мұраларын жинап зерттеушілер Л.Будагов, Н.Березин, М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Крафт, А.Васильев, Ә.Диваев, С.Шорманов, Ғ.Жәнібеков, З.Ташкенди, А.Баржақсыұлы бастырған кітаптарға енген және Моңғолия мен Өзбекстан қазақтары қолданысындағы мақал-мәтелдер енді.

УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-292-199-1 (т. 68)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2011
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2011

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша орындалып жатқан «Бабалар сөзі» атты жүз томдық қазақ фольклорының ғылыми басылымы сериясын тұңғыш рет дайындап, жариялау жұмысын жалғастырады. Атап айтқанда, топтама бойынша бүгінге дейін «Хикаялық дастандардың» он үш, «Діни дастандардың» жеті, «Ғашықтық дастандардың» он бір, «Тарихи жырлардың» он бір, «Батырлар жырының» жиырма, «Жұмбақтардың» бір және «Мақал-мәтелдердің» үш томы баспаға (65, 66, 67-томдар) ұсынылды, яғни бұл — «Мақал-мәтелдерге» арналған төртінші том.

Ұлттық фольклорымыздың қолдану аясы кең бір саласы — мақал-мәтелдердің көркемдік, жанрлық ерекшелігі және идеялық маңызы жөнінде беташар томда жан-жақты айтылған. Осы жанрға енгізілген материалдар туралы айтқанда, 65-томға Ө.Тұрманжанов жариялаған жинақтар бойынша, 66-томға көне түркі заманы жазба ескерткіштерінен бастап, ортағасырлық түркі ғұламалары еңбектеріндегі мақал-мәтелдерді қамтыған Ә.Құрышжановтың, ХІХ-ХХ ғасыр басындағы М.С.Бабажановтың, Ш.Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсаринның, Ә.Диваевтың, М.Ешмұхамедовтің, М.А.Ысқақбаласының және орыс зерттеушілері В.В.Катаринскийдің, Н.Н.Пантусовтың, А.В.Васильевтің т.б. жинап, жариялаған үлгілері, 67-томға

Қытай қазақтары мақал-мәтелдерінің нұсқалары топтастырылды.

«Бабалар сөзі» сериясының кезекті томына ХІХ ғасырдың ортасынан бастап, ХХ ғасырдың екінші жартысын, хронология бойынша бір жарым ғасырлық мерзімді қамтитын халық мұраларының үлгілері еніп отыр. Олар: Л.З.Будагов, Н.И.Березин, М.А.Терентьев, П.М.Мелиоранский, И.И.Крафт, А.В.Васильев, Ә.А.Диваев, С.Шорманов, Ғ.Жәнібеков, З.Ташкенди және А.Баржақсыбаласы жинап, жариялаған еңбектер бойынша берілді. Бұл мұралар 1869-1923 жылдар аралығында жарық көрген, қазір сирек қорларда ғана сақталған басылымдар.

Томға енген мақал-мәтелдер үлгілері осыдан 110 жыл бұрын 1900 жылы жарық көрген белгілі фольклортанушы-библиограф А.Е.Алекторовтың, зерттеуші А.Н.Харузиннің библиографиялық көрсеткіштеріне сүйене отырып жасалған ізденістердің барысында жинақталды. Соның нәтижесінде халық мұраларының жиналып, жариялануы жөнінде бұрын беймәлім болып келген зерттеу қабаты ашылды деуге болады.

Томдағы материалдар 1869-1871 жылдары С.-Петербургте түркітанушы Л.З.Будагов құрастырып, бастырған «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» атты (І, ІІ томдар) бірегей басылымнан бастап, Өзбекстан мен Моңғолияда тұратын қазақ диаспорасы өкілдері арасында кеңінен қолданылатын мақалдар жинақталған басылыммен аяқталады. Материалдар көне қолжазбалардан, сөздіктерден, оқулықтардан, хрестоматиялардан, ғылыми есептік жазбалардан, қазақ кітаптарынан, шетелдік мектеп оқулықтарынан және ғылыми экспедициялар негізінде жиналған мәтіндер, сондай-ақ кейінгі кездері жарық көрген фольклорлық жинақтар материалдары бойынша әзірленді. Олардың арасында Л.З.Будагов, И.Н.Березин, П.М.Мелиоранский, М.А.Терентьев, И.И.Крафт, А.В.Васильев сынды орыс зерттеушілері жинаған, сонымен бірге Ғ.Б.Балғымбаев, Б.Сарыбатыров, И.Меңдіханов, С.А.Қаратаев сияқты қазақ азаматтары хатқа түсірген мәтіндер кеңінен қамтылды. Солардың ішінде Сәдуақас Шормановтың «Аушы» (1907),

Ғұмар Жәнібековтің «Жұмбақ уа мақаллар» (1908), Зариф Ташкендидің «Шопан ата» (1909) атты әдеби жинақтары да назарға алынды. Мәселен, алдыңғы томға А.Васильевтің 1892 жылы жарық көрген «Торғай қазақтары айтуынан жазып алынған мақалдар» атты жинағынан алынған мәтіндер берілген болса, бұл басылымға ҚР Орталық ғылыми кітапханасының сирек қорында сақталған қолжазбадағы бұрын жарияланбаған 480-дей мақал-мәтел енгізілді. Сондай-ақ 66-томда берілген Ә.Диваевтың 1927 жылы жариялаған «Киргизские пословицы» атты еңбегінен басқа, 1924 жылы Ташкентте жарық көрген «Тарту» жинағы бойынша жаңа мәтіндер толықтырылды. Бұлардың барлығы туралы мәліметтер ғылыми қосымша бөлімінде айтылады.

Ұсынылған томға кірген мәтіндердің бір бөлігі — кирилл әліпбиінде хатқа түсіп, орыс тіліне аударылған мақал-мәтелдер. Оларды кезінде И.М.Ибрагимов, А.Е.Алекторов, Н.Ф.Катанов, Н.Остроумов т.б. сынды өзге ұлттың өкілдері мен М.Бекімов және т.б. қазақ этнограф-аудармашы жинаушылары екі тілдегі мәтіндерін «Туркестанские ведомости», «Киргизская степная газета», «Оренбургский край», «Оренбургский листок», «Астраханский вестник», «Этнографические обозрения», «Правительственный вестник», «Самарские губернские ведомости», «Тургайские областные ведомости», «Тургайская газета», «Туркестанский курьер» т.б. ескі мерзімдік баспасөзде және «Ежегодник Туркестанского края», «Памятная книжка Тургайской области», «Судебная часть в Туркестанском крае и степных областях» атты ресми басылымдарда қатар жариялап отырған.

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары халқымыздың рухани қазынасын байытқан жәдігерлердің бірі — Ахмет Баржақсыбаласының «Мың бір мақал» атты жинағы. Ол да алғашқы жариялаған кезінен бері жеке жинақ болып жарық көрмеген.

Топтаманың принциптеріне сай беріліп отырған мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етілген. Томның ғылыми қосымшалары: томға енген мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушылар және басылымдар туралы мәліметтер, томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктеме, сөздік, жер-су

атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни атаулардың түсініктері, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйінін құрайды.

Томның жалпы көлемі — 25 б.т.



МƏТИНДЕР



А

1. Алдамай түстім тереңге,
Енді маған сай қайда?
2. Абайдың оты басқа.
3. Абайламай сөйлеген ауырмай өледі.
4. Абайлап сөйле сөзінді,
Қабырғаның да құлағы бар.
5. Абайлап ұшпаған құс қанатынан айрылар.
6. Абырой — ар еңбегі.
7. Абырой табам десең, кемтар бол.
8. Абыройлы боламын десең,
Өз жұмысыңның ұстасы бол.
9. Абысын ағарып алдымда жүрмесін,
Қарайып артымда қалмасын.
10. Абысын ағарып алдымнан шықпасын,
Қарайып артымда қалсын.
11. Абысын тату болса, ас көп болар,
Ағайын тату болса, ат көп болар.

12. Аға бірігіп, ата болмас,
Жеңге бірігіп, ана болмас.
13. Аға өлсе, жеңгем мұра,
Атан өлсе, сауыр мұра.
14. Ағайын ағайынның күзгісі, айнасы.
15. Ағайын — ащы, мал — тұщы.
16. Ағайын бар болса, көре алмайды,
Жоқ болса, асырай алмайды.
17. Ағайын бар болсаң, көре алмайды,
Жоқ болсаң, бөліп бере алмайды.
18. Ағайын бір өліде,
Бір тіріде.
19. Ағайын жамандауға да болады,
Жақсылыққа да болады.
20. Ағайын қорлығынан жат қорлығы,
Жат қорлығынан сарт қорлығы.
21. Ағайын тату болса, ат көп,
Абысын тату болса, ас көп.
22. Ағайын, туған кімде жоқ,
Сыйласпаса, жат жуық.
23. Ағайынды жамандап,
Туғанды қайдан табасың.
Арғымақты жамандап,
Тұлпарды қайдан табасың.
24. Ағайынның азары болса да, безері болмайды.
25. Ағайынның азары көп болса да,
Безері болмас.

26. Ағайынның азғанын өзі білмес, жат білер.
Артқы айылдың батқанын иесі білмес, ат білер.
27. Ағайынның аразы ауыздың сасығыменен бірдей.
28. Ағайынның аразы болса да, безері болмайды.
29. Ағайынның аты арымас.
30. Ағайынның аты озғанша,
Ауылдастың тайы озсын.
31. Ағайынға қадірім жоқ — бетімді көреді,
Қатынға қадірім жоқ — етімді көреді.
32. Ағайынға қарап мал өсер,
Қарағайға қарап тал өсер.
33. Ағайынды алтау болса, адам тимейді.
34. Ағайының барда дұшпаным жоқ деме,
Абысының барда күндесім жоқ деме.
35. Ағайының көп болса, қоғам бол,
Бірің оған, бірің бұған бол.
36. Ағайынның қадірін алыста жүргенде білесің.
37. Ағайынның ұрысы — торқаның жыртысы.
38. Ағаны көріп іні өсер,
Апаны көріп сіңлі өсер.
39. Ағаның үйі — ақ жайлау.
40. Ағасы бардың жағасы бар.
41. Ағасы ұрар болар,
Інісі тұрар болар.

42. Ағаш басына жел тиер,
Көрікті кісіге сөз ерер.
43. Ағаш бір жерде көгереді.
44. Ағаш еккенге, мал баққанға бітеді.
45. Ағаш кессең, ұзын кес —
Қысқартуың оңай.
Темір кессең, қысқа кес —
Ұзартуың оңай.
46. Ағаш кессең, ұзын кес —
Шаба келе қысқарар.
Темір кессең, қысқа кес —
Соға келе ұзарар.
47. Ағаш көркі — жапырақ,
Адам көркі — шүберек.
48. Ағаш қазанның түбі күйер.
49. Ағаш тамырынан су ішер.
50. Ағаш ұстаған жерінен сынбас.
51. Ағашты жердің ырысы мол,
Бауырмашылдың туысы мол.
52. Ағаштың басын құрт жейді.
53. Аға-ініні жамандап, қане, туған тапқаның,
Арғымақты жамандап, қане, тұлпар тапқаның.
54. Аға-інің болса, дұшпаным жоқ деме,
Абысының болса, күндесім жоқ деме.
55. Ағайын ащы,
Мал тұщы.

56. Ағайынның қадірін,
Жалалы болсаң, білерсің,
Ата-ананың қадірін,
Балалы болсаң, білерсің.
57. Ағын су арнасын табады.
58. Адал дос алтыннан қымбат.
59. Адал дос жаныңды сақтайды,
Аяр дос малыңды жақтайды.
60. Адал еңбек аздырмас,
Сұмдық бойын жаздырмас.
61. Адал еңбектің абыройы жоғары.
62. Адал жанға мың дос аздық етеді.
63. Адал кәсіп аз емес,
Ықтият бол арамнан.
64. Адал ниет аздырмайды,
Арамдық бойды жаздырмайды.
65. Адал ұл оздырады,
Жаман ұл тоздырады.
66. Адам — гауһар, қолы — гүл.
67. Адам — адам үшін.
68. Адам адамға — аманат,
Дидар көрісу — ғанибет.
69. Адам адамға қонақ,
Жан денеге қонақ.
70. Адам адамға мейман,
Жан кеудеге мейман.

71. Адам адаммен, жер сумен.
72. Адам айдаса, барман,
Алла айдаса, қалман.
73. Адам айдаса, барман,
Дәм айдаса, қалман.
74. Адам аласы ішінде,
Мал аласы сыртында.
75. Адам аласы ішінде,
Хайуан аласы сыртында.
76. Адам арын ойлайды,
Надан дүниеге тоймайды.
77. Адам әдет етеді,
Әдет түпке жетеді.
78. Адам баласы сөйлесе,
Мал кісінесе.
79. Адам бар дүр, адамдардың гүлі дүр,
Адам бар дүр, хайуан одан жақсы дүр.
80. Адам баста ары таза жаралған.
81. Адам басы — Алланың добы.
82. Адам болар баланың
Адамменен ісі бар,
Адам болмас баланың
Адамменен не ісі бар?
83. Адам болар кісінің
Адамменен ісі бар.
Адам болмас кісінің
Кісіменен не ісі бар!

84. Адам гүлден нәзік, тастан қатты.
85. Адам жайын ауылдас білмейді, істес біледі.
86. Адам зейіні алмастан өткір.
87. Адам көркі — шүберек,
Ағаш көркі — жапырақ.
88. Адам билән адамның арасы —
Аспан билән жер арасы.
89. Адам сөйлескенше,
Жылқы кісінескенше.
90. Адам уағдада тұрса, сөз қадірін білгені,
Уағдада тұрмаса, ол адамның өлгені.
91. Адам хатасыз болмас.
92. Адамгершілік абырой алып береді.
93. Адамға арақ ас болмас,
Ішкен адамда бас болмас.
94. Адамнан сұрасаң,
Екі көзің шығады.
Алладан сұрасаң,
Екі бүйірің шығады.
95. Адамды еңбек көркейтеді,
Ағашты — миуасы.
96. Адамды тұрар адам қып
Ақ жүрек, кең адалдық.
97. Адамдықтың белгісі —
Иіліп сәлем бергенің.
Шын достықтың белгісі —
Шынайы көмек бергенің.

98. Адамзат бөз бермейді, сөз береді.
99. Адамзатты жұмыс жұбатады.
100. Адамзаттың баласы кім болса да,
Жолда жатыр деп басып өтпе.
101. Адамнан адам, айуаннан айуан туылады.
102. Адамнан сұрағанның екі көзі шығады,
Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады.
103. Адамнан сұрама,
Алладан сұра.
104. Адамнан тілеген ариды,
Құдайдан тілеген жариды.
105. Адамның ақылы — алмас.
106. Адамның әділдігі — шыншылдығында.
107. Адамның басы — Құдайдың тасы.
108. Адамның жаманы бар,
Күннің жаманы жоқ.
109. Адамның жаманы кетпес,
Күннің жаманы кетер.
110. Адамның жүзіне бақпа, сөзіне бақ.
111. Адамның қолы — гүл,
Маңдайдағы тері — нұр.
112. Адамның сұлулығы — шыншылдығында.
113. Адасқан ақылдан азар.

114. Адасқанның айыбы жоқ,
Қайтып үйін тапқан соң.
Ашылғанның айыбы жоқ,
Өзі біліп жапқан соң.
115. Адасқанның айыбы жоқ,
Қайтып үйірін тапқан соң.
116. Адасқанның алды оң.
117. Адаспаймын деген ерді
Қараңғы тұман аластырады.
118. Ажал әркімге.
119. Ажал жетпей шыбын өлмес.
120. Ажалдан қашып құтылмайды,
Жаманның сөзі тұтылмайды.
Жақсыдан айтқан ғибрат
Өлгеніңше ұмытылмайды.
121. Ажал сұрағанға бейнет берер.
122. Ажыраған бірін-бірі іздейді.
123. Аз ас, көп ниет.
124. Аз ассаң, аз пысады,
Көп ассаң, көп пысады,
Бисмилла кө...н қысады.
125. Аз ба, көп пе етпесең әрекет,
Тірлігіңде болмайды берекет.
126. Аз бергенді көп көріп,
Көп бергенді көргенмін.
Қарындасты қас көріп,
Топ көргенді көргенмін.

127. Аз беремін дегеннің
Көп бергенін көргенмін.
Көптің тілін алмағанның
Аузын қойдай кергенін көргенмін.
128. Аз күйікті ас басар.
129. Тамақ болмай, тамық болмас.
130. Аз сөз — алтын,
Көп сөз — күміс.
131. Аз сөйлеген — даналық,
Көп сөйлеген — надандық.
132. Аз сөйлеп, көп ойла.
133. Азғыруға адамның шайтаны жаман.
134. Азды көпке қосқанның арманы жоқ.
135. Аздың «ашпын» дегеніне нанба,
Көптің «жоқпын» дегеніне нанба.
136. Аздың азаншысы болғанша,
Көптің қазаншысы бол.
137. Аздың атасы бір.
138. Аздың атасы бір,
Көптің көрі басқа.
139. Атадан алтау тусаң да,
Басыңа түсер бір жалғыздық.
140. Аздың атасы бірге.
141. Азды арбаған,
Көптен құры қалған.

142. Азы қарулы,
Сый сатулы.
143. Азын ашпай, жарлы өлер,
Көбін ашпай, бай өлер.
144. Азын-шоғын ағалық,
Аз оқыған молдалық,
Ата ұлына керек-ті.
145. Азын ішпей, жарлы өлер,
Көбін ішпей, бай өлер.
146. Ай жүрсең де, аман жүр.
147. Ай толса, қолмен көрсетпес болар.
148. Ай шалқасынан туса, ай бойы аяз.
149. Ай, Күн ғаламға бірдей,
Патша адамға бірдей.
150. Айғақтың тазасы күмәнмен мойнына салар.
151. Айғыр қандай болса, құлыны сондай.
152. Айғырды неден салсаң, атты содан мінерсің.
153. Айдаған өгіз арбаның жүгі өгізге түсер.
154. Айда да дақ бар.
155. Айда келген сөк жер,
Күнде келген — сөгіс.
156. Айдапсалдың малы өспес,
Таз кісінің пашы өспес.
157. Айла — алтау, ақыл — жетеу.

158. Айландырған ауру алмай қоймайды.
159. Айлас қатын мұңдас.
160. Айласыз батыр алдырар.
161. Айласыз батыр тез өлер.
162. Айнаға қарап емес,
Адамға қарап түзел.
163. Айныған болса да, бүтін болсын.
164. Айран ас болмас,
Надан бас болмас.
165. Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма.
166. Айран ішкен құтылған,
Шелек жалаған тұтылған.
167. Айранды ішкенде ас болады,
Сусынды қымыз қандырады.
168. Айрылар дос ердің артқы қасын сұрайды.
169. Айрыларда әйел жаман,
Көшерде жұрт жаман.
170. Айрылған азады, қосылған озады.
171. Айрылған болсаң еліңнен,
Қуатың кетер беліңнен.
172. Айрылғанды атты мен жаяу да ұрады,
Қосылғанға қол қусырып тұрады.
173. Айрылғанның азары шын,
Қосылғанның озары шын.

174. Айрылмас қоңсыңа ауыр сөз айтпа.
175. Айт аттынікі, той тондынікі.
176. Айт аттынікі,
Той тондынікі.
Дау дәудікі,
Айт, айт!
177. Айтар сөзін білмесе,
Адамдықтан не пайда?
Артқан жүгін тартпаса,
Атандықтан не пайда?
Ұрлық қылып, мал берсе,
Адалдықтан не пайда?
178. Айт-арапада өтірік сөйлегеннің
Намаз күні жүзі қара.
179. Айтатын сөзінді айтып қал,
Айтпайтын болсаң, қайтып ал.
180. Айтқан жерге ерінбе,
Айтпаған жерге көрінбе.
181. Айтқанмен жарамазан тоямыз ба,
Бұрынғының кәдесін қоямыз ба?
182. Айтқанның аузы жаман,
Жылағанның көзі жаман.
183. Айтпаса, кім білер,
Ашпаса, кім көрер?
184. Айтса болар, ақылды алып ұққанға,
Айтып-айтпай немене,
Екі құлағын мақтамен тыққанға.
185. Айтсам, тілім күйеді,
Айтпасам, ділім күйеді.

186. Айт та, сөзіңе жет,
Мінгес те, үйіңе жет.
187. Айтулы достың жаны бір.
188. Айтулы достың малы бір,
Кемедегінің жаны бір.
189. Айтылар сөзің айтылсын,
Айтылмаса, жай тұрсын.
190. Айтылған сөз — алтын.
191. Айтып істеген ұрлықтың айыбы жоқ.
192. Айтып-айтпай немене,
Құлағына мақта тыққанға.
193. Айтысқан соң дау емес пе,
Алысқан соң жау емес пе?
194. Айхай өз үйім, кең сарайдай боз үйім.
195. Айыбы бар мал қашан да арзан.
196. Айыбы бардың тізесі қалтырайды.
197. Айылың құйысқандай болса,
Алашың туысқандай болсын.
198. Айыр етекті шапанға ит өш.
199. Ақ аста қалмас.
200. Ақ байпақтан сиыр өлер.
201. Ақ бөкенді «жатыр» деме,
Көшпелі елді «отыр» деме.

202. Ақ ит, қара ит — бәрі бір ит.
203. Ақ көңілді адамға біреудің сырқауы батар.
204. Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ,
Шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ.
205. Ақ сұңқардың баласы,
Алдына қоймай жем жемес.
206. Ақ та болса, ант ішпе,
Айрандай жұғар.
207. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.
208. Ақта қара жоқ,
Қараға шара жоқ.
209. Ақжалау барда «малым бар» деме,
Өзірейіл барда «жаным бар» деме.
210. Ақиқат аяушылық тілемейді.
211. Ақиқат сөзде алалық жоқ.
212. Ақкөңілдің аты арымас, тоны тозбас.
213. Аққа жаққан шырақты
Ақылсыз үрлеп өшіре алмайды.
214. Аққа зауал жоқ,
Ақ иіліп сынбайды.
215. Аққа Құдай жақ.
216. Аққа өлген жақсы.
217. Аққу құсқа оқ тисе,
Қанатын суға тидірмес.

- Ер жігітке оқ тисе,
Қиналғанын білдірмес.
218. Аққу құстың төресі,
Жалғыз жатып оттамас.
Қас жақсының белгісі,
Қара сөзді қостамас.
219. Ақпа құлаққа сөз айтсаң, ағып кетеді,
Құйма құлаққа сөз айтсаң, қағып алады.
220. Ақпейіл болсаң, ас жерсің,
Тәкаппар болсаң, тас жерсің.
221. Ақсақ ақыл,
Таз бақыл,
Ала бөле соқырдан сақтан.
222. Ақсақ жатып семірер.
223. Ақсақ ит сау иттен сауға сұрапты.
224. Ақсақ ит сау иттен сауға тілейді.
225. Ақсақ қой жатып семірер.
226. Ақсақты алсаң, сау туар,
Соқырды алсаң, суы қуар.
227. Ақсақтың ақырына бақ.
228. Ақсақтың аяғы жетпесе де, таяғы жетеді.
229. Ақтығың мол болса, ашаршылық келмейді.
230. Ақша қарда көп жүрсең,
Көзің бір күн қарығар.
Ағайыннан шет жүрсең,
Көңілің бір күн тарығар.

231. Ақшасы бардың өзі ойнар,
Ақшасыздың көзі ойнар.
232. Ақшасыз базарға барғанша,
Кебінсіз көрге кір.
233. Ақшасыз базарға барғанша,
Кепен алып мазарға бар.
234. Ақшасыздың қолы келте,
Жалқаулардың тоны келте.
235. Ақыл — аздырмайтын тон,
Білім — таусылмайтын кен.
236. Ақыл — гауһар бағасыз,
Ақымақ — ауру дауасыз.
237. Ақыл — кеңес, өмір емес.
238. Ақыл — сөзде,
Мейір — көзде.
239. Ақыл — тозбас тон,
Білім — таусылмас кен.
240. Ақыл азбайды, білім тозбайды.
241. Ақыл айнымас, алтын шірімес.
242. Ақыл алсаң, азбассың,
Көпті көрген көнеден.
243. Ақыл ауыс, ырыс жұғыс.
244. Ақыл базарда сатылмайды.
245. Ақыл бастайды,
Аяқ тастайды.

246. Ақыл жаста,
Асыл таста.
247. Ақыл жастан шығар,
Асыл тастан шығар.
248. Ақыл жастан шығар,
Жүйрік аттан шығар.
Ақыл қарттан шығар,
Асыл тастан шығар.
249. Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.
250. Ақыл көптен шығады,
Дәрі-дәрмек шөптен шығады.
251. Ақыл қарттан шығар,
Асыл тастан шығар.
252. Ақыл тыңдай білсең, жаңаланады,
Білімді қайталасаң, жаңарады.
253. Ақыл, қайрат, білімді
Тең ұстаған зор болар.
254. Ақылға ақыл қос, ашуынды тос.
255. Ақылдан артық байлық жоқ.
256. Ақылдан жақын дос бар ма?
257. Ақылдасқан адам қашан да жеңіске жетеді.
258. Ақылдассаң, ақыл табасың.
259. Ақылды адам ерінбейді,
Қуатты адам сүрінбейді.

260. Ақылды ақымақтан үйрен.
261. Ақылды басшың болса,
Елдің алды боларсың.
Ақылсыз басшың болса,
Елдің азы боларсың.
262. Ақылды деп айтса болар
Айттырмай білгенді.
Жомарт деп айтса болар
Сұратпай бергенді.
263. Ақылды жел де ұшырмас, ұры да ұрламас.
264. Ақылды көрген-білгенін айтады.
265. Ақылды көрген-білгенін айтады,
Ақылсыз ішкен-жегенін айтады.
266. Ақылды қасыңнан қорықпа,
Жарымес досыңнан қорық.
267. Ақылды қыз білімге жүгірер,
Ақылсыз қыз сөзге ілігер.
268. Ақылды мақтанса, істі тындырар,
Ақымақ мақтанса, аяғын сындырар.
269. Ақылды мың жасар,
Ақымақ бір жасар.
270. Ақылды ой ойлағанша,
Тентек ісін бітірер.
271. Ақылды ойланғанша,
Тентек ісін бітіреді.
272. Ақылды ұл білім іздер,
Ақылсыз ұл шылым іздер.

273. Ақылдыға айтсаң, біледі,
Наданға айтсаң, күледі.
274. Ақылдыға ишарат,
Ақымаққа таяқ.
275. Ақылдыны алысым деме,
Ақылсызды жақыным деме.
276. Ақылдының алдымен жүр,
Ақымақтың артымен жүр.
277. Ақылдының белгісі —
Алтыннан келер сөздері.
Ақылсыздың белгісі —
Айтып тұрар көздері.
278. Ақылдың өлшемі — парасат.
279. Ақылмен арыстан ұстауға болады.
280. Ақылсыз — ашушаң,
Ашушаң — ақылсыз.
281. Ақылсыз адам менмен келер,
Ақылды адам кеңінен келер.
282. Ақылсыз ақылсызды табар.
283. Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық.
284. Ақылсыз ойын тәтті тұрмысты бұзар.
285. Ақылсыз сұрақ беріп,
Ақылды жауап күтпе.
286. Ақылсыз туыстан ақылды дұшпан артық.
287. Ақыл — тозбайтын тон,
Білім — таусылмайтын кен.

288. Ақылы асқан жақсыны
«Алысым» деп ойлама;
Ақылы жоқ жаманды
«Жақыным» деп ойлама.
289. Ақылы жоқ азғана сөзге семіреді.
290. Ақылы жоқ басқа адырайған көз бітеді.
291. Ақылы жоқ сұлудан,
Өңі жаман текті артық.
Ұрлап алған түйеден,
Еңбекпен тапқан ешкі артық.
292. Ақылың болса, ақылға ер,
Ақылың болмаса, нақылға ер.
293. Ақылың болса, жыр тыңда.
294. Ақылың болса, ұзақ жерге сапар шек.
295. Ақылың парасатты, жаның жайлы болса,
Достарыңның өзі іздеп табады.
296. Ақылыңды ұрлатпасаң, ғалым боласың.
297. Ақымақ алдындағы астан үркіп, аштан өліпті.
298. Ақымақ басқа үйге тойға барса,
Үйімнен мұнда жақсы екен дейді.
299. Ақымақ бастан ақыл шықпас,
Ақыл шықса да, мақұл шықпас.
300. Ақымақ болса қонағы,
Иесін же деп зорлайды.
301. Ақымақ достан ақылды дұшпан артық.

302. Ақымақ елші екі елді бұзар.
303. Ақымаққа адырайған көз бітеді,
Дауасызға сылдыраған сөз бітеді.
304. Ақымаққа айтқан сөз
Ағып жатқан сумен тең.
Ақылдыға айтқан сөз
Қолға қонған құспен тең.
305. Ақымаққа Тойтөбе жол ма!
306. Ақымақпен ас ішкенше,
Ақылдымен тас көтер.
307. Ақымақта ар болмас.
308. Ақымақты сөзге сал,
Қам дарбызды шертіп ал.
309. Ақымақтың ақырына бақ,
Тентектің мақұлына бақ.
310. Ақымақтың алды, арты болмайды.
311. Ақымақтың атқан оғы ауға тимейді, тауға тиеді.
312. Ақымақтың жетпіс қателігін кешіруге болса да,
Ақылдының бір қателігін кешіруге болмайды.
313. Ақымақтың өзі білмес, басқаны көзге ілмес.
314. Ақымақтың үлкен-кішісі болмайды.
315. Ақыретте ұрмаса,
Ақыретте ұрмайды.
316. Ақырзаман келгенде пір мүриттерін іздейді.

317. Ақыры байдың түбі аштан өледі.
318. Ақырын жүрсең, алысқа кетерсің.
319. Ақырын-ақырын мінсе, болар торы атқа,
Ақырындап барып жетсе, болар мұратқа.
320. Ақысын берсе, боқысын шығарар.
321. «Ал» десең, қуанар,
«Бер» десең, күйінер.
322. Ала ауыз болса ауылың,
Жау шабуылын баса алмас.
323. Ала берсең, жеңіл болар,
Қоса берсең, көп болар.
324. Ала болған елді дұшпан аралар.
325. Ала еккен аз алады.
326. Ала жағым кетсе де,
Айта жағым кетпесін.
327. Ала жылқы жоғалмайды.
328. Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас.
329. Ала тауық сабан шашар,
Өз сырын өзі ашар.
330. Аламаннан қашқан құтылмас.
331. Аларманға алтау аз,
Берерменге бесеу көп.
332. Алас-аласқа да от керек.

333. Аласаны атқа санама,
Жақсыны жатқа санама.
334. Алға жүгірме, арттан қалма.
335. Алған бір күнәлі, алдырған мың күнәлі.
336. Алған қатын ақылды, ізгі болса,
Ол, әрине, жан болар;
Ақымақ, жауыз болса,
Көр жұмысқа жар болар.
337. Алған мұрат емес,
Қалған ұят емес.
338. Алғаның жаман жолықса,
Тез ағартар шашыңды.
339. Алғанды өтеу — парыз.
340. Алғаш атыңды тұсаула,
Кейін Құдайға тапсыр.
341. Алғаш күзет, кейін түзет.
342. Алғаш ойла, кейін сөйле.
343. Алғаш өз айыбыңды біл,
Кейін басқаға күл.
344. Алғашқы сауда — сауда,
Кейінгі сауда — ғауға.
345. Алғыс алған текті емес,
Қарғыс алған көктемес.
346. Алдамшыда ар болмас.
347. Алдын аңла, кейін таңла.

348. Алдыңа бір қарасаң, артыңа он қара.
349. Алдыңа келіп тақ болар.
350. Алдыңғы көштің адасқанын
Кейінгі көш білер.
351. Ал тегершін қайда жүрсе,
Арт тегершін сонда жүрер.
352. Алдыңдағы ауды көрмесең де,
Ұзақтағы жауды көре біл.
353. Алдырған айыпты,
Атасының қойнын ашады.
354. Алдырған анасының қойнын ашар.
355. Алла бергенге бірдей.
356. Аллаға жағамын десең, азаның болсын,
Пендеге жағамын десең, қазаның болсын.
357. Аллаға жағамын десең, азаның болсын,
Халыққа жағамын десең, қазаның болсын.
358. Алладан сұрағанның екі бүйірі шығар,
Адамнан сұрағанның екі көзі шығар.
359. Алланың сайтанынан адам сайтаны жаман.
360. Алла сайтаны көрінбей жазғырады,
Адам сайтаны көрініп азғырады.
361. Алма же де, су ішкін,
Ауырмасаң, маған кел.
Жиде же де, су ішкін,
Семірмесең, маған кел.

362. Алма жеп ауырғанша,
Өрік же де, өле қал.
363. Алма қасында аузыңды тый.
364. Алмада бадам піспейді.
365. Алмақ түбі — салмақ.
366. Алмақтың салмағы бар.
367. Алманы шөлге ек, салыны көлге.
368. Алмастың жауы — қорғасын.
369. Алпыс күн атан болғанша,
Алты күн бура бол.
370. Алпыс құлан ат болмас,
Атасына нәлет аңшының.
371. Алпысқа дейін асыр,
Жетпістен соң жасыр.
372. Алпысқа келгенше адамның алты түрлі реңі,
Айнымайды жылқының торы менен күреңі.
373. Алыстан шабынған бураның күші қайтады.
374. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді,
Күні келген уақытта жігіт аттай желеді.
375. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
376. Алты аға бірігіп, әке болмас,
Жеті жеңге бірігіп, ана болмас.

377. Алты ай баққан арықты
Бір күн орындаған өлтірер.
378. Алтыға алып, беске сат,
Атың шықсын саудагер.
379. Алты жаман бір болса,
Бір жақсыны иеді.
380. Алты жасар бала атқа мінсе,
Алпыстағы шал сәлем береді.
381. Алты жасар жолдан қайтса,
Алпыс жасар көрісе келер.
382. Алты күн атан болғанша,
Бір күн бура бол.
383. Алты күн аш болсаң да,
Ата әдетін қойма.
384. Алты күн аш болсаң,
Анаңнан безерсің.
385. Алты қатын Аққа барса,
Әрқайсысы мұңын айтар.
386. Алтын басты әйелден
Бақыр басты еркек артық.
387. Алтын басты қатыннан
Бақыр басты ер артық.
388. Алтын болмаса, зергер қор болар,
Жер болмаса, диқан қор болар.
389. Алтын да зордікі,
Қатын да зордікі.

390. Алтын ерің атқа тисе,
Алтынын ал да, отқа жақ.
391. Алтын ерің отқа тисе,
Алтынын ал да, отқа жақ.
392. Алтын көрсе, періште жолдан таяр.
393. Алтын қайшы пішкенге жақсы,
Алтын қасық ішкенге жақсы.
394. Алтын қолда барда қадірі жоқ.
395. Алтын — шөлде.
396. Алтын шірімес, дау қартаймас.
397. Алтынды еріте білмеген ірітер,
Теріні илей білмеген шірітер.
398. Алтынды ұстай алмаған шірітер,
Теріні илей алмаған ірітер.
399. Алтынды ұстай білмесе, мыс етеді.
400. Алтынның қолда барда қадірі бар ма.
401. Алтының болса, азбайсың,
Сандалып бекер саспайсың.
402. Алуа дегенмен ауыз тұшымас.
403. Алуан-алуан жүйрік бар,
Шамасына қарай шабады.
404. Алуан-алуан жүйрік бар,
Әліне қарай жүгіреді.
405. Алушы мал таныса, сатушыға не тұрыс!

406. Алушыдан қалмайды, айтушыдан қалады.
407. Алып алты, жеп жеті болмайды.
408. Алып анадан, ат биеден туады.
409. Алып — майданда,
Дана — тірлікте.
410. Алып ұр да, астына түс.
411. Алыптармен ұрыспа,
Беріктермен тіреспе.
412. Алыс-беріс қолынан,
Шығарып қояр жолынан.
413. Алыс жерге құда болсаң,
Арту-арту ас келер.
Жақын жерге құда болсаң,
Арту-арту сөз келер.
414. Алыс жерге құда болсаң,
Түйе-түйе ас келер.
Жақын жерге құда болсаң,
Түйе-түйе сөз келер.
415. Алыс та, атаңды жық,
Аясаң, тұрғызып жібер.
416. Алыстағы астықтан
Жақындағы сабан артық.
417. Алыстағы дұспаннан
Аңдып тұрған дос жаман.
418. Алыстағы дұспаннан
Атып тұрған дос жаман.

419. Алыстағы дұшпаннан
Аңдып жүрген дос жаман.
420. Алыстағы жаудан
Аяқ астындағы дұшпан жаман.
421. Алыстағы судан сусының қанбайды.
422. Алыстағы туысқаннан
Жақындағы көрші артық.
423. Алыстан арбалағанша,
Жақыннан дорбала.
424. Алыстан қара көрінсе, қаша бер,
Қаша берсең, амансың.
Некеп-некеп қоймаса,
Қайрылмасаң, жамансың.
425. Амалсыз істелген жақсылық
Алғысқа татымайды.
426. Аман жүрсең, әлем сенікі.
427. Аманат жұмыс әлекке салады.
428. Аманат, аманатқа етпе қиянат.
429. Ана тілім — дана тілім.
430. Анадан алтау туғанша,
Жалғыз туса нетеді,
Елге тұлға болғалы;
Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,
Еменге айыр бұтақ бітсе, нетеді,
Құсқа тұғыр болғалы.
431. Ананың әдеті — қызы үшін үлгі.

432. Ананың көңілі балада,
Баланың көңілі далада.
433. Ананың төсегі ақ мамық.
434. Анасыз өмір —
Сөнген көмір.
435. Анасын сүйгеннің
Баласын сүй.
436. Анасына қарап, қызын ал.
437. Анасы тепкен құлынның еті ауырмас.
438. Анау-мынау дегенше,
Жақсы мен жаманды біл.
439. Ант ішкеннің үйіне барма,
Айрандай жұғады.
440. Анығын айту — адалдық,
Ала сөйлеу — арамдық.
441. Аң бар жерде ашуы да болады.
442. Аңдысқан ауыл болмас.
443. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі.
444. Аңдысқан ауыл,
Есептескен ел болмайды.
445. Аңқау аяңдамайды,
Әңгі тыңдамайды.
446. Аңқау елге арамза молда.
447. Аңқауға қырғауыл қайда?

448. Аңшы қанша айла білсе,
Аю сонша жол білер.
449. Аңшының өлімі ауда,
Сушының өлімі суда.
450. Апалы-сіңлілі тату болса, үйді гүлстан етеді.
451. Ара шақты деп араз болма, балы бар.
452. Арадан қорықпа, жаладан қорық.
453. Арақ намыс пен арыңды құртар,
Үйіндегі барыңды құртар.
454. Арақ ішкен өзіне кепен пішеді.
455. Араққор дүкен аңдиды.
456. Арам жесең, тойғанша же,
Ұрлық қылсаң, өлгенше қыл.
457. Арамзалық ата ұлына пайда етмес.
458. Арба иесі көпшіктер,
Киіз иесі бөлектар.
459. Арбалыға жолдас болма,
Жорғалыға жолдас бол.
460. Арғымақ атқа оқ тисе,
Жабыдай болып туламас.
Ер жігітке оқ тисе,
Жамандай болып шуламас.
461. Арғымақ аттың құйрығы —
Әрі жібек, әрі қыл.
Қас мырзаның белгісі —
Әрі мырза, әрі құл.

462. Арғымақ аттың құйрығы —
Әрі жібек, әрі қыл.
Қас жақсының белгісі —
Әрі мырза, әрі құл.
463. Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз,
Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз.
464. Арғымақ ит деп аспайды,
Атты басып озбаса.
Ер екен деп айтпайды,
Ерегескенді жеңбесе.
465. Арғымаққа оқ тисе,
Мәстектей туламас.
Сыпайыға оқ тисе,
Жамандай шуламас.
466. Арғымақтың баласы
Аз ғана оттап, көп жусар.
Азаматтың баласы
Аз ғана сөйлеп, көп тыңдар.
467. Арғымақтың баласы
Аз оттап, көп жусайды.
Хан-төренің баласы
Аз сөйлеп, көп тыңдайды.
468. Арзан мүлік сатып алатын бай емеспіз.
469. Арзан сатқан жолдасынан көреді.
470. Арзанның жілігі татымас.
471. Арзанның сорпасы татымас.
472. Арқа еті арша, борбай еті борша.
473. Арқалағаны алтын болса да,
Түйенің тамағы тікен.

474. Арқан үзіледі, борыш үзілмейді.
475. Арқанды ат қазығына оралар.
476. Арқансыз алып жау алмас.
477. Арқауын көріп бөзін ал,
Анасын көріп қызын ал.
478. Арқыраған айғырдың үйірін көр,
Менменсінген жігіттің үйін көр.
479. Арланған мен ұялған білімсіз қалар.
480. Арлы адамның белгісі шындыққа жығылады,
Арсыз адамның белгісі құр күлкіге ұрынады.
481. Арлы арына қараса, арсыз «жеңдім» дейді.
482. «Ар ма» деген әлге қуат,
«Бар бол» деген бөрінен зият.
483. Арпа ас екен,
Алтын тас екен.
484. Арпа егіп, бидай орамын деме.
485. Арпа, бидай ас болады,
Сары қауын қақ болады.
Сарымайға жаншыған
Сөктің дәмі көп болады.
486. Арпа-бидай ас болды,
Алтын-күміс тас болды.
487. Арпасыз ат жол алмас.
488. Арсызда бет болмайды,
Еріншекте ниет болмайды.

489. Арсыздың сөзінде тұрақ жоқ,
Көзі бар да, құлақ жоқ.
490. Артта қалғанды аю жер,
Бөлек кеткенді бөрі жер.
491. Артық болам деп, тантық болма.
492. Артық күлкі арыңды төгеді,
Жәркеленіштену барыңды төгеді.
493. Артық өнер бас жояды.
494. Артық семіреді, ауру жазылады.
495. Ар-ұжданы жоқ кісіге өкпелеме.
496. Ары жоқ жігіттен намысы бар қыз артық.
497. Арыған ат шұқанақ санайды,
Ашыққан ат қолыңды жалайды,
Жараған ат көзіңе қарайды.
498. Арық атқа қамшы ауыр.
499. Арық аттың бабын тапсаң — тұлпар,
Күйкентайдың күйін тапсаң — сұңқар.
500. Арық көңіл — жарық.
501. Арық қой тырысқақ,
Аш кісі ұрысқақ.
502. Арық мал өлсе, союға кісі шықпас,
Жаман адам өлсе, қоюға кісі шықпас.
503. Арық малды асырасаң,
Аузы-мұрныңды май етер.

504. Арық малды асырасаң,
Аузы-мұрның май болар.
Жаман кісіні асырасаң,
Аузы-мұрның қан болар.
505. Арық малды асырасаң,
Аузы-мұрның май етер.
Жауыз адам асырасаң,
Аузы-мұрның қан етер.
506. Арық малды асырасаң,
Аузы-мұрның май қылады.
Арық адамды асырасаң,
Аузыңды ұрып, қан қылады.
507. Арық малды асырасаң,
Ауыз-мұрныңды май етер.
Арық кісіні асырасаң,
Ауыз-мұрныңды қан етер.
508. Арық пен семіздің бауыры бірдей,
Жақсы мен жаманның жаны бірдей.
509. Арық пен семіздің бәрі бірдей,
Жаман мен жақсының жаны бірдей.
510. Арық семіреді, толған төгіледі, тұрған шөгіледі.
511. Арың үшін алыссаң, өлмейсің.
512. Артыңа жаман жұраттан гөрі,
Жақсы сөз қалдыр.
513. Арыстан айға шабамын деп,
Артқы аяғы мерт болды.
514. Арыстан ақырса, ат аяғы қалтырайды.
515. Арыстан ауыздағысын алдырмас.

516. Арыстан қартайса, тышқан аулайды.
517. Арыстанға темір шынжыр ар емес.
518. Арыстанда бір жігіттің күші,
Қырық жігіттің жүрегі бар.
519. Арыстандай күшiң болса,
Түлкiдей әдiсiң болсын.
520. Арыстанның айбатынан асқан күшті емес,
Өз ашуын баса бiлген адам күшті.
521. Ас — адамның арқауы.
522. Ас — әлдің қуаты.
523. Ас бiреудiкi болғанмен,
Асқазан өзiңдiкi.
524. Асау атты таға тоқтатады.
525. Асқа талау түссе, иттің мұратын береді.
526. Асқабақ жеген үйге сүйкеніп өт.
527. Асқабақпен семiрген малың құрсын,
Жәмелекпен ұзарған шашың құрсын.
528. Ақсақпенен жол жүрсен,
Жолға алаң боларсың.
529. Аспандағы айдан не пайда,
Жылынуға қолың жетпесе,
Хиуадағы ханнан не пайда,
Барсаң арызың өтпесе.
530. Асы құлақ, сау бас,
Басың сауда аулақ қаш.

531. Асты иә қуыс ішер,
Иә туыс ішер.
532. Асты қорлама, құстырар.
533. Асты қорлама, құстырар,
Ерді қорлама, тыштырар.
534. Астығы бар аш болмас.
535. Астық жоқ тіленші қыстайды.
536. Астыңдағы атыңа сенбе,
Қойныңдағы қатыныңа сенбе.
537. Асы бардың тынысы бар.
538. Асығыстық пен ашудан ақыл күңгірт тартар.
539. Асық ойнаған азар,
Доп ойнаған тозар.
Бәрінен де қой бағып,
Көтен майын жеген озар.
540. Асыққан жетпес,
Бұйырған кетпес.
541. Асыққан ісі зиянға кетер.
542. Асықпа қарға,
Түсерсің қолға.
543. Асықпаған арбамен қоянға жетер.
544. Асықпай күткен сабырлы,
Молшылық болса, тойғанша ішер.
545. Асыл адамға өлім жоқ.

546. Асыл міндет — адалдық,
Асыл қасиет — адамдық.
547. Асыл таста, өнер жаста.
548. Асыл тастан сенімді тас артық.
549. Асыл — тастан,
Ақыл — жастан.
550. Асылсаң, биік дарға асыл,
Аяғың жерге тимесін.
551. Асылым менің, жанықпа жаным, жанықпа.
552. Астындағыны алты ай іздеген.
553. Асың барда ел таны, беріп жүріп,
Атың барда жер таны, желіп жүріп.
554. Асың дәмді болса, көңілің сәнді болар.
555. Ата — асқар тау,
Ана — бауырындағы бұлақ,
Бала — жағасындағы құрақ.
556. Ат — адамның қанаты,
Ас — адамның арқауы.
557. Ат айланып қазығын табар,
Ер айланып жазығын табар.
558. Ат айланып қазығын табар.
559. Ат айында құлындайды,
Бие жылында құлындайды.
560. Ат алсаң, ауылыңмен (ойлас),
Түйе алсаң, отаныңмен.

561. Ат алсаң, ауылыңменен.
562. Ат алсаң, алты күннің аулына тартар.
563. Ат арқасына ер батса, аяңшыл болады.
564. Ат арыса — тулақ,
Ер арыса — аруақ.
565. Ат арыса, айшылық жер мұң болар.
566. Ат аунаған жерде түк қалар.
567. Ат аяған ат мінер,
Тон аяған тон киер.
568. Ат аяған жерге қарар,
Құс аяған көкке қарар.
569. Ат аяғы жерге қарайды,
Құс аяғы көкке қарайды.
570. Ат аяғын тағалар.
571. Ат аяғын тай басар.
572. Ат баспаймын деген жерін үш басады,
Ер көрмеймін деген жерін үш көрді.
573. Ат баспан деген жерін басар,
Ер көрмен деген жерін көрер.
574. Ат баспасын деген жерін үш басар.
575. Ат басына күн туса,
Көгендегі қой болар.
Ер басына күн туса,
Бота төбе үй болар.

576. Ат басына күн туса,
Ауыздығымен су ішер.
Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер.
577. Ат биеден, аруана түйеден.
578. Ат биеден туады,
Нар түйеден туады.
579. Ат биеден туады,
Аруана түйеден туады.
580. Ат болар тай саяққа үйір,
Адам болар бала қонаққа үйір.
581. Ат ерінді келер,
Ер мұрынды келер.
582. Ат жақсысы боз болар,
Ер жақсысы таз болар.
583. Ат жаманы таймен ойнар,
Қатын жаманы байымен ойнар.
584. Ат жоқ жерде ешек те ат.
585. Ат жүйрігін түлкі сүймес,
Ауру адам күлкі сүймес.
586. Ат жүйрігін түлкі сүймес.
587. Ат иесі айқайлайды,
Өгіз иесі өңмеңдейді.
588. Ат иесіз болмас,
Қазан күйесіз болмас.
589. Ат қадірін білмесең,
Жаяулық берсін жазанды.

Ас қадірін білмесең,
Аштық берсін жазанды.

590. Ат қадірін білмесе,
Жаяулық берер сазасын.
Аш қадірін білмесе,
Ашаршылық берер жазасын.
591. Ат қадірін жоқ білмес,
Ас қадірін тоқ білмес.
592. Ат қосақсыз жүгірмес.
593. Ат майы жетсе де,
Киім майы жетіспейді.
594. Ат мінбеген ат мінсе,
Шаба-шаба өлтірер.
Тон кимеген тон кесе,
Қаға-қаға тоздырар.
595. Ат мінбеген ат мінсе,
Шаба-шаба өлтірер.
Тон кимеген тон кесе,
Сілке-сілке тоздырар.
596. Ат мінбегеннің атасына нәлет,
Тон кимегеннің анасына нәлет.
597. Ат өледі,
Құс қашады.
598. Ат сатсаң, ауылыңмен ақылдас,
Аулың болмаса, бөркіңмен ақылдас.
599. Ат семірсе, иесін тебер (қабар).
600. Ат сүрінбей, жер танымас.

601. Ат тай-құнаннан,
Ақыл жас ұланнан.
602. Ат тепкісіне ат шыдар.
603. Ат теппейді деме,
Ит қаппайды деме.
604. Ат тулағы жабағы,
Желіннен соң сабағы.
605. Ат тұяғын тай басар.
606. Ат ұстаған азабынан құтылар.
Ер ұстаған еңбегінен құтылар.
607. Ат үйірін сағынса,
Артық аяғын қағынар.
Ер үйірін сағынса,
Айыл-тұрман тағынар.
608. Ата — баланың қорғаны.
609. Ата балаға сыншы.
610. Ата баласы азарында,
Беті қотыр болар.
611. Ата баласы алты кісіге қастық болар.
612. Ата баласының ат маңдайындай белгісі болсын.
613. Ата даңқымен қыз өтеді,
Мата даңқымен бөз өтеді.
614. Ата деген баланы
Жаным десе, жарасар.
Алты ұл тапқан ананы
Ханым десе, жарасар.

615. Ата жолын қумаса,
Тумағаны көп игі.
616. Ата көрген оқ жонады,
Ене көрген тон пішеді.
617. Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер.
618. Ата менен ана —
Гүл менен лала.
619. Атаменен ойнағанша,
Атаңның басымен ойна.
620. Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без,
Ана тұрып, қыз сөйлегеннен без.
621. Ата тұрып, бала сөйлесе — шіркіндігі,
Аға тұрып, іні сөйлесе — еркіндігі.
622. Ата тілін алмаған ұлдан без,
Ана тілін алмаған қыздан без.
623. Ата ұлы аталықтың сөзін айтар,
Асылсыз жолдас болса, кері қайтар.
Қасыңа жолдас болып ере қалса,
Дұспанға құпиялап сырыңды айтар.
624. Ата үйім — алтын бесік,
Кірсем-шықсам сипалар.
625. Ата-анадан мал төтті,
Алтын үйден жан төтті.
626. Ата-анам бар болсын,
Аузы-мұрны жоқ болсын.
627. Ата-ананың ақылы сайрап жатқан жолмен тең,
Ақылдының ақылы сарқылмайтын көлмен тең.

628. Ата-анаң отырған үйдің төбесіне шықпа.
629. Ата-анаңды құрметтесең,
Сен де сондай игілік көресің.
630. Ата-анаңды сыйласаң, көп жасарсың,
Сыйламасаң, жан қинарсың.
631. Ата-бабаңда қиқу жоқ,
Қиқу сенің не теңің.
632. Атаға бала жеттім десе де,
Батпан ширек төмен болады.
633. Атаға тартып ұл тумас,
Анаға тартып қыз тумас.
634. Атадан алтау туғансын,
Шырағыңды бір-ақ балаң жандырар.
635. Атадан алтау тусаң да,
Басыңа бір жаңғызлық түседі.
636. Атадан бала ширек кем туады.
637. Атадан жақсы ұл туған-ды,
Ата жолын қуған-ды.
638. Атадан жақсы ұл туса,
Елінің қамын жейді.
Атадан жаман ұл туса,
Елінің малын жейді.
639. Атадан жақсы ұл туса,
Қар үстінде от жанар.
640. Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге апарар.
Атадан жаман ұл туса,
Төрдегі басын есікке апарар.

641. Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрейді.
Атадан жаман ұл туса,
Тәрдегі басын есікке сүйрейді.
642. Атадан туған алты болса да,
Абаданы бір-дүр.
643. Атадан ұл қанша артық тудым десе де,
Бала ширек төмен туар.
644. Атадан ұл туса игі,
Ата жолын құса игі,
Беліне садақ буса игі.
Бетіне келер ұятын
Өзі біліп жуса игі.
Өзі біліп жумаса,
Бәрінен де жоғы игі.
645. Атадан ұл туса игі,
Ата жолын құса игі.
Атадан ұл тумаса,
Ата жолын құмаса,
Тумағаны көп игі.
646. Атақты ұры аштан өледі,
Атақсыз ұры қабын толтырады.
647. Аталар сөзі — ақылдың көзі
648. Аталастың аты озғанша,
Көршілестің тайы озсын.
649. Аталастың саудасы айында қайтады.
650. Аталмаған атынан көреді,
Қайтып келіп, қатыннан көреді.
651. Аталы сөз — ақылға көз.

652. Аталы сөзді арсыз қайырады.
653. Аталы ұл — қожалы құл.
654. Атамда болғанша,
Алақанымда болсын.
655. Атан бол, бура бол,
Інгенімде қайт.
656. Атаның алғысы — алтын.
657. Атаның жақсысы жездедей-ақ.
658. Атаның көңілі балада,
Баланың көңілі далада.
659. Атаң бермегенді базар берер.
660. Атаң өлсе, өлсін,
Атаңды көрген өлмесін.
661. Атаңа нәлет ешнәрсе емес,
Әшейін, көңіл қалдырады.
662. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.
663. Атаңа нәлеттен кісі өлмейді.
664. Атаңда жоқ арғымақ,
Анаңда жоқ арғымақ,
Саған не керек,
Шал қорадан қарғымақ.
665. Атаңнан қалған сөз жоқ па,
Анаңнан қалған сөз жоқ па?
666. Атаңнан қалса теберік,
Сақта оны тым берік.

667. Атар таңға жүрсең де,
Батар күнге жүрме.
668. Атасы басқамен аң ауласаң,
Атар да, жанына байлар.
669. Атасы басқамен жолдас болсаң,
Атар да, жанына байланар.
670. Атасы басқаменен қоян аулама,
Алар да, қойнына салар.
671. Атасы басқаменен қоян аулама,
Атар да, жанына байлар.
672. Атасы бұлан атпаған,
Баласы құлан атпас.
673. Атасы жер жырта білмеген,
Баласы тұқым себе білмес.
674. Атасы жуастан би шықпас,
Сүрегі арықтан семіз шықпас.
675. Атқа бергісіз құнан бар,
Қызға бергісіз жуан бар.
676. Атқа талау тисе, иттің мұраты береді,
Жақсы кісі аттан жығылса, жаман табашы.
677. Аттан аттың несі кем,
Өзі тарлан көк болса.
678. Атты — батыр,
Атсыз — жатыр.
679. Атты ақысын жаяуға жібермейді.
680. Атты қамшымен айдама,
Талмасын десең, жеммен айда.

681. Аттыға ерген жаяудың бұты жыртылыпты.
682. Аттыға еремін деп, тайлының таңы
(бұты) айрылар.
683. Аттың атағы үлкен,
Түйенің табаны үлкен.
684. Аттың басы үлкен болса, соғым болады,
Ердің басы үлкен болса, бұғым болады.
685. Аттың жарлық жақсы екен,
Жатып ішер ас болса.
686. Аты бардың қанаты бар,
Ұлы бардың дәулеті бар.
687. Аты бардың тынысы бар,
Асы бардың ырысы бар.
688. Аты, тоны сай кісі
Жиын-тойға барысар.
Ұлы-қызы сай кісі
Құдалыққа барысар.
689. Атың арық болса, бір шап,
Отының аз болса, бір жақ.
690. Атың барда жер таны желіп жүріп,
Асың барда ел таны беріп жүріп.
691. Атың барда есек мінбе.
692. Атың жақсы болса, жолдың пырағы,
Қатының жақсы болса, жанның шырағы.
693. Атың жаман болса, сатарсың да,
Қатының жаман болса, кайтесің?

694. Атың жаман болса,
Сатып құтыларсың.
Қатының жаман болса,
Қайтіп құтыларсың!
695. Атың жаман болса,
Арманың кетер.
Балаң жаман болса,
Пәрменің кетер.
Қатының жаман болса,
Жылай-жылай өмірің өтер.
696. Атың жемқор болса, берді Құдай,
Қатының жемқор болса, ұрды Құдай.
697. Атың сенбе,
Қатының сенбе,
Інің сен.
698. Атың барда жер таны.
699. Ау деген асу.
700. Аударыспақ ойнаса,
Таздың көті қолпылдар.
Қапта астық таусылса,
Қатын көті қолпылдар.
701. Аузы дәм білмегеннің,
Мұрны иіс білмейді.
702. Аузы жаман елді бүлдірер,
Аяғы жаман төрді бүлдірер.
703. Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін.
704. Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін.
705. Аузы тынбағанның аяғы тынбас.

706. Аузың өкпеде болсын,
Қолың ноқтада болсын.
707. Аузың тола қан болса да,
Дұшпан алдында түкірме.
708. Аузың тола тісің барда,
Қатқан екен нан деме.
709. Аузыңды көкке ашпа,
Адал еңбектен қашпа.
710. Аулақтама, еңбектен сен шошыма,
Еңбектен әркез мерей, ақыл, досың да.
711. Аулыққан — асыққан қыз ерге жалшымас.
712. Ауру — көрде,
Сау — төрде.
713. Ауру (жан) иесіне тәтті.
714. Ауру адам айт күні өледі.
715. Ауру адам өле-өлгенше жаннан үміт күтеді.
716. Ауру азайса, төуіп ауырады.
717. Ауру астан,
Дау қарындастан.
718. Ауру астан,
Дау қарындастан,
Таз таныстан,
Қотыр қамыстан.
719. Ауру астас, жамандық жымдас.
720. Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады.

721. Ауру елемеген — өлер,
Дау төлемеген — төлер.
722. Ауру жазылып қалады,
Әдет қалмайды.
723. Ауру қадірін сау білмес.
724. Ауру қалса да, әдет қалмайды.
725. Ауру қатын, бұзық самауар ерді байытмайды.
726. Ауру өз атымен ауру,
Оны бағып, қараған да ауру.
727. Ауру өледі,
Кепіл теледі.
728. Ауру өле-өлгенше жаннан дәмелі.
729. Ауру өле-өлгенше жаннан дәмелі,
Жарлы өле-өлгенше малдан дәмелі.
730. Ауру өлмес, ажалды өлер.
731. Ауруға бала да мазасыз.
732. Ауруға емші көп.
733. Аурудан әдет жаман.
734. Ауруды жасырма, әшкере қылады,
Өлімді жасырма, масқара қылады.
735. Аурудың емі табылса,
Тәуіп өз аяғымен келер.
736. Ауруын жасырған өлер.

737. Ауруын жасырғанға ем қонбас.
738. Ауруыңды өткізіп алсаң, тәуіпке өкпелеме.
739. Ауыз — дарбаза, сөз — самал.
740. Ауыз жесе, көз ұялар.
741. Ауыз тамыр — айтысар,
Сүйек тамыр — табысар.
742. Аузыңменен сөйлеген сөз құлағыңды есітпейді.
743. Ауыл ала болса, ауыздағы кетеді,
Ынтымаққа Қырымдағы жетеді.
744. Ауыл иті ала болса да,
Бөрі көргенде бірігеді.
745. Ауыл иті ала болса да,
Бөрі келгенде бірігер.
746. Ауыл итінің аузы ала болса да,
Бөрі көргенде бірігеді.
747. Ауыл итінің құйрығы жоғары.
748. Ауыл итінің құйрығы қайқы.
749. Ауыл толы есектен,
Арық та болса, ат жақсы.
750. Ауылға айтсаң, асар,
Көршіге айтсаң, қосар.
751. Ауылға жақындағанда ит озады.
752. Ауылда болса, ауызға тиеді,
Елде болса, ернің тиеді.

753. Ауылыңда қария болса,
Жазулы хатпен тең.
Айналаңда төбе болса,
Ерттеулі атпен тең.
754. Ауылда лақ туылса,
Адырдың шөбі көгереді.
755. Ауылдағының аузы сасық.
756. Ауылдан шыққан күнде,
Байға қонба, сайға қон.
757. Ауылдың жақсылығы жолынан білінер.
758. Ауылы басқа алдырмас,
Ауылың сені қалдырмас.
759. Ауылы бүтінді аман де,
Елі бүтінді есен де.
760. Ауылыңнан алғыр шықса, атың озады,
Ауылыңнан жаман шықса, елің тозады.
761. Ауыр жігіт дегенше, ауру жігіт десейші,
Шабан жігіт дегенше, жаман жігіт десейші.
762. Ауыр сөз айтқан дос емес.
763. Ауырса, кім азбайды,
Жарлы болса, кім тозбайды.
764. Ауырсынған (қорғанған) азап көреді.
765. Ауырып ажалымен өлмеді,
Аштан үзіліп өлді.
766. Ауырып ем іздегенше,
Ауырмайтын жол ізде.

767. «Аһ» де, «уһ» де,
Өз ісіңді өзің істе.
768. Аш адам тұрып өлмейді, жүріп өледі.
769. Аш адамның қойнында нан тұрмас.
770. Аш бала тоқ баламен ойнамайды,
Тоқ бала аш болам деп ойламайды.
771. Аш иттің артын сұқ ит жалайды.
772. Аш кісі ұрысқақ,
Арық кісі тырысқақ.
773. Аш қадірін тоқ білмес,
Ауру қадірін сау білмес.
774. Аш қазаны болмас,
Әлім қазаны аш болмас.
775. Аш не жемес,
Тоқ не демес.
776. Аш тұзын ішіп отыр,
Соңғы сөзін айтып отыр.
777. Ашаршылықта бай баласы бұрын өлер.
778. Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес,
Қара қайыстан соққан шүйенің дағы кетпес.
779. Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес.
780. Ашкөздің көзін тек топырақ толтырар.
781. Ашқарақ баланың көзі тамақта,
Ақылды баланың көзі сабақта.

782. Ашта жеген құйқаңды тоқта ұмытпа.
783. Ашта жеген тойғаныңды тоқта ұмытпа.
784. Аштан өлгеннен жарылып өлген абзал.
785. Аштарханда атты кісі таң болды.
786. Аштық еңбеккердің терезесіне үңілгенмен,
Үйіне бас ұға алмайды.
787. Аштың ақылы болмас,
Тоқтың — қайғысы.
788. Ашу — ағадан,
Кешіру — ініден.
789. Ашу — айбаттының құралы.
790. Ашу — пышақ,
Ақыл — таяқ.
791. Ашу алда, ақыл соңда.
792. Ашу алдында, ақыл соңында.
793. Ашу асыққанда ақыл басу айтар.
794. Ашу дұшпан, ақыл дос,
Ақылыңа ақыл қос.
795. Ашу жаныңа жәбір келтіреді.
796. Ашу жүйкені бұзады,
Жүйке ұйқыны бұзады.
797. Ашу келсе, ақыл кетер,
Ашудан ақыл көп болса, ашу нетер.

798. Ашу тұрған жерде ақыл тұрмас.
799. Ашулыда ақыл болмас,
Ақыл көп болса, нетер.
800. Ашулының алдында тұрма,
Ашулы атасына қарамайды.
801. Ашумен басталған іс абыроймен аяқталмайды.
802. Ашуменен бір жақсыдан айрылып,
Қадір білмес бір жаманға тап болма.
803. Ашуың келсе, қолың тарт.
804. Ашуың шықса да, сөгінбе,
Сөгінген соң, өкінбе.
805. Ашқа қазан астырма,
Тоңғанға отын жақтырма.
806. Ашыққанның екі көзі нанда,
Тойынғанша қарамайды тамға.
807. Ашықсаң, атаң боғын жерсің.
808. Ашылғанның айыбы жоқ,
Өзі біліп жапқан соң.
809. Ащы болсаң, тұздай бол,
Тәтті болсаң, балдай бол.
810. Ащы иә тұщыны татқан білер,
Алыс пенен жақынды жортқан білер.
811. Аю баласын жұмсағым дер,
Қарға баласын аппағым дер.
812. Аюға намаз үйреткен таяқ.

813. Аяғы жаман төрді былғайды,
Аузы жаман елді былғайды.
814. Аяғы үлкен сиғанын киеді,
Аяғы кішкене сүйгенін киеді.
815. Аяғын көр де, асын іш,
Анасын көр де, қызын ал.
816. Аяғын көріп, асын іш,
Шешесін көріп, қызын ал.
817. Аяғын көріп, асын іш.
818. Аяз, әліңді біл,
Құмырсқа, жолыңды біл.
819. Аяқ шаршаса, таяқ жарайды.
820. Аямасқа аяғыңды тық,
Қайтып келіп, таяғыңды тық.
821. Аямейіз алты күн,
Алты ай қыстан қатты күн.

Ә

822. Әдеп пен төртіптің басы — тіл.
823. Әдепсіз әйел тұзсыз аспен тең.
824. Әдепті әдепсізден үйрен.
825. Әдепті бала — арлы бала,
Әдепсіз бала — сорлы бала.
826. Әдепті бала елге мәнзүр.

827. Әдептілік ерге керек һәм қызға керек.
828. Әдептілік, ар-ұят — адамдықтың белгісі.
829. Әділ айтқан жеңер.
830. Әділдіктен қашпа.
831. Әділет қылышы кескен қол ауырмас.
832. Әділеттік, ар-ұят — адамдықтың белгісі,
Тұрпайылық, жат мінез — надандықтың белгісі.
833. Әділін айтсаң — әдемі айтқаның.
834. Өзіл айтсаң да, әділ айт.
835. Өзіл сөз өзіл емес, құрған тұзақ,
Тұзаққа түскеннен соң кетпейді ұзап.
836. Өзіл түбі — зіл.
837. Өзілде кек жоқ,
Күлкіде шек жоқ.
838. Өзілден от шығады.
839. Өзілің жарасса, атаңмен ойна.
840. Өзірейіл барында жаным бар деме,
Буыршын барында малым бар деме.
841. Өзірет Әлінің қылышы —
Саған да тиер бір ұшы.
842. Әйел адам сырыңды алса,
Дұшпан үштен бірін қылады.
843. Әйел ақылсыз, бақа көріксіз.

844. Әйел жерден шыққан емес, ел баласы,
Ер кісі көктен түскен емес, әйел баласы.
845. Әйел көркі — ақылда.
846. Әйел сұлу, еркек ақылды болу керек.
847. Әйелді жаман десең, анаң оның ішінде.
848. Әйелді ұстай алмаған күң,
Жібекті ұстай алмаған жүн етеді.
849. Әйелдің күші аз, айласы көп.
850. Әйелдің өркөкірегі қор болады,
Еркектің өркөкірегі зор болады.
851. Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа.
852. Әйелсіз үй сусыз диірменмен тең.
853. Әйелінен ұялған баласыз өтеді.
854. Әйелің жақсы болса, бағыңның асқаны,
Жаман болса, қараның басқаны.
855. Әйелің жаман болса, қонағың кетеді,
Балаң жаман болса, бағың кетеді.
856. Әйелің жаман болса, қонағың кетеді,
Ұлың жаман болса, бағың кетеді.
857. Әйеліңнің кемшілігін айтпасаң,
Кінәлі өзің боласың.
858. Әке — асқар тау,
Ана — етегіндегі бұлақ,
Бала — жағадағы құрақ.

859. Әке — балаға қарыз,
Бала — далаға қарыз.
860. Әке көрген ұл оңар,
Шеше ұрған қыз оңбас.
861. Әкелі жетім — арсыз жетім,
Шешелі жетім — жетім.
862. Әке сөзі — оқ,
Шеше сөзі — боқ.
863. Әке тұрып, ұл сөйлегеннен без,
Шеше тұрып, қыз сөйлегеннен без.
864. Әкемнің өлерін білсем,
Кебекке сатып жер едім.
865. Әкемнің өлерін білсем,
Өзбекке сатпас па едім.
866. Әкең мұрап болғанша,
Отырған жерің ой болсын.
867. Әкесіз бала — панасыз,
Құлыпсыз есік — панасыз.
868. Әкесіз жетім — гүл жетім,
Шешесіз жетім — сұм жетім.
869. Әкесін сыйламаған кісі баласын сыйламайды.
870. Әкім ақылды, дана болса,
Төңірекке бас болар.
Ақымақ, жауыз болса,
Төңірекпен қас болар.
871. Әкім ізгі болса,
Қамқор болар.

Әкім жауыз болса,
Жемқор болар.

872. Әкімге қарсы болма,
Күніңе кемшілік келер.
Молдаға қарсы болма,
Дініңе кемшілік келер.
873. Әкімге ісің түспесін.
874. Әкімге ісің түспесін,
Қалыңға құсың қонбасын.
875. Әлдіменен алыспа,
Күштіменен күреспе,
Байменен барып таласпа.
876. Әлдіден бас жесең,
Тура бара тас жерсің.
877. Әлі келген алып та жығады,
Шалып та жығады.
878. Әлін білмеген әлек.
879. Ән сазымен, қыз назымен.
880. Әншейінде ауыз жаппас,
Той дегенде өлең таппас.
881. Әңгіме бұзау емізеді,
Бұзау таяқ жегізеді.
882. Әр кісінде бір қиял.
883. Әр қылған жақсылықтың бір қайты бар.
884. Әр сұлудың бір міні бар.

885. Әр ханның тұсында бір сұрқылтай.
886. Әрбір ғылымның амалы бар.
887. Әркім қылса өзіне,
Сүрме қояр көзіне.
888. Әсет, егініңді жасат.
889. Әсіре қызыл тез оңар.
890. Әтешке «шақыр» десең, «мезгілі болсын» дейді.
891. Әуелгі байлық — денсаулық.
892. Әуелгі байлық — денсаулық,
Екінші байлық — ақ жаулық.
893. Әуелі өзіңе бақ,
Соң даңғыра қақ.
894. Әулие көршісін қолдар.
895. Әулияға барайын демес,
Әулияның әулиялығы тартар.
Байға барайын демес,
Байдың байлығы тартар.
896. Әумері зақым жылқы бақсын,
Үзеңгісін ұзын тақсын,
Құрығын майдай жақсын,
Аманатын шөптей қақсын.

Б

897. Бабаның тал қондырғаны —
Өзіне ат қалдырғаны.

898. Баға берме жүзіне қарап адамның,
Дана деме сөзіне қарап адамның,
Жолдас айырар оның жақсы-жаманын.
899. Бағасы жоқ қазына,
Алтыннан артық әдеп бар.
900. Бажаны көрсе, бас қышиды.
901. Базар — ақшалыға базар,
Ақшасыздың өзі де азар.
902. Базар бар да, бағыңды сына.
903. Базарға бақал жарасады.
904. Базарда бәрі бар,
Ақшаң болмаса, өрі бар.
905. Базарда мың кісі бар,
Қай сүйгеніңе сәлем берерсің.
906. Базардағы ас бағына қарай піседі.
907. Базардан қалған бір күн қалар,
Егістен қалған бір жыл қалар.
908. Базары жақын байымайды.
909. Базары жақын байымас,
Еш нәрсеге жарымас.
910. Бай ат мінсе,
«Қайырлы болсын!» дейді.
Жарлы ат мінсе,
«Қайдан алдың?» дейді.
911. Бай барын бермес,
Жоқ қарап тұрмас.

912. Бай баю үшін тырысады,
Кедей кедейіне болысады.
913. Бай болайын деген жігіт
Айырбасшыл келеді.
Адам болайын деген жігіт
Қарындасшыл келеді.
914. Бай болғанда барын бермес,
Жарлы кісі қарап тұрмас.
915. Бай болмасаң, бай болма,
Білім, өнерге сай бол.
916. Бай болсаң, балпаң бол,
Жарлы болсаң, қалтаң бол.
917. Бай болсаң, баршаменен бетіңді сұрт,
Жарлы болсаң, жаныңменен көтіңді сұрт.
918. Бай болсаң, жарлылығыңды айтпа.
Жарлы болсаң, байлығыңды айтпа.
919. Бай — бір жұттық,
Батыр — бір оқтық.
920. Бай дегенге мерейіп,
Мұрт-сақалы серейіп.
921. Бай — жарлылық бақташысы.
922. Бай кедей болса да, мақтанғанын қоймайды.
923. Бай кісі базарға барса,
Сұм хабар табады.
924. Бай кісі балпаң келер,
Жарлы кісі жалтаң келер.

925. Бай кісі жарлыны,
Тілді кісі тілсізді,
Жас кісі көріні керексіз қылады.
926. Бай қасына барып қон,
Байымасаң, маған кел.
Жоқ қасына барып қон,
Жоғалмасаң, маған кел.
927. Бай қасына көшіп бар да,
Байымасаң, маған кел.
Қу қасына көшіп бар да,
Қурамасаң, маған кел.
928. Бай мақтанса, бір жұттық,
Батыр мақтанса, бір оқтық.
929. Бай мақтанса, мақтансын,
Сабасының қоры бар.
Жарлы неге мақтансын,
Маңдайының соры бар.
930. Бай мақтанса, табылар,
Жарлы мақтанса, шабылар.
931. Бай мақтанса, табылар,
Жоқ мақтанса, шабылар.
932. Бай мақтасы сабалар,
Жарлы мақтасы жабылар.
933. Бай — тамырлас,
Би — құлақтас.
934. Бай тойғаннан секіреді,
Кедей аштықтан секіреді.
935. Бай — шешен,
Балуан — албат батыр.

936. Бай — байға құяды,
Сай — сайға құяды.
937. Бау-бақшаның қараусыз қалғаны —
Көк ағаштың отын болғаны.
938. Байға жалынамын деп,
Жарлының тоқтылы қойы зықысы шығыпты.
939. Байға келін болғанша,
Кедейге қыз бол.
940. Байғұстың асын бісмілда құртады.
941. Байдан жұғар,
Балдан тамар.
942. Байдан табылар,
Балдан тамар.
943. Байды Құдай ұрайын десе,
Жортуыл бастайды.
944. Байдың асын байқұс қызғанар.
945. Байдың атын қатын шығарады.
946. Байдың атын қатын шығарады,
Қатынның атын жетім шығарады.
947. Байдың баласы жатық, малшысы қодаң.
948. Байдың бір жоқтығы бар,
Аштың бір тоқтығы бар.
949. Байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырады,
Кедейдің қатыны өлсе, басы қаңғырады.
950. Байдың қорасынан
Жарлының жалғызы жоғалыпты.

951. Байдың малы — жаудың малы (малай).
952. Байдың малы ардақты,
Жарлының баласы ардақты.
953. Байдың ісі пәрменмен билән,
Жоқтың ісі дәрмен билән.
954. Байимын десең, саудагершілік қыл.
955. Байлап кетсе де, бақырма.
956. Байлар ашты тоқ санар,
Аш жаһанда нан жоқ санар.
957. Байлық — мұзға жазылған сөз,
Білім — тасқа жазылған сөз.
958. Байлық байлық емес, бірлік — байлық.
959. Байлық басыңнан кетсе,
Өзіңді сабанханада көр.
960. Байлық қашады, еңбек қуады.
961. Байлық мирас емес,
Жоқтық ұят емес.
962. Байлық мұрат емес,
Жоқтық ұят емес.
963. Байлық мұрат емес,
Жарлылық ұят емес.
964. Байлық мұрат,
Кедейлік ұят емес.
965. Байлық не дегізбес,
Аштық не жегізбес.

966. Байлықтың атасы — еңбек,
Анасы — жер.
967. Байлықтың басы — денсаулық.
968. Байлықтың кілті — ғылым.
969. Баймен айтыспа,
Балуанмен күреспе.
970. Баймен құда болсаң, шіренер,
Жарлымен құда болсаң, тіленер.
971. Байтал жүйрік — пайда жоқ,
Қатын шешен — парқы жоқ.
972. Байтал мінсек, құлын жоқ,
Саумал ішсек, қымыз жоқ.
973. Байтал шауып, бәйге алмас.
974. Байы бар таяқ жейді,
Қойы бар құйрық жейді.
975. Бақа батпағын сағынар.
976. Бақа жарығы суменен,
Қатын жарығы ерменен.
977. Бақа сисе, көлге сеп,
Жақсы қатын малға сеп.
978. Бақ-бақ еткен текені
Жаңбыр жауғанда көр.
Шақ-шақ еткен келінді
Сиыр сауғанда көр.
979. Бақпасаң, мал кетер,
Қарамасаң, қатын кетер.

980. Бақсы бақсыны көре алмайды,
Жақсы жақсыны көре алмайды.
981. Бақсы бар жерде жақсы бар.
982. Бақсының жақсысы ауруға ауру қоспаған.
983. Бақыл өулие болмас,
Өулие бақыл болмас.
984. Бақыл байға барғанша,
Қаратауға бар.
985. Бақыл тоймас,
Ұры байымас.
986. Бақылда бірлік жоқ.
987. Бақылдың бауы болмайды,
Бауы болса да, миуа бермейді.
988. Бақылдың түңлігінен жел кірмес.
989. Бақыт басқа қонарда,
Алысып жүрген дұшпандар
Алдыңа келіп, дос болар.
Бастан бақыт ұшарда,
Жан аяспас достарың
Қарап жүріп, қас болар.
990. Бақыт белгісі — білім.
991. Бақыт күлкілі үйге кірер.
992. Бақыт қайда — бірлікте.
993. Бақыт пен дәулетте көз жоқ.
994. Бақыт сандықта, кілтпен ашасың,
Кілті аспанда, өнермен ұшасың.

995. Бақытта көз болмайды,
Шын жақсы сыйымсыз сөз болмайды.
Дүниеде бас-аяқ тегіс емес,
Екі жақсы бір жерде кез болмайды.
996. Бақытты кімге бердің?
Кел деген кісіге.
997. Бақытты сырттан іздеме,
Өз ішкі дүниеңнен ізде.
998. Бақытыңа сенбе,
Бармағыңа сен.
999. Бал айнымас,
Айныса да, шірімес.
1000. Бал ұстаған бармағын жалайды.
1001. Бала ақылды болса,
Ата-ананы оздырады.
Желбуаз, жетесіз болса,
Жерге қаратып, тоздырады.
1002. Бала ата-анасына тартпай, заманына тартады.
1003. Бала биден де күшті,
Бірақ бітірмес істі.
1004. Бала болса да, әркім өз теңімен ойнар.
1005. Бала жүгірсе, қарттың қарап отырып
аяғы ауырады.
1006. Бала кезде нені әдет етсең,
Соның шырмауында қаласың.
1007. Бала оқытқан мұғалім балаларша ойлайды.

1008. Бала таппаған қатыннан,
Лақтаған ешкі артық.
1009. Бала таппас қатын болмас, тұрарын айт,
Мал таппас жігіт болмас, құрарын айт.
1010. Бала,
Баланың ісі шала.
1011. Балаға жақын жүрме,
Бәлесі жұғады.
1012. Балаға пышақ берме,
Ақымаққа билік берме.
1013. Балаға тиме, бәлесі жұғар,
Қатынға тиме, қарасы жұғар.
1014. Бала — жаман қатынның екі қолын байлайды,
Жақсы қатынның бір қолын байлайды.
1015. Балақ түрілмей, балақ тұтылмас.
1016. Балақтағы бит басқа шығады.
1017. Балалы үй — базар,
Баласыз үй — мазар.
1018. Балалы үй — базар,
Баласыз үй — қу мазар.
1019. Балалы үй — жұмақ.
1020. Балалы үйдің ұрлығы жатпас.
1021. Балалық шағы — патшаның тағы.
1022. Баланы бастан жаттықтыра алсаң,
Өскен соң бастықтыра аласың.

1023. Баланы бастан,
Қатынды жастан.
1024. Баланы жеріне бер,
Жер ыңғайы келмесе, еріне бер.
1025. Баланы кім асыраса, сол — ана.
1026. Баланың бір көзі жоқ,
Малайдың екі көзі жоқ.
1027. Баланың жақсысы — қызық,
Жаманы — күйік.
1028. Баланың өзі туғандай,
Келіннің өзі келгендей.
1029. Баланың сотқары — бөленің шоқпары.
1030. Баланың шешесі өгей болса,
Әкесі де өгей болып кетер.
1031. Балаң қайқы сер болса,
Жалғыз атқа жал бітпес.
Қатының қайқы сер болса,
Маңдайыңа мал бітпес.
1032. Баланың ісі — шала.
1033. Балаң жаман болса да, аман болсын.
1034. Балаң жаман болса да, келінің жақсы болсын.
1035. Балаңды иә молдаға бер, иә ордаға.
1036. Баласы тәуше жесе,
Анасының тісі қамасады.
1037. Баласыз үйде бақыт болмайды.

1038. Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны алар.
1039. Балдыз — балдан шырын.
1040. Балды да болма,
Балсыз да болма.
1041. Балменен де болма,
Балсыз да болма.
1042. Балта басқан байымас,
Байыса да, жарымас.
1043. Балта сынса, дөңке демалады.
1044. Балшыға барма,
Басыңды қайғыға салма.
1045. Балығы болмаған көлі құрысын,
Киігі болмаған шөлі құрысын.
1046. Балығынан болар ма,
Бақасынан болар ма.
1047. Балық басынан сасиды.
1048. Балық берсең, байлап бер,
Басын-көзін шайнап бер.
1049. Балық жеген «су, су» дер,
Қос айдаған «шу, шу» дер.
1050. Балық өңешінен өткенді жейді.
1051. Балықта сүт болмайды,
Шабағын теңіз асырайды.
1052. Балықтың батасы жоқ,
Иттің атасы жоқ.

1053. Балықтың да сегіз қанаты бар.
1054. Балықшы айтпайды расын,
Сонда да алады бір асым.
1055. Балықшы балықшыны ұзақтан таниды.
1056. Балықшыдан ыралғы,
Батырдан сауға.
1057. Балықшының аты суға жарымайды.
1058. Бар барын айтады,
Бақа бұтын тырбайтады.
Көрген адам көргенді айтады,
Көтерген һәркім өтпегін сатады.
1059. Бар болса, көре алмай,
Жоқ болса, бере алмай.
1060. Бар болсаң, аспа,
Жоқ болсаң, саспа.
1061. Бар болсаң, таспа,
Жоқ болсаң, саспа.
1062. Бар болып, жоқтың ісін істегеннен без,
Жоқ болып, бардың ісін істегеннен без.
1063. Бардың базары жанында.
1064. Бардың баласы би болар,
Жоқтың баласы қамшы астында ит болар.
1065. Бардың ісі пәрменменен,
Жоқтың ісі дәрменменен.
1066. Барлардікі жорға-жорға,
Жоқтардікі зорға-зорға.

1067. Барлығы да тілден:
Тіл — бал, тіл — ажал.
1068. Барлық жүкті көтерген түйе,
Шөмішті де көтерер.
1069. Барлық қазақтың салты бір,
Табиғаты бөлек.
1070. Барлық не дегізбейді,
Жоқтық не жегізбейді.
1071. Барлық не істетпейді,
Жоқшылық жомарт ердің қолын байлайды.
1072. Барлық-байлық не жегізбес,
Жоқтық не дегізбес.
1073. Бар қарындас батуда болмасын,
Жоқ қарындас жолда болмасын.
1074. Бар мақтанса, табылады,
Жоқ мақтанса, шабылады.
1075. Бар аз білгеннен де өтер,
Білмегеннен де өтер.
1076. Барма ханға,
Өзі келер малға.
Барма биге,
Өзі келер үйге.
1077. Бармасаң-келмесең, жат боласың.
1078. Барша өнерді үйрен.
1079. Баршылық не дегізбейді,
Жоқшылық не жегізбейді.

1080. Барыменен — базар,
Жоқты қайдан қазар.
1081. Барымта алған мал емес,
Қуып алған құн емес.
1082. Барымта қайтыс болмай,
Дау айтыс болмайды.
1083. Барына қанағат, жоғына сабыр.
1084. Барына разы бол,
Жоғына сабыр ет.
1085. Барында көл-көсір,
Жоғында — шөл.
1086. Барыңда батып іш,
Жоғыңда сатып іш.
1087. Бас ауырса, жан қорқады.
1088. Бас екеу болмай, мал екеу болмайды.
1089. Бас жарылса, бөрік ішінде,
Қол сынса, жең ішінде.
1090. Бас кеспек болса да,
Тіл кеспек жоқ.
1091. Бас тентек баласын мақтар,
Қас тентек қатынын мақтар.
1092. Бас-басыңа би болсаң,
Манар тауға симассың.
1093. Басқа бөле қайдан,
Басқа бөле тілден.

1094. Басқа бөле тілден.
1095. Басқа елде сұлтан болғанша,
Өз еліңде ұлтан бол.
1096. Басқа келген пәледен,
Бастан құлақ садақа.
1097. Басқаға ор қазба, өзің түсесің.
1098. Басқаның ақылдылығын күндеу —
Өзінің ақылсыздығын білмеу.
1099. Басқаның палауынан,
Өзіңнің көмешің артық.
1100. Бассыз үйдің иті осырақ.
1101. Баста ақыл болмаса,
Көз пөстектің жыртығы.
1102. Баста ақыл жоқ болса, аяққа күш түседі.
1103. Басты кеспек болса да, тілді кеспек жоқ.
1104. Басы аманның малы түгел.
1105. Басы ауырған бақсыға барады,
Даулы кісі жақсыға барады.
1106. Басы қараның бөрі игі.
1107. Басында ми жоқ болса, екі аяққа күш келер.
1108. Басың ауырса, палшы ізде.
1109. Басың бас,
Бақалшағың қара тас.

1110. Басыңа дау келсе,
Билігің кетер.
1111. Басыңа түссе,
Басмақшы боларсың.
1112. Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың,
Басыңды бұлт шалса,
Іздеп таба алмайсың.
1113. Баталы құл арымас,
Батасыз құл жарымас.
1114. Батпаққа батқан есекке өз иесінен мықты жоқ.
1115. Батыр аңғырт, бай салғырт.
1116. Батыр болған ханға қас,
Мерген болған аңға қас.
1117. Батыр болсаң, жау қайтар.
1118. Батыр емей немене атқан жігіт,
Қатын емей немене қашқан жігіт.
Мың жылқылы байыңды.....¹ мекен
Оразасын үйінен ашқан жігіт.
1119. Саумал ішсең, қымыз жоқ,
Байтал мінсең, құлын жоқ.
1120. Батыр жарқырап жүреді,
Қорқақ қалтырап жүреді.
1121. Батыр кісі әр қатыннан туады,
Әділ би бір қатыннан туады.

¹ Түпнұсқада осылай берілген.

1122. Батыр мың қол бастайды,
Шешен тар жерде сөз бастайды.
1123. Батыр тапса, барша жер,
Бақыл тапса, басып жер.
1124. Батыр туса, ел ырысы,
Жаңбыр жауса, жер ырысы.
1125. Батыр ұлды жауыр етпе,
Жүйрік арқасын жара етпе.
1126. Батырдан хат — достарға қуат.
1127. Батырдың бір есімі — тентек.
1128. Батыр — жауда,
Сабыр — дауда.
1129. Батырды жауда,
Данышпанды ашуланғанда,
Досты жоқтықта сына.
1130. Баулыған батыр болады.
1131. Баулысынды батыр болар,
Үйрегінді шешен болар.
1132. Бауыры бүтін пенде жоқ.
1133. Бауыры жоқ бағананы құшақтайды.
1134. Бауырындағыны алдырған анасын алдырар.
1135. Көп беріп, көргендіден қыз алсаң,
Тік тұрып, мейманына қызмет етер.
Аз беріп, көргенсізден қыз алсаң,
Байының қойнына бір жатқанын міндет етер.

1136. Бәйбіше боғым сасиды,
Тоқал тоқым жасиды.
1137. Бәйбіше Құдай бұйрығы,
Тоқал иттің құйрығы.
1138. Бәйбішеге малын берер,
Тоқалға жанын берер.
1139. Бәйбішенің жайы байға мәлім,
Бай келгенде шылыбдар тоқал залым.
1140. Бәледен машайық қашар.
1141. Бәлеқор екі араға от жағады,
Біреуі өртенсе, өзі де жанады.
1142. Бәлен жерде бақыр бар,
Барсаң — тап-тақыр.
1143. Бәленің несі бар, қаша жүрсең,
Бәленің сенен басқа несі бар,
Бір шетінен баса жүрсең.
1144. Бәрің бірдей қойшы болма, құл боларсың,
Бәрің бірдей тойшы болма, қу боларсың.
1145. Бедеу аттың жорғалағаны айып,
Тазы иттің үргені айып.
1146. Безбетке қасық берсең,
Бір кезекте бес асар.
1147. Бейбітшілік — өмір тынысы,
Байлық — ел ырысы.
1148. Бейғамнан асқан берекесіз жоқ.
1149. Бейнетсіз рахат жоқ.

1150. Бейнеті қатты болса,
Татқаны тәтті болады.
1151. Бек берсе, бетке қарама.
1152. Бекерден бекер жатқаннан
Тәңірім безер.
Тентектен әркім безер.
1153. Бекерден Тәңірім безер.
1154. Бекершіден берекесіз сөз шығар.
1155. Бекершілден Құдай безер.
1156. Бекершінің өнері — өсек.
1157. Бекзаттан би қойсаң, ойлар тамағын.
Бейзаттан би қойсаң, білмес бабағын,
Жақсыдан би қойсаң, ашпас қабағын.
1158. Бекке жеткенше, белің сынар.
1159. Беклер билән алысып болмас,
Терек билән күресіп болмас.
1160. Бектің бұлағынан су ішпе.
1161. Бекіре балық — бел кеспе,
Берсе, жемес бұл басым,
Қолаңса иісі сасыған,
Қой етіне қор болды.
1162. Бекіре тұмсығы тасқа тимей қайтпас.
1163. Бел мен білек біріксе, жұмыс бітер.
1164. Белдеуге бедеу байланса,
Ердің үйде болғаны.

1165. Берген алар,
Еккен орар.
1166. Берген берік есікті ашар.
1167. Берген перне бұзады.
1168. Бергеннің бетіне қарама.
1169. Бердім бір ай,
Келдім сұрай.
1170. Береген қолым алаған.
1171. Береке бір тиыннан.
1172. Берекелі дәулет кеш келер.
1173. Берекелі жерде мереке кетпес.
1174. Беретіннен де бір сұра,
Бермейтіннен де бір сұра.
1175. Бермегенге бесеу де көп,
Алғанға он болса да аз.
1176. Бермегенді беріп ұялт.
1177. Бермесе де, бай жақсы,
Жемесе де, май жақсы.
1178. Берместің асы піспейді.
1179. Берместің асы піспес,
Қазаны оттан түспес.
1180. Берсең, аларсың,
Ексең, орарсың.
1181. Бес бармақ жиналса, жұдырық болар.

1182. Бес жұлдыз туса,
Бер де құтыл.
1183. Бес намазға бес дәрет,
Бәракалла таратың.
Бес намазға бір тарат.
Бәракалла адатың.
1184. Бестің басы болғанша,
Алтыншының аяғы бол.
1185. Бесіктен бағу көрмеген,
Өмірден қағу көрер.
1186. Бет көрсе, жүз ұялады.
1187. Бет көрінісің — өз шежірең.
1188. Бетке айтқанның зәрі жоқ.
1189. Беткейден өтсең, бел қалар.
1190. Би айтқанды құл айтады,
Құл аузының дауасы жоқ.
1191. Би болмақ ініден,
Белге шықпақ баладан.
1192. Би болмасаң, би болма,
Би түсетін үй бол.
1193. Би екеу болса, дау төртеу болады.
1194. Бидай күзде пісер,
Пайдасы сонда түсер.
1195. Бие — кәрі,
Құлын — жас.
Келер жолы қолың бос.

1196. Биені баға білсең, түйе болады.
1197. Биені Құдай ұрарында құлын тастайды.
1198. Бисмилламен бастасаң,
Ісінді ақырына келтірер.
Бисмилласыз бастасаң,
Жел түбіне кетірер.
1199. Битке өкпелеймін деп, тоныңды отқа жақпа.
1200. Биылғы жыл қоян емес, көжек екен,
Мақаттың қыз алатын кезегі екен.
1201. Биік таудың төбесін көріп, түбіне барма,
Жақсының атын естіп, үйіне барма.
1202. Биік төбеге шықсаң,
Көзің ашылады.
Жақсыменен сөйлесең,
Көңілің ашылады.
1203. Боз көйлектің қырық күндік мастығы бар.
1204. Бой жетпеген жерге ой жетеді,
Қыран жетпеген жерге қиял жетеді.
1205. Бойдағың барда малым бар деме,
Өзірейіл барда жаным бар деме.
1206. Бойдақтың ақылы — екі көзі.
1207. Бойына сеніп түйе жылдан құр қалады.
1208. Бойыңа мақтанба,
Ойыңа мақтан.
1209. Бойыңның ұзынын қайтейін,
Ақылың аз болса.

1210. Боқ шыбынға сәлем айт,
Боққа айналып қалмасын.
1211. Болар бала бесікте бұлқынады.
1212. Болар бала бесікте бұлқынар,
Болар құлын желіде жұлқынар.
1213. Болар бала боғынан.
1214. Болар ұлан боғынан.
1215. Болар істің емі жоқ,
Болғаннан соң кемі жоқ.
1216. Болар-болмасқа иланба,
Қолыңа түскеннен айрылма.
1217. Боларыңда болып өт,
Боз жорғадай желіп өт.
1218. Боларыңда болып өт,
Боз жорғадай желіп өт.
Боларыңды білмесең,
Болған ердің қосын жек.
1219. Болат елеуге көнсе де,
Илеуге көнбейді.
1220. Болат қайнауда шынығады,
Батыр майданда шынығады.
1221. Болат найза қап түбінде жатпас.
1222. Болат пышақ қап түбінде жатпайды.
1223. Болған іске болаттай бол.
1224. Болдыратын да, толтыратын да қатын.

1225. Болмаса сөздің түйіні,
Болмағаны түйірі.
1226. Болымсыздан өнер шықпас,
Көңілсізден күлкі шықпас.
1227. Боранды күн боқ қыстайды.
1228. Борай-борай қар жауса,
Бұл боран атты өлтірер.
1229. Бос қоймадан батпан шығады.
1230. Бос құдық тамшымен толмас.
1231. Ботаның көркі — көз,
Адамның көркі — сөз.
1232. Ботқаға қазан тоймас,
Пұттаған сөзді қолдаған ұл,
Мұхамметке үммет болмас.
1233. Бояушы-бояушы десе, сақалын бояйды.
1234. Бөдененің «үйғ» дегені — қашқаны.
1235. Бөдененің үйі жоқ,
Қайда барса, бытпылдақ.
1236. Бөз жамауы — бөзге,
Парша жамауы — паршаға.
1237. Бөлшекте де, билік ет.
1238. Бөлінгенді бөрі жейді.
1239. Бөрі азығы мен ер азығы жолда.
1240. Бөрі алатұғын жігітің бөркінен танылар.

1241. Бөрі баласын асырасаң, ит болмайды.
1242. Бөрі баласын бөрікке салсаң, еш болмас.
1243. Бөрі етіңіз бандалық.
1244. Бөрі қартайса да, бір қойға күші жетеді.
1245. Бөрі қартайса, итке күлкі болар.
1246. Бөрі қартайса, тышқаншыл болады.
1247. Бөрікті тастап, бөріден құтылып болмас.
1248. Бөрінің қартайса да, бір қойлық әлі бар.
1249. Бөтен адам сөз береді, бөз бермейді.
1250. Бұзауы өлген сиырдың сүті болмайды.
1251. Бұзылғаннан бұйым алма.
1252. Бұйырған асқа тіс тиер,
Жаз тимесе, қыс тиер.
1253. Бұйырған кетпейді,
Жүгіріп жетпейді.
1254. Бұқа буға семіреді,
Азбан дуға семіреді.
1255. Бұқадан өгіз жаман қуаларға,
Ағайын жақсы болар жұбанарға.
1256. Бұқаның арамзасы бұзау арасында.
1257. Бұқаның өзі қартайса да, мұрны қартаймайды.
Жақсының өзі қартайса да, көңілі қартаймайды.

1258. Бұланға ерген шешекке аунар,
Доңызға ерген балшыққа аунар.
1259. Бұлбұл гүлзарын сүйеді,
Адал адам отанын сүйеді.
1260. Бұлбұл гүлінде сайрайды,
Адал басшы ел-жұртын ойлайды.
1261. Бұлбұл құс зымыстан көрмей,
Гүлстанның қадірін білмейді.
1262. Бұлбұлға бау жақсы,
Кекілікке — тау.
1263. Бұлт — ала,
Жау — шала.
1264. Бұлт жаумас,
Бұйрық жауар.
1265. Бұлт шығып, жаңбыр жаумай елді алдайды,
Әйелдің ғайлакері ерді алдайды.
1266. Бұралқы ит үргеніменен жағады.
1267. Бұралқы мал мінуге жақсы,
Бұралқы сөз келуге жақсы.
1268. Бұратынына бұрады,
Бұрмайтынын қос қолдап ұрады.
1269. Бұру да болса, жол жақсы,
Соқыр да болса, қыз жақсы.
1270. Бұршақта қалған жаңбырдан қорықпас.
1271. Бұрынғы туғаннан ақыл сұра,
Бұрынғы қонғаннан қоныс сұра.

- Көрегенді көнеден сұра,
Көре білмесе, көп жүргеннен сұра.
1272. Бұрынғының кісісі —
Осы күнгінің кішісі.
1273. Бұта түбі — үй болар,
Малы көп кісі — би болар.
1274. Бұтамасаң, миуа аз,
Бұтасаң, жейсің қысын-жаз.
1275. Бүгін күлерсің,
Ертең жыларсың.
Бүгін жер үстінде,
Ертең жер астында.
1276. Бүгінгінің ертеңі бар.
1277. Бүлінген елден бүлдіргі алма.
1278. Бүлік сүріндіре алмағанды,
Білім сүріндіреді.
1279. Бүлдіру оңай, түзеу қиын.
1280. Бүрге тұту үшін де бармағыңды сулайсың.
1281. Бүтін берсең, күтіп аларсың.
1282. Бытырасаң басына,
Батыр келер қасына.
1283. Біз де қатын болармыз,
Қапқа тары салармыз.
1284. Біздің балада кеміс жоқ,
Қалып тұрғаны — үйлену тойы.

1285. Білгенге жыр,
Білмегенге дыр.
1286. Білгеннің білгені қайсы,
Білместігін кешпесе.
1287. Білгеннің білгені қайсы,
Білмегенді кешірмеген соң.
1288. Білгенің — бір тоғыз,
Білмегенің — мың тоғыз.
1289. Білгіш — Құдай.
1290. Білегі жуан бір кісіні,
Білімі көп мың кісіні жығады.
1291. Білегі жуан бірді жығады,
Білігі жуан мыңды жығады.
1292. Білек жуысады,
Ырыс ауысады.
1293. Білек сүріндіре алмағанды, білім сүріндіреді.
1294. Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.
1295. Білем десе, жыланның күйсегенін де білуге болады.
1296. Білемін деп мақтанба, сенен де білгіш табылар.
1297. Білмеген жердің ойы, шұңқыры көп.
1298. Білмеген мың пәлеге тұтылар,
Білген мың пәледен құтылар.
1299. Білмегендер ұрыны батыр дейді,
Білгендер ұрыны пақыр дейді.

1300. Білмегеніңді сұраудың ұяты жоқ.
1301. Біліксіз досыңнан
Білікті дұшпан артық.
1302. Білім алар жігіттің оқу болар ермегі.
1303. Білім алмай, болдым деме,
Еңбек етпей, толдым деме.
1304. Білім берген мұғалім —
Өмірдегі зор ғалым.
1305. Білім көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.
1306. Білім іздеген өсер,
Бүлік іздеген өшер.
1307. Білімде артық-кем болмайды.
1308. Білімді болғың келсе,
Дананың айтқанын тыңда.
1309. Білімді жерде қалмас.
1310. Білімді мыңды жығады,
Білегі жуан бірді жығады.
1311. Білімді өлсе, қағазда аты қалады,
Өнерлі өлсе, істеген заты қалады.
1312. Білімдіге дүние жарық,
Білімсіздің күні қаріп.
1313. Білімдімен дос болсаң,
Сасқанда ақылын айтар,
Білімсізбен дос болсаң,
Топ ішінде бетің қайтар.

1314. Бір адам қырық адамға олжа салады.
1315. Бір аштың бір тоқтығы бар.
1316. Бір аяқ қымыздың
Екі аяқ желі бар.
1317. Бір байдың жұртына
Екі тышқан таласады.
1318. Бір бала бар, атаға жете туады,
Бір бала бар, атадан кете туады,
Бір бала бар, көтінен кейін қарай кете туады.
1319. Бір баланы тәрбиелеп өсіргенше,
Үлкен қала құрылады.
1320. Бір баласы бардың
Шығар-шықпас жаны бар.
Екі баласы бардың
Жүрегінде жалы бар.
1321. Бір батырға мың қорқақ шақ келмейді.
1322. Бір биенің екі емшегі,
Бірі кетсе, сүті жоқ.
Бір түйенің екі өркеші,
Бірі кетсе, күші жоқ.
1323. Бір дауда екі күмән жоқ,
Бір істе екі жаға жоқ.
1324. Бір елі ауызға екі елі қақпақ.
1325. Бір ердің дәулетіне қырық адам мас болады.
1326. Бір жақсы қыз екі жаман ұлға татиды.
1327. Бір жаманның кесапатынан аққан дария құриды.

1328. Бір жол бар алыс,
Алыс та болса жақын.
Бір жол бар жақын,
Жақын да болса алыс.
1329. Бір жыл тұт еккен кісі,
Мың жыл гауһар тереді.
1330. Бір жылы сөз бір күнгі азық.
1331. Бір кеменің басын ұстаған мұратына жетеді,
Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді.
1332. Бір кескен екмек жабыспас.
1333. Бір көрген біліс,
Екі көрген таныс.
1334. Бір күлкі денсаулыққа жақсы.
1335. Бір күн ашыққаннан
Қырық күн ақыл сұрама.
1336. Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем.
1337. Бір күн тұз-дәм татқанға қырық күн сәлем бер.
1338. Бір күн ұрыс болса,
Қырық күн береке кетеді.
1339. Бір күндік өмірің қалса да,
Жортақ мінбе, жорға мін.
1340. Бір кісі арық қазады,
Мың кісі су ішеді.
1341. Бір қарын майды бір құмалақ шірітер.
1342. Бір қатынның кесірі
Қырық есекке жүк болды.

1343. Бір қатынның айласы
Қырық есекке жүк болған.
1344. Бір қойдың қатығы іркіт болмас,
Өзі біліп, сөйлеген адамды іркіп болмас.
1345. Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді.
1346. Бір құмалақ бір қарын майды шірітер,
Бір жаман мың қолды ірітер.
1347. Бір құрт тапсаң, бөліп же.
1348. Бір мылтықтың аузына мың кісі сияды.
1349. Бір мінсең де, жорға мін,
Бүлкілдесін бүйрегің,
Бір ұрттасаң да, май ұртта,
Кілкілдесін жүрегің.
1350. Бір нақақты күйдіргеннен,
Он қылмыстыны ағартқан артық.
1351. Бір оқты бұлан көтереді,
Бір оқты құлан көтереді.
1352. Бір өзеннің бойында оқтай түзу терек те өседі,
1353. Бір пайда — пайда,
Екі пайда қайда?
1354. Бір саудаң иіп кетеді,
Бір саудаң киіп кетеді.
1355. Бір сиыр тоғай боқтамас,
Тоғай оны жоқтамас.
1356. Бір сөзді көп сөйлесе, сөз жасиды.

1357. Бір тау бір киікні асатмайды.
1358. Бір тау бір тауға қосылды десе, сен,
Жаманнан жаман әдеті қалды десе, сенбе.
1359. Бір теңге беріп жырлатып,
Мың теңге беріп қойдыра алмадық.
1360. Бір тиынға қарамаған,
Бір тиынға арзымайды.
1361. Бір түйенің екі өркеші,
Бірі кетсе, күші жоқ.
1362. Бір түйір дәнде бір тамшы тер бар.
1363. Бір түлкі жеті бөріні алдайды.
1364. Бір түп шеңгелді мың жыл қоралағанмен
бау болмас.
1365. Бір үй толы жан,
Бір-біріне мейман.
1366. Бір үйде нешеусің,
Бір-біріңе меймансың.
1367. Бір үйде нешеусің,
Бір-біріне қонақсың.
1368. Бірге тұмақ болса да,
Бірге жүрмек жоқ.
1369. Бірде — пірден,
Бірде — мұриттен.
1370. Бірді берсең маған,
Мыңды беремін саған.

1371. Бірді біреу береді,
Көпті еңбек береді.
1372. Бірді сепсең, жерге,
Мыңды берер, елге.
1373. Бірдің кесапаты мыңға тиеді.
1374. Біреу болса — құда,
Екеу болса — ұя.
1375. Біреу білмегенді біреу білер.
1376. Біреу өлмей, біреу күн көрмейді.
1377. Біреу сенің сындырар қазаныңды,
Сен сындырсаң біреудің тағарасын.
«Шырмайынан сақтап бер» деген мақал,
Жеген болсаң біреудің зағырасын.
1378. Біреу тойып секіреді,
Біреу тоңып секіреді.
1379. Біреу тоңып секіреді,
Біреу тұрып секіреді.
1380. Біреу түзер, біреу бұзар.
1381. Біреу шөл болса,
Біреу көл болсын.
1382. Біреуге бас қайғы,
Біреуге мал қайғы.
1383. Біреуге баспана керек,
Біреуге асхана керек.
1384. Біреуге бес күн алдын келсе,
Біреуге бес күн кейін келеді.

1385. Біреуге деп ор қазсаң, өзің түсерсің.
1386. Біреуге елден береді,
Біреуге жерден береді.
1387. Біреуге етсең зорлық,
Өзіңе келер қорлық.
1388. Біреуге кепіл тұрғанша,
Уысыңмен шоқ ұста.
1389. Біреуге оқ атпа,
Өзіңнің түсер қасыңа.
1390. Біреуге от жақпа, өзің күйерсің.
1391. Біреуге пышақ оқтама,
Қара пышақ қарыс ұзарады.
1392. Біреуден жиса, мың болар.
1393. Біреуді жамандаған, сені де жамандар.
1394. Біреуді сүйгенді сүйме,
Ол үшін күйме.
1395. Біреудікі біреуге қыздай көрінеді.
1396. Біреудікі — күші,
Біреудікі — соты.
1397. Біреудің асын жесең, ұшаңды сайла.
1398. Біреудің баспағына өлім тілесек,
Өзіңнің өгізің өледі.
1399. Біреудің басы кесілсе,
Біреуге құлақ кескендей де болмайды.

1400. Біреудің бұзауына деген (жамандық),
Өзіңнің өгізіңе болар.
1401. Біреудің бұзауына дегені өзінің өгізіне тиеді.
1402. Біреудің бұйымына біреу ысқырып қарайды.
1403. Біреудің көңілін аламын деп,
Өз көңіліңді қалдырма.
1404. Біреудің мұқтажын өтеу өте дұрыс,
Бердім деп міндет етпеу одан да дұрыс.
1405. Біреудің мысығын «піш» демейтін жігіт.
1406. Біреудің сырын білгің келсе,
Балаларынан сұра.
1407. Біреудің төсін жесең,
Үйіңе келіп ұшанды сайла.
1408. Біреудің ұйқысын бұзсаң, сақтығы артар.
1409. Бір күн ұрысқан үйде
Қырық күн береке болмайды.
1410. Бірлік болған жерде тірлік болады.
1411. Бірлік болмай, тірлік болмас.
1412. Бірлік еткен озады,
Бірлігі жоқ тозады.
1413. Бірмен сырлас,
Мыңмен кеңес.
1414. Бірі кем дүние осы екен.
1415. Бірін қырықсаң, он қондыр.

1416. Бірін-бірі түсініп, әркім ойнар өзі қатар теңіне.
1417. Бірінші байлық — денсаулық,
Екінші байлық — ақ жаулық,
Үшінші байлық — он саулық.
1418. Бітер істің басында,
Жақсы келер қасыңа.
1419. Біткен ақыл болмаса,
Сұрткен ақыл болмайды.
1420. Біткен іске сыншы көп,
Піскен асқа жеуші көп.
1421. Бітісі жаман қамысты
Су ішінде өрт алады.
Туысы жаман жігітті
Түйе үстінен ит қабады.

Г

1422. Гауһар балшықта жатса да, өзгермейді.
1423. Гауһар көп болса, қадірі болмас.
1424. Гауһар қадірін соқыр танымас.
1425. Гәп десең, қап-қап,
Іс десең, Самарқаннан тап.
1426. Генштөбе, Генштөбе,
Өзіміздің пейіш төбе.
1427. Гүл — өмір қызығы.
1428. Гүл ашылмай, бұлбұл сайрамас.

1429. Гүл табылады,
Мал сатылады.
1430. Гүлді гүл деме, егер сабағы болмаса.
1431. Гүлдің тоны қырық жамау, бірақ иісі бар.
1432. Гүлші бір гүл өсіргенше,
Жүз тікеннің уын жұтады.

F

1433. Ғақыл айнымас,
Алтын шірімес.
1434. Ғақыллы ойлағанша,
Тентек ісін бітірер.
1435. Ғалым — ақылдың шамы.
1436. Ғалым болдың, жеттің мұратқа.
1437. Ғылым — еңбектің жемісі.
1438. Ғылым көп, өмір аз — керегін оқы.
1439. Ғылым өлшеуі — ақыл,
Зейін өлшеуі — нақыл.
1440. Ғылымдық — шам,
Надандық — қараңғы там.
1441. Ғылымменен дүниеге шықса даңқы,
Өзі өлсе де, өлмейді оның аты.
1442. Ғылым-өнер — өнерден өнер.
Ғылым мен өнер желге емес, елге.

Д

1443. Далаға қонғанша,
Молаға қон.
1444. Далада бөрі ұлыса,
Үйдегі иттің іші ашиды.
1445. Даладағы май жесе, үйдегі қан құсады.
1446. Дана — ақыл сұрамас.
1447. Дана — ақылдан озар,
Надан — ақылдан тозар.
1448. Дана бір жерде,
Жалқау мың жерде.
1449. Дана ойлап айтар,
Жаман ойнап.
1450. Дана сөз айту да — даналық.
1451. Дана ыммен түсінсе,
Наданға таяқ.
1452. Даналардың сөздері гауһармен тең.
1453. Даналық Ленин сөзінде,
Мейірі екі көзінде.
1454. Дананың сөзіне бақ,
Жақсының өзіне.
1455. Даңғойды мақтасаң, бөркі қазандай болады.
1456. Дария суы аққан сайын тазарады.
1457. Дария толы су болса да,
Ит тілімен су ішер.

1458. Дарияға ат салмай тұрып, кешуін тап.
1459. Дарияға тас лақтырып, лайлата алмайсың.
1460. Дарын — жанып тұрған жалын.
1461. Дастарқансыз ас — шашсыз бас.
1462. Дау арымас,
Алтын шірімес.
1463. Дау жігіті басқа,
Жау жігіті басқа.
1464. Дау қуған бөлеге жолығар.
1465. Дау іздеген дәу періге жолығады.
1466. Дауасыз дерт — махаббат.
1467. Дауды азсынба,
Көздей іс көлдей болуы оңай,
Көлдің суалмағы қиын;
Тарыдай іс таудай болмағы оңай,
Таудың таусылмағы қиын.
1468. Дауды басып тындырғаның —
Жаудың белін сындырғаның.
1469. Дауды қомсынба, ақыры оның құн болар.
1470. Дауды тындыра білсең,
Жаудың сағын сындырарсың.
1471. Даулы болып, жақсыға барма,
Ауру болып, бақсыға барма.
1472. Дауыл болмай, жаз болмас.

1473. Дауыл болмай, жауын болмас,
Ит күшіктеп, сауын болмас.
1474. Дауыл болмай, жауын болмас,
Шуақ болмай, қауын болмас.
Ит балалап, сауын болмас,
Екі дау ақыры ауыл болмас.
Ауыл болса да, тәуір болмас.
1475. Дауылда бала мен ит құтырады.
1476. Дауылпаз деген құс болады,
Дауысы жер жарады.
1477. Дауың жоқ болса, кепіл бол.
1478. Дәм татқан құдығыңа түкірме.
1479. Дәметіп інжу-маржан іздегендер,
Азаппен ақырында жаннан безер.
1480. Дәмі жоқ қауынның ұрығы көп.
1481. Дән сақтаған дөнге жетер,
Нан сақтаған — нанға.
1482. Дәнді жинаған дана.
1483. Дәніккен қарсақ құлағымен ін қазар.
1484. Дәрі шөптен шығады,
Ақын көптен шығады.
1485. Дәулет есіктен кіреді,
Бала бесіктен кіреді.
1486. Дәулет қонған кісіге дос жиналар,
Дәулет кетсе, табалап топырақ шашар.

1487. Дәулеттінің дәмінен.
1488. Дәуір әр кісінің басына келер,
Білім ер кісінің басына келер.
1489. Дегелек келді, кемпір шешем қыз болды.
1490. Делдал келмей, базар қызбас.
1491. Дененің ақ-қаралығын
Моншаға барғанда білерсің.
1492. Денсаулық — зор байлық.
1493. Денсаулық — терең байлық.
1494. Денім сау болсын десең, көп жемегін,
Құрмет тұт, лепіріп көп сөйлемегін.
1495. Дертінді жауыңа айтпа, сырлас болып,
Табалайды ол ішінен көңлі толып.
1496. Десе, Құдай құрасын,
Еңбек етіп, сұрасын.
1497. Диқан адам дән шашар,
Ел-жұртына нан шашар.
1498. Диқан болсаң, жүгері ек,
Молда болсаң, такрар ет.
1499. Диқан болсаң, сүдігер ет.
1500. Диқан еккенін жейді,
Шаруа — баққанын.
1501. Диқан жаңбыр жауғанда тынар,
Шопан өлгенде тынар.

1502. Диқан жатқанда тынар,
Шопан — өлгенде.
1503. Диқан қыста да тынбас.
1504. Диқандікі жылда арман,
Балықшыға күнде арман.
1505. Диқаннан асқан дәу жоқ.
1506. Диқанның аяғы маймақ,
Жүрген жері — гүлді аймақ.
1507. Диқанның зоры жер жыртар.
1508. Диқанның қазынасы — жер.
1509. Диқанның қымбаттысы егін еккен,
Еңбеккер атанып жүр сол себептен.
1510. Диқаншылықтың түбі — кеңіс,
Саудагершіліктің түбі — борыш.
1511. Диірменде туған тышқан
Дүрсілден қорықпас.
1512. Диқан болсаң, күз айда,
Күз айдамасаң, жүз айда.
1513. Диірмен кезегінен қалған, бір күн аш қалады.
1514. Диірменнің дүрсілі қатты.
1515. До­лы кісі ұялшақ.
1516. Доңыздың алдында домбыра тартпа.
1517. Дос басқа қараса,
Дұшпан аяққа қарар.

1518. Дос басқа, дұшпан аяққа.
1519. Дос болсаң, берік бол,
Досыңа серік бол.
1520. Дос боп жүріп, дұшпаның шашқанда у,
Табылмайды емдеуге оған дәру.
1521. Дос досқа жалынса,
Достың көңілі алынады.
1522. Дос егіз,
Дұшпан сегіз.
1523. Дос есебі — рас.
1524. Дос жылатып айтады,
Дұшпан күлдіріп айтады.
1525. Дос жылатып үйретеді,
Дұшпан күлдіріп үйретеді.
1526. Дос көбейсе, дұшпан аяқ астында.
1527. Дос көңіліңді суытып айтады,
Қасың ойыңды жылытып айтады.
1528. Дос көтерер көңілді,
Мал көтерер өлімді.
1529. Дос егіз болса,
Дұшпан сегіз.
1530. Дос сүйгеннің түсіне қарама.
1531. Дос табылмас,
Дос табылса, ас табылмас.
1532. Дос табылса, ас табылмайды,
Ас табылса, дос табылмайды.

1533. Доссыз адам тамыры жоқ ағашпен тең.
1534. Доссыз өмір — сөнген көмір.
1535. Доссыз өмір — тұзсыз ас,
Достық құлпын байқап аш.
1536. Достарың адал болса,
Ең бақытты болғаның.
Достарың арам болса,
Бақытсыз болып, сорладың.
1537. Достық астан танылмас, істен танылар.
1538. Достыққа бірлік пен теңдік керек.
1539. Достың пышағыменен мүйіз кес,
Дұшпанның пышағыменен киіз кес.
1540. Достың тонын тойға ки, қасың көрсін,
Бізалансын, жасысын, іші күйсін.
1541. Досы жоқ басым,
Тұзы жоқ асым.
1542. Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.
1543. Досым дос, есебім — дұрыс.
1544. Досың аз, дұшпаның көп болса, жер боларсың,
Ақылың аз, ашуың көп болса, қор боларсың.
1545. Досың ауырса, ыңқылда,
Дұшпаның ауырса, сүйін.
1546. Досың да ағайын,
Дұшпаның да ағайын.

1547. Досың қас, дұшпаның дос болуы мүмкін,
Сақтанып ұстаған жөн тілдің кілтін.
1548. Досың үшін долы боранға да шыда.
1549. Досың үшін заһар жұт.
1550. Досыңа «болар» деме, «жақсы» де,
Дұшпанға «жақсы» деме, «көрермін» де.
1551. Досыңа бергеніңді сұрама,
Көршіңе бергеніңді айтпа.
1552. Досыңа өтірік айтпа,
Дұшпанға сырыңды айтпа.
1553. Досыңды үш күн сынама,
Үш жыл сына.
1554. Досыңмен де сөйлессең, ықтият бол,
Үй артында кісі бар, тыңдап тұр ол.
1555. Досыңмен дос болғанға мақтан,
Дұшпаныңмен дұшпан болғаннан сақтан.
1556. Досыңның асын дұшпаныңдай же!
1557. Досыңның атын алма, тайын ал.
1558. Досыңның мың болғанына мақтан,
Дұшпаның жалғыз болса да, сақтан.
1559. Досыңның пышағымен мүйіз кес,
Дұшпаныңның пышағымен киіз кес.
1560. Досыңның үйі — өз үйің,
Досыңның сыйы — өз сыйың.
1561. Досыңның үйінде тырнақ алма,
Дұшпаныңның үйінде шаш алдырма.

1562. Дуанаға сәлем берме, теңге сұрайды.
1563. Дұрыс қой, сөйлегенде тілді тыймақ,
Тыя алмасаң, тіліңнен жейсің таяқ.
1564. Дұшпан біреу болса да, көптік етер,
Досың мың болса да, аздық етер.
1565. Дұшпан дос арасынан шығады.
1566. Дұшпан кейде күлдірер,
Біңғайын тапса, өлтірер.
1567. Дұшпан шақырса, барма,
Дос шақырса, қалма.
1568. Дұшпанға кеңес берген де ақымақ,
Дұшпаннан кеңес алған да ақымақ.
1569. Дұшпанды кісі десең, басың кетер.
1570. Дұшпаннан дос, достан дұшпан болар кейде,
Жол берсін сабыр менен кең пейілге.
1571. Дұшпанның күлгені — сырыңды білгені.
1572. Дұшпаның көзбе-көз мақтар,
Арамдығын ішіне сақтар.
1573. Дұшпаныңды ойлама әлсіз ғой деп,
Тап боларсың бір күні шоғына дөп.
1574. Дұшпаныңмен көп сөйлеспе, сырыңды алар.
1575. Дұшпаныңнан бір сақын,
Ел ішінде айқасып.
Ойнап жүрген,
Достарыңнан екі сақын.

1576. Дұшпаныңның қызғаншақ болғаны жөн,
Досы қашад ашушаң мінезінен.
1577. Дүбір шықса, тұлпар тұрмас,
Қиқу шықса, сұңқар тұрмас.
Ұрдажықта батыр тұрмас,
Негізі жасық болмаса.
1578. Дүние жиып нетерсің,
Бір күні өтіп кетерсің.
1579. Дүние — мерген.
1580. Дүниеге келген жақсылық бір ізгіге сияды,
Дүниеге келген жамандық бір жауызға сияды.
1581. Дүниеге пейіл қойған пайдакүнем,
Бермесем, алсам дейді ол біреуден.
1582. Дүниені су басса да, үйрекке «не?»
1583. Дүниенің қадірін жүргенде білерсің,
Жанның қадірін өлгенде білерсің.
1584. Дүниенің құлпы, кілті — тек адамзат.
1585. Дырдушыл жастық,
Қауырсыз қарттық.
1586. Діндар да болма, дінсіз де болма.
1587. Діні басқаның тілі басқа.

Е

1588. Е, Құдайым бала бер,
Бала берсең, сана бер.
Егер сана бермесең,
Ептеп-септеп ала бер.

1589. Ебелектен отын болмас,
Ойнастан қатын.
1590. Ебі жоқ дәрігердің емі жоқ.
1591. Егер басқаларды өзіңе бағындырғың келсе,
Өз қолыңнан келмейтін жұмысты талап етпе.
1592. Егер де ісім өнсін десең, ретін тап.
1593. Егерсің егін, ішерсің тегін.
1594. Егіз аттан жығылса,
Басын сүйер ағасы.
Жалғыз аттан жығылса,
Неге келер шамасы.
1595. Егін айдаудағы орақ,
Астық орғанда бұзылмас.
1596. Егін егер әр кісі,
Су келтірер мәрт кісі.
1597. Егін еккенге бітеді,
Жерін тауып сепкенге бітеді.
1598. Егін екпесең, елге өкпелеп,
Егін кетеді жерге өкпелеп.
1599. Егін ексең, тыңға ек,
Онан өнер өнім көп.
1600. Егін өнбесе, қайғы бір жылдық,
Балаң оңбаса, қайғы ғұмырлық.
1601. Егінің мақта болса,
Киімің бүтін болғаны.
Киімің бүтін болса,
Өз басыңа күтім болғаны.

1602. Едендегі боқ басқа шығады.
1603. Еділ басынан былғанады,
Сағасынан тоңады.
1604. Еділ суы бал болса, елге жетеді.
1605. Ежелгі дұшпан ел,
Етек кессе, жең болмайды.
1606. Езбе мырыңдап жүріп жеңеді.
1607. Езіп жеңбесең, кезіп жеңесің.
1608. Екеу алдында сөз айтсаң, біліп айт.
1609. Екпей, егін шықпас,
Үйренбей, білім жұқпас.
1610. Ексең егін,
Тапсаң ебін,
Ішерсің тегін.
1611. Ексең егін, ішерсің тегін.
1612. Екі ащыны бір тұщы қосады,
Құданы Құдай қосар,
Үйірі басқаны нөқта қосар.
1613. Екі аяқтыда құрдас тату,
Төрт аяқтыда бота тату.
1614. Екі әйел алыпсың,
Бір бөлеге қалыпсың.
1615. Екі бай құда болса,
Араларында жорға жүреді,
Бір-бір жарлы құда болса,
Араларында дорба жүреді.

1616. Екі баланың ортасындағы бір шал бала болады,
Екі шалдың ортасындағы бір бала дана болады.
1617. Екі бие ел асы,
Үш бие бұлақ басы,
Бір бие жоқтың қасы.
1618. Екі бұқа сүзиссе,
Ортасында бұзау өлер.
1619. Екі дәу соғысса,
Арасында шыбын өлер.
1620. Екі жақсы ерікпес,
Екі жаман бірікпес.
1621. Екі жақсы қосылса,
Бірін-бірі қимас.
1622. Екі жалаңаш моншада табысады.
1623. Екі жалқау бірігіп, ауыл болмас,
Ауыл болса да, тәуір болмас.
1624. Екі жаман жау болса,
Екі жақсы дос.
1625. Екі жүзді досыңнан
Ежелгі дұшпан артық.
1626. Екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетер.
1627. Екі көшкен бір таланғанмен бірдей.
1628. Екі кісі бір кісінің Тәңірісі.
1629. Екі кісі сұраса, есіне байырғы түсер.
1630. Екі кісі сыбырласса, қасына есі кеткен келер.

1631. Екі қарбыз қолтыққа сыймас.
1632. Екі қарға таласса,
Құзғынға жем түседі.
1633. Екі қатын алғанның дауы үйінде,
Жаман қатын алғанның жауы үйінде.
1634. Екі қатын алғанның ойраны бар,
Екі сиыр алғанның айраны бар.
1635. Екі қатынның баласы рулы елдей.
1636. Екі қатынның үйінде дау,
Бір қатынның үйінде жау.
1637. Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды.
1638. Екі құзғын таласса,
Бір қарғаға жем болар.
1639. Екі молда бір кісі,
Бір молда жарты кісі.
1640. Екі мылжың кездесе, әңгімесі ұзарар,
Екі тентек кездесе, шекелері қызарар.
1641. Екі нардың арасында шыбын өлер.
1642. Екі өтірік бір антпен тең.
1643. Екі сегіз — он алты.
1644. Екі сиыр алғанның айраны көп,
Екі қатын алғанның жанжалы көп.
1645. Екі сөйлеген езден без,
Ел тыңдамайтын сөзден без.

1646. Екі сұңқар таласса,
Бір қарғаға жем болар.
1647. Екі сұңқар таласса,
Бір қарсаққа жем болар.
1648. Екі тентек кездесе,
Төбелеспей тарқамайды.
1649. Екі тентек қосылса,
Саудай болады.
Бір тентек пенен бір мақұл қосылса,
Жаудай болады.
1650. Екі тұйғын жабылса, қаздың соры.
1651. Екінді болса, етіңді ас,
Ақшам болса, аузыңды аш.
1652. Екіндіде ел тастама.
1653. Екінің бірі өлсе, бірі қалады,
Жалғыздың өзі өлсе, кімі қалады.
1654. Ел ағасыз, тон жағасыз болмайды.
1655. Ел алғысын алсаң, елеулісі боларсың.
1656. Ел алмаған елу жыл жатады.
1657. Ел аралаған сыншы,
Тоғай аралаған үйші.
1658. Ел аузына етек тықпақ жоқ.
1659. Ел аулақ болса,
Доңыз төбеге шығады.
1660. Ер жаңылып қолға түсер,
Құс жаңылып торға түсер.

1661. Ел көшеді деп отыныңды тауыспа.
Жау келеді деп асыңды тауыспа.
1662. Ел қорыған сақшы болар,
Жаман адам тыңшы болар.
1663. Ел құлағы — елу.
1664. Ел қыдырған сыншы болады.
1665. Ел қыдырған сыншы болады,
Тоқал қатын тыңшы болады.
1666. Ел сүйген ерге өлім жоқ.
1667. Ел сыйларлық бағаң болмаса,
Елге аға болдым деме.
1668. Ел үмітін ер ақтар,
Ер атағын ел сақтар.
1669. Ел шетіне жау келсе,
Әридай айбынды арысланның бары жақсы.
1670. Ел іші — алтын бесік.
1671. Ерге дәулет бітерде,
Қарға салса, қаз алар;
Ерден дәулет кетерде,
Лашын салса да, аз алар.
1672. Елге қылған жақсылық еленбей қалмайды.
1673. Елде болса, еріңе тиер.
1674. Елде болса, ерінге тиеді,
Ауылда болса, ауызға тиеді.
1675. Елде түлкі аштан өлмес.

1676. Елден безген ер болмас,
Өнерлі құл қор болмас.
1677. Елдестіркек — елшіден,
Жауластырмақ — жаушыдан.
1678. Елді ер өркендетеді,
Қаланы шебер өркендетеді.
1679. Елді жерде ұры,
Таулы жерде бөрі болар.
1680. Елді Көшік бұзар,
Болмаса көшіп бұзар.
1681. Елді сөкпе,
Кенді төкпе.
1682. Елдің баласы бола алмаған,
Ағасы да бола алмайды.
1683. Елдің бөрі қазы болмас,
Иттің бөрі тазы болмас.
1684. Елдің іші — алтын бесік.
1685. Елдің іші — алтын бесік,
Елде түлкі аштан өлмес.
1686. Ел-елдің заңы басқа.
1687. Елеулі болғың келсе, елден ас.
1688. Елсізде екі түйе айда.
1689. Елу жылда ел жаңа,
Жүз жылда қазан жаңа.
1690. Елу жылда ел жаңғырар.

1691. Елін сүйген ер болар.
1692. Елін сүйген азамат,
Жау келгенде ер болар.
1693. Елін сүйгеннің еңсесі биіктейді.
1694. Елің жаман болса,
Бір жақсыны сағала.
Атың жаман болса,
Ақ текенің мүйізімен тағала.
1695. Елінді сүйсең, ерлік істейсің.
1696. Емен ағаштың иілгені — сынғаны,
Ер жігіттің ұялғаны — өлгені.
1697. Емшекті ана береді,
Несібені Тәңірі береді.
1698. Енелестің енесін ұр,
Аталастың атасын ұр,
Жақыныңнан табарсың.
1699. Ең жақсы не жақсы,
Үндемеген — сол жақсы.
1700. Еңбегі аздың миуасы аз.
1701. Еңбегі көптің өнбегі көп.
1702. Еңбегі өнімді болса,
Көңілі сенімді болады.
1703. Еңбегің егіз болса,
Байлығың сегіз болар.
1704. Еңбегің қатты болса,
Татқаның тәтті болар.

1705. Еңбек — ата,
Жер — ана.
1706. Еңбек — ердің сәні.
1707. Еңбек аздан өнбек аз.
1708. Еңбек әрі сүйсіндіреді,
Әрі сиындырады.
1709. Еңбек ер атандырар.
1710. Еңбек еткен емеді,
Еңбексіз не өнеді.
1711. Еңбек еткен мұратқа жетеді,
Мал менен дәулет те бітеді.
1712. Еңбек етпей, елге өкпелеме,
Терің төкпей, жерге өкпелеме.
1713. Еңбек етсең, емерсің.
1714. Еңбек етіп ас ішсең, балдан тәтті болады.
1715. Еңбек қылсаң, емерсің.
1716. Еңбек пен оқу — аға мен іні.
1717. Еңбек сүйген еш уақытта кем болмас.
1718. Еңбек сүймес еріншектің
Елін сүйдім деуі бекер.
Жемісі жоқ жетімнің
Жерін сүйдім деуі бекер.
1719. Еңбекке бейім болсаң —
Қатарыңнан кейін болмайсың.

1720. Еңбекпенен тапқаның,
Шекер балдан татқаның.
1721. Еңбексіз ит жер,
Бейнетсіз бит жер.
1722. Еңбексіз олжа тіліңді кеседі,
Ұрлық жолыңды кеседі.
1723. Еңбексіз рақат келмес,
Машақатсыз бақыт келмес.
1724. Еңбексіз табыс сүйемдей көрінеді,
Еңбекті табыс түйедей көрінеді.
1725. Еңбексіз табыс тапқаннан,
Еңбекпен іздеген артық.
1726. Еңбексіз тоқтық өмір болмайды,
Көшусіз шоғыл көмір болмайды.
1727. Еңбектен қашқанды адам деп болмас.
1728. Еңбектен қашса, дөңбекке жығылады.
1729. Еңбекшіл қатынның қолы жіп иірсе,
Аяғы бесік тербетеді.
1730. Еңбекшінің үйіне бар.
1731. Еңкейгенге еңкей,
Атаңнан қалған құл емес,
Шалқайғанға шалқай,
Пайғамбардың ұлы емес.
1732. Еңкейгенге еңкей,
Басың жерге жеткенше.
Шалқайғанға шалқай,
Басың көкке жеткенше.

1733. Ептінің үйі — қазылған көр.
1734. Ер — елдің көркі,
Өсімдік — жердің көркі.
1735. Ер ерді таниды,
Ел елді таниды.
1736. Ер малсыз болмас,
Жігіт жарсыз болмас.
1737. Ер — ырыстың кілті.
1738. Ер азамат белгісі —
Әрі мырза, әрі құл.
1739. Ер азығы мен бөрі азығы — жолда.
1740. Ер бала ата-анаға таяу,
Қыз бала үйге жаққан бояу.
1741. Ер басына жау келсе,
Ерлігі кетер басынан.
Би басына дау келсе,
Билігі кетер басынан.
1742. Ер болсаң, бопсаға шыда.
1743. Ер елін табады,
Ақылды теңін табады.
1744. Ер жаңылып қолға түсер,
Құс жаңылып торға түсер.
1745. Ер жеттім десе,
Салыстырар денесін.
Пендеде жоқ ықтияр,
Не салса Алла, көнесің.

1746. Ер жігіт бір күнде бір кісілік,
Бір күнде мың кісілік.
1747. Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі.
1748. Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені,
Емен ағаштың иілгені — сынғаны.
1749. Ер қадірін ер білер,
Зер қадірін зергер білер.
1750. Ер қартайды, мал тайды,
Екеуледі, ей, ханым!
Қатын шайпау, ұл тентек,
Төртеуледі, ей, ханым!
1751. Ер қартайса, еркі кетер,
Қатын қартайса, көркі кетер.
1752. Ер қонысынан ерігіп айрылар.
1753. Ер мойнында қыл арқан шірімес.
1754. Ер мойнында қыл жіп шірімес.
1755. Ер мұрынды келер, ат ерінді.
1756. Ер — егіз,
Еңбекті — жалғыз.
1757. Ер өтірік айтпайды,
Еп өтірік айтады.
1758. Ер сыйларлық бағаң болмаса,
Елге аға болдым деме.
1759. Ер сыйлаған есікте отырмас.
1760. Ер тарықпай молықпас.

1761. Ер туған жеріне, ит тойған жеріне (қайтар).
1762. Ер тышқандай тасиды, қатын қаздай асайды.
1763. Ер ұғыл тап,
Еркеленіп жат.
1764. Ер үйірінен шықса, үйіріне қосылады.
1765. Ер шекіспей, бекіспейді.
1766. Ерге келгенде ... өкпенді айтпа.
1767. Ерден аспақ бар,
Елден аспақ жоқ.
1768. Ерден даулап елтірі алсаң, теңдік.
1769. Ерден кетсе де, елден кетпейді.
1770. Ерден туған ер болады,
Жаманнан туған қара жер болады.
1771. Ерді көрсең, қыдыр тұт,
Асты көрсең, қадір тұт.
1772. Ерді қорласаң, тыштырар,
Ашты қорласаң, құстырар.
1773. Ерді намыс өлтірер,
Қоянды қамыс өлтірер.
1774. Ердің асылы ісінен білінеді,
Әйелдің асылы тісінен білінеді.
1775. Ердің асылын түсінен танымын,
Әйелдің асылын тісінен танымын.
1776. Ердің атын аты шығарар,
Иә қатыны шығарар.

1777. Ердің басы мұңсыз болмас,
Таудың басы желсіз болмас.
1778. Ердің ерлігін білмеген,
Құдайдың бірлігін білмес.
1779. Ердің ерлігін білмеген,
Елдің бірлігін білмейді.
1780. Ердің малы ерде,
Еріккенде қолда.
1781. Ер — елдің көркі,
Өсімдік — жердің көркі.
1782. Еркек — бас, ұрғашы — мойын.
1783. Еркек дауысты қатында ұят болмас,
Қатын дауысты еркекте қуат болмас.
1784. Еркекке жүрек керек,
Әйелге тірек керек.
1785. Еркенің көзі кеппес,
Жорғаның тері кеппес.
1786. Ерлі ат иесін таусар.
1787. Ерлі-зайыптының арасына есі кеткен түседі.
1788. Ерлік білектен емес, жүректен.
1789. Ерлік етсең елің үшін,
Босқа кетпес берген күшің.
1790. Ерлі-қатын ұрысы — дәке орамал құрысы.
1791. Ерте еккен бүтін алар,
Кеш еккен отын алар.

1792. Ерте еккен қырман қылар,
Кеш еккен арман қылар.
1793. Ерте ексең егінді,
Ұмытасың Құдайды.
1794. Ерте ексең, ерте орасың.
1795. Ерте қышқырған тауықтың
Төбе шашын жұл.
1796. Ерте оңбаған кеш оңбас,
Кеш оңбаған еш оңбас.
1797. Ерте тұрған жігіттің ырысы артық,
Ерте тұрған қатынның бір ісі артық.
1798. Ерте тұрсаң, ырысың артар.
1799. Ертеңгі асқа қарама,
Кешкі асқа бақпа.
1800. Ертеңгі асты тастама,
Кешкі асқа қарама.
1801. Еруліге қарулы.
1802. Ері өліп ерге шыққан ел төресі,
Ері болып ерге шыққан жүзі қарасы.
1803. Еріккен сарт енегін уқалар.
1804. Ерінбеген етікші болады.
1805. Ерінбегеннің еңбегі жанады,
Іркілмеген сөз жігін табады.
1806. Ерінген екі тышар.

1807. Еріншек екі істер,
Ақыры бармағын тістер.
1808. Еріншектен өнер кетер,
Талаптыға нұр бітер.
1809. Еріншектің етегі толмас,
Жалқаудың жан рақаты болмас.
1810. Ерiнiп iстеген еңбек оңбас,
Жамандыққа бақыт қонбас.
1811. Есегiне жараса тұсауы.
1812. Есейгенде қор болмас,
Баланың жастан зерегі.
1813. Есек айға шапшыса,
Артқы аяғы мерт болады.
1814. Есек жорға қатқақта,
Сыры мәлім батпақта.
1815. Есек семiрген күнi иесiн тебер.
1816. Есек тұсаусыз болмайды,
Ер дұспансыз болмайды.
1817. Есектi отқа айдасаң, боққа қашар.
1818. Есектi сипасаң, түзге қарай аңырайды.
1819. Есектiң жүгi жеңiл болса, жатаған болады.
1820. Есектiң көтiн жу да, мал тап.
1821. Есектiң өзiне қарай сауыры бар.
1822. Есеп, есеп бiлмеген есек.

1823. Есептескен дос болмас,
Етек кескен жең болмас.
1824. Есептеспей, бай болмас,
Есерсоқ болмай, ер болмас.
1825. Есепті болмай, бай болмайды.
Есер болмай, ер болмайды.
1826. Есепті дос айрылмас.
1827. Есер болмай ер болмас.
1828. Еске алсаң, ескі асыңнан сақтарсың.
1829. Ескі аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпес.
1830. Ескі байдан жұрт қалмас,
Жаңа байдан шөп қалмас.
1831. Ескі дос есіңнен кетпес,
Жаңа дос қадіріңе жетпес.
1832. Ескі дос келгенде
Жаңа достың көзінен жас шығады.
1833. Ескі киімнің биті ащы,
Жетім баланың тілі ащы.
1834. Ескі қонақ жаңа қонаққа орын береді.
1835. Ескі мамық бөз болмас,
Кәрі дұшпан дос болмас.
1836. Ескілік өз бетімен кетпес,
Жаңалық жай ғана жетпес.
1837. Ескілікке еліктемесең,
Жаңалыққа бет бұрасың.

1838. Ескісіз жаңа болмас,
Жамансыз жақсы болмас.
1839. Есті келін — істі келін,
Қайын енең өлгеннен соң көрейін.
1840. Естімеген елде көп,
Есек мінген сартта көп.
1841. Есі кеткен ешкі жиар,
Ешкіменен есін жиар.
1842. Есі кеткен ешкі жинар,
Ен таппаған сиыр жинар.
1843. Есігі жаманның төріне отырма.
1844. Есігі жаманның үйіне барма,
Шешесі жаманнан қыз алма.
1845. Есігіңнің алдында төбе болса,
Ерттеп қойған аттай болсын.
1846. Есік алдынан жыл келгенше,
Үй артынан жау келсін.
1847. Есік көргенді алма,
Бесік көргенді ал.
1848. Есіктен орын тапсаң, төрге озба.
1849. Есің барда елің тап.
1850. Есірік есіндегісін айтар.
1851. Есірткен ерке,
Мерт болар ерте.
1852. Есітпеген елде көп,
Есек мінген жолда көп.

1853. Ет алуды білмеймін,
Майлы жерінен кес.
1854. Ет дегенде бет жоқ.
1855. Ет етке, сорпа бетке.
1856. Ет жемесең, ет жеме,
Етегің жап, құдағи.
1857. Ет сүйексіз болмас,
Салы күрмексіз.
1858. Еттің бәрі қазы болмас,
Иттің бәрі тазы болмас.
1859. Етегі лай төрге шыға алмас,
Аяғы майып өрге шыға алмас.
1860. Етектен кескен жең болмайды,
Аңдысқан ел болмайды.
1861. Етекті кесең, жең болмас.
1862. Ет-майыңды бермесең де, жақсы тіл бер.
1863. Етігі жаман төрге шыға алмас,
Жеңі жаман ас іше алмас.
1864. Етігі жаман төрге шықпайды,
Етігі жыртық ас іше алмайды.
1865. Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер.
1866. Етігің тар болса,
Дүниенің кеңдігінен не пайда?!
Қатының шалпы болса,
Жұрттың тыныштығынан не пайда?!

1867. Етік тіге алмаған біз таңдайды.
1868. Етікті нәлі сақтайды,
Жігітті кәлі сақтайды.
1869. Етікшіден құлаш қаш.
1870. Ешкі бақсаң, жүні көп болады,
Мүйізі пышаққа сап болады.
1871. Ешкі егіз тауып қойдан аспас,
Ит егіз тауып елден аспас.
1872. Ешкі егіз табады,
Ит сегіз табады.
1873. Ешкі майы май емес,
Кісі байы бай емес.
1874. Ешкілі қой өреген.
1875. Ешкілі қой өреген,
Қызды ауыл өсекшіл.
1876. Ешкіммен барпылдап ұрыспа,
Бағыңды жоясың.
1877. Ешкіні малым деген көген ұстайды.
1878. Ешкінің еті ет болмас,
Саудагер кісідә дос болмас.
1879. Ешкінің ажалы жетсе,
Шопанның таяғына сүйкенер.

Ж

1880. Жабағы тонның биті ащы,
Жаман кісінің тілі ащы.

1881. Жабағы тай деп жорылар,
Жазға шықса, ат болар.
1882. Жабағы, тайдың тері ащы,
Жаман кісінің тілі ащы.
1883. Жаяу қонақ тыныш ұйықтар,
Құры қасық ауыз жыртар.
1884. Жабыны жауға мінбе, жалы бар деп,
Жаманмен құда болма, малы бар деп.
1885. Жағасынан ал да, ағасына сал!
1886. Жағымсыз қонақ жатар уақта келеді.
1887. Жаз жамылғыңды тастама,
Қыс өзің білесің.
1888. Жаз кигенін қыс киген,
Жарлы қайдан байысын.
1889. Жаз күйінген қыс сүйінер.
1890. Жаз ішінде жалаңаш жүр.
1891. Жаза атпас мерген болмас.
1892. Жазалы ұрының бір беті қара,
Жазалы айғақтың екі беті қара.
1893. Жазға жеткен жан өлмес.
1894. Жазға жетсең, қыс күніңді ұмытпа.
1895. Жазғы жуынды,
Қысқы қатық.
1896. Жазғы күн жаңшақ.

1897. Жазда жалаңаш жатпа,
Қыста өзің білесің.
1898. Жазда жұмыс істемеген диқан
Қыста кесек жер.
1899. Жазда тәрбиелейді,
Күзде жинайды.
1900. Жазда үй-жай құрмасаң,
Қыста сызда отырасың.
1901. Жазда істесең, қыста тістейсің.
1902. Жаздың кілемі кең.
1903. Жазмыштан озмыш жоқ.
1904. Жазу жардан ұшырады.
1905. Жайлы күні қонақ жолықпас,
Жарақты күні жау жолықпас.
1906. Жайсыз жақсы, күйсіз көлік болмайды.
1907. Жайсыз жерге диірмен орнатса,
Мезгілсіз кезде жар пайда болар.
1908. Жайық басынан жел шықса,
Жаз да болса қыс болады.
1909. Жайын құйрығын жеген жатпас.
1910. Жақпайтын нәрсеге көзіңді салма.
1911. Жақсы адам алтын басын еңкейтсе,
Жаман адам артын тоңқайтар.

1927. Жақсы аттың тісін ашпа.
1928. Жақсы атын мақтар,
Жаман қатынын мақтар.
1929. Жақсы ауылға келген келін, келін болады;
Жаман ауылға келген келін, келі болады.
1930. Жақсы ашып жер,
Жаман басып жер.
1931. Жақсы әйел өміріңді ұзартады,
Жаман әйел үстіңе тұз артады.
1932. Жақсы әйелі бар еркектің той-думаны өзінде,
Тойға барып не қылсын.
1933. Жақсы бала ойлағыш,
Жаман бала тойлағыш.
1934. Жақсы деген кісіңмен түзде өт (еруде), ауыл салма.
1935. Жақсы жерге жатсаң,
Жақсы-жақсы түс көресің.
Жаман жерге жатсаң,
Жаман-жаман іс көресің.
1936. Жақсы жерде жатса,
Жақсы түс көреді.
Жаман жерде жатса,
Жаман түс көреді.
1937. Жақсы жерде жатсаң,
Жақсы-жақсы түс көрерсің,
Жаман жерде жатсаң,
Әжептәуір іс көрерсің.
1938. Жақсы жердің қадірін
Қожайын емес, құл білер.

1939. Жақсы жүрген жеріне кент салар,
Жаман жүрген жеріне өрт салар.
1940. Жақсы жігіт ауырса, хабар алар досы көп.
1941. Жақсы жігіт жер шолып,
Келер ақыр айналып.
1942. Жақсы жігіт пен жақсы ат көпірің.
1943. Жақсы жігіт той-жиында дайын болар,
Жаман жігіт от басында ойланар.
1944. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді.
1945. Жақсының кегі кетер орамал кепкенше,
Жаманның кегі кетпес басы жерге жеткенше.
1946. Жақсы көрген досыңа
Тәуір көрген малыңды бер,
Көре-көре сүйінсін.
1947. Жақсы көрген тамырыңның
Атын алма, тайын ал.
1948. Жақсы көргенін айтады,
Жаман бергенін айтады.
1949. Жақсы көреді екен деп бара берме,
Береді екен деп ала берме.
1950. Жақсы кісі мақтанса,
«Жаманнан жара беріп қалдым» дер;
Жаман кісі мақтанса,
«Жақсының жағасынан алдым» дер.
1951. Жақсы кісіден жаман бала туса,
Емі табылмас.
Жаманнан жақсы бала туса,
Теңі табылмас.

1952. Жақсы кісінің баласының соры бар.
1953. Жақсы қатын — жарым ырыс.
1954. Жақсы қатын белгісі —
Былғары қылар теріні.
1955. Жақсы қатын қартайтпас.
1956. Жақсы қиынды жеңер,
Жаман басын иер.
1957. Жақсы қыз біреу келсе, есік ашар,
Жаман қыз біреу келсе, төрге қашар.
1958. Жақсы қыз жағадағы құндыз,
Жақсы бала аспандағы жұлдыз.
1959. Жақсы лепес — жарым ырыс.
1960. Жақсы орынға, жаман асқа.
1961. Жақсы пышақ өтпейді жаныса да,
Жаман «ар ма» демейді таныса да.
1962. Жақсы сөз жан сүйіндіреді.
1963. Жақсы сөз — жарым ырыс.
1964. Жақсы сөйлеген ас жер,
Жаман сөйлеген тас жер.
1965. Жақсы сынаумен жариды,
Жаман сынаумен қариды.
1966. Жақсы тауып айтады,
Жаман қауып айтады.
1967. Жақсы орынға,
Жаман асқа.

1968. Жақсы ымнан түсінеді.
1969. Жақсыға берсең асыңды,
Жақсы сыйлар басыңды.
Жаманға берсең асыңды,
Итке тастар басыңды.
1970. Жақсыға берсең қызыңды,
Сыйлай-сыйлай сұлтан қылады.
Жаманға берсең қызыңды,
Ұра-ұра ұлтан қылады.
1971. Жақсыға айтсаң бітірер,
Жаманға айтсаң жетірер.
1972. Жақсыға жармас,
Жаманмен арбас.
1973. Жақсыға мал бітсе,
Ағайынның жоғына қарасады.
Жаманға мал бітсе,
Көрінгенмен итше таласады.
1974. Жақсыға сайран да сайран,
Сергелдең де сайран.
1975. Жақсыға сөз ереді.
1976. Жақсыға шаң жуымас,
Жаманға жан жуымас.
1977. Жақсыға шаң жұқпас,
Жаманға мал жұқпас.
1978. Жақсыға жалынсаң, жаның қалады,
Жаманға кезіксең, көңілің қалады.
1979. Жақсыда жаттық жоқ.

1980. Жақсыда кек жоқ,
Жаманда тек жоқ.
1981. Жақсыда мін жоқ,
Жүйрікте сын жоқ.
1982. Жақсыдан ат қалады,
Жаманнан дау қалады.
Ғұламадан хат қалады,
Ұстадан тат қалады.
1983. Жақсыдан ат қалады,
Жаманнан дақ қалады.
1984. Жақсыдан әкім қойсаң, елді түзер,
Жаманнан әкім қойсаң, ел бүлдірер.
1985. Жақсыдан бау қалады,
Жаманнан дау қалады.
1986. Жақсыдан жаман туады,
Бір аяқ асқа алғысыз;
Жаманнан жақсы туады,
Адам айтса нанғысыз.
1987. Жақсыдан жаман туса, өдет;
Жаманнан жақсы туса, ғажап.
1988. Жақсыдан жаман туса, ем табылмас,
Жаманнан жақсы туса, тең табылмас.
1989. Жақсыдан жаман туса,
Жыннан пайда болады.
Жаманнан жақсы туса,
Нұрдан пайда болады.
1990. Жақсыдан қашпа,
Жаманға баспа.

1991. Жақсыдан тиер шарапат,
Жаманнан тиер кесепат.
1992. Жақсыдан шарапат,
Жаманнан кесапат.
1993. Жақсы-жақсы жерге жатсаң,
Жақсы-жақсы түс көресің.
Жаман-жаман жерге жатсаң,
Жаман-жаман түс көресің.
1994. Жақсы-жақсы сөйлесең,
Жылан іннен шығар,
Жаман-жаман сөйлесең,
Мұсылман діннен шығар.
1995. Жақсылық ағаш басында,
Жамандық аяқ астында.
1996. Жақсылық еткен озар,
Жамандық еткен тозар.
1997. Жақсылық етсең бұларға,
Би болып кетеді.
1998. Жақсылық жерде қалмас.
1999. Жақсылық Құдай ісі,
Жамандық кімнің ісі?
2000. Жақсылық қыл, судағы балық білсін,
Балық білмесе, халық білсін.
2001. Жақсылық қылдың, құп қылдың,
Міндет еттің, жоқ қылдың.
2002. Жақсылық сөз — жарты ырыс.
2003. Жақсылық іс қайда болса, жақсы атақ сонда.

2004. Жақсылыққа жақсылық —
Әр кісінің ісі-дүр.
Жамандыққа жақсылық —
Ер кісінің ісі-дүр.
2005. Жақсылықты басыңа ет,
Басыңнан асса, досыңа ет.
2006. Жақсылықтың ұрығын сепкен пенде
Жаманшылық көрмейді өмірде.
2007. Жақсыменен жолдас болсаң,
Жетерсің мұратқа,
Жаманменен жолдас болсаң,
Қаларсың ұятқа.
2008. Жақсымен жолдас болсаң, ісің бітер,
Жаманмен жолдас болсаң, басың кетер.
2009. Жақсымен сауда қылсаң, керіс болмас,
Жаманмен сауда қылсаң, тегіс болмас.
2010. Жақсыменен сауда қылсаң,
Түбі біліс болады;
Жаманменен сауда қылсаң,
Түбі ұрыс болады.
2011. Жақсымен сауда қылсаң, түбі біліс,
Жаманмен сауда қылсаң, түбі ұрыс.
2012. Жақсыменен жанастыр,
Жаманменен адастыр.
2013. Жақсыменен жолдас болсаң,
Алуа менен шекер.
Жаманменен жолдас болсаң,
Абыройыңды түкірер.
2014. Жақсыменен отырсаң, жұмаққа кіргендей боласың.

2015. Жақсыны жеті жыл жетелесең, адам болады,
Жаманды жеті жыл жетелесең де, надан болады.
2016. Жақсыны жолдасынан білер.
2017. Жақсының жақсы білер сымбатын,
Жамандар қайдан білсін арзаны мен қымбатын.
2018. Жақсының жақсылығы тиер тар жерде,
Жаманның кесапаты тиер әр жерде.
2019. Жақсының жақсылығын айтсаң,
Аруағы тасады;
Жаманның жамандығын айтсаң,
Құты қашады.
2020. Жақсының жақсылығын көзіне айт —
көңілі өссін.
Жаманның жамандығын көзіне айт —
көңілі өшсін.
2021. Жақсының жаны бүтін.
2022. Жақсының жаны жаннат.
2023. Жақсының қайрағаны өтер,
Жаманның жанығаны өтер.
2024. Жақсының пайдасы тиер әр жерде,
Жаманның залалы тиер тар жерде.
2025. Жақсының сөзі жәннеттей,
Жаманның сөзі міндеттей.
2026. Жақсының сөзі төтті,
Жаманның жаны төтті.
2027. Жақсының шарапаты тиер тар жерде,
Жаманның кесапаты тиер әр жерде.

2028. Жақсының иі түссе, күйі түсер,
Жаманның иі түссе, миы түсер.
2029. Жақын көрген досыңмен,
Жарты құрт тапсаң, жарып же,
Бір құрт тапсаң, бөліп же.
2030. Жақын таласса, жатқа жем.
2031. Жақынға өтірігіңді айтпа,
Шетке шыныңды айтпа.
2032. Жақынға өтірігіңді айтпа,
Шетке сырыңды айтпа.
2033. Жатқанға Төңір жүт.
2034. Жақындықты ат айырады,
Оқымағанды хат айырады.
2035. Жақыныңнан жау шықса,
Жаныңды қояр жер таппайсың.
2036. Жақының алыста болса, көре алмайды,
Жақында болса, бере алмайды.
2037. Жаламенен жарлы өлді,
Жар жығылып жайын өлді.
2038. Жалған жандырады,
Ақиқат қандырады.
2039. Жалғанның жетпіс жыл жатса да, жалыны шығады.
2040. Жалғыз ағаш пана болмайды,
Жалғыз бие саба болмайды.
2041. Жалғыз ағаш үй болмас,
Жалғыз адам би болмас.

2042. Жалғыз бала — басқа бөле.
2043. Жалғыз баласы бар кісінің
Шығар-шықпас жаны бар,
Екі баласы бар кісінің
Өкпе-бауырдай жалы бар.
Үш баласы бар кісінің
Бұқарада бұты бар,
Хорасанда қолы бар.
2044. Жалғыз бас жұмақта да жүр дейді.
2045. Жалғыз болсаң, түйе сақта,
Жарлы болсаң, бие сақта.
2046. Жалғыз біткен дәулеттің,
Жалғыз айтқан өлеңнің сөні жоқ.
2047. Жалғыз жүріп жол тапқанша,
Көп кісімен адас.
2048. Жалғыз жігіт би болмас,
Жалғыз ағаш үй болмас.
2049. Жалғыз кісі жау болмас.
2050. Жалғыз қойдың терісі тон болмас.
2051. Жалғыз тайды үйреткен
Сайыс болып аталмас.
Жалғыз терек көгерткен
Бағбан болып аталмас.
2052. Жалғызбын десең, Тәңірім қоймайды;
Жарлымын десең, буыршын қоймайды.
2053. Жалғыздық бір Аллаға жарасқан.
2054. Жалғыздың жағы жоғалса да, табылмайды,
Көптің оғы жоғалса да, табылады.

2055. Жалғыздың жары Құдай
деген ғой жалғызға жәрдем.
2056. Жалғыздың жары — Құдай.
2057. Жалғыздың үні шықпас,
Жаяудың шаңы шықпас.
2058. Жалқау кісі — жарым кісі.
2059. Жалқау мен аңқау егіз,
Сыр тартар дұшпанға негіз.
2060. Жалқау мен аңқау —
Дұшпан үшін үлкен ау.
2061. Жалқауға ауладағы су да алыс.
2062. Жалқауға бұлттың көлеңкесі де тимейді.
2063. Жалқауға дәулет үшін ұйқы берер,
Жаманға ақыл үшін күлкі берер.
2064. Жалқауға табалдырық тау боп көрінеді.
2065. Жалқауды сыйласаң, ақымақ көбейеді.
2066. Жалы ұзын есектен
Жауыр болған ат жақсы.
2067. Жалықтырса ұзақ сапар, жат мекен,
Туған елдің түтіні де тәтті екен.
2068. Жалынса, жақсы кешер,
Жаныса, болат өтер.
2069. Жалынсаң, жақсы кешірет;
Жанысаң, болат ерітер.

2070. Жаман — атлас ішінде де жаман.
2071. Жаман артық қылам деп, тыртық қылады.
2072. Жаман адам жақсы болмас,
Қанша қыдыр дарыса да;
Жақсы адам жаман болмас,
Қанша тұрып қарыса да.
2073. Жаман адам қайыр бермес,
Қарны тойып тамақ жемес.
2074. Жаман адам мақтанса,
Жақсыны аяғынан шалдым дер.
2075. Жаман адам малға мінсе,
Ақыл сұрар дос таба алмайды.
2076. Жаман адам туысымен қас болар.
2077. Жаман адамға жақсы құрмет жақпас.
2078. Жаман адамға жақсы құрмет жараспас.
2079. Жаман адамға жалынғанша,
Жат та жаныңды қарман.
2080. Жаман адамға мал бітсе,
Жақынын танымайды.
2081. Жаман адаммен сөйлессең,
Ұрлығын айтады.
Жаман қатынмен сөйлессең,
Қарлығын айтады.
2082. Жаман айғыр — үйірсек,
Жаман күйеу — қайынсақ.
2083. Жаман айғырда жал болмас.

2084. Жаман айтпай, жақсы жоқ.
2085. Жаман арба жол бұзар,
Молда-ишан ел бұзар.
2086. Жаман ат соқпақшыл,
Жаман кісі тоқпақшыл.
2087. Жаман ат тайымен ойнайды,
Жаман қатын байымен ойнайды.
2088. Жаман атқа жал бітсе,
Жанына торсық байлатпас.
Жаман кісіге мал бітсе,
Жанына қоңсы қондырмас.
2089. Жаман атқа жал бітсе,
Жанына торсық байлатпас.
Жаман байыса,
Жанына байқұсты қондырмас.
2090. Жаман атты суға айдасаң, «жалдайды» дер,
Жаман адамға ақыл айтсаң, «алдайды» дер.
2091. Жаман ауыздан жалындай сөз шығады.
2092. Жаман бала өзінен кішкенені ұрып жылатады,
Жақсы бала жылағанды жұбатады.
2093. Жаман бала сыйламайды атасын,
Жаман балаға атасы бермес батасын.
2094. Жаман биені жабула да, құлынын ал.
2095. Жаман болмас білімді,
Дұшпан сынар мініңді.
2096. Жаман болып жұртқа көрінгенше,
Жақсы болып өлген артық.

2097. Жаман бұзар,
Жақсы түзер.
2098. Жаман да болса ағамыз,
Жақсыны қайдан табамыз.
Ұры емес, жын емес,
Мінезді қайтып табамыз.
2099. Жаман да болса, көршіңді жамандама.
2100. Жаман достан көлеңке артық.
2101. Жаман достан жақсы дұшпан артық.
2102. Жаман досыңа сырыңды айтқанша,
Дұшпаныңа шыныңды айт.
2103. Жаман ер қосқа шабады,
Қос болмаса, босқа шабады.
2104. Жаман ерден жайдағым жақсы,
Жаман қатыннан бойдағым жақсы.
2105. Жаман еркек жер кәдірін білмес,
Жайсыз әйел ер кәдірін білмес.
Жалқау адам тер кәдірін білмес,
Жетесіз жігіт ел кәдірін білмес.
2106. Жаман етігін майлайды,
Етігі көтін майлайды.
2107. Жаман жабы жемқор болса,
Дорбаның түбін тесер.
2108. Жаман жиналып бас болмас.
2109. Жаман жолдас жауға алдырар,
Жаман тату дауға қалдырар.

2110. Жаман жұрағат ұятқа қалдырады,
Жақсы сөз жаныңды қандырады.
2111. Жаман жігіт ауырса, бар досы да шошыр кеп.
2112. Жаман жігітті ел ішінде жау алады.
2113. Жаман итті жетелегенмен сақ болмайды.
2114. Жаман келсе, жау жынды дер.
2115. Жаман күйеу — қайынсақ.
2116. Жаман кісі — кекшіл.
2117. Жаман кісі тақпақшыл,
Жаман сиыр тоқпақшыл.
2118. Жаман кісі тойда тонымды бер деп айтады.
2119. Жаман кісінің тілі ащы,
Жабағы күннің биті ащы.
2120. Жаман кісінің тілі ащы,
Жабағы тонның биті ащы.
2121. Жаман қатын жүрісінен тұл болады,
Жаман еркек жүрісінен құл болады.
2122. Жаман қатын жырқылдақ,
Жаман әтір бұрқылдақ.
2123. Жаман қатын нан қылар,
Төңірегін қам қылар.
2124. Жаман қатын өлсе, төсек жаңғырар,
Жақсы қатын өлсе, бас қаңғырар.
2125. Жаман қатынға жоқ желеу.

2126. Жаман қой ісегінде қартаяр.
2127. Жаман мақтанса, біреуді шалдым дейді,
Жақсы мақтанса, біреудің көңілін алдым дейді.
2128. Жаман малды асырасаң,
Аузы-мұрныңды май етер.
Жаман кісіні асырасаң,
Аузы-мұрныңды қан етер.
2129. Жаман мінезді кісі оңбас,
Жамандықтан абырой алмас.
2130. Жаман мінез-қылыққа жақындаспа,
Жақындассаң, соққысы тиер басқа.
2131. Жаман сайға су толса, өткел бермес,
Жаманға мал бітсе, зекет бермес.
2132. Жаман сиыр жазда бұзаулайды.
2133. Жаман сиыр соқпақшыл,
Жаман адам тоқпақшыл.
2134. Жаман сыйлағанды білмес,
Сиыр сипағанды білмес.
2135. Жаман сырыңды білмесін,
Бауырыңды тілмесін.
2136. Жаман туса қыз, сыйламайды анасын.
2137. Жаман ұры жанындағысын қармалайды.
2138. Жаман шопан қойдан көреді,
Жаман шофер жолдан көреді.
2139. Жаман шынын айтамын деп сырын айтады.

2140. Жаман іске ақыл көп керек,
Жас балаға ақыл көп керек.
2141. Жақсыдан әкім қойсаң, түзер,
Жаманнан әкім қойсаң, бүлдірер.
2142. Жаман ішкені мен жегенін айтар,
Жақсы көргені мен білгенін айтар.
2143. Жаманатты етсе сені жұртқа,
Байқағын, сол дұшпаның, еш ұмытпа.
2144. Жаманға айтсаң сырынды,
Бір пұлдай көрмес құныңды.
2145. Жаманға дәулет тез бітсе,
Нан піседі деміне.
Даттар болса жігіттің,
Қарамайды артық-кеміне.
2146. Жаманға жақын жоқ,
Жақсыға жат жоқ.
2147. Жаманға жалынғанша,
Жат та жаныңды қарман.
2148. Жаманға жанасқан сүрінбей қалмас,
Ақыры бір бәлеге ілінбей қалмас.
2149. Жаманға жанассаң, жығыларсың,
Жақсыға жанассаң, жылынарсың.
2150. Жаманға күле қарасаң,
Көйлегіне жамау сұрар.
2151. Жаманға күн де қараңғы, түн де қараңғы.
2152. Жаманға қарғыс болмаса,
Алғыс болмайды.

2153. Жаманға мал бітер,
Түкірік о да кетер.
2154. Жаманға мал бітсе, жақынын танымас.
2155. Жаманға олжа түседі,
Үлесе алмай көпке түседі.
2156. Жаманға сейіл де — сейіл,
Сергелдең де — сейіл.
2157. Жаманға сөз айтсаң,
Ақыл таппас жол айтады.
2158. Жаманға сырыңды айтпа,
Ішінен түртіп шығады.
2159. Жаманда да байға бар.
Байға барсаң, табылады.
2160. Жаманда тек болмас,
Жақсыда кек болмас.
2161. Жамандаудан қаш,
Жақсылықтың ұрығын шаш.
2162. Жаманды жақсы десең,
бөркі қара қазандай болады.
2163. Жаманды жанға санама,
Есепті малға санама.
2164. Жаманды жер де жасыра алмас,
Ұшырып жел мен боран қашыра алмас.
2165. Жаманды іске шақырма,
Асқа шақыр.
2166. Жамандығы болғанның жақсылығы болмас.

2167. Жамандық көрмей, жақсы болмас.
2168. Жамандық істеген кісінің
Өзі де жамандыққа тап болар.
2169. Жамандықтан қыл азар,
Ақыр бір күн жерге жығар.
2170. Жамандықтан тұра қаш,
Жақсылықпен бол жолдас.
2171. Жамандықтың алдын ал,
Жақсылық қайда барады.
2172. Жамандықтың түбі қылдай.
2173. Жаманмен дос болма,
Жақсымен қас болма.
2174. Жаманмен жатпа,
Ертеңмен тұрып жамандығын айтпа.
2175. Жаманмен жатпа,
Оған сырыңды айтпа.
2176. Жаманнан жақсы туды деп қуанба,
Барады ақыры негізге.
Жақсыдан жаман туды деп налыма,
Ақыры о да
2177. Жаманнан жақсы тумай ма,
Жаманның бетін жумай ма?
2178. Жаманнан жақсы тумақ — ғадет,
Жақсыдан жаман тумақ — ғажап.
2179. Жаманнан жарты қасық ас қалады.
2180. Жаманнан жәрдем сұрама, жүзіңе салар.

2181. Жаманнан жәрдем сұрама,
Жүзінді жерге қаратар.
2182. Жаманнан кесапат, жақсыдан шарапат.
2183. Жаманнан қарауыл қойсаң,
Жау жетеу болар.
2184. Жаманның айтқаны келмейді, сандырағы келеді.
2185. Жаманның ауруы да жаман.
2186. Жаманның аяғы сегіз,
Бірі шалмаса, бірі шалады.
2187. Жаманның әлі жапалаққа келеді.
2188. Жаманның берген асынан,
Жақсының айтқан сөзі артық.
2189. Жаманның бір ісі артық, жағасы жыртық.
2190. Жаманның жағасынан алма,
Ағасына бар.
2191. Жаманның жанына не өтер,
Жақсының қайрағаны өтер.
2192. Жаманның кеудесіне қаластыр жүк,
Темірді темірменен жанышта, бүк.
2193. Жаманның көпірінен өткенше,
Дарияға ғарық болған артық.
2194. Жаманның көрсеткенінен
Жақсының айтқаны анық.
2195. Жаманның қойнына жатқанша,
Жақсының аяғына жат.

2196. Жаманның қолы жағада.
2197. Жаманның қолына бергенше,
Жақсының жолына бер.
2198. Жаманның малы үйінде күйеді,
Жақсының малы жиында күйеді.
2199. Жаманның ойыны жаман,
Шошқаның мойыны жаман.
2200. Жаманның сөзін сөйлеме,
Жаңғыздың дауын даулама.
2201. Жаманның үсті су болса,
Кеппестей көрер.
Жаманға мал бітсе, сусын бермес,
Кетпестей көрер.
2202. Жамансыз жақсы болмас,
Жақсысыз жаман болмас.
Жаман жақсыны сақтар,
Жақсы жаманды сақтар.
2203. Жамансыз жақсы болмас.
2204. Жамансыз жақсы болмас,
Қобызсыз бақсы болмас.
2205. Жан аямаған жаныңды алады.
2206. Жан досың жанынан кешсе де,
Мал досың малынан кешпес.
2207. Жан жолдасың — жарың.
2208. Жан қиналмай жұмыс бітпес,
Талап қылмай мұратқа жетпес.

2209. Жанбаса, отын жаман,
Жаға алмаса, қатын жаман.
2210. Жатқанға жан жоламас,
Жүрген аяққа жөргем ілінер.
2211. Жандыдан бала мешкей,
Жансызда қамба мешкей.
2212. Жанжалды үйде береке болмас.
2213. Жантақты жерде сона бар.
2214. Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын.
2215. Жаны барда жалынған —
Жаман ердің белгісі.
Жалы барда арыған —
Жаман аттың белгісі.
2216. Жаны басқаның төні басқа.
2217. Жаны қашқан итке өлексе жолықпас.
2218. Жанын аямаған жау алады,
Малын аямаған дау алады.
2219. Жанын аямаған жау алады,
Малын аямаған дау алады.
Еріншек дүниеден құр қалады.
2220. Жаныңды алмайтын ауру жаныңда болсын.
2221. Жаныңды берсең де, сырыңды берме.
2222. Жаңа байдан қалтаң қалмайды,
Ескі байдан талтаң қалмайды.
2223. Байдан сәуірік, жарлыдан байтал.

2224. Жаңа байдан қарыз алма,
Қатыныңа сырынды айтпа.
2225. Жаңа байдың күлгені,
Ескі байдың білгені.
2226. Жаңа байығаннан қарызға алма,
Қатынға сырынды айтпа.
2227. Жаңа келдің жүгіріп,
Немді берейін суырып.
2228. Жаңа құда — жандарал,
Ескі құда пропал.
2229. Жаңбыр жауса, жердің ырысы.
2230. Жаңбыр күні ат таңдама,
Айт күні қыз таңдама.
2231. Жаңбырмен жер көгерер,
Еңбекпен ер көгерер.
2232. Жаңбырмен жер, батамен ер көгереді.
2233. Жаңғыз ағаш пана болмайды,
Жаңғыз биеге саба толмайды.
2234. Жаңғыз бала атқа шапса,
Шешесі бұтын қысады.
2235. Жаңғыз шапқан ат жүйрік.
2236. Жаңғыздың жағы жоғалса, табылмайды,
Көптің оғы жоғалса да, табылады.
2237. Жаңбырменен жер көгереді,
Дұғаменен ел көгереді.

2238. Жаңа құда жан талауы.
2239. Жаңылмас дана болмас.
2240. Жаңылмас жақ болмас,
Сүрінбес тұяқ болмас.
2241. Жапалақ көрсең, атып ал,
Жаманнан басың сатып ал.
2242. Жапалақ құс мақтанса,
Жардан тышқан алдым дер.
Жаман адам мақтанса,
Жақсыны аяғынан шалдым дер.
2243. Жар жаққа жақ болғанша,
Ауылдыға қол бол.
2244. Жар жол болмас,
Жат ел болмас.
2245. Жарақты күнде жау жолықпас,
Ас бар күнде дос жолықпас.
2246. Жаралы пақыр жамауына қуанар.
2247. Жарамас әдет көп болар,
Ең жаманы — күншілдік.
2248. Жарамсыз ұлдың белгісі —
Жастықтың тұзын ақтамас.
2249. Жарғысы түзу елдің көші түзу болады.
2250. Жарлылық жақсы екен,
Жатып ішер ас болса.
2251. Жарлы ат мінсе,
«Қайдан міндің?»

- Жарлы киім кесе,
«Қайдан кидің?»
2252. Жарлы байға жалынам деп,
Тоқтылы қой зықы шықты.
2253. Жарлы болар жігітке
Қазалы мал тап болар.
Жаңғыз болар жігітке
Бедеу қатын тап болар.
2254. Жарлы болатын жігіт
Байталын атқа сатады.
Жалғыз болатын жігіт
Ағайынын жатқа сатады.
2255. Жарлы болма,
Жарлы болсаң, арлы болма.
2256. Жарлы болсаң, арлы болма,
Қарап тұрып сорлы болма.
2257. Жарлы болсаң, байлығыңды сөйлеме,
Қартайған соң, ерлігіңді сөйлеме.
2258. Жарлы кісі бай болса,
Көтін қоюға жер таба алмайды.
Бай кісі жарлы болса,
Бетін қоярға жер таба алмайды.
2259. Жарлылық сені қайтейін,
Жан достыны жат еттің.
Кәрілік сені қайтейін,
Сөйлер сөзге мәрт еттің.
2260. Жарлылық шіркін жақсы екен,
Жатып ішер ас болса.
2261. Жарлылықтан кәрілік жаман.

2262. Жарлылықтың жақсысы-ай,
Жатып ішер ас болса.
2263. Жарлыменен құда болғанша,
Байменен барымталас бол.
2264. Жарлының ұғлы болғанша,
Байдың құлы бол.
2265. Жарлының асын бісмілда құртады.
2266. Жарлының байлығы — денінің саулығы.
2267. Жарлының бір тойғаны — шала байығаны.
2268. Жарлының жаны ардақты,
Байдың малы ардақты.
2269. Жарлының қатыны өлсе, басы қаңғырады,
Байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырады.
2270. Жарлының ұлы болғанша,
Малдының құлы бол.
2271. Жарым күнде жарыс жоқ.
2272. Жарым құрсақтан жатар орын.
2273. Жарымағанның қатыны кетер,
Бақпағанның малы кетер.
2274. Жарың жақсы болса, мейманыңның тұрағы,
Балаң жақсы болса, екі көздің шырағы.
2275. Жас баласы бар кісі кейде өзі де
жас балаға ұқсап кетеді.
2276. Жас келсе іске,
Кәрі келсе асқа.

2277. Жасқаншақтың көзі сау.
2278. Жарлылығын жасырған байымас.
2279. Жас өседі, жарлы байиды.
2280. Жас өспей ме,
Жарлы байымай ма?
2281. Жасаған білмес, көрген білер.
2282. Жастық — мастық.
2283. Жастыққа да кәрілік тұр,
Байлыққа да жарлылық тұр.
2284. Жастықта қолың істесе,
Қартайғанда көңіл істейді.
2285. Жастың ақыл-білімі асса, аға қояды.
2286. Жасы кіші демей-ақ,
Ақылы асса, аға тұт.
2287. Жасықтың көбінен асылдың өзі артық.
2288. Жасында берекесі болмағанның,
Қартайғанда мерекесі болмас.
2289. Жасында қалжыңбас,
Өскенде мылжыңбас.
2290. Жасында босқа кеткен уақыттар
Есейгенде жүрегіңе дерт болар.
2291. Жасында қалжың болсаң,
Үлкейгенде мылжың боларсың.
2292. Жасында қылжың болсаң,
Ер жеткенде мылжың боласың.

2293. Жасырынып қашсаң да, көрініп тұрасың.
2294. Жат пен жақын бірдей болмас.
2295. Жатқан жері даладай,
Аузы-тісі қаладай,
Екі өркеші баладай,
Жабуы бар жамшыдай,
Құйрығы бар қамшыдай
Бура сойды дегені сұмдық.
2296. Жатқан үстіне тұрған келмесін.
2297. Жатқанға жан жуымайды,
Жүргенге жөргем ілінеді.
2298. Жатқанға жан жуымас,
Жүрген аяққа жөргем ілінер.
2299. Жатты үйіңе жуытпа,
Жылы орныңды суытпа.
2300. Жаттым, жабыстым,
Тұрдым, оңдым.
2301. Жатып-жатып таң атқан соң сөз қатқан.
2302. Жау жағадан алғанда,
Бөрі етектен алады.
2303. Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алады.
2304. Жау жоқ деме төбе астында,
Бөрі жоқ деме бөрік астында.
2305. Жау келсе, ел қозғалар.
2306. Жау қолына түссең де, сырынды айтпа.

2307. Жау сырын жау білмес.
2308. Жау түбі ел болады.
2309. Жауға барсаң, бөрің бар,
Дауға барсаң, бірің бар.
2310. Жауға жалынба, жаныңды алады.
2311. Жауға шын сөзіңді айтпа,
Шын сөзіңді айтсаң да, сырыңды айтпа,
2312. Жауда да бір үйің болсын.
2313. Жаудан құры қайтқанша,
Жаралы қайт.
2314. Жауды аяған жаралы болады.
2315. Жауды аяған жаралы қалар.
2316. Жауды елемесең, басыңа шығар.
2317. Жауды жесе, көз ұялар.
2318. Жауды күшті деме,
Ерлік етсең, жығасың.
Тауды биік екен деме,
Талап етсең, шығасың.
2319. Жауды қара қашырады,
Жақсы ат Бараққа қалады.
2320. Жауды қара қашырады.
2321. Жаудың сырын жау білмес.
2322. Жаузадағы жаңбырдан,
Жылан жауған жақсы.

2323. Жаузаның жарымында су астында арпа пісер.
2324. Жаушыға өлім жоқ.
2325. Жауынды күні жанбауырдан жүрме,
Жалқау қарап отырып шаршайды.
2326. Жауынменен жер көгерер,
Дұғаменен ел көгерер.
2327. Жауыңды жолдан қалдырма,
Ойыңды сенің білмесін.
Досыңды жолдан қалдырма,
Ол ісінен қалмасын.
2328. Жауыңды келді-келдісі жаман.
2329. Жаяудың сыбағасын атты жемес.
2330. Жаяудың шаңы шықпас,
Жалғыздың үні шықпас,
Бардың міні шықпас,
Жарлығы жаза шықпас.
2331. Жаяудың шаңы шықпас,
Жалғыздың үні шықпас.
2332. Жеген білмес,
Кескен білер.
2333. Жегенің кебек,
Кигенің жібек.
2334. Жездің жайын зергер білер,
Әнталақ нені білер?
2335. Жекен жерінде,
Адам елінде.

2336. Жел тұрмай, шөп қозғалмас.
2337. Жел түбі — азық,
Жекен түбі — қазық.
2338. Желген желісін біледі,
Жүрген жүрісін біледі.
2339. Желді күні жорт,
Жауынды күні жат.
2340. Желігің суалса да, жылдам жүр.
2341. Желінсау қой қосаққа кірмейді,
Құр табаққа бата жүрмейді.
2342. Жемейін деп жеңдей көтенді тауысады.
2343. Жемек емес бермеге,
Торғай еті тоғыз табақ.
2344. Жемесе, тамағы жаман,
Ұйықтамаса, қабағы жаман.
2345. Жемесең де, май жақсы,
Бермесе де, бай жақсы.
2346. Жеңгенің бір бұты байынікі,
Бір бұты қайынікі.
2347. Жеңешем білді дегенше, жер шары білді десеңші.
2348. Жеңіл болса, қауызда дән болмайды,
Надан айтқан сөзде мән болмайды.
2349. Жеңілдік жарға жығар.
2350. Жеңім жаман болса да, жағам жақсы,
Өзім жаман болсам да, ағам жақсы.

2351. Жеп, жеті болмас,
Жалап, жетпіс болмас.
2352. Жеп тоймаған, жалап та тоймас.
2353. Жер — қазына,
Су — алтын.
2354. Жер — қазына,
Су — гауһар.
2355. Жер айдаған жетер мұратқа.
2356. Жер алған — ер,
Жер сатқан — қара жер.
2357. Жер алған көгереді,
Жер сатқан құриды.
2358. Жер алсаң, болса да, ал,
Үй салсаң, пақса болса да, сал.
2359. Жер анасы, мал баласы.
2360. Жер астынан жік шықты,
Екі құлағы тік шықты.
2361. Жер асыңнан, жемес асың көп болсын.
2362. Жер байдікі, су сайдікі.
2363. Жер байлықтың анасы болса,
Әкесі — еңбек.
2364. Жер дауы менен жесір дауы бітпейді.
2365. Жер дегенің алтын қазық,
Кертіп жесең де, таусылмас.

2366. Жер емген ел болады,
Жер қадірін білмеген елдің
Өмірінде ырысы кем болады.
2367. Жер көнді жақсы көреді,
Ат жемді жақсы көреді.
2368. Жер қадірін білмейді
Жер екпеген диқандар.
2369. Жер қадірін білмейді
Егін екпеген диқандар.
2370. Жер қазбасаң, алтын шықпас.
2371. Жер таусыз болмайды,
Ел даусыз болмайды.
2372. Жер таусыз болмайды,
Халық хансыз болмайды.
2373. Жер тойғаны — ел тойғаны.
2374. Жер тоқ — сен тоқ.
2375. Жер тоқ болса, сен тоқ боласың.
2376. Жер шаршаса, өнім бермес.
2377. Жер ішінде алтын бар,
Қаза берсең, табасың.
Бау ішінде жеміс бар,
Кеулей берсең, табасың.
2378. Жерге берсең — жер,
Бермесең — қара жер.
2379. Жерге нәубет, ерге нәубет.

2380. Жерге түскен гүл болар,
Отқа түскен күл болар.
2381. Жерге түскен жетімдікі.
2382. Жерде жақсы да жүр, жаман да жүр.
2383. Жерден табылса, аспанға секірме.
2384. Жерден тапсаң, санап ал.
2385. Жерді алдаған аш қалар.
2386. Жердің бақыты тайса,
Су сайға құлайды.
2387. Жердің сәні — егін,
Ердің сәні — білім.
2388. Жердің сәні — егін.
2389. Жердің жыртығы көп.
2390. Жері байдың елі бай.
2391. Жерін тандап егін ек,
Су қояр жағын көріп ек.
2392. Жерін тауып сепкенге бітеді.
2393. Жесір қатынға Бұхарадан ит үрер.
2394. Жетелеген төбет қораға үрмес.
2395. Жетерін білсең, жей тұр.
2396. Жетесізден жетекші шықпас.
2397. Жетпес жарлылық басқа қорлық.

2398. Жетсе — мал,
Жетпесе — жан.
2399. Жеттім дедің, жығылдың,
Болдым дедің, бөліндің.
2400. Жеті тоқсанда жер мұздайды.
2401. Жетім бала жеті күлшеге тоймас.
2402. Жетім бала ит болар,
Жағасы тола бит болар.
2403. Жетім бұзау асырасаң,
Аузы-мұрның май болар.
Жетім баланы асырасаң,
Аузы-мұрның қан болар.
2404. Жетім жүріп, жетілген озар.
2405. Жетім қызға жез түйме,
Қотыр қызға қорғасын.
2406. Жетім қыздың жеңгесі көп.
2407. Жетім қыздың жетпіс анасы бар.
2408. Жетімді жылатпа.
2409. Жетімнің аузы асқа тисе, мұрны қанайды.
2410. Жетімнің жегені желім, ішкені ірің.
2411. Жетімнің жеті қарны бар.
2412. Жетімнің көңілі жарым.
2413. Жетімнің тапқанын ит жер.

2414. Жетімшілікті көп көрген
Үш шақырмай «ө» демес.
Ашаршылықты көп көрген
Өзі тоймай «мә» демес.
2415. Жеуіне шыдасаң, той қыл,
Өлуіне шыдасаң, қой қыл.
2416. Жібек асырай алмаса, жүн болады;
Қызды асырай алмаса, күң болады
2417. Жібекті сақтай білмеген жүн етеді,
Ерді сақтай білмеген құл етеді.
2418. Жиен ел болмас,
Жалғыз тамшы сел болмас.
2419. Жиен ел болмас,
Желке ас болмас.
2420. Жиенді ұрғанның қолы қалтырауық болады.
2421. Жиендігің ұстаса, нағашыға бар;
Бозбалалығың ұстаса, қайныңа бар.
2422. Жиренгеннің қасына ерме,
Керілгеннің ізіне ерме.
2423. Жиренше ат желе жорғалар,
Тапқан ерден мал қалар.
Аз да бітер, көп те бітер,
Татулыққа не жетер.
2424. Жиып жеті болмас,
Алып алты болмас.
2425. Жоғалған затты іздеп табу —
Құнына емес, тек ләззат алу.

2426. Жоғалған пышақтың сабы алтын.
2427. Жоғалып табылған мал олжа,
Ауырып жазылған жан олжа.
2428. Жоғары қарап пікір айт,
Төмен қарап шүкір ет.
2429. Жоғарыға қарап пікір айт,
Төменге қарап шүкір айт.
2430. Жоғында сатып іш, барында батып іш.
2431. Жоғыңды кім айтса,
Қожа-пірің сол.
Өлгеніңді кім айтса,
Әзірейіл сол.
2432. Жоққа алданудың түбі жалған.
2433. Жоқпен құда болғанша,
Бармен барымталы бол.
2434. Жоқты жара деме,
Көлеңкені қара деме.
2435. Жоқтық ер жігіттің қолын байлар.
2436. Жоқтық ұят емес, барлық мұрат емес.
2437. Жоқшылық жомарт ердің қолын байлар.
2438. Жол азабы — көр азабы.
2439. Жол білмеген адастырады,
Жөн білмеген шатастырады.
2440. Жол құған қазынаға жолығады,
Сөз құған бөлеге жолығады.

2441. Жол сұрамай, жолға түспе.
2442. Жол ұрысы болсаң да, жолдас ұрысы болма.
2443. Жолаушының үлеспеген еншісі бар.
2444. Жолға шыққан жолдан табар.
2445. Жолдан адасу айып емес,
Жол жүрмеу айып.
2446. Жолдан қосылған дос болмас.
2447. Жолдасы жаманды жау алар.
2448. Жолдасын тастаған жолда қалар.
2449. Жолдасың қара қарға болса,
Жегенің боқ болар.
2450. Жолдасың соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр.
2451. Жолда жолдас қосылса,
Жол болмасқа немене.
Алғаны сырлас қосылса,
Мол болмасқа немене.
2452. Жолды өзек қоныс екен,
Қоныс болса да, өріс екен.
2453. Жолмен жортқан қазынаға жолығар.
2454. Жолаушы ақысы жүрсе бітеді.
2455. Жолы болар жігітке
Жолдан жолдас қосылар.
2456. Жолы болар жігітке
Жолдан жігіт қосылар.

- Егіз болар жігітке
Алғаны сырлас қосылар.
2457. Жолы болар жігіттің
Жеңгесі алдынан шықсын.
2458. Жолың алыс болса, атыңды қинама.
2459. Жомарт бергенін айтпайды,
Батыр айтқанынан қайтпайды.
2460. Жомарт ер жоқтығын білмейді,
Жүйрік ат тоқтығын білмейді.
2461. Жомарт жоқтығын білдірмейді,
Жүйрік ат тоқтығын білдірмейді.
2462. Жоны жауыр болса да,
Қайыспайды қара нар.
2463. Жорға жүремін деп, пұл болады,
Жаман жүремін деп, құл болады.
2464. Жорға жүрісінен пұл болады,
Жаман жүрісінен құл болады.
2465. Жорға мінген жолдасына қарамас.
2466. Жорғаның қадірі желгенде білінер.
2467. Жорғаның қадірін желгенде біледі,
Жақсының қадірін өлгенде біледі.
2468. Жорғаң қатты болса, жүріске сал,
Ісің ақ болса, көпке сал.
2469. Жортар аттың тоғы игі.
2470. Жортқан озар,
Жатқан тозар.

2471. Жортушылық басы жолда қалады.
2472. Жортуыл басы жолда қалар.
2473. Жортуыл жолдасына күйеді,
Ұры серісіне күйеді.
2474. Жөргекте тиген ауру өлсе де қалмас.
2475. Жуанды жонып же.
2476. Жуас түйе жүндеуге жақсы.
2477. Жуастан жуан шығар.
2478. Жұғын бар жерде шыбын бар,
Шыбын бар жерде шығын бар.
2479. Жұма жауса, сенбі тынар,
Сенбі жауса, қашан тынар.
2480. Жұмыс құралың сай болса,
Машақаты аз болар.
2481. Жұмыс сені жеңбесін,
Сен жұмысты жең.
2482. Жұмыстың көзін тапқан диқанның
Кетпені жердің танабын тартады.
2483. Жұмыстың өзін білгенше, көзін біл.
2484. Жұмысы жоқ ит ойнатар.
2485. Жұпар иісті жасырып болмас.
2486. Жұрт аузы уәлі.
2487. Жұрт жұтаса — жұтық.

2488. Жұтаған кісі жұртты мақтайды,
Көшкен жұрттан құтылады.
2489. Жұртпен көрген ұлы той.
2490. Жүгің жерде қалмайды,
Тауып артсаң семізге.
2491. Жүгірген алмас,
Бұйырған алар.
2492. Жүзден жорға, мыңнан тұлпар.
2493. Жүздің көркі — көз,
Ауыз көркі — сөз.
2494. Жүзінді сарғайтады пайдақорлық,
Ер болсаң, ерте құтыл, көрме қорлық.
2495. Жүйелі сөз жүйесін табады,
Жүйесіз сөз иесін табады.
2496. Жүйесіз жұмыстан бала да ұялады.
2497. Жүйесіз ойын,
Сындырар мойын.
2498. Жүйрік атқа жал бітпес,
Тақтаққа мал бітпес.
2499. Жүйрік шабан болады,
Мойнынан жал кетсе.
Жақсы жаман болады,
Қолынан мал кетсе.
2500. Жүйрікке тұмар.
2501. Жүйріксіз шабан болмас,
Жамансыз жақсы болмас.

2502. Жүйріктен ақыл сұрасаң,
Артыңнан жетер қуғандай.
Хакімнен ақыл сұрасаң,
Алды-артыңды буғандай.
2503. Жүк ауырын нар көтереді,
Ел ауырын ер көтереді.
2504. Жүк ауырын нар көтереді,
Қазан ауырын ер көтереді.
2505. Жүкті нар көтерер,
Қайғыны ер көтерер.
2506. Жүрген аяққа жөргем ілінеді,
Жатқанға жан жуымайды.
2507. Жүрген аяққа жөргем ілінер.
2508. Жүрген жолдан табады.
2509. Жүргенге жөргем ілінер.
2510. Жүрек қара болса,
Тіліңнің алтындығынан не пайда.
2511. Жығылған күреске тоймас.
2512. Жығылған шылым болсын,
Төгілген темекі болсын.
2513. Жығылсаң, нардан жығыл,
Бұйдасын қайырмай жығыл.
2514. Жығылып жатып сүрінгенге күледі.
2515. Жыл жақсы келсе, арқар кетпес,
Екі жаман қосылса, кең дүниеге сыймас.

2516. Жылағанды сұрама, күлгенді сұра.
2517. Жылай-жылай жап қазсаң,
Күле-күле су ішерсің.
2518. Жылайын деген баланың
Үш күн бұрын көзі қышиды.
2519. Жыламаған балаға емшек берілмейді.
2520. Жыламаған балаға емшек қайда.
2521. Жылан жалбыздан қашар.
2522. Жылан жыланның құйрығын баспас.
2523. Жылан қуса, жолға қаш,
Түйе қуса, жарға қаш.
2524. Жылан өз иірін білмес,
Түйе мойнын иір дер.
2525. Жылан терісін тастаса да, жылан.
2526. Жыланға түк біткен сайын қалтырауық.
2527. Жыланға түк бітсе,
Қалтырауық болады.
2528. Жыланды үш кесе де,
Кесіртке ғұрлы әлі бар.
2529. Жыланның баласы — жылан,
Шаянның баласы — шаян.
2530. Жыланның басы жесе, құйрығы семіреді.
2531. Жыланның басын кесіп алсаң да,
Кесірткедей ауқаты бар.

2532. Жыланның уы тісінде,
Жаманның уы тілінде.
2533. Жыласуға жақын жақсы,
Сыйласуға жат жақсы.
2534. Жылқы — малдың патшасы,
Түйе — малдың қасқасы.
2535. Жылқы, айдаса, жаудікі,
Бісқырса, желдікі.
2536. Жылқы құлыннан өседі,
Ақша тиыннан өседі.
2537. Жылқыға пышақ,
Түйеге дақ.
2538. Жылқыда өт жоқ,
Қуда сүт жоқ,
Торда бауыр жоқ,
Тамұқ оттың сөнугі жоқ,
Тауық құста ұшу жоқ.
2539. Жылқыдағы боз айғыр,
Қуып құлын шайнамас.
2540. Жылқыны жүйрік,
Қойды күйлік (құйрық) деп сыйлайды.
2541. Жылы-жылы сөйлесең,
Жылан інінен шығады.
2542. Жылы-жылы сөйлесең,
Жылан шығар інінен.
Қатты-қатты сөйлесең,
Мұсылман шығар дінінен.
2543. Жылы-жылы сөйлесең,
Жылан іннен шығады,

- Жаман-жаман сөйлесең,
Пышақ қыннан шығады.
2544. Жылы-жылы сөйлесең,
Жылан інінен шығады.
Қатты-қатты сөйлесең,
Момын діннен шығады.
2545. Жын соққаннан «мық» соққан жаман.
2546. Жын соққаннан мұң соққан жаман.
2547. Жын ұрғанның аузы қайсы, мұрны қайсы?!
2548. Жыңғыл жерінде күркіреді.
2549. Жыртық үйге тамшы үйір,
Жаман атқа қамшы үйір.
2550. Жыртық үйді жел табар,
Өтірік сөзді жан табар.
2551. Жырық ауыз тыртық ауызға күліпті.
2552. Жібекті асырамаса,
Жүн болады.
Қызды асырай алмаса,
Күң болады.
2553. Жібекті иіре білмеген жүн етер.
2554. Жігерсіз адам жетімсіреп тұрады.
2555. Жігіт жарсыз болмас.
2556. Жігіт — жігіттің күзгісі.
2557. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.

2558. Жігіт бай болсын тағы!
2559. Жігіт болсаң, батыр бол,
Жау жеңгендей жапырып.
2560. Жігіт бір сырлы болсын,
Иә сегіз қырлы болсын.
2561. Жігіт жерінде,
Жекен суында.
2562. Жігіт жолдасынан белгілі.
2563. Жігіт көзімен қыз алма.
2564. Жігіт көркі — өнер.
2565. Жігітке мешкей деген жақсы ат па?!
2566. Жігітті түсінен сынама, ісінен сына.
2567. Жігіттік — гүлстан,
Көрілік — көрстан.
2568. Жігіттің бөрі амандықта,
Қашады бөркін тастап жамандықта.
2569. Жігіттің бір жұрты — нағашы жұрты.
2570. Жігіттің екі өнері бар:
Біреуі атқанда жыққан,
Біреуі ашқанда оқыған.
2571. Жігіттің жаманы той бұзар,
Адамның жаманы үй бұзар.
2572. Жігіттің құны — жүз жылқы,
Ар-намысы — мың жылқы.

2573. Жігіттің малы жер астында.
2574. Жігіттің мойнын қыр,
Күресте Құдай көрінсін.
Қарттардың маңдайын қыр,
Марқасқадай көрінсін.
2575. Жігіттің сөзі бір.
2576. Жігіттің сөзі өлгенше,
Өгіздің өзі өлсін.
2577. Жігіттің сөзі өлгенше,
Шайтанның мойны сынсын.
2578. Жігіттің түсін айтпа, ісін айт.
2579. Жігітім жігіт-ақ,
Жігітімнің жаңғыз көзі.
2580. Жіктей білген сыншы,
Түптей де біледі.
2581. Жілігіңді жылы тұт.
2582. Жіп қанша ұзын болса да, ұшы табылады.

3

2583. Заман жақсы болса,
Жас көрінер қартың да.
2584. Заман жаман емес,
Заманға сай болмаған жаман.
2585. Заман түзелер, жаман түзелмес.
2586. Замана зордікі,
Тамаша көрдікі.

2587. Замана зұлымдықты көтермес.
2588. Заманадан зорлық көрсең,
Арам кісіні аға дерсің.
2589. Заманақыр болғанда,
Пір мүриттерін іздейді.
2590. Заманы бірдің амалы бір.
2591. Заманы бірдің зары бір.
2592. Заманына қарай амалы.
2593. Заманына қарай заңы,
Тоғайына қарай аңы.
2594. Заманына қарай күлкісі,
Тауына қарай түлкісі.
2595. Заманың қалай болса,
Бөркінді солай ки.
2596. Заманың түлкі болса,
Тазы болып шал.
2597. Заманыңа жақсаң, адамына жағасың.
Атағың артып, абырой аласың.
2598. Заманыңды жаман дейсің,
Өзің қосқан үлес не?
2599. Зарымыз бар, зорымыз жоқ.
2600. Зекетсіздің малы арам,
Тілексіздің дауы арам.
2601. Зерді зергер білер.

2602. Зер қадірін зергер білер.
2603. Зергер жұмысын мыскер оңай көреді.
2604. Зиян еткен дос болмас.
2605. Зор зорды,
Көр көрді көреді.
2606. Зордың тасы өрге домалайды.
2607. Зорлап ашылған гүлдің иісі болмас.
2608. Зорлық көргенді Құдай көреді.
2609. Зорлықшыл зордан қаза табады.
2610. Зұлымдылық күнөдан ауыр.

И

2611. Иә еріншек өлер, иә көңілшек өлер.
2612. Игілікті іске құлшынған,
Сүрінбей өтер мың сыннан.
2613. Иесі екеу етем десе,
Алла біреу етеді.
2614. Иесіз ауруды жынсыз бақсы бағады.
2615. Иесіз қалған есекті бөрі жер.
2616. Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал.
2617. Иесін сүйсе, итіне сүйек салар.
2618. Иесін сыйласаң, итке сүйек таста.

2619. Иесіне керек болса,
Көршісі өкпелемес болар.
2620. Иман туар тоқтықтан,
Иман кетер жоқтықтан.
2621. Икемсіз дөкір асықтан,
Иірген кіші сақа артық.
2622. Илеуі келмеген қамыр тандырда тұрмас.
2623. Иман тұрар тоқтықтан,
Иман кетер жоқтықтан.
2624. Ине де — сыйлық,
Інген де — сыйлық.
2625. Ине жеген иттей имендеме.
2626. Ине өз тесігін тіге алмас.
2627. Ине өткен жерден жіп өтеді.
2628. Инедей тесіктен түйедей суық кіреді.
2629. Инемен бітетін жерге жуалдыз тықпа.
2630. Ит алған түлкіде сын болмас.
2631. Ит атасын танымас.
2632. Ит аузына түскен соқта жаншылмай соқпайды.
2633. Ит ашуын тырнадан алады.
2634. Ит баласы жырымға қарайды,
Құс баласы Қырымға қарайды.
2635. Ит баласы жырымға қарайды,
Нар баласы Қырымға қарайды.

2636. Ит баласы сүйгінші,
Туа бара құсқыншы.
2637. Ит боқ жемесе, басы ауырады.
2638. Ит бола тұрып шошқа бақтым.
2639. Бөрі баласын асырасаң,
Ит болмайды.
2640. Ит бір сүрінсе, қырық сүрінер.
2641. Ит екеш ит те туған жерін аңсайды.
2642. Ит жемес асынан үміт үзер.
2643. Ит жиналып бірікпес.
2644. Ит жоқта шошқа үрер,
Ел аулақ болса, доңыз төбеге шығар.
2645. Ит жоқта шошқа үрер,
Кісі жоқта кісі болар.
2646. Ит жүрсе, сүйек табады.
2647. Ит иесі үшін,
Құс тамағы үшін.
2648. Ит итаяғын жаламай көңілі көншімейді.
2649. Ит итті жұмсайды,
Ит құйрығын жұмсайды.
2650. Ит иттігін етпесе, аты құрсын.
2651. Ит күшігім-күшігім десең, басқа шапшыр.
2652. Ит қаппайды, ат теппейді деме,
Басып жүрмесін үйренген әдетіне.

2653. Ит қарайды жырымға,
Бүркіт қарайды Қырымға.
2654. Ит қауып-қауып болмас.
2655. Ит қорыған жерге өш.
2656. Ит қуып кететін айыр етекті сарт шапан.
2657. Ит құрсағы жібісе жатпас.
2658. Ит құтырса, иесін қабады.
2659. Ит құтырса, иесін қабар,
Шымшық құтырса, торғайға шабар.
Бүркіт қартайса, тышқаншыл болар,
Құл құтырса, құдыққа қармақ салар.
2660. Ит құтырса, иесін қабар,
Дау құтырса, биін табар.
2661. Ит құтырса, иесін қабар,
Торғай құтырса, бүркітке шабар.
2662. Ит өзі ала болғанмен,
Бөрі келгенде бірігеді.
2663. Ит сегіз тауып елден аспас,
Ешкі егіз тауып қойдан аспас.
2664. Ит семірсе, иесін қабар,
Құл құтырса, құдыққа қармақ салар.
2665. Ит семірсе, иесін қабар.
2666. Ит те бойдағында көрінеді.
2667. Ит терісі үй болмас,
Тоқалдан туған би болмас,
Би болса да, оңдырмас.

2668. Ит тойған жерін іздейді,
Ер туған жерін іздейді.
2669. Ит тойса, атасын танымас.
2670. Ит тойған жеріне,
Ер туған жеріне.
2671. Ит төлеуі бір күшік.
2672. Ит туғанмен сауын болмас.
2673. Ит ұяласынан ақсайды.
2674. Ит үреді, керуен көшеді.
2675. Ит үрер, керуен жүрер.
2676. Ит шырамды білмейді,
Тентек Құдайды білмейді.
2677. Ит ізетті білмес.
2678. Итаршы! Итаршыға да бір шаршы.
2679. Ителгі етік боқтайды,
Қаршыға қазан қайнатады.
2680. Ителгінің қызығына түссең,
Қаршығаны қамшы етерсің.
2681. Итке «күшім-күшім» десең, аузыңды жалайды.
2682. Итке берсең асыңды,
Ит асылар басыңа.
Ерге берсең асыңды,
Ерлер сыйлар басыңды.
2683. Итке берсең асыңды,
Кеміреді басыңды.

- Ерге берген асыңды,
Ізет қылар жасыңды.
2684. Итке ит жерошақта жолығады,
Қуға қу намазшамда жолығады.
2685. Итке сен, көңілсіз қатыныңа сенбе.
2686. Итпенен құда болсаң,
Боқпенен той етерсің.
2687. Итті күшігім-күшігім десең, басқа шапшыр.
2688. Итпен құда болсаң,
Боқтан қонақасы жерсің.
2689. Итті иесімен қинасын.
2690. Итті иесіменен қина.
2691. Итті қонақ жараспас.
2692. Иттің атасы жоқ.
2693. Иттің аузына түскен соқта шаншылмай шықпайды.
2694. Иттің бажасы көп.
2695. Иттің басын алтын табаққа салсаң, шоршып түсер.
2696. Иттің басын сар табаққа салсаң, шоршып түсер.
2697. Иттің боғы дәрі болса, дарияға тышады.
2698. Иттің ішіне сары май жақпайды.
2699. Иттің басын табаққа салсаң, ыршып түсер.
2700. Иттің жүрегіне сарымай жақпас.

2701. Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірісі бар.
2702. Иттің мойнына алтын қарғы тақсаң да,
боқ жеуін қоймайды.
2703. Иттің табаны қышыса, керуенге ереді.
2704. Иттің ұлығанын бөрі естімес,
Бөрінің ұлығанын таң естімес.
2705. Иттің ырылдасқаны — амандасқаны.
2706. Итің сырттан болса,
Қорадан қой бермейді.
Жігіттерің батыр болса,
Маңайыңа жау келмейді.
2707. Ит құтырса, иесін қабады,
Торғай құтырса, бүркітке шабады.
2708. Ишаным деп есегімнен айрылдым.
2709. Иін ағаш иілгенмен сынбас.
2710. Иір болса, адам болмас.
2711. Иірімі жоқ сұлуларға ерген
Шабақ не табар.
Қайырымы жоқ сұлтанға ерген
Халық не табар.

К

2712. Қағбадан қалаң болсын,
Тебеннен найзаң болсын.
Дұшпансыған түк етпес,
Бір Алланың панайы болсын.

2713. Қарагер ат, басың тарт,
Қайқы тоқал, тілің тарт.
2714. Кәрі атын мақтаған жолда қалар.
2715. Кәпірден досың болса,
Жаныңда тарақ, балтаң болсын.
2716. Кәрі кісінің хан болғаны —
Құда болғаны.
2717. Кәрісі кімнің бар болса,
Хаты соның қолында.
2718. Кәсіп, кәсіп түбі — нәсіп.
2719. Кебек жеген ат жүйрік болмас.
2720. Кебін кигеннен түңіл,
Кебенек кигеннен түңілме.
2721. Кебіс ұрлаған бір кісі,
Күмәнді болар мың кісі.
2722. Кедей базарға барса,
Жаман хабар әкеледі.
2723. Кедей болар жігітке
Өлетін ат кезігер.
Қу бас болар жігітке
Бедеу қатын жолығар.
2724. Кедей елдің көш басшысы көп болады.
2725. Кедей кедейді көре алмайды.
2726. Кедей нан тапса, ыдысын таппас.
2727. Кедей үйдің бойдағы билейді,
Жаман үйдің қонағы билейді.

2728. Кедейге ақ қалта да бір,
Көк қалта да бір.
2729. Кедейге ат бітсе, «қайдан алдың?» дейді,
Байға ат бітсе, «құтты болсын!» дейді.
2730. Кедейге қонақ болсаң, кекіресің.
2731. Кедейде лебіз болмас.
2732. Кедейдің аузы асқа жеткенде,
Басы тасқа жетеді.
2733. Кедейдің ауы жүрмес,
Ауы жүрсе де, дауы жүрмес.
2734. Кедейдің бір есігі ашық болса,
Бір есігі жабық.
2735. Кедейдің дұшпаны — кедей,
Ханның дұшпаны — хан.
2736. Кедейдің кербезінен сақта!
2737. Кедейдің кербезінен сақтан,
Әйелдің әсемінен сақтан.
2738. Кедейдің қоржыны толса да, көзі тоймас.
2739. Кедейдің сүйген тамағын кім берер.
2740. Кедеймін деп қысылма,
Өнерің болса қолыңда.
Өнерлінің ырысы,
Жарқырап жатар жолыңда.
2741. Кезген аяқ боқ басар.
2742. Кезі келсе, кетпен шап.

2743. Кей жаманнан жақсы туар, адам айтса нанғысыз,
Кей жақсыдан жаман туар, бір теріге алғысыз.
2744. Кейбіреу отының басын теңгеріп жүр,
Кейбіреу әкесінің басын алдына өңгеріп жүр.
2745. Кейбіреудің бойы пәс,
Кейбіреудің ойы пәс.
2746. Кейін кеткеннің келіні ұрлық қылады.
2747. Кейін қалсаң өмірден,
Келіскенің өліммен.
2748. Кек қатынға жарасар.
2749. Кекшіл болма, көпшіл бол.
2750. Келбеті келгеннен кеңес сұра.
2751. Келген дәулет, кеткен бейнет.
2752. Келгенге сүйінбе,
Кеткенге күйінбе.
2753. Келер кезек, терме тезек.
2754. Кел-кел десең, назы келер,
Кет-кет десең, өзі келер.
2755. Кел-кел көп болса,
Ит те салауатты болар.
2756. Келмек — сүннет, қайтпақ — рахмет.
2757. Келін айғыр шықса, ене саяқ,
Үндемей ене отырар,
Арқасын жүкке таяп.

2758. Келін жақсы болса, немересі төтті.
2759. Келін жаман емес, келген жері жаман.
2760. Келін қадір білмейді, бетті көреді;
Қатын қадір білмейді, етті көреді.
2761. Келін қыз болмас,
Күйеу ұл болмас.
2762. Келін, келін, келін бақ,
Келмей жатып сөзін бақ.
2763. Келінге өкпе тисе, төбесі көкке тиеді.
2764. Келіннің аузы түскендей,
Баланың аузы үскендей.
2765. Келіннің аяғынан,
Қойшының таяғынан.
2766. Келіннің аяғынан,
Шопанның таяғынан.
2767. Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық.
2768. Келіннің өзі келгендей.
2769. Кем жесең, төрге шығарады,
Көп жесең, көрге.
2770. Кеме келгенде қайықшы судан шығады.
2771. Кемеші келсе, қайықшы қашады.
2772. Кемеші хан болды,
Біз нөкер болдық.
Тағдыр солай болды,
Біз су төгер болдық.

2773. Кемпір би болса,
Жер тар дер.
2774. Кемпірі бардың кәпірі бар.
2775. Кемтар болсаң, жоқ нәрсе де бар болар,
Менмен болсаң, бар нәрсе де жоқ болар.
2776. Кемтар керілмейді,
Мал-дүниеге берілмейді.
2777. Кең киім тозбас,
Кеңесте би озбас.
2778. Кең пейілді кемімес.
2779. Кең пейілдіге ас көп,
Менменге тас көп.
2780. Кең тон тозбас,
Кеңесті ақыл кемімес.
2781. Кеңге көмек, тарға зауал.
2782. Кеңес қылған ел озбайды,
Кең пішкен тон тозбайды.
2783. Кеңес естіден шығады,
Жүйрік бестіден шығады.
2784. Кеңескен іс озар,
Кеңессіз іс тозар.
2785. Кеңеспен пішкен тон келте болмас.
2786. Кеңесте кеңдік көп.
2787. Кеңесті іс келісе берер,
Кеңессіз іс кері кетер.

2788. Кештер болып туылсаң,
Қарға болып өлме.
2789. Кешшіксіз бақсы болмас.
2790. Кешіл болмасаң, болып қара.
2791. Керек тастың ауырлығы жоқ.
2792. Керуен кері айналғанда,
Ақсақ түйе алдан шығады.
2793. Керуенсіз жол құрысын,
Ақсақалсыз ел құрысын.
2794. Кері кеткеннің сақалы кеңірдегіне шығады.
2795. Кесімді малға өсім бар.
2796. Кет десең, ит де кетеді.
2797. Кеткен тамырыңды келсін десең,
Кетпен ал да, егін ек.
2798. Кетпеннің басын бассаң,
Сабы өзіңе тиер.
2799. Кеш бастаған кешігер.
2800. Кешке бұлт қызарса,
Қатыны ұл туғандай болар.
2801. Кешкі асқа қарама,
Ертеңгі асты тастама.
2802. Кештік өмірің болса, түстік мал жи.
2803. Киген тоның ескірер,
Кидіргенің ескірмес.

2804. Қимесең де, тоның болсын,
Жемесең де, наның болсын.
2805. Киіз жамылған су болмас.
2806. Киіз иісе — бөлек, арба иісе — көпшік.
2807. Киіз сатсаң, көршіңе сат,
Бір шетінде өзің отырасың.
2808. Киім суықтан сақтайды,
Әдептік ұяттан сақтайды.
2809. Киімі жаманды ит қабады,
Білімі жаманды Тәңірім табады.
2810. Колхоз малы кімдікі,
Кім жұмыс істесе, соныкі.
2811. Колхозың алда,
Ауызың балда.
2812. Көпсінген азға жекірет.
2813. Көбелек гүлді сағынар.
2814. Қаз бен үйректің панасы — көл,
Жесір мен жетімнің панасы — ел.
2815. Көз жұмбай дария кешпек жоқ.
2816. Көз көрмегенге күдік келтірме,
Күдік — өтіріктің, жаланың бір түрі.
2817. Көз — қорқақ,
Қол — батыр.
2818. Көз майы таусылғанша білім ал,
Қызықпа, алдамшы ғой алтын, мал.

2819. Көзсіз қыранға жарасады.
2820. Көзбен көрмей, құлақпен естімей нанба.
2821. Көзден кетсе, көңілден кетер.
2822. Көзінше мақтағанша,
Көтеріп отқа сал.
2823. Көзің ауырса, қолың тый.
2824. Көзің ауырса, қолың тый,
Ішің ауырса, аузың тый.
2825. Көзің шоқыға кетсе,
Артың бахар шақырар.
2826. Көзіңді сүзіп сөйлегенше,
Көк желкесін үзіп сөйле.
2827. Көкке түкірсе, жүзіңе түсер.
2828. Көктегі жұлдыз жиылса,
Бірдей туған айдай жоқ.
Өңкей жарлы жиылса,
Жаңғыз үйлі байдай жоқ.
2829. Көктем гүлмен көркем.
2830. Көктемгі өрекет,
Күзгі берекет.
2831. Көктемгі егіс егіншіге үлкен сын.
2832. Көктен киіз жауса, құлға ұлтар тимейді.
2833. Көкірек ауру күле кетер.
2834. Көкіректе ақыл болмаса,
Көз — шалбардың жыртығы.

2835. Көл көлге құяр,
Шұқанаққа зат та жоқ.
2836. Көлдің атын балық шығарады,
Балықтың атын халық шығарады.
2837. Көлдің құты кетсе,
Көкқұтан бір жыл бұрын кетеді.
2838. Көлдің сазаны кетсе, табаны қалады,
Қопаның жолбарысы кетсе, қабаны қалады.
2839. Көл-көсір аң шөлде болар,
Көреген мерген елде болар.
2840. Көлмін деп көпіресің,
Ішінде бір балығың жоқ.
2841. Көнектен шошыған бие оңбас,
Көптен бөлінген үй оңбас.
2842. Көңіл — дария,
Көз — найза.
2843. Көңіл бөлген қыл бөлер.
2844. Көңіл жетсе, бөріне жетер.
2845. Көңіл — жүйрік.
2846. Көңіл кірін айтса, кетер,
Көйлек кірін жуса, кетер.
2847. Көңіл қартаймас, көз қартаяр.
2848. Көңілі ашықтың қолы ашық.
2849. Көп ақымақтың ағасы болғанша,
Көп ақылдының інісі бол.

2850. Көп алып зая болса, қайтесің,
Аз алып мая болса, қайтесің.
2851. Көп атқанмен мерген болмас,
Көп айтқанмен шешен болмас.
2852. Көп ауыз сөйлесе, бір ауыз жоқ болады.
2853. Көп беріп, көргендіден қыз алсаң,
Тік тұрып мейманына қызмет етер;
Аз беріп, көргенсізден қыз алсаң,
Байының қойнына бір жатқанын міндет етер.
2854. Көп біледі деген күледі,
Өзім білем деген өледі.
2855. Көп білсең де, көптен артық білмейсің.
2856. Көп біліп, түк тындырмайтын адамнан,
Аз біліп, көп тындыратын қыңыр кісі артық.
2857. Көп біріксе, ел болар,
Көп тілегі көл болар.
2858. Көп жасаған білмейді,
Көп оқыған біледі.
2859. Көп жасаған білмейді,
Көп жүрген біледі.
2860. Көп жасаған білмейді,
Көпті көрген біледі.
2861. Көп жасаған білмес,
Көп қыдырған білер.
2862. Көп жиылса, жоқ табылады.
2863. Көп жортқан түлкі терісін алдырады.

2864. Көп жұмысқа қиналсаң,
Машақатқа тап боларсың,
Азға қанағат етпесең,
Оған да зар боларсың.
2865. Көп көмек тілемейді.
2866. Көп көмектесе, қонақ аттандырады.
2867. Көп көмектесе, құрметпен су ішеді.
2868. Көп күлген бір жылар.
2869. Көп қарттың ішінде бір бала болса, дана болар,
Көп баланың ішінде бір қарт болса, бала болар.
2870. Көп қорқытады, терең батырады.
2871. Көп мақталғанның бәрі көркем емес.
2872. Көп сөз — боқ сөз,
Аз сөз — рас сөз.
2873. Көп сөз — көмір,
Аз сөз — алтын.
2874. Көп сөз өсекке жүк.
2875. Көп сөзден бір сөз —
Ұзын сөздің қысқасы.
2876. Көп сөйлеген иә жолдасынан,
иә құрдасынан айрылады.
2877. Көп табылса, жоқ табылады.
2878. Көп түйелі кісі қырға шығады,
Бір түйелі кісі несіне шығады.

2879. Көп түкірсе, көл болады.
2880. Көп тілегі — көл.
2881. Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел.
2882. Көп ішінде аз болсаң,
Әр нәрсе түсер ойыңа.
Ел ішінде жоқ болсаң,
Мін тағылар бойыңа.
2883. Көпке жүгірген адам құр қалады.
2884. Көп,
Көптің дәмі жоқ.
2885. Көпке күлкі керек,
Тазыға түлкі керек.
2886. Көп қорқытады,
Терең батырады.
2887. Көпке тентек — Құдайға шет.
2888. Көпке ұнаған Құдайға ұнайды.
2889. Көппен көрген ұлы той,
Жалғыз жаладан сақтасын.
2890. Көпті жамандаған көмусіз қалар.
2891. Көпті жамандаған көңілсіз қалсын.
2892. Көптік қайда болса, тоқтық сонда.
2893. Көптің аузы темір талқа.
2894. Көпшілікке істеген мақсатқа жетер.

2895. Көрген жерің алыс емес,
Көтерген жүгің ауыр емес.
2896. Көрген жоқ болса,
Есіткен — куә.
2897. Көрген көргенді айтады,
Көсеу түрткенді айтады.
2898. Көргеннен көрмегенің көп.
2899. Көргеннің алысы жоқ,
Көтергеннің ауырлығы жоқ.
2900. Көргенсіз дегенге ашуланба, көрмей білмессің.
2901. Көрдім деген — көп сөз,
Көрмедім деген — бір сөз.
2902. Көре-көре көсем болар,
Сөйлей-сөйлей шешен болар.
2903. Көрмес түйені көрмес,
Білмес Құдайды білмес.
2904. Көрмесе — жат,
Көрмесе — ұят.
2905. Көрнекті ісің үлгі болады,
Көрнексіз ісің күлкі болады.
2906. Көрпесіне қарай көсіледі.
2907. Көршілес байың болсын,
Жетіп барып келер ақсақ тайың болсын.
2908. Көршіңді ұры деме,
Өзіңе өзің ықтиятты бол.

2909. Көрік көрмейді.
2910. Көрік тойда керек,
Махаббат күнде керек.
2911. Көріксіз қыз тұзсыз нанмен тең.
2912. Көрікті тоның өзіңе,
Тәтті асың өзгеге.
2913. Көрінгенде бармасаң, көз ұшына кетеді,
Көздейінде тікпесең, күптей болып кетеді.
2914. Көрінгеннің алыстығы жоқ,
Көтергеннің ауырлығы жоқ.
2915. Көрініп тұрған үйіңнен,
Көрінбей тұрған бұлт жақын.
2916. Көріп алған көріктіден,
Көрмей алған текті артық.
2917. Көріп алсаң, көрікті ал,
Көрмей алсаң, тектіні ал.
Таба алсаң, таспа сыртты құбаны ал,
Ең таппасаң, азбас-тозбас қараны ал.
2918. Көріп көріктіні алғанша,
Көрмей тектіні ал.
2919. Көсеу ұзын болса, қолың күймес.
2920. Көсеуің ұзын болса, қолың күймес,
Ағайының көп болса, адам тимес,
Біреп інің болмаса, ағайының сүймес.
2921. Көсеуің ұзын болса, қолың күймес,
Ағайының көп болса, ешкім тимес.

2922. Көтерем деп түйеден безбе,
Салтанатың емес пе!
Тебеген деп биеден безбе,
Қос қанатың емес пе!
2923. Көтін сүрте алмаған қолын боқ қылады.
2924. Көш мәнісін білмеген,
Көшкенде көлік өлтірер.
2925. Көш мәнісін білмеген,
Көшсе, көлік өлтірер.
Сөз мәнісін білмеген
Сөзді өзіне келтірер.
2926. Көше білмеген көлденең жолдан өтеді.
2927. Көше білмес жамандар,
Көшсе, көлік өлтірер.
Сөйлей білмес жамандар
Сөзді өзіне келтірер.
2928. Көшермен болса, жұрт жаман.
2929. Көшкен елдің көмегі болса,
Еру елдің еңбегі бар.
2930. Көшкен жұрттың қадірі қонғанда өтер.
2931. Көшкенде көлік тимеген,
Қонғанда мініп отырады.
2932. Көшпес бұрын көршіңді сұра.
2933. Көштіге Тәңір жоқ.
2934. Көшік бұзар, болмаса көшіп бұзар.
2935. Куәлі істі куә табар,
Куәсізді күмән табар.

2936. Күз болары көктемнен мәлім.
2937. Күз жемісімен семіз.
2938. Күздік ексең, үздік ек.
2939. Күйеу — жүз жылдық,
Құда — мың жылдық.
2940. Күйеу атымен күл тасы.
2941. Күйеу келсе, қызарар.
2942. Күйрегеннен күйген артық.
2943. Күйінген кісіден күй шығады.
2944. Күле кіргеннен без,
Күңірене шыққаннан без.
2945. Күле кіріп күңіренгеннен сақта,
Ер болып жау болғаннан сақта.
2946. Күле кіріп, күңірене шыққаннан сақта,
Тозақтың отынан,
Орыстың сотынан сақта.
2947. Күлме досыңа, келер басыңа.
2948. Күліп кіріп, күңіреніп шыққаннан сақтан.
2949. Күмән иманнан айырар.
2950. Күмәнді істі пара ашар.
2951. Күміс күнге жетсе,
Алтын аяғымен кетер.
2952. Күндес қатын күнде ауру,
Тамағы сау, өзі ауру.

2953. Күн бұрын сепсең,
Апта бұрын орасың.
2954. Күн көрмеген күн көрсе,
Күндіз шырақ жандырар.
Мал бақпаған мал тапса,
Кісіні көзге алмайм дер.
2955. Күн күркіресе, жер иір,
Жер иісе, мал иір.
2956. Күнәні де ер қылады,
Таубаны да ер қылады.
2957. Күнәні кешіру — күнөдан ауыр.
2958. Күнде етке тойсаң, бөлерсің,
Аптада бір ет жемесең, өлерсің.
2959. Күнде күміс жылтырар.
2960. Күнде тойсаң, бөлерсің,
Аптада бір тоймасаң, өлерсің.
2961. Күндердің күні болғанда,
Қарағай басын шортан шалады.
Түркістанның түбін түйе шалады.
2962. Күндес көргеннің қызын алма.
2963. Күндес күнде өш.
2964. Күндес қатын күнде ауру,
Қала берсе, түнде ауру.
2965. Күнде тойсаң, бөлерсің,
Аптада бір тоймасаң, өлерсің.
2966. Күндесті болғанша,
Күнің басқа болсын.

2967. Күндесті болсаң бол, ойнасты болма.
2968. Күндестің күлі күндес.
2969. Күндіз ұрлап көтіңе тығамысың,
Түнде ұрлап бетіңе тығамысың.
2970. Күнің бір күн болса да, жорға мініп өт.
2971. Күңге күле қарасаң, көйлегіне жамау сұрайды,
Тағы суандық боз сұрайды.
2972. Күш есіктен кірсе,
Жол-жоралған түңліктен шығар.
2973. Күшті болса, күндігін табады,
Ақылды болса, жылдығын табады.
Ғалым болса, өшпейтін етіп,
Өмірінің шындығын табады.
2974. Күшті кісі шалып та жығады, көтеріп те жығады.
2975. Күшті кісі алып та жығады, шалып та жығады.
2976. Күштіге сиынсаң, Тәңірге сиын.
2977. Күштімен күреспе,
Баймен тіреспе.
2978. Күштімен ұрыспа,
Әкіммен тұрыспа.
2979. Күштінің көті тиірмен тартар.
2980. Күші толық күндігін табады,
Білімі толық жылдығын табады.
Білім мен күшті біріктірсе,
Орын теуіп еңбегі жанады.

2981. Күшіне сенген құстай ұшады,
Дұшпанына сенген мұрттай ұшады.
2982. Күші болса, күндігін табар,
Ақылды болса, жылдығын табар.
Ғалым болса, өшпейтін етіп,
Өмірінің шындығын табар.
2983. Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен.
2984. Күшіңе сенбе, ісіңе сен.
2985. Кілем көркі — нақыш.
2986. Кім бай боламын дейді,
Құдайы қаламайды.
Кім би боламын дейді,
Халаны қаламайды.
2987. Кім батыр болмайын дейді,
Жүрегі дауаламайды,
Кім бай болмайын дейді,
Құдай қаламайды.
2988. Кім жұмыс істесе, сол тоқ.
2989. Кімде ынтымақ, сонда бақ.
2990. Кімде-кім өмір сабағын жаттай алмаса,
Оны үйретем деген ұстаздікі далбаса.
2991. Кімді қор тұтсаң, сонан бар тұтарсың.
2992. Кімнің жерін жерлесен,
Соның жырын жырларсың.
2993. Кімнің жерінде болсаң, соның жырын жырла.
2994. Кірсіз — Ай,
Мінсіз — Құдай.

2995. Кісі ақылымен бай болғанша,
Өз ақылыңмен жарлы бол.
2996. Кісі аласы — ішінде,
Жылқы аласы — сыртында.
2997. Кісі аты тершең,
Кісі киімі кіршең.
2998. Кісі баласы кісендесе де, тұрмас,
Өз баласы өзекке тепсе де, кетпес.
2999. Кісі баласы кісендесе де, тұрмас,
Өз балаң итерсең де, кетпес.
3000. Кісі берген кісіге ырыс болмас,
Өзіңе оттай ыстық.
3001. Кісі бергені кісіге арыз болмас.
3002. Кісі болар баланың
Кісіменен ісі болар.
Кісі болмас баланың
Кісіменен несі бар.
3003. Кісі бұйымы кіршіл.
3004. Кісі елінде сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол.
3005. Кісі есен болса,
Қызықты көп көрер.
3006. Кісі есігі тоң есік,
Ерітпекке ер керек.
3007. Кісі есігі тоң,
Ерітуге ер керек.

3008. Кісі қандай болса, асы сондай.
3009. Кісі қатасыз болмас,
От түтінсіз болмас.
3010. Кісіге бақ қонбаса,
Есекке делдал болмайды.
3011. Кісідегінің кілті аспанда.
3012. Кісімін дейсің,
Басқа іс түскенде білерсің.
3013. Кісінің қазба көрін, түсерсің өзің.
3014. Кісінің түймедей ісін көргенше,
Өзіңнің түйедей ісінді көр.
3015. Кісінің үлкен міндеті,
Ол арттырған құрметі.
3016. Кітап — қаймақ,
Білім — оймақ.
3017. Кішкене екен бойы деп,
Сұрағанын бермей кетпе.
Кішкене екен үйі деп,
Ретінде кірмей кетпе.
3018. Кішкене қатын — жасқаншақ,
Жаман қатын — сасқалақ.
3019. Кіші қатын — кісі қатыны.
3020. Кішік болсаң, ұлық боларсың.
3021. Кішіні алдап үйренгеннің
Үлкенге де тісі батады.

3022. Кішіні үлкен десең, үлкенге жетер.

3023. Кішіпейілділік кісінің көркі.

Қ

3024. Қадір білмес жақыннан,
Қадірменді жат артық.

3025. Қадірлі болғың келсе,
Қонаққа анда-санда бар.

3026. Қаз кетсе, үйрек көлді иеленер.

3027. Қаз шөлде жүрсе де,
Көзі көлде болар.

3028. Қаза қас пен көздің арасында.

3029. Қазаға риза, пәлеге сабыр.

3030. Қазақ ауылы қарайлас.

3031. Қазақ байыса, қатын алады,
Сарт байыса, там салады.

3032. Қазақ байыса, қатын алар,
Ноғай байыса, үй салар.

3033. Қазақ байыса, қатын алар,
Мишер байыса, үй салар.

3034. Қазақ бар жерде анап бар.

3035. Қазақ жаманы орыс бола алмайды,
Орыс жаманы қазақ бола алмайды.

3036. Қазақ жаманы сарт болар,
Сарт жаманы порт болар.

3037. Қазақ қартайса, түйе бағады,
Қарақалпақ қартайса, томар қазады.
3038. Қазақ мал танымас,
Сарт май танымас.
3039. Қазақ мал танымас,
Сарт план танымас.
3040. Қазақтың айраны көп,
Орыстың байрамы көп.
3041. Қазақтың екі өгізі,
Ағып жатқан суды тоқтатыпты.
3042. Қазақтың мінгенін ал.
3043. Қазан асылса, тамақ пісер,
Әйтеуір, бір ошақтан түсер.
3044. Қазанға жақын жүрме, қарасы жұғады,
Балаға жақын жүрме, бөлесі жұғады.
3045. Қазанға тиме, қарасы жұғар.
Балаға тиме, пөлесі жұғар.
3046. Қазаннан қақпақ кетсе,
Иттен ұят кетер.
3047. Қазаны басқаның қайғысы басқа,
Көкірегі басқаның жаны басқа.
3048. Қазы менен қарта жедім, аузымда жоқ,
Мақпал менен парша кидім, иінімде жоқ.
3049. Қазы нәсілі қарта-ды,
Негізіне тартады.
3050. Қайғылы қара биің болса, халқың озбас,
Қайырлы байың болса, аш, арығың тозбас.

3051. Қайғыны жеткен алады,
Жарлыны кеміткен алады.
3052. Қайғың болса, ханға бар,
Қарның ашса, байға бар.
3053. Қайғысыз қара суға семіреп.
3054. Қайғысызға қара су — ас.
3055. Қайқайып тұру терекке жарасар.
3056. Қайраны жоқ көлден без,
Қайырымы жоқ елден без.
3057. Қайратты ер қамал бұзады,
Қамалды да амал бұзады.
3058. Қайратты ерде мал тұрар,
Өнерлі ерде бақ тұрар.
3059. Қайраты бар кісінің,
Ләззаты бар ісінің.
3060. Қайратыңа әдісінді жолдас ет,
Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.
3061. Қайратыңа әдісінді жолдас ет.
3062. Қайта ашатұғын есігінді қатты жаппа.
3063. Қайта шапқан жау жаман,
Қайтып келген қыз жаман.
3064. Қайтқан малдың қайыры бар.
3065. Қайтып келер есігінді
Қатты жауып кетпе.

3066. Қайтып кірер есікті қатты жаппа.
3067. Қайын енесі ас ішпес
Қабағын түйген келіннен.
3068. Қайындағы күйеуден қарғылаған ит артық.
3069. Қайындағы күйеуден қарғылаған тазы артық.
3070. Қайып Хиуаға хан болды,
Оразбегі сұлтан болды,
Бейбіт ел ойран болды.
3071. Қайырсыз байдан қайнатқан су артық.
3072. Қайыршының сүйген асын кім берер.
3073. Қайырымсыз болса, ханнан без,
Өткелсіз болса, судан без,
Асусыз болса, таудан без,
Пайдасыз болса, байдан без,
Панасыз болса, сайдан без.
3074. Қала жақсы болмағы ағашынан,
Бала жақсы болмағы нағашыдан.
3075. Қаламның ұшы мен найзаның күші бір.
3076. Қалауын тапса, қар жанар,
Қалауын таппаса, май да жанбас.
3077. Қалған көлге бақа айғыр,
Қатындарға жалшы айғыр.
3078. Қалған көңіл — шыққан жан,
Бұрынғыдай бітілмес.
3079. Қалжың түсінбегеннің қасында жүрме.

3080. Қалмақ жүрген жерде салмақ бар.
3081. Қалың жұртты жамандама,
Халық табады мініңді.
3082. Қалың тұманды жел ашар.
3083. Қалыңға құсың түспесін,
Жаманға ісің түспесін.
3084. Қалыңсыз қыз болса да,
Кәдесіз күйеу болмайды.
3085. Қалып сүймес халық сүйген,
Отқа да күймес, суға да батпас.
3086. Қалыпты қазан қайнамас,
Қайнаса да, қойылмас.
3087. Қалыңдығына өкпелеген
Қайынағасына сәлем бермейді.
3088. Қам қаймақ құстырмай қоймас.
3089. Қамқа тонның қадірін
Жамылып жатқан қарт білер.
3090. Қамшы жарасы жазылғанмен,
Сөз жарасы жазылмайды.
3091. Қан туысқандығынан
Жан туысқандығы көш артық.
3092. Қанағат қарын тойғызар,
Қанағатсыздық жалғыз атын сойғызар.
3093. Қандай шешен, мықты болса да,
Малсызды топқа салма.
Қандай жүйрік тұлпар болса да,

Жалсызды жолға салма.
Қандай сұлу, көркем болса да,
Арсызды қойныңа алып жатпа.

3094. Қансоқта жеген ит тоймайды,
Пара жеген би тоймайды.
3095. Қанша жуан болса да,
Жалғыз ағаш үй болмас.
Қанша жақсы болса да,
Жалғыз адам би болмас.
3096. Қанша тентек болса да,
Сарапқа, көпке тоқтайды.
Әділдікке бас иіп,
Намысын жоқтайды.
3097. Қанша тұлпар десе де,
Мініп болмас жалсызды.
Қанша білгіш десе де,
Халық сүймес малсызды.
3098. Қаңтар ауса, қар тұрмас.
3099. Қап толды, қанар толды,
Дорбам, саған не болды.
3100. Қапияда қатын ақыл табады.
3101. Қапта қалғанша,
Тапта қалсын.
3102. Қаптың түбі қағылды,
Қатын, саған не қылды?
3103. Қапыда қатын табады ақылды.
3104. Қара арғымақ арыса,
Қарға адым жер мұң болар.

3105. Қара арғымақтан жал кетсе,
Қарға адым жер мұң болар.
Қара көзден нұр кетсе,
Жарық күнің түн болар.
3106. Қара атым арыса, қарға адым жер мұң болар.
3107. Қара бет болып қашқаннан,
Қайрат көрсетіп өлген артық.
3108. Қара бет жазылмайды,
Жара бет жазылады.
3109. Қара кісінің ашуы келгенше,
Сары кісінің жаны шығар.
3110. Қара кісінің қаны шыққанша,
Сары кісінің жаны шығар.
3111. Қара қайыста соққан түйенің дағы кетпес,
Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес.
3112. Қара наннан қалаш жақсы,
Жаман ағайыннан алаш жақсы.
3113. Қара суда қаймақ болмас,
Қас шеберде оймақ болмас.
3114. Қараған қарап қалмас.
3115. Қарадан қан шыққанша,
Сарыдан жан шығады.
3116. Қарақшы қалыңды қысады,
жалғызды жаншады.
3117. Қаралардың таққа мінгені —
Бір-біріне құда түскені.

3118. Қарамай шелек тазармас,
Жаман адам түзелмес.
3119. Қарамық — дауасыз дерт.
3120. Қарамық өзін бау санар,
Төбе өзін тау санар.
3121. Қарамықтың дәні болғанша,
Бидайдың сабаны бол.
Жаман елдің жақсысы болғанша,
Жақсы елдің жаманы бол.
3122. Қараның хан болғаны —
Еліне бас болғаны.
3123. Қараңғыда қалтырағанша, жарықта жалтыра.
3124. Қарауылдың жаманы алдырып болып, өкінеді,
Балуанның жаманы шалдырып болып, өкінеді.
3125. Қараша хан тұсында,
Қатын ер тұсында.
3126. Қарға алғыр болса да,
Қаршығаның орнын баспас.
3127. Қарға баласын «аппағым» дер,
Кірпі баласын «жұмсағым» дер.
3128. Қарға қазға ұқсап жүрсе, бұты жыртылар.
3129. Қарға қарғаның көзін шұқымас.
3130. Қарға мақтанып сұңқар болмайды,
Есек мақтанып тұлпар болмайды.
3131. Қарғаның бір көзі оқта, бір көзі боқта.

3132. Қарғаға қазан ұстаттық,
Сауысқанға от жақтырдық,
О да болса Алланың әмірі.
3133. Қарғаның «қарқ» дегені өзіне қуаныш.
3134. Қарғаның жасын біліп болмас,
Кісі аласын танып болмас.
3135. Қарғаның жүзіне бір кесек,
Жаманның жүзі бірге есеп.
3136. Қардың басын қар алар,
Ханның басын хан алар.
3137. Қарияларды ардақтап, етсең құрмет,
Қартайғанда сені де етер ізет.
3138. Қарқылдап күлу, дарылдап сөйлеу —
дәрекілік белгісі.
3139. Қарлығаш — көктем нышаны,
Дегелек келді, жаз келді.
3140. Қармақ салмасаң, балық өзі келмейді
3141. Қарманған қарап қалмас,
Қармақ салған қартаймас,
Арғымақ мінген арымас.
3142. Қарманған қарап қалмас.
3143. Қарсысы кімнің бар болса, қасы соның қасында.
3144. Қарт атын мақтаған жауда қалады.
3145. Қарт атын мақтаған жолда қалар.
3146. Қарт қойнында қалаш бар.

3147. Қартайғанда көрі боз жорға шығарады.
3148. Қартайса, көрі төбет қораға үрмес,
Қосылып шалыменен кемпір дәурен сүрмес.
3149. Қартты сыйласа, құт болар.
3150. Қарты бардың құрты бар.
3151. Қарты бардың хаты бар.
3152. Қару-жарақ болмаса,
Жолға шығып не керек.
3153. Қары білгенді пері білмес.
3154. Қарызға ал да, қатын ал,
Қарызыңды өтерсің,
Қатының жаныңда қалар.
3155. Қарыздан да, қатын ал,
Қатының қалар жаныңда.
3156. Қарын тойса, қарта боқ сасиды.
3157. Қарынбайдың шекпені қапқа айналды.
3158. Қарыс жерге сүйем өтірік.
3159. Қас дұшпаны бар басынан айрылар.
3160. Қас жақсының белгісі —
Өз үйіне өзі құл.
Қас жаманның белгісі —
Өз үйіне өзі пұл.
3161. Қас жаманның белгісі —
қасындағысын қарақтайды.

3162. Қас жаманның белгісі —
Қасындағысын қарақшы дейді.
3163. Қас тентек қатынын мақтар,
Бас тентек баласын мақтар.
3164. Қас тентекте би болмас,
Қас жүйрікте күй болмас.
Қас жақсыда кек болмас,
Қас жаманда тек болмас.
3165. Қасапшыға мал қайғы,
Қара ешкіге жан қайғы.
3166. Қасқадан алаяқ туады,
Қотырдан қыршаңқы туады.
3167. Қасқыр тойғанына емес,
Қырғанына мәз.
3168. Қасыңның жылмиғанынан,
Досыңның түнергені артық.
3169. Қаталдық қартайтады,
Күлкі көркейтеді.
3170. Қатардан ассаң да,
Халықтан аспақ жоқ.
3171. Қатты жауған күн тез ашылады,
Қатты ашуланған адам тез басылады.
3172. Қатты жерге қақ тұрар,
Қайратты ерге бақ тұрар.
3173. Қатты жерге қақ тұрар,
Қайратты ерге мал тұрар.

3174. Қатты жерге қақ тұрады,
Қанды жерге қақ тұрады.
3175. Қатты жерде қақ тұрар,
Ынсапты елде бақ тұрар.
3176. Қатын — жапа,
Ит — опа.
3177. Қатын алма, қайын ал.
3178. Қатын алма, қайын ал,
Жақсы көрген тамырыңның
Атын алма, тайын ал.
3179. Қатын алма, қайын ал,
Жақсы көрген досыңның
Атын алма, тайын ал.
3180. Қатын алсаң, отын ал,
Бір құшағын артық ал.
3181. Қатын алсаң, отын ал,
Бір жағымын артық ал.
3182. Қатын алсаң, отын ал,
Бір жұлымын артық ал.
3183. Қатын бар да жоқ.
3184. Қатын бар жерде кәпір бар.
3185. Қатын бастаған ел қараң қалады.
3186. Қатын билік, қыз билік,
Бөрің жиылып Қыдырбайға килік.
3187. Қатын болсаң да, қарарлы бол.

3188. Қатын ер қасында,
Қараша хан қасында.
3189. Қатын ерге, ер жерге қарайды.
3190. Қатын ерден кетсе де, елден кетпес.
3191. Қатын жаманы байыменен ойнар.
3192. Қатын көп болса, шөмішті ит әкетеді.
3193. Қатын қалса, бай табар,
Бала қалса, мал табар.
3194. Қатын өлді — қамшының сабы сынды
3195. Қатын өтірік айтпайды, қағыс естиді.
3196. Қатын тілін қатын білер.
3197. Қатын оңса — қазына,
Оңбаса — қаза.
3198. Қатынға жақын жүрме, қарасы жұғады,
Балаға жақын жүрме, бөлесі жұғады.
3199. Қатынға қадырым жоқ, етімді көреді,
Ағайынға қадырым жоқ, бетімді көреді.
3200. Қатынды бастан тый,
Баланы жастан тый.
3201. Қатынды бастан,
Баланы жастан.
3202. Қатыннан асам дегенің —
Абырой шашам дегенің.
Қатынды жеңем дегенің —
Мезгілсіз өлем дегенің.

3203. Қатынның жақсы-жаманы
Қонақ келгенде білінеді.
3204. Қатының жаман болса,
Мейманың кетер.
Мейман кетсе,
Бұға-бұға кетерсің.
3205. Қатынсыз өту — қате.
3206. Қатыны өлген қызды ауылға қарай жылайды.
3207. Қатының жаман болса,
Жұрттың тыныштығынан не пайда!
Етігің тар болса,
Дүниенің кеңдігінен не пайда!
3208. Қауынның пөлегі ащы,
Түйнегі тұщы.
3209. Қауының ерте піссе,
Базардан нарық қаша ма?
3210. Қашағанның кесірі
Жусағанға тиеді.
3211. Қашқан жауға қатын ер.
3212. Қашқанның ізінен құма.
3213. Қашып кетсең, шашып кет.
3214. Қилы-қилы заман болар,
Қарағай басын шортан шалар.
3215. Қисық арба жол бұзады,
Шала молда ел бұзады.
3216. Қисық болса да, жол жақы,
Долы болса да, қыз жақсы.

3217. Қисық ағаш тез қасында жатпайды.
3218. Қисық, қыңыр, ілмиген жыңғыл да өседі.
3219. Қиял — ой қанаты,
Ой — тіл қанаты.
3220. Қоға мен қамыс тең бе,
Татулық пен намыс тең бе!
3221. Қоғалы қол, нар қамыс,
Айдын көлдей от жанар.
Пейілі жаман кісіні
Түйе үстінен ит қабар.
3222. Қожа аштан өледі,
Төре тамақтан.
3223. Қожамен көрші болсаң, «бер-бер» дейді,
Шебермен көрші болсаң, «көр-көр» дейді.
3224. Қожаң берсе, қойныңа сал.
3225. Қожаң берсе, қойныңа тық.
3226. Қой анасы оннан,
Жылқы анасы бестен.
3227. Қой асығы демей-ақ,
Қолыңа толса, сақа тұт.
Жасы кіші демей-ақ,
Ақылы асса, аға тұт.
3228. Қой баққан қорлық емес, құйрық жейді.
3229. Қой дегенде қоймасаң,
Қор болғанда қоясың.
3230. Қойлы бай — қорлы бай;
Жылқылы бай — сылдыр бай.

3231. Қой егіз тапса, шөптің басы айыр туады.
3232. Қой егіз туады,
Бірі қонаққа сойылады,
Бірі қошқар қойылады.
3233. Қой иесі бірге санаса,
Қойшы басқа санайды.
3234. Қой иесі бірге санаса,
Қойшы бірге санайды.
3235. Қой көрмеген қой көрсе,
Қуалап жүріп өлтірер.
Қыз көрмеген қыз көрсе,
Уалап жүріп өлтірер.
3236. Қой ұры, қойшы өтірікші.
3237. Қой ұрысы қорадан.
3238. Қой үріккен жағына жүрмейді.
3239. Қойды құртқа болдырады,
Елді сүлтік болдырады.
3240. Қойды шартық бүлдіреді,
Елді қортық бүлдіреді.
3241. Қойлы бай — қоралы бай,
Жылқылы бай — сылдыр бай.
3242. Қойшының қызы қой келгенде жүн түтеді.
3243. Қойшының қызы қой келгенде іс қылады.
3244. Қойын алдырып, қорасының аузын бекітер
(аңқау).

3245. Қойын жығар ойым жоқ,
Қуалап соғар байым жоқ.
3246. Қол жүйрігі асқа,
Тіл жүйрігі басқа.
3247. Қол қышуы қанбағанның
Таяқ тиер басына.
3248. Қолда өскен құнанның тай аты қалмас.
3249. Қолдамайтын қызыңнан
Судандағы сарт артық.
3250. Қолдан келген жұмысты
Кешіктірмеу дұрыс-ты.
3251. Қолы ойнағанның аузы ойнар.
3252. Қолымның сынығы бар жең ішінде,
Басымның тазы бар бөрік ішінде.
3253. Қолың көтермейтін шоқпарды беліңе байлама.
3254. Қолың майлы болса, басыңа сұрт.
3255. Қолыңа түскен дәулетті тұта біл.
3256. Қолыңнан келместі беліңе байлама.
3257. Қолыңнан келсе,
Қоқанға бар.
3258. Қомағайдың сыбағасы бір асым май.
3259. Қомағы жоқ су болмас,
Құдайы жоқ ел болмас.
Жағасы жоқ тон болмас,
Заңы жоқ жұрт болмас.

3260. Қонағы көп үйдің баласы тоқ.
3261. Қонағы көп үйдің қазаны құры тұрмайды.
3262. Қонағың болса мазасыз,
Аяғыңнан тозасыз.
3263. Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал.
3264. Қонақ аз отырып, көп сынайды.
3265. Қонақ әкеңнен қадірлі.
3266. Қонақ келсе, бала құтырады.
3267. Қонақ келсе есікке,
Жүгіріп шық, кешікпе.
Қарсы алмаса қонақты,
Кесір болар несіпке.
3268. Қонақ келсе есіктен,
Пәлекет шығар тесіктен.
3269. Қонақ келсе, ет пісер,
Ет піспесе, бет пісер.
3270. Қонақ мықты болса, қожасын билейді.
3271. Қонақ таңдап қонады.
3272. Қонақ тоймады демес, соймады дер.
3273. Қонақ үй иесінің...
3274. Қонаққа бармасаң,
Қонақ күте алмайсың.
3275. Қонаққа барсаң, нәпсіңді тый.

3276. Қонақтан аяғаның шайтанға бұйырап.
3277. Қонақтан сұрап бергенше, ұрып бер.
3278. Қонақты қолыңнан келгенше құрмет ет.
3279. Қонғанша қонақ ұялады,
Қонған соң үй иесі ұялады.
3280. Қоңсың соқыр болса,
Бір көзіңді қысып отыр.
3281. Қонымды киімді өзің ки,
Әуес етсін басқалар.
3282. Қоныс ақысын түйе қайтарады.
3283. Қоңсыңды ұры тұтпа,
Өзіңе-өзің ие бол.
3284. Қорада лақ туса, қырда шөбі өседі.
3285. Қораңда қой болмаса, жақсыдан ұят,
Үйіңде тамақ болмаса, қонақтан ұят.
3286. Қорғаған бақытың неғұрлым мол болса,
Батырлығың соғұрлым зор болады.
3287. Қорқақ қонар жерінен де қорқады,
Батыр жауын жеңгенше жортады.
3288. Қорқақ пен қорқақ қорықпай көрісер.
3289. Қорқақты көп құма, батыр болады.
3290. Қорықпас келін қой басынан қорқар.
3291. Қорқақтық бойға құт.

3292. Қорқақтың көзі үлкен,
Ақымақтың сөзі үлкен.
3293. Қорық Құдайдан, қайт райдан.
3294. Қорыққанға қос көрінер.
3295. Қорыққанның түбі жаман,
Қорықпағанның түбі жаман.
3296. Қос атпенен қол көбейеді,
Қозысыменен қой көбейеді.
3297. Қос қылыш қынға сыймас.
3298. Қостың кішісі болғанша,
Иттің күшігі бол.
3299. Қотыр қойдан да шүйкедей жүн шығады.
3300. Қотыр қолдан жұғар.
3301. Қотыр қышынып жүреді,
Қылмысты қысылып жүреді.
3302. Қошқар болар қозының
Маңдайлары дөң болады.
Жақсы болар жігіттің
Төңірегі кең болады.
3303. Қошқар болар қозының
Маңдайлары дақ болар.
Адам болар жігіттің
Төңірегі кең болар.
3304. Қошқар болар тоқтының
Маңдай жері дөң болар.
Адам болар жігіттің
Етек-жеңі кең болар.

3305. Қошқардың жайын мал баққан біледі.
3306. Қоянды ақсақ дегенің — қуам дегенің.
3307. Қоянды қамыс өлтіреді,
Ерді намыс өлтіреді.
3308. Қоянбилән ойнар, шаршарсың,
Отбилән ойнар, күйерсің.
3309. Қоянменен ойнама, пысарсың.
3310. Қоянның бойын көріп, қалжасынан түңіл.
3311. Қу бастан қуырдақ күткен.
3312. Қуанышқа сабырлық елітер,
Асығу күйініш келтірер.
3313. Қубас болар жігітке
Бедеу қатын душ келер.
Кедей болар жігітке
Өлетін ат душ келер.
3314. Қудан үйрен,
Сұмнан жирен.
3315. Қурай тартсаң, күй шығар,
Ағаш тартсаң, үй шығар.
3316. Қуыс үйден құры шықпа.
3317. Қуыстағы кісі май ішер,
Үйдегі кісі қан ішер.
3318. Құл арғымақ мінсе де, құлдың аты құл-ды,
Құба шекпен кесе де, ұлдың аты ұл-ды.
3319. Құлға қарасаң, көйлегіне жамау сұрайды.

3320. Құда болғанша құлы-биін сұрас,
Құда болған соң, құл да болса, сыйлас.
3321. Құда болмай, құл билігін сұра,
Құда болған соң, құл да болса, сыйла.
3322. Құда деген — Құдайдың аты.
3323. Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық.
3324. Құдағи сыйымен жарасады,
Қуырдақ майымен жарасады.
3325. Құдай азды-көпті берсе де,
Нығматына төубе қыл.
3326. Құдай берген әкімдер
Байсалды, халыққа құт болар,
Адам берген әкімдер ниетке қарай жұт болар.
3327. Құдай қарғайын десе, ақылыңды алады.
3328. Құдай малыңды алса да, пейіліңді алмайды.
3329. Құдай ұрған құдасымен қас болар.
3330. Құдайға садақаны бер де, тыйыл.
3331. Құдайға сиынған құстай ұшар,
Адамға сиынған мұрттай ұшар.
3332. Құдайдан көп тілесен, аздан айрыларсың.
3333. Құдайдан қорықпаған адамнан ұялмайды.
3334. Құдайдан қорықпағаннан қорық.
3335. Құдайдан сұрағанның екі бүйірі шығар,
Адамнан сұрағанның екі көзі шығар.

3336. Құдайдың іштен жортқаны болмаса,
Пенденің сырттан сүрткені жақпайды.
3337. Құдалық белгісі — сый, кит,
Қоныс белгісі — бейт.
3338. Құдалықтың белгісі — алмақ-бермек,
Татулықтың белгісі — бармақ-келмек.
3339. Құдандалының малы бір,
Айтулы достың жаны бір.
3340. Құданы Құдай қосады,
Досты періште қосады.
3341. Құданы Құдай қосады,
Үйірі басқаны ноқта қосады.
3342. Құданың құдасы — құнан қойдың сорпасы.
3343. Құдаң құрдасыңдай болсын,
Құдағиың ойнасыңдай болсын.
3344. Құдашамен құда ойнар,
Қу шөппен бәрі ойнар.
3345. Құдығына қарай қауғасы,
Базарына қарай саудасы.
3346. Құдыққа құлан жығылса,
Құрбақа құлағында ойнайды.
3347. Құл жиылып, бас болмас,
Құм жиылып, тас болмас.
3348. Құл құдасын табады.
3349. Құл құлды, шарифат жолды біледі.

3350. Құл құтырса, құдыққа қармақ салады.
3351. Құл құтырса, құдыққа түседі.
3352. Құлағың естігенді көзің көрер.
3353. Құлақ естісе, көңіл бөлер,
Көз көрсе, өзі келер.
3354. Құлан басына күн туса, құдығына қарамас.
3355. Құлан еді үйірім,
Ауырар еді бүйірім.
3356. Құлан қырда, құндыз суда.
3357. Құлан өз қағынан жібермейді.
3358. Құланға ерген шешекке аунар,
Доңызға ерген батпаққа аунар.
3359. Құланға ерген шиеге аунайды.
3360. Құланның жайылымы бір болғанмен,
Жусауы басқа.
3361. Құлға деген алғанды.
3362. Құлға құл десең, өлгісі келер,
Бекке құл десең, күлкісі келер.
3363. Құлдай жұмыс істесең,
Бектей жатып жейсің.
3364. Құлды «бәрекелді» өлтірер.
3365. Құлды жіберсең еркіне,
Күнде тышар бөркіне.

3366. Құлды көрсең, қолын ал.
3367. Құлды құл десе, өлгісі келеді,
Биді құл десе, күлгісі келеді.
3368. Құлды мақтансын десең, алысқа сат.
3369. Құлмен жеген құйқа құстырмай қоймайды.
3370. Құлын қырда болады,
Құндыз суда болады.
3371. Құлынды биеден құдықтағы су да артылмас.
3372. Құм жиылып, тас болмас,
Құл жиылып, бас болмас.
3373. Құм шөлмек мың күн сынбас, бір күн сынар.
3374. Құмға сиген білінбес,
Қызға берген білінбес.
3375. Құмға сиген білінбес,
Қызға берген көрінбес.
3376. Құмырсқаның тасқа басқаны Тәңірге аян.
3377. Құнажын көзін сүзеді,
Бұқа жібін үзеді.
3378. Құнтсыз жігіт ат мінсе,
Көсеуменен сабалар.
Батыр жігіт ат мінсе,
Ат аяғын тағалар.
3379. Құры қасық ауызды жыртар.
3380. Құралай бастаған киік оңбас,
Көш басшысы жоқ ел оңбас.

3381. Құралай бастаған киік оңбас,
Бозбала бастаған ел оңбас.
3382. Құралайды көзге атқан — мерген.
3383. Құратпайын десе, құрсақтағыны алады.
3384. Құрбысының асқанын құрдасынан біледі.
3385. Құрғақ қасық ауызға жұқпас,
Құрғақ сөз құлаққа жақпас.
3386. Құрмалас, құрмаласқан Құдай сақтаған.
3387. Құрметің — сәулетің,
Еңбегің — дәулетің.
3388. Құры аяққа бата жүрмес.
3389. Құры сөзге дуа жоқ,
Мың сіз-бізден бір шыж-быж.
3390. Құрыққа сырық жалғама.
3391. Құс алдынан қу келмес,
Мал алдынан құл келмес.
3392. Құс баласы Қырымға қарайды,
Ит баласы жырымға қарайды.
3393. Құс жисаң, бүркіт жи,
Қысқы тонды түлкі етер.
Жақсымен жолдас болсаң,
Дүниенді мүлік етер.
Жаманмен жолдас болсаң,
Ғалам бір жұртқа күлкі етер.
3394. Құс қанатымен ұшады,
Құйрығымен қонады.

3395. Құс қанатымен ұшып, аяғымен қонады.
3396. Құс қанатымен,
Ер атымен.
3397. Құс сеңгірге бір қонады.
3398. Құстың кішігі болғанша, иттің күшігі бол.
3399. Құтсыз құдыққа түссе, құм жауар.
3400. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады,
Құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады.
3401. Құтты қонақ келсе, мал егіз табады,
Құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады.
3402. Құнан атқа жеткізер,
Ат мұратқа жеткізер.
3403. Қыдыр дарымаған адам,
Есек базарына да делдал бола алмайды.
3404. Қыдырдың қасында болғанша,
Бұлақтың басында бол.
3405. Қыз бала әкесіне жұлдыз,
Шешесіне күн.
3406. Қыз бала өкпеші болса,
Қалың малы көп болады.
Ер бала өкпеші болса,
Ырысқа кесір болады.
3407. Қыз жаманы қонақасыға жарар.
3408. Қыз күнімде кимеген дамбалды
Кемпір болғанда кидім.

3409. Қыз күнінде бәрі жақсы,
Жаман қатын қайдан шығар.
3410. Қыз қылығымен көпке жағады.
3411. Қыз тілінбеген қарбызбен тең.
3412. Қызба, қызуың басылғанда қызарарсың.
3413. Қыз — басқа үйдің қызығы.
3414. Қызбен күреспе,
Қысырақпен жарыспа.
3415. Қызға бергенді қыдыры өтер.
3416. Қызға бергенді қыз өтер.
3417. Қызға қырық үйден тыю,
Қала берсе есік алдындағы күннен тыю.
3418. Қызға қырық үйден тыю,
Қала берсе қара күңнен тыю.
3419. Қызғанған қызыл итке жем болар.
3420. Қызғаншақтың іші тар,
Болмас онда ұят-ар.
3421. Қызды балам деген босаға ұстар.
3422. Қызды ел өсекшіл,
Ешкілі қой өреген.
3423. Қызды қартша сына, атты жігітше таңда.
3424. Қыздың ең жаманы ат жеміне жарайды.
3425. Қыздың көзі қызарғанда.

3426. Қыздың көркі — киім.
3427. Қыздың малы — қардың суы.
3428. Қыз — қылығымен.
3429. Қызмет ет те, міндет ет,
Қызмет ердің хақысы.
3430. Қызмет қыл да, міндет қыл.
3431. Қызметтің жөні бір басқа,
Достықтың жолы бір басқа.
3432. Қызы бар ауылдың Қыдыры бар.
3433. Қызы бар қызылға тоймас.
3434. Қызы бардың назы бар.
3435. Қызы бардың назы бар,
Ұлы бардың дәулеті бар.
3436. Қызым саған айтам, келінім, сен есті.
3437. Қызым үйде, қылығы түзде.
3438. Қызымның баласы,
Баладан тәтті анасы.
Баламның баласы,
Қара жылан анасы.
3439. Қызың қылықты болсын,
Ұлың білікті болсын!
3440. Қисық арба жол бұзар,
Дүмше молла дін бұзар.
3441. Қылжақбас ақыл үйретер.

3442. Қылмыс қияметке бармайды.
3443. Қылмысы жаманды Құдай табады,
Жүрісі жаманды ит қабады.
3444. Қылығын көрсетсе, қызыл киер,
Жағынар болса, жасыл киер.
3445. Қылыш қынсыз болмас,
Алтын қожасыз болмас.
3446. Қылыш тоттанса, іс бұзылар,
Кісі тоттанса, тұқымы тыңшы болар.
3447. Қылышты сермей алмаған өзіне тигізер.
3448. Қымызды кім ішпейді,
Қызды кім сұрамайды.
3449. Қырғауылдың шөжесі,
Шеттегенін қоймайды.
3450. Қырғыздың қырық жылдық сорпасы
аузыңды күйдіреді.
3451. Қырда бөрі ұлыса,
Үйдегі ит бауыры тырысар.
3452. Қырдағы қырғауылды қуамын деп,
Үйдегі тазыңнан айрылып қалма.
3453. Қырсыққан жігіт мал таппас,
Адасқан жігіт жол таппас.
3454. Қырық атан ұстама,
Қырық тамыр ұста.
3455. Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі.

3456. Қырық жыл қырғын келсе, ажалы жеткен өледі.
3457. Қырық кісі бір жақ,
Қыңыр кісі бір жақ.
3458. Қырықтан артық жас жоқ,
Қымыздан артық ас жоқ.
Қатыннан жаман қас жоқ,
Ұйқыдан жаман нас жоқ.
3459. Қырықтың бірі — Қыдыр.
3460. Қырықтың бірі — Қыдыр,
Мыңның бірі — уәлі.
3461. Қырықтың бірі Қыдыр болады,
Өзін жамандаған жатқа қор болады.
3462. Қыс айында құс сақта,
Құс қазанда қайнайды.
3463. Қыс келеді қылышын сүйреп.
3464. Қысқа жіп күрмеуге жетпейді.
3465. Қысқа жіп күрмеуге келмес,
Күрмеуге келсе де, байлауға келмес.
3466. Қыспаған көтте пәле бар.
3467. Қыста дайындайды,
Көктемде егеді.
3468. Қыстағы қар жерге ырыс,
Жердегі қар елге ырыс.
3469. Қыстай майлап, жаздай шапқан кетпенім,
Кетпен шауып мұратыма жеткенмін.

3470. Қысың тұманды болсын,
Ауруың тұмаулы болсын.

Л

3471. Лақ мүйізі сап болмас.

М

3472. Мазар тамы үй болмас,
Шаңдақ жерде аң болмас.
3473. Мазарың жақын болса да,
Базарың жақын болмасын.
3474. Май әулие,
Майсыз барсаң, жарылқар қай әулие.
3475. Май жесе, көкірек жәй болады,
Ет жесе, арық болады. .
3476. Майданға кіргеніңнен не пайда,
Жауға оқ атпаған соң.
Колхозға кіргеніңнен не пайда,
Еңбеккүн таппаған соң.
3477. Майданда сыналған елде өзіз.
3478. Майлаған қайысқа ит өш.
3479. Маймылдың басы ойнауға жетеді,
Ойлауға жетпейді.
3480. Майы жоқ, қаймағы жоқ шайың құрсын,
Қайырымы жоқ байың құрсын.
3481. Майы толған өтіріктен,
Қаны тамшылаған шындық артық.

3482. Мақардан бай шықса,
Бақырға пайда бермес.
Тентектен ұл туса,
Білгенге маза бермес.
3483. Мақал — сөздің атасы,
Уәде — ердің опасы.
3484. Мақал — сөздің мөйегі.
3485. Мақал атасы — сөз,
Мата атасы — бөз.
3486. Мақалсыз сөз ауыздықсыз қалған аттай болады,
Мақалды сөз ақ қағазға жазған хаттай болады.
3487. Мақсатты биік үшін шеккен машақат
Тез ұмытылады.
3488. Мақтаған жеткізер,
Шаққан өлтірер.
3489. Мақтамақшы болсаң, сақиды мақта.
3490. Мал — адамның бауыр еті.
3491. Мал аласы сыртында,
Адам аласы ішінде.
3492. Мал арыстанның аузында,
Түрікпеннің түбінде.
3493. Мал ашуы — жан ашуы.
3494. Мал баққанға бітеді,
Отын жаққанға бітеді.
Егін еккенге бітеді,
Жерін тауып сепкенге бітеді.

3495. Мал басқа бітеді,
Қына тасқа бітеді.
3496. Мал басынан байланады, адам тілінен.
3497. Мал бітпейді деп, ерден түңілме,
Шөп бітпейді деп, жерден түңілме.
3498. Мал — жаным садағасы,
Жан — арым садағасы.
3499. Мал жинағанша, шөп жина.
3500. Мал жисаң, қонысын тап,
Ас жисаң, ыдысын тап.
3501. Мал кедейлігінен ақыл кедейлігі жаман.
3502. Мал қайда?
Түркістанның түбінде,
Арысланның аузында.
3503. Мал құлыннан өсер,
Ақша тиыннан өсер.
3504. Мал малға жеткенше,
Өзірейіл жанға жетер.
3505. Малменен дәулет те бітеді,
Еңбек еткен мұратқа жетеді.
3506. Мал өсірсең, қой өсір,
Өнімі болар көл-көсір.
3507. Мал таппас адам болмас, құрарын айт,
Бала таппас қатын болмас, тұрарын айт.
3508. Мал таппас жігіт болмас, құрарын айт,
Ұл таппас қатын болмас, сұрарын айт.

3509. Малды тапқан бақсын,
Отынды шапқан жақсын.
3510. Малды тапқанға бақтыр,
Отынды алғанға жақтыр.
3511. Малдының беті жарық,
Малсыздың беті көн шарық.
3512. Малсыз үй болса болар,
Тамақсыз үй болмас.
3513. Малшының екі көзі жоқ,
Баланың бір көзі жоқ.
3514. Малы жоқ деп ерден түңілме,
Шөбі жоқ деп жерден түңілме.
3515. Малың жаман болса, сатып құтыласың,
Қатының жаман болса, қайтіп құтыласың.
3516. Малыңа тігілсең, пұл ет,
Дәніңе есік ашпа.
3517. Малыңды бақпаймысың аз да болса,
Баланды сүймеймісің таз да болса.
3518. Мәрт келмей, жұтқа жарымаймыз,
Қазы келмей, дауға жарымаймыз.
3519. Маскүнемнің қылығын мас болғанда көрерсің,
Дұшпаныңның қылығын қас болғанда көрерсің.
3520. Масқа хан жол беріпті.
3521. Мәрт майданда сыналар.
3522. Мәртебең биік болса,
Жұрт алыстан көреді.

Жақының да, жатың да,
Иіліп сәлем береді.

3523. Мәслихатсыз іс — орынсыз тәшпіш.
3524. Мәслихатты той бұзылмас.
3525. Мәуесі бардың әуесі бар.
3526. Мезгілсіз шақырған қоразды соймақ керек.
3527. Мезгілінде ексең, асыл тас өніп шығады.
3528. Мейман алдында мысығыңды «піш» деме.
3529. Мейіз жақпас ауруды,
Ащы дәрі түзетер.
3530. Мейір қойсаң, тас үстінде төс өсер.
3531. Мейірбанда дос көп.
3532. Мектеп — ғылым бақшасы.
3533. Мекірене емірену мерт келтіреді.
3534. Мен баудан келсем,
Ол таудан келеді.
3535. Мен де едім сендей,
Сен де боларсың мендей.
3536. Мен не деймін,
Қобызым не дейді.
3537. Мен өз жаныммен әуремін,
Молда менің малыммен.
3538. Менен кеткенше, иесіне жеткенше.

3539. Менмендігің туған анаңа да жақпас.
3540. Менменнің тобасы жүрмес.
3541. Менменнің тобасы қабыл болмас.
3542. Мерген ауда білінер,
Батырлық — жауда.
3543. Мердігер болсам, нетеді,
Жайлап жүрсең, күн өтеді.
3544. Мешкей семірмейді,
Ұры байымайды.
3545. Мешкей қазанның астына қарамай,
Жалтақтап үстіне қарайды.
3546. Мешкей құсынып асайды.
3547. Мешітің алыс болса да, мазарың жақын болсын.
3548. Миға ерген дене азбайды,
Милыға ерген ел азбайды.
3549. Миуалы ағашқа барлығы да қарайды.
3550. Миуасыз ағаштың бұтағы тік.
3551. Миуасын жеп, бауын сүрістірме.
3552. Михнат болмай, рахат болмас.
3553. Молда арбап алады,
Саудагер алдап алады.
3554. Молда ашықса, базар кезеді,
Сопысы жұтаса, мазар кезеді.

3555. Молда кетсе, артында хаты қалады.
3556. Молда көбейсе, қой арам өледі.
3557. Молда мен қожаның тілегі жаман,
Дүние жиған, өлімнен алған.
3558. Молдадан хат қалады,
Жақсыдан зат қалады.
3559. Молданы мазарда көр,
Делдалды базарда көр.
3560. Молданың қылғанын қылма, айтқанын қыл.
3561. Молданың тілі сынық,
Төрелінің тісі сынық.
3562. Молданың істегенін істеме, айтқанын істе.
3563. Молдасы жаманды жау алады.
3564. Молла анасынан үлкен.
3565. Молшылық болсын десең,
Құшырланып еңбек ет.
3566. Момын — жаманның інісі.
3567. Момынның есебін қу табады,
Қудың есебін Құдай табады.
3568. Мұзға сүйенбе, жауға сенбе.
3569. Мұзға сүйенбе, жауға сиынба.
3570. Мұрадан қалған мүлік тозады,
Мұрадан қалған өнер озады.

3571. Мұртына қарай ескегі,
Сабасына қарай піспегі.
3572. Мұрын жоқ болса,
Екі көз бір-бірін шоқиды.
3573. Мүләйімсіген молдадан қаш,
Ала шұбар жыланнан қаш.
3574. Мылқаудың тілін анасы білер.
3575. Мылтық көтергенмен ашуы болмас.
3576. Мың «ең», бізден бір шыж-мыж.
3577. Мың ділдө — бардың қалтасында,
Жоқтың аузында.
3578. Мың күн асырағанды
Бір күн ұрындырған өлтіреді.
3579. Мың күнгі ұжымақтан
Бір күнгі тірлік артық.
3580. Мың қосшыдан бір басшы.
3581. Мың сомың болғанша,
Мың досың болсын.
3582. Мыңбасыға мың берсең де, мыңқылдар.
3583. Мыңды айдаған да бірді мінеді,
Бірді айдаған да бірді мінеді.
3584. Мысық шаңырақтағы етті көріп сасық депті.
3585. Мысыққа ойын керек,
Тышқанға өлім керек.

3586. Мысықтан күшті жоқ тышқанға,
Шиқылдап кетеді қысқанда.
3587. Мінсіз мергеннің оғы да мүлт кетеді.
3588. Мітенің жаманы диірменнен де бүтін шығады.

Н

3589. Надан айтса, дана тыңдай береді.
3590. Надан достың достығы аюдай-ды,
Дұшпандығын достық тағы пайымдайды.
Достық қылдым дегені қастық болып,
Басты жаншып кетуден тайынбайды.
3591. Надан күзетеді,
Дана түзетеді.
3592. Надан кісі нанғыш.
3593. Надан молда дін бұзар.
3594. Наданға барып сөз айтсаң,
Ашылып қалар жыртығың.
3595. Надандық — балалық.
3596. Наданмен жүрме, кейін өкінбе.
3597. Наданнан басшың болса, жарға құлайсың.
3598. Наданнан ғалым ғибрат алыпты.
3599. Наданның бүкіл өмірінен
Ғалымның бір күні қымбат.
3600. Найман қу ма, шайтан қу ма?

3601. Нақыл — ақыл.
3602. Нақыл қайдан шығады, ой болмаса,
Киіз қайдан шығады, қой болмаса.
3603. Налыған жаман,
Бір сөйлеген жақсы.
3604. Намаз-жұмадан үмітің болса,
Бейсенбіде қимылда.
3605. Нан болса, шайнауға тіс табылар.
3606. Нан да нан, ұсағы да нан.
3607. Нан жемекші болсаң,
Отын тасудан ерінбе.
3608. Нан қадірін аш білер,
Киім қадірін — жалаңаш.
3609. Нан қадірін диқандай білсең,
Ардақты боларсың еліңе ертең.
3610. Нан қан болса,
Қан — жан.
3611. Нан молдығы — ел тоқтығы.
3612. Нан негізі — дән.
3613. Нан піскенше күлше күйеді,
Рас сөзге барлығы басын иеді.
3614. Нанға түйілсең, суға жүгір,
Суға түйілсең, көрге жүгір.
3615. Нанды еңбек табады.

3616. Нас басқанды ұйқы басады.
3617. Насқа тазалық жұқпайды,
Өмірге зиянын ұқпайды.
3618. Насыбай атқан кісінің тісін ұрып сындыр.
3619. Насыбайшыдан насыбай сұрасаң,
Мұрнын көтерер.
3620. Наубай жапқан нанын біледі,
Піскені мен қамын біледі,
Сатушы оның санын біледі.
3621. Наурыз — жыл басы, айдың аты.
3622. Наурыздан соң қыс болса,
Мизамнан соң жаз болмас.
3623. Нәмарт атасымен алысады.
3624. Нәмартқа жалынғанша,
Жомартқа жалын.
3625. Нәпсі деген бәледүр,
Жанған отқа саладүр.
3626. Нәпсісін тыя білген адам сұлтан болар.
3627. Не ексең, соны оарсың.
3628. Не тәтті — өмір тәтті,
Не ащы — өмір ащы.
3629. Негізі жаман алғанын жамандайды,
Туасы жаман туғанын жамандайды.
3630. Негізі қара ағармас.

3631. Негізі қисық түзелмес.
3632. Кісі болар баланың
Кісіменен ісі бар.
Кісі болмас баланың
Неменен ісі бар.
3633. Немере не берері:
Етін жеп, сүйегін берері.
3634. Несие жеме етті, қызартар бетті.
3635. Несие он сомнан нақ бір сом артық.
3636. Несиеге диуана да бата бермес.
3637. Несиеге маймыл да ойнамайды.
3638. Несиеден өнгені — диірменнен шыққаны.
3639. Несіп етсе, келер Шам мен Ирақтан,
Несіп кетсе, кетер қасы-қабақтан.
3640. Ниет етсең, шөптен де жақсылық табасың.
3641. Нөсер алдында найзағай жарқылдайды.
3642. Нұр — Ай сұлулығы,
Су — сай сұлулығы.
3643. Нысап сайын береке.
3644. Нысапсызға ерік берсең, елді талайды.

О

3645. О дүниеде бақыт тілесең,
Жұртты сыйла.

3646. Обаға шықсаң, көзің ашылады,
Жақсымен сыйласаң,
Білімің артылып, көзің ашылады.
3647. Ой көбеймей, қой көбеймейді.
3648. Ой ойласаң, көп ойла,
Алды-артын кең ойла.
Шат-шалағай болмасын,
Асықпастан кең ойла.
3649. Ойда барды тіл жеткізер,
Диқанды жер бақытқа жеткізер.
3650. Ойда он сиырдың мүйізі сырқыраса,
Қырда қырық сиырдың мүйізі сырқырайды.
3651. Ойдағы тазың аз ба,
Қырдағы тазың мұнда әкеп?
3652. Ойла, кейін сөйле.
3653. Ойлай берсең: ой да көп, сана да көп.
Ойнай берсең: ой да жоқ, сана да жоқ.
3654. Ойламағанның түбі — ойран,
Ойлағанның түбі — айран.
3655. Ойламай сөйлеу — көздемей атылған оқпен тең.
3656. Ойланбаған адам қарап жүріп сүрінер.
3657. Ойланбаған ми сасиды,
Шелекте тұрған су сасиды.
3658. Ойлап-ойлап бабалар,
Сөзді дүрге теңеген.
3659. Ойлап-ойлап жүйек алсаң,
Ойнап-ойнап суғарасың.

3660. Ойлауынша олақтың,
Күннің бәрі шолақ күн.
3661. Ойнақтаған бала от басады.
3662. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
3663. Ойнап, күліп ішкен ас
Шекер емей немене.
Ат жалынан тапқан мал
Бекер емей немене.
3664. Ойсыз өңмендеуін қоймас.
3665. Ойсыз, жігерсіз, білімсіз
Өмір кешкен қор болар.
3666. Ойшы ойлағанша,
Тентек ісін бітірер.
3667. Ойын түбі — от, ой түбі — алтын.
3668. Ойында озған,
Ішінде озар.
3669. Ойыңды қой да, еңбек ет,
Өмірің үшін дүние тап.
3670. Ойыннан от шығар.
3671. Ойыншының тамағы тоқ.
3672. Оқ жарасы бітер,
Сөз жарасы бітпес.
3673. Оқ жетпес жерге қылыш суырма.
3674. Оқи берсең, көзің ашылады,
Отыра берсең, жалқаулық басынады.

3675. Оқу — білім бұлағы,
Білім — өнер шырағы.
3676. Оқу — жапалы,
Ақыры — опалы.
3677. Оқу — инемен құдық қазғандай.
3678. Оқу ойдан артық емес.
3679. Оқу өрге тартады,
Надандық жерге тартады.
3680. Оқу — білім бұлағы,
Білім — өмір шырағы.
3681. Оқудың ерте-кеші жоқ.
3682. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.
3683. Оқыған жақсы,
Оқығаннан да ұққан жақсы.
3684. Оқығанның асығы алшы,
Оқудың ерте-кеші жоқ.
3685. Оқығанның беті жарық,
Білімсіздің беті шарық.
3686. Оқығанның қағазында хаты қалар,
Ұста болса, пышағы мен таты қалар,
Надан болса, артында несі қалар.
3687. Оқымай молда болған,
Шоқымай қарға болған.
3688. Оқып үйрен, ғалым бол,
Ең керегі — адам бол.

3689. Оқысаң, озарсың,
Оқымасаң, тозарсың.
3690. Ол сыйласа, сен де сыйла,
Әкеңнен қалған құл емес.
Ол сыйламаса, сен де сыйлама,
Ол патшаның ұлы емес.
3691. Олақ — сансыз тоқпақ.
3692. Олақ қатын «нан пісіремін» деп ұнды бүлдіреді.
3693. Олақтан салақ жаман.
3694. Олақтық жаман, одан да салақтық жаман.
3695. Омаштың он барғаны,
Маланың бір барғаны.
3696. Он бесте отау иесі.
3697. Он болса да, орны болсын.
3698. Он болса, орны басқа,
Қырықтың қылығы басқа.
3699. Оңбағанның үлкені оқығаннан да шығады.
3700. Опасыз адам Отанын сатады,
Атылған оқтан қарғысқа батады.
3701. Опасыз жардан опалы ит жақсы.
3702. Опасызға көңіл қойған — диуана.
3703. Ор қазғанша қасыңа,
Үй салғайсың досыңа.
3704. Ораза, намаз тоқтықта,
Иман қашар жоқтықта.

3705. Оразаға көшкен ермек.
3706. Ораздының баласы он бесінде «баспын» дейді,
Оңбағанның баласы отызында «жаспын» дейді.
3707. Ораздының баласы он бесінде «баспын» дер,
Кері кеткеннің баласы жиырмада «жаспын» дер.
3708. Орайы келсе, орақ ор,
Кезі келсе, кетпен шап.
3709. Орақта жоқ, масақта жоқ,
Қырманда бар.
3710. Орақта жоқ, масақта жоқ,
Қырманда дайын.
3711. Орамал тон болмайды, жол болады.
3712. Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды.
3713. Орманбет би өлген күн,
Он сан ноғай бүлген күн.
3714. Орны келгенде жаманға жалынарсың.
3715. Орнында бар оңалар,
Орнында жоқ жобалар.
3716. Ортаға түскенге алты таяқ.
3717. Ортақ өгізден оңаша бұзау жақсы.
3718. Ортаншыға оқ тимес,
Оқ тисе де, боқ тимес.
3719. Орынды мысқыл оттан да өткір,
Орнымен айтып, ақылмен жеткер.

3720. Орынды сөз — мың жылдық,
Орынсыз сөз — мылжыңдық.
3721. Орыс келді дегенше, ырыс келді.
3722. Орыс көп пе, орман көп пе?
3723. Орысқа сенбе,
Суға сүйенбе.
3724. Оспа кетсе де, қас қалар.
3725. Оспадарсыз ойын сындырар мойын.
3726. Осырсаң ұят кетіретпей,
Осырмасаң дерт кетіретпей.
3727. От басына өрт салма.
3728. От дегенмен ауыз күймес.
3729. От жақпа, пісерсің,
Ор қазба, түсерсің.
3730. От көрінген жаққа жүрме,
Ит үрген жаққа жүр.
3731. От түтінсіз болмас,
Жігіт жазықсыз болмас.
3732. Отамалы ұйлыққан сәуір сынды,
Қыс саратан заусанынан қорқамын.
3733. Отан қадіріне жетпеген,
Өз қадіріне де жетпес.
3734. Отан оттан да ыстық,
Жалыны бар шоқтан да ыстық.

3735. Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.
3736. Отанын сатқан ер болмас.
3737. Отаның тыныш — сен тыныш.
3738. Отаныңның ойраны — өміріңнің тозғаны.
3739. Отқа жолама, шаласы шұғар,
Қатынға жолама, бәлесі жұғар.
3740. Отқа келген қатынның
Отыз ауыз сөзі бар.
3741. Отлық жерде өгіз семілер,
Даулы жерде төре семілер,
Өлікті жерде молда семілер.
3742. Отпен ойнама, күйесің.
3743. Отты жаға алмаған көсеуін өртейді.
3744. Отты қозғаса, өшеді,
Қуды қозғаса, көшеді.
3745. Отты қозғасаң, өшер,
Қоңсыны қозғасаң, көшер.
3746. Отты уаласаң, өшірерсің,
Көршінді әңгіме қылма, көшірерсің.
3747. Оттың ісі — қуырмақ,
Желдің ісі — суырмақ.
3748. Отыз күн оразаның бір айы бар,
Әр қылған жақсылықтың бір қайты бар.
3749. Отыз тістен шыққан сөз
Отыз рулы елге жайылады.

3750. Отыз тістен шыққан сөз
Отыз рулы елге жетеді.
3751. Отыз ұлым болғанша,
Осырақ шалым болсашы.
3752. Отыз ұлым болса да, орны басқа.
3753. Отыз ұлың болғанша,
Бүкірейген шалың болсын.
3754. Отын деген шөп болар,
Жинай берсең, көп болар.
3755. Отын — олжа,
Су — қорлық.
3756. Отынды алғанға жақтыр,
Малды тапқанға бақтыр.
3757. Отырған қыз орын табар.
3758. Отырса, от басында,
Көшсе, көш басында.

Ө

3759. Өгізге түскен күн бұзауға да түседі.
3760. Өгіздің жаманы самиян қайырар.
3761. Өз ағасын ағаламаған,
Кісі ағасын жағалайды.
3762. Өз ағасын ағаламаған,
Кісі ағасын жағаламайды.
3763. Өз ағасын ағаламай,
Кісі ағасын сағалаған.

3764. Өз ақылын шамалаған қор болмас.
3765. Өз анады сыйласаң,
Өзгенің анасын да сыйла.
3766. Өз аузына өзі ие болмаған
Астындағы биесінен айрылар,
Жетегіндегі түйесінен айрылар.
3767. Өз балаң итерсең де, кетпес,
Кісі баласы кісендесең де, тұрмас.
3768. Өз балаң өзекке тепсең де, кетпейді,
Кісі баласы кісендесең де, тұрмайды.
3769. Өз басыңды дауға берсең де,
Жолдасыңды жауға берме.
3770. Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қылар.
3771. Өз білгеніңе ғана сене берме,
Білгендерден үйренуді жек көрме.
3772. Өз елінде сызу сызбаған,
Кісі елінде нақыш салыпты.
3773. Өз жылуын ойлаған
Өзгені қайдан білсін.
3774. Өз қадірін білмеген
Ер қадірін білмес.
3775. Өз қадірін білмеген
Отан қадірін де білмес.
3776. Өз отына қан құйған кісі,
Кісі отына май құймас.
3777. Өз өлтірмес,
Жат жарылқамас.

3778. Өз сүйгенің өзіңе,
Үр көрінер көзіңе.
3779. Өз туысың мал туыс емес.
3780. Өз ұятын білген кісі,
Кісіге төрелік береді.
3781. Өз үйім, кең сарайдай боз үйім.
3782. Өз үйің — өлең төсегің.
3783. Өз үйің, өлең төсегің — сабырлық.
3784. Өз үйінде асың болса,
Кісі үйінде қасың бар ма.
3785. Өз інінде көртышқан да көреген,
Өзіне істеген өкініш етер.
3786. Өзен жағалағанның өзегі талмас.
3787. Өзекті жанда өлім бар,
Өлеміз деген хаупім бар.
3788. Өзен суын жаңбыр тасытады,
Адам қадірін еңбек асыртады.
3789. Өзі айтып, өзі біткен жауды,
«Жаным» десең болмас па!
Алты ұл тапқан қатынды,
«Ханым» десең болмас па!
3790. Өзі бергеннің көзін ой.
3791. Өзі болған қыз төркінін танымас.
3792. Өзі жаман жігітті ат үстінен ит қабар.

3793. Өзі жаман өзгені жақсы демес,
Жақсы дейтін өзі де жақсы емес.
3794. Өзі жаман туған шешесінен көреді,
Дау айта білмеген төрешіден көреді.
3795. Өзі жарым баланың бұрыс ісін мақтама.
3796. Өзі жығылған көнбес.
3797. Өзі зордың иығы да зор.
3798. Өзі келген текенің
Өзін атпа, көзін ат.
3799. Өзі қылған өкінбес,
Көрінгендегі көмсе-дағы бекінбес.
3800. Өзі қарға болса да,
Бақ-дәулеті сай болса,
Жер жарады қаңқылы.
3801. Өзі қонақ болмаған, қонақты күте алмайды.
3802. Өзі қылған өкінбес.
3803. Өзі сыйласа, сен де сыйла,
Ол атаңның құлы емес.
Өзі сыйламаса, сен де сыйлама,
Ол патшаның ұлы емес.
3804. Өзі тоймағаннан сарқыт қалмас.
3805. Өзі тоймастың көзі тоймас.
3806. Өзі ұлық, ақылы шалшық.
3807. Өзі ұры жұрттың бәрін «ұры» дейді,
Өзі қары жұрттың бәрін «қары» дейді.

3808. Өзімдікі дегенде басын ұстар.
3809. Өзімдікі дегенде,
Өгіз қара күшім бар.
3810. Өзімдікі дегенде,
Өгіз қара күшім бар.
Кісінікі дегенде,
Анау-мынау ісім бар.
3811. Өзімдікі дегенде,
Өгіз қара күшім бар.
Кісінікі дегенде,
Болар-болмас ісім бар.
3812. Өзін ғана ойлаған — надандықтың белгісі,
Өзгені де ойлаған — адамдықтың белгісі.
3813. Өзін ер деп өзгені елемесе,
Қас жауынан соққы жер әлденеше.
3814. Өзін-өзі зор тұтқан кіші болар,
Өзін-өзі кіші тұтқан кісі болар.
3815. Өзінен тумай ұл болмас,
Сатып алмай құл болмас
3816. Өзінің елін таныған ер,
Әрбір істің қамын жер.
Өзінің елін танымаған
Намысын сатып, арын жер.
3817. Өзінің түйедей мінін көрмей,
Біреудің инедей мінін көрер.
3818. Өзің адам болғанша,
Иттің де қосын арт.
Өзің адам болған соң,
Итере тастап жүре бер.

3819. Өзің бола алмасаң, бір жақсының қосын жек.
3820. Өзің болғанша,
Иттің қосын жек.
Өзің болған соң,
Итере тастап кет.
3821. Өзің білме,
Білгеннің тілін алма.
3822. Өзің дуанасың, кімге пір боласың.
3823. Өзің жатық болсаң,
Ішкенің қатық болады.
Өзің құйық болсаң,
Ішкенің сұйық болады.
3824. Өзің өлсең өл, жолдастарыңды жауға берме.
3825. Өзің таппаған дүниенің қадірі жоқ.
3826. Өзің істеп, өзің же,
Арамдықпен нан жеме.
3827. Өзіңді жаттай сыйла,
Жат бойынан түңілсін.
3828. Өзіңді-өзің үлкен ұстап,
Ниетіңе жете алмайсың.
3829. Өзіңнен бір жас үлкеннің тілін ал.
3830. Өзіңнен жолдасың мықты болсын.
3831. Өзіңнен зорлар шықса,
Көзің сонда шығар..
3832. Өзіңнен зорлар шықса,
Көзіңнен сорлар шығар.

3833. Өзіңнен өзгені өулие біл.
3834. Өзіңнен тумай, ұл болмас,
Сатып алмай, құл болмас.
3835. Өзіңнің көлеңкеңнен шошынсаң сен,
Ұрыға сол себептен боласың жем.
3836. Өкпешінің үйіне бар.
3837. Өктем байдан — сәуірік,
Жарлыдан — байтал.
3838. Өлген арыстаннан тірі тышқан артық.
3839. Өлгенге жыламаймын,
Өзіме жылаймын.
3840. Өлгенде мақтап кешіне мен.
3841. Өлгенді кім айтса, өштесің сол болар.
3842. Өлгеннен дәме етпеген,
Құдайдан дәме етпейді.
3843. Өлгеннің артынан өлмек жоқ.
3844. Өлгеннің сөзін тірі алмайды,
Сырттағының сөзін үйдегі алмайды.
3845. Өлең — көңілдегі қуаныш,
Жабыққанға жұбаныш.
3846. Өлеңге енсе, сөз сұлу,
Аққу жүзсе, көл сұлу.
3847. Өлеңді жерде өгіз семіреді,
Даулы жерде би семіреді,
Өлімді жерде молда семірді.

3848. Өлерменнің көзі жаман,
Ақымақтың сөзі жаман.
3849. Өлерменнің өзінен де көзі жаман.
3850. Өлкенің көркі — мал болар,
Өзеннің көркі — тал болар.
3851. Өлушінің ажалы жетпесе,
Өлтірушінің қолы жетпес.
3852. Өлі — тірінің азығы.
3853. Өлі арысланнан тірі тышқан артық.
3854. Өлі арыстаннан тірі мысық артық.
3855. Өлі атаңның басыменен
Тірі атаңды қорқытпа.
3856. Өлік шыққан үйдің алдында жолбарыс жатады.
3857. Өлім кезек,
Дау қонақ.
3858. Өлім сұрағанға бейнет.
3859. Өлімнен ұят күшті.
3860. Өлімсіз дүние жоқ,
Өткелсіз кешу жоқ.
3861. Өліп, өскен мал жақсы,
Өлмей өскен бас жақсы.
3862. Өліп, өскен малға сүйін,
Өлмей өскен басқа сүйін.
3863. Өмір бере де біледі, ала да біледі.

3864. Өмір ойыншықтай арзан емес,
Жаққанын сатып алатын.
3865. Өмірде көп шәкірттің біреуі сіз,
Бірліксіз өсе алмайсыз бір өзіңіз.
3866. Өмірде із қалдыру балалықтан басталады,
Талабы бар еңбекке ерте бас ұрады.
3867. Өмірін өткізсе, үйреніп сабақ,
Ұстазы да, шәкірті де қуанбақ.
3868. Өміріңнің өткеніне өкінсең,
Келеріне бекінесің.
3869. Өнер — бақыт,
Ақыл — абырой.
3870. Өнер — жігіттің көркі,
Қалай жұмсаса, өзінде еркі.
3871. Өнер алды — бірлік,
Бұрыс алды — тірлік.
3872. Өнер алды — қызыл тіл.
3873. Өнер үйрен, өнерде бар түрлі сыр,
Жабық есік ашылады бірме-бір.
3874. Өнерді көп білген дана болар,
Өнерсіздің ісі шала болар.
3875. Өнерді үйрен,
Үйрен де жирен.
3876. Өнерлі адам ешкімге жалынбайды,
Жоққа сеніп «пері» деп табынбайды.
3877. Өнерлі бала сүйкімді.

3878. Өнерлі ер қор болмас,
Дос-дұшпанға зар болмас.
3879. Өнерлі жас аш болмас.
3880. Өнерлі өрге жүзеді,
Өнерсіз шөлге жүзеді.
3881. Өнерлі өрге жүзер,
Өнерсіз тұмсығымен жер сүзер.
3882. Өнерлі өрге жүзер.
3883. Өнерлі сүрінбейді,
Басы жерге иілмейді.
3884. Өнерліге өлім жоқ,
Жалқауға жарық жоқ.
3885. Өнерлінің аты шығады,
Өнерсіздің таты шығады.
3886. Өнерлінің өнерін үйрен,
Жақпаса, мінезінен жирен.
3887. Өнерлінің тірлігі оңынан келер,
Өйткені оның қолынан келер.
3888. Өнерлінің өрісі ұзақ.
3889. Өнерсізден қашып жүр,
Өнермен үлгі шашып жүр.
3890. Өніп-өскен мал жақсы,
Біліп өскен жан жақсы.
3891. Өңкей тентек ауыл болмас,
Итқауын — қауын болмас.

3892. Өңкей тентек жиылып ауыл болмас.
3893. Өрмекшіге қыл қуат.
3894. Өрісі жуық от оттайды,
Ауылы жуық ас ішеді.
3895. Өсек сөз өгізді де өлтіреді.
3896. Өсекке керең бол,
Ойға терең бол.
3897. Өсекке кірмесе, өсекшіл есепке кірмес.
3898. Өсекті қуа берсең,
Түсерсің құдыққа терең.
3899. Өсер елдің баласы
Бірін-бірі «батыр» дер,
Өшер елдің баласы
Бірін-бірі «қатын» дер.
3900. Өскелең талап бақытқа молықтырар,
Тіл ұзыны бөлеге жолықтырар.
3901. Өскен өнер досқа үлгі.
3902. Өскен теректің тамырын шаппа.
3903. Өсірсең ерке перзентті,
Сақалыңа жабысар.
3904. Өте жаман болмасаң,
Өте жарлы болмайсың.
3905. Өткелде түйенің үлкені таяқ жейді.
3906. Өткен бұлттан жаңбыр күтпе.

3907. Өткен күн ұшқан құспен тең,
Шақырсаң да, келмейді.
3908. Өткен өмір,
Қалған салауат.
3909. Өткен іске өкінбе,
Өкінгенмен жеткізбес.
3910. Өткен іске өкінбе, өміріңе зая.
3911. Өткенге өкінбе,
Жетпегенге қолыңды созба.
3912. Өткендердің үлгілі сөзін жатта,
Көңіліңе ой салар әр уақытта.
3913. Өткеннің орағын, кеткеннің кетпенін алма.
3914. Өткір пышақ қынға қас,
Өтірік сөз жанға қас.
3915. Өткір пышақ, семіз ат
Көздің нұрын келтірер,
Жаман қатын, шабан ат
Ажалдан бұрын өлтірер.
3916. Өтпегім таза болса, жолда жерім.
3917. Өтпес пышақ қол кесер.
3918. Өтпес пышақ қынға қас,
Өтірік сөз жанға қас.
3919. Өтірік айту кісілік емес,
Ол ерлердің ісі де емес.
3920. Өтірік айтып жағынғанша,
Шыныңды айтып жалын.

3921. Өтірік айтып, қара бет болғанша,
Шындықты айтып, жара бет бол.
3922. Өтірік айтып, пайда тапсаң,
Ақырында залал табарсың.
Рас айтып, залал тапсаң,
Ақырында пайда табарсың.
3923. Өтірік ауырғанды
Өтірік емдегеннің айыбы жоқ.
3924. Өтірік деген дұшпан бар,
Отқа сүйреп салады.
3925. Өтірік — Құдайдың дұшпаны.
3926. Өтірік құйрығы бір тұтам.
3927. Өтірік сөз жанға қас,
Өткір пышақ қынға қас.
3928. Өтірікші де төрге бір шығар.
3929. Өтірікші қалар ұятқа,
Расшы жетер мұратқа.
3930. Өтірікші Құдайдың досы.
3931. Өтірікші өлген кісіні куә етеді.
3932. Өтірікшінің өмірі қысқа.
3933. Өтірікшінің сөзі өрге баспайды,
Өрге басса, тек өсекші қостайды.
3934. Өтірікшінің сөзінен емес, көзінен біл.
3935. Өтірікшінің шын сөзі де өтірік.

3936. Өтірікшінің шын сөзі зайығ.
3937. Өтірікшінің шын сөзі зая кетер.
3938. Өш алғанға өкпе жоқ,
Кек алғанға мін жоқ.

II

3939. Падишаһлық балықта,
Балық жарақта.
3940. Пайданы басыңа қыл,
Басыңнан асса, досыңа қыл.
3941. Пайдасыз сөзге елікпе,
Пайдалы сөзден зерікпе.
3942. Панасы жоқ сайдан без,
Пайдасы жоқ байдан без.
3943. Парақордың табысына сенбе,
Айлакердің көз жасына сенбе.
3944. Парасатсыз пәлекетке жолығар.
3945. Парасатсыздықтың белгісі —
Байталын сатып, ат етер.
Досының көңлін қалдырып,
Дұшпанның көңлін шат етер.
3946. Патша ғалым болса, елі озады,
Патша залым болса, елі тозады.
3947. Патша залым болса, жұрт тозады,
Патша ғалым болса, жұрт озады.

3948. Патшаның баласы қоңыр болса,
Аяғыңмен басып өтпе.
Өзі болған жігітке, тесіп өтпе.
3949. Патшаның қолтығы кең, құрығы ұзын.
3950. Патшаң соқыр болса, бір көзіңді қысып өт.
3951. Пәлегі таза қауынның
Түйнегі таза болады.
Жүрегі таза адамның
Түйгені таза болады.
3952. Пәлегі ащы,
Түйнегі тәтті.
3953. Пәлен жерде алтын бар,
Барсаң бақыр табылмас.
3954. Пәлен жерде пайда бар,
Өз жеріңдей қайда бар.
Пәлен жерде бақыр бар,
Іздеп барсаң, түк те жоқ.
3955. Пейілің кең болса,
Берекең көп болады.
Табысың мол болса,
Мұқтажың жоқ болады.
3956. Перзентсіз адамның
Көңілінің хошы болмайды.
3957. Перзентің қос қанатың,
Орныңды басар жүрөтің.
3958. Пұл болса, шеңгел де сорпа.
3959. Пұл тапқанша, есеп тап.

3960. Пысық боламын деп жүріп, пұшық болма.
3961. Пышағынды шынымен бер,
Шынымен бермесең, қынымен бер.
3962. Пікір таласы — шындық анасы.
3963. Піл көтермегенді тіл көтереді.
3964. Пілдің ажалы тышқаннан,
Алмастың ажалы қорғасыннан.
3965. Пірсіздің пірі шайтан.
3966. Пісте қабығы кеме болмас,
Сары шақа теңге болмас.
3967. Пішілген тон тар келмес.

Р

3968. Рақаттың түбі кейіс,
Мехнаттың түбі кеңіс.
3969. Қолы ойнағанның аузы ойнайды.
3970. Растық жауған қардан, сауған сүттен ақ,
судан таза.

С

3971. Сабанда сайраспасаң,
Орақта ыңырасарсың.
3972. Сабасына қарай піспегі,
Мұртына қарай іскегі.

3973. Сабыр еткен, мұратына жеткен.
3974. Сабыр қылсаң, елден бітер,
Сабыр ұзағына жетер,
Сабырлы мақсатына жетер.
3975. Сабыр түбі — сары алтын.
3976. Сабыр түбі — сары алтын,
Сарғайған жетер мұратқа,
Сабырсыз қалар ұятқа.
3977. Сабырсыз бақсы жолда отырып, бал ашар.
3978. Сабырсыздық — шайтан ісі.
3979. Сағасыз су болмас,
Ағасыз ел болмас.
3980. Садақаны сауда бер.
3981. Саз да болса, жаз болсын,
Соқыр да болса, қыз болсын.
3982. Сазан балықтың миын жеген ақылды болады.
3983. Сайда саны көптің,
Қырда шаңы көп.
3984. Сақалды құл арымас.
3985. Сақина сөнге жатпас,
Құр айқай елге жақпас.
3986. Сақтаған көзге шөп түсер.
3987. Сақтағанын жесе, сағынғаны келер.

3988. Сақтанғанды Құдай сақтар.
3989. Сақтансаң, сақтармын.
3990. Сақтансаң, сақтармын депті Құда.
3991. Сақтансаң, сақтармын,
Бейқұт болсаң, не қылармын.
3992. Сақтықта қорлық жоқ.
3993. Салт атым, салбыраған қамшым.
3994. Салынды суға кетеді,
Сағым құған түбіне жетеді.
3995. Санақ санамай, сегіз деме,
Сынап-сынамай, дос деме.
3996. Сандуғаш гүлге ғашық,
Жігіт қызға ғашық.
3997. Саңырауға сәлем берсең,
Атаңның басы дейді.
3998. Саңыраудың астына түспе,
Мылқаудың қолына түспе.
3999. Сапалы мата сандықта жатып та тозады.
4000. Сапарға шықсаң, жолдасыңды ерт,
Қиыншылық кездесе, қолғабыс ет.
4001. Сапардың рақаты мен азабын
Жолға шықсаң, көрерсің.
4002. Сарала қаз көлін аңсайды,
Ер жігіт елін аңсайды.

4003. Сараңмен тамыр болсаң,
Барсаң үйден таптырмас,
Жетім баламен ауыл болсаң,
Кеткен малды қайырмас.
4004. Сараңның өзі тойса да, көзі тоймас.
4005. Сараңның сөбізі сарайдың түкпірінде жатады.
4006. Сарғая сақтасаң, қызара бөртерсің.
4007. Сардары зеңбірек ата білмесе,
Сарбазы садақ тарта білмес.
4008. Сарт байыса, там салар,
Қазақ байыса, қатын алар.
4009. Сарттың кигенін ал,
Қазақтың мінгенін ал.
4010. Сары маймысың,
Жүрекке дарымаймысың?
Көзің ағарғанда танымаймысың?
4011. Сары тоным сау болса,
Сайланып келер сары қыз.
4012. Сары май сасымас,
Бал айнымас.
4013. Сасқанда «ләшпай» табылмайды.
4014. Сасыған ауыздан борсыған сөз шығады.
4015. Сауда сақал сипағанша.
4016. Саудагер — қасық,
Ел — теңіз.

4017. Саудагер алдымен досын алдайды,
Өзгелерді сосын алдайды.
4018. Саудада достық жоқ,
Сәлемде борыштық жоқ.
4019. Сауданың түбі — борыш,
Шаруаның түбі — кеніш.
4020. Саулықтың жасы үлкен,
Ісектің басы үлкен.
4021. Саумал ішсең, қымыз жоқ,
Байтал мінсең, құлын жоқ.
4022. Сауысқан бір шоқып, қырық қорынады.
4023. Сауысқан сақтығынан өлмейді,
Сұқтығынан өледі.
4024. Сауысқан шоқығанменен тоқ болмайды.
4025. Сауысқандай сақ бол.
4026. Саяқ жүрсең, таяқ жерсің.
4027. Сәлем де парыз,
Әлік те парыз.
4028. Сәлемнің де сәті бар.
4029. Сәлемсіз кісі жоқ.
4030. Сәтін салған ауруға,
Не болса да, ем қонады.
4031. Сәуір болмай, сайран болмас,
Сайран болмай, айран болмас.

4032. Сәуірдегі жауын — сауып тұрған сауын.
4033. Себепсіз аяққа тікен кірмес.
4034. Себептен — себет,
Балшықтан — ғимарат.
4035. Сегіз ешкі, сексен теке.
4036. Сезікті адам секемшіл.
4037. Сезікті секіреді.
4038. Сексенде сегіз байлық,
Сегіз жарлылық.
4039. Семіз — көркем,
Бай — шешен.
4040. Семіз арығанша, ақ иіліп сынбайды.
4041. Семіздікті қой көтереді.
4042. Семіздің аяғы сегіз,
Тентектің аяғы сегіз.
4043. Сен біреуді сыйласаң,
Біреу сыйлар сені де.
4044. Сен ешкімді жақтырмасаң,
Жұрт та сені жақтырмайды.
4045. Сенің жолыңа қарай көзім тұздай болды.
4046. Сенің көңілің толмаса маған,
Менің де көңілім толмайды саған.
4047. Сиыр өз тілінен қыршаңқы болады.

4048. Сиыр сипағанды білмейді,
Жаман сыйлағанды білмейді.
4049. Сиыр су ішкенде,
Бұзау мұз жалайды.
4050. Сиыр судан жериді,
Су сиырдан жериді.
4051. Сиырға су көрсетпе,
Жаманға сый көрсетпе.
4052. Сиырдың майы жанға рақат,
Зығырдың майы төнге рақат.
4053. Сиырдың сүті болсын,
Әйелдің ісі болсын.
4054. Соғыста өлімді ойлама, өлтіруді ойла.
4055. Сойқанды әкеден сотқар ұл туады.
4056. Соймасымды соямын,
Сүйгенімнің көңілі үшін.
4057. Соқыр жолыңды біл,
Тышқан әліңді біл.
4058. Соқыр жұмыс бастады,
Оны Құдай көп көрмесе.
4059. Соқыр көбелекпен тең.
4060. Соқыр көргеннен жазбас.
4061. Соқыр соқса, қатты соғар.
4062. Соқыр тауыққа бәрі тары.

4063. Соқырға көрсет,
Кереңге естірт.
4064. Соқырға күн де қараңғы,
Түн де қараңғы.
4065. Соқырдан қарауыл қойсаң,
Еліңді жауға алдырар.
Наданнан би қойсаң,
Елін дауға қалдырар.
4066. Соқырды қарауылға қойсаң,
Үстіңе жау келтірер.
4067. Соқырдың қолына түспе,
Саңыраудың астына түспе.
4068. Соқырдың қолына түспе,
Сараңның астына түспе.
4069. Соқырдың соңына бақ,
Ақымақтың ақырына бақ.
4070. Соқырдың сүйетіні көз.
4071. Соқырдың тілегені екі көзі.
4072. Сом темірге балға бар,
Сиынғанға Алла бар.
4073. Соңғы түйенің жүгі ауыр болады.
4074. Соңынан келген сүйек мүжиді.
4075. Сопы суға сиер,
Су қазандай қайнар.
4076. Сопы сұмнан шығады.

4077. Сорлы жерге ақбас шөп шығады.
4078. Сорлының жеріне сора шығады,
Жантағы қосыла шығады.
4079. Сорлының қауыны ақ болады,
Пісемін дегенше жеп болады.
4080. Сөз айт ұққанға.
4081. Сөз білгенге қолқа жоқ.
4082. Сөз жаманы — сыбырлау.
4083. Сөз жүйесін тапса, мал иесін табар.
4084. Сөз — жүректің шері,
Оның да бар ғой айтылар жері.
4085. Сөз кезегі келгенде айтпаса,
Сөздің атасы өледі.
4086. Сөз қуған пәлеге жолығады,
Жол қуған қазынаға жолығады.
4087. Сөз сөзден туады,
Сөйлемесе, қайдан туады.
4088. Сөз сөзден шығады,
Сөйлемесе, неден шығады.
4089. Сөз сүйектен өтеді,
Таяқ еттен өтеді.
4090. Сөз ұзарту — шешендік емес,
Діңкілдей беру — көсемдік емес.
4091. Сөз шындығымен,
Семья бірлігімен.

4092. Сөзге сөз келгенде сөйлемесе, анасы өледі.
4093. Сөзде қаңқу жаман,
Ауруда шаншу жаман.
4094. Сөзді біліп айтсаң, айт,
Білмесең, қарап отыр.
4095. Сөзді сөйле ұққанға.
4096. Сөздің азы жақсы,
Қыздың — назы.
4097. Сөздің атасы болма, халықтың данасы бол.
4098. Сөздің басы — бір пышақ,
Түбі — бір құшақ.
4099. Сөз сөзден туар,
Сөйлемесең, неден туар.
4100. Сөзі аздың ісі саз.
4101. Сөзі олақ, ойы шолақ.
4102. Сөзіңді тыңдаушы болса ғана айт.
4103. Сөйлеген кісі ақымақ болса,
Тыңдаған кісі ақылды болсын.
4104. Сөйлей білмеген ауыздан,
Тыша білген көт артық.
4105. Сөйлей білмеген кісінің аузына боқ.
4106. Сөйлей-сөйлей шешен болады,
Көре-көре көсем болады.
4107. Сөйлеп тұрса, біреу сенің сөзіңді,
Асқақтама, тыя білгін өзіңді.

4108. Сөйлес білмес сөз келтірер,
Көше білмес көлік өлтірер.
4109. Сөйлесем, тақ-тақ дейді,
Сөйлемесем, ақымақ дейді.
Жатық айтсам, жынды ма дейді,
Тік айтсам, тұрпайы дейді.
4110. Су — алтын.
4111. Су — диқанның қаны,
Жер — қолындағы наны.
4112. Су — зер,
Сушы — зергер.
4113. Су — қан,
Еңбек — жөн.
4114. Су ағар да, тас қалар,
Қарт өтер де, жас қалар.
4115. Су бермегенге сүтінді бер,
Ақ ниетінді білсін.
4116. Су кезегінен қалған
Он екі ай аш қалады.
4117. Су келтірер мәрт кісі,
Егін егер әр кісі.
4118. Су келтірер мәрт кісі,
Егін егер ер кісі.
4119. Су көрмей, етік шешпе.
4120. Су перісі — сұлтан.
4121. Су сиырдан жерісе,
Сиыр судан жериді.

4122. Суға кеткен тал қармайды.
4123. Судағы балыққа қуанба,
Ол әлі сенікі емес.
4124. Сөз қуған пәлеге,
Жол қуған қазынаға.
4125. Судың басы бұлақ болса да,
Аяғы құяр теңізге.
Жақсыдан жаман туса да,
Тартпай қалмас негізге.
4126. Судың басы бұлақ, сөз тыңдаған құлақ,
Берін құртып бара жатқан қу тамақ.
4127. Сулы жер дегенше, нулы жер де.
4128. Сұлу алған жолдасынан айырылады.
4129. Сұлу — сұлу емес, сүйген — сұлу.
4130. Сұлу сұлу көрінбес,
Сүйген сұлу көрінер.
4131. Сұлуды көру көзге себеп.
4132. Сұлулығы адамның халыққа өткен ісінде.
4133. Сұлы арқасында күрмек су ішіпті.
4134. Сұқ семірмес, ұры байымас.
4135. Сұрап алған сыйлықтың түк сүйкімі жоқ.
4136. Сүдігерден жүргеннің аты майрылар.
4137. Сүйген достың атын алма, тайын ал.

4138. Сүйек тамыр сүйеніп күн көрер,
Ауыз тамыр айтысып артығын алады.
4139. Сүймегенге сүйкенбе.
4140. Сүйместі сүйкенбес.
4141. Сүмбіле туғанда сұмырай қатын ұйықтайды.
4142. Сүмбіле туса, су суиды.
4143. Сүңгінің жарасы бітер,
Тіл жарасы бітпес.
4144. Сүреңі арықтан қасу жықпас,
Дәті жаманнан жақсы шықпас.
4145. Сүтпен кірген жанмен шығар.
4146. Сүтпен кірген мінез сүйекпен бірге кетер.
4147. Сүтпен кірген мінез жанменен шығар.
4148. Сүтсіз қой маңырауық.
4149. Сыбайлас болмаған адамға сырынды айтпа.
4150. Сыбыр-сыбыр ойды бұзады,
Құрттаған қой қойды бұзады.
Көңілі бөлек өкпешіл адам,
Дауласам деп тойды бұзады.
4151. Сый — сатулы,
Аза — қарулы.
4152. Сыйға — сый, сыраға — бал.
4153. Сыйлағанды сыйла,
Атаң құлы түңілер.

- Сыйламағанды сыйлама,
Пайғамбар ұғылы түңілер.
4154. Сыйлап берген, сыйлап алар.
4155. Сыйласаң, сый көрерсің.
4156. Сыйласаң, сыйымды боласың,
Сырласаң, сырын да табасың.
4157. Сыйластық бар жерде қимастық бар.
4158. Сыйласуға жат жақсы,
Жыласуға жақын жақсы.
4159. Сыйлық қымбат емес, дос көңіл — қымбат.
4160. Сылдырсыз аққан судан без.
4161. Сымбатында сын жоқ,
Ішкі сарайында дым жоқ.
4162. Сынбасты ұста жасамас,
Өлместі Құдай жасамас.
4163. Сындырып жақсаң, қырық жылға жетеді,
Қопарып жақсаң, бір жылға жетеді.
4164. Сынық арба жол бұзар,
Жаман адам үй бұзар.
4165. Сынық екеш сынық та жұғады.
4166. Сыпа болсаң, төренің қасында бол,
Диқан болсаң, егісіңнің басында бол.
4167. Сыпайы жаурамайды, дірілдейді,
Өзгеге тоңғаны да білінбейді.

4168. Сыпайы қыз әлемде сұлу.
4169. Сыпырғың жаман болса, шаңға өкпелеме.
4170. Сыр бойы — нұр бойы.
4171. Сыр бойында малы бардың,
Ташкентте қарны тоқ.
4172. Сыр елі — жыр елі.
4173. Сырты сұлуды іші сұлу бұйдалап жетелейді.
4174. Сырын білмеген аңның сыртынан жүрме.
4175. Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.
4176. Сырын түйіп болғанша сыр сақтаса,
Ажырамас дос болар.
Сырын бүгіп, жасырып бұлғақтаса,
Іштен шалар қас болар.
4177. Сырыңды алса, сүмелек те саған би.
4178. Сырыңды өкеңе де айтпа.
4179. Сіз деген — әдеп,
Біз деген — көмек.
4180. Сіз деген — сыпайылық.
Сен деген — анайылық.
4181. Сіргелі ел — іргелі ел.

T

4182. Табақ келсе, сабақ қой.

4183. Табылғанның қымбаты жоқ,
Тәңірі ұрғанның сымбаты жоқ.
4184. Тағдырға тәдбір болмайды,
Бір Алла нені бұйырса.
4185. Таз дәрі тапса, алдымен өз басын емдер еді.
4186. Таз кісінің шашы өспес,
«Айдап салдың» малы өспес.
4187. Таз тазға келер.
4188. Таз — таныстан,
Қотыр — қамыстан,
Ауру — астан,
Дау — қарындастан.
4189. Таздан тарақ сұрама.
4190. Тазалық — денсаулық негізі,
Денсаулық — байлық негізі.
4191. Тай атқа жеткізер,
Ат мұратқа жеткізер.
4192. Тай жаманы жорға болады,
Адам жаманы молда болады.
4193. Тай тулап, үйірден шықпас.
4194. Тайдан тұлпар шығады,
Жастардан сұңқар шығады.
4195. Тайды мінген көрінбейді,
Баланы жұмсаған білінбейді.
4196. Тағдыр болмай, тәдбір болмас.

4197. Тақдыр, төдбір бұзмас.
4198. Тақиялы бас талайды көреді.
4199. Тақияны көтерген шаш болады,
Барлық шашты көтерген бас болады.
4200. Тақыр бас тазды күндейді.
4201. Тақыр бастан тарақ сұрама.
4202. Тал шыбығымен,
Қайың қабығымен.
4203. Талайлыменен таласма.
4204. Талапты ерге нұр жауар.
4205. Жолы болар жігіттің
Жолдасы шығар алдынан.
4206. Талаптының пікірі аян,
Дұшпанның ақылы шаян.
4207. Таласмасаң, талайыңға болар.
4208. Талтаңдасаң, талтаңда,
Ақшаң болса, қалтаңда.
4209. Тамағыма жыламаймын,
Қадіріме жылаймын.
4210. Тама-тама көл болар.
4211. Тамба, тамба, төгілерсің.
4212. Тамшы тамса, көл болады,
Жаңбыр жауса, сел болады.

4213. Тамшы тамып, жауын болмас,
Ит түйнектен қауын болмас.
4214. Тамыр берген түйеден,
Тәңірі берген тоқты артық.
4215. Тамыр түбі — дау,
Құрдас түбі — жау.
4216. Тамырдан түйе сұра,
Қорыққанынан бие берер.
4217. Тандырды ыстығында жап.
4218. Танитын жерге бой сый,
Танымайтын жерге тон сый.
4219. Таныған жерде бой сыйлы,
Танымаған жерде тон сыйлы.
4220. Танымаған адамды таныстырған — қызыл тіл,
Сөйлемеген адамды сөйлеттірген — қызыл тіл.
4221. Таныс емес періштеден,
Шайтанды сынаған артық.
4222. Таңдаған тазға,
Табғанған бозға.
4223. Таңдағы тамақ Тәңірден.
4224. Тапқан қуанады,
Таныған алады.
4225. Тар сунадын кең шиыр.
4226. Тар таласып тозар,
Кең кеңесіп озар.

4227. Тарамданған саусақтан
Түйген жұдырық артық.
4228. Тардан кеңіген озады,
Көңнен тарылған тозады.
4229. Тарта жесең, тай қалар,
Қорқа жесең, қой қалар.
4230. Тарта жесең, тай қалар,
Қоя жесең, қой қалар.
Қоймай жесең, не қалар.
4231. Тарта ішсең, тай қалады,
Тартпай ішсең, не қалады.
4232. Татар тілінен тартар.
4233. Тарықпай, ел тілеуін бермейді.
4234. Тарының ағын ұрған десем, көгін ұрған,
Бұлардың бірін ұрған десем, бәрін ұрған.
4235. Тас бас жарар,
Еңбек тас жарар.
4236. Тас түссе, таңдайдан,
Көз жауса, маңдайдан.
4237. Таспан атқанды аспен ат.
4238. Тастайын десе, қатын жаман,
Көшейін десе, жұрт жаман.
4239. Тат темірді кеміреді,
Қайғы — адамды.
4240. Татар бар жерде қатер бар.

4241. Татты көзінен,
Тікенді түбінен.
4242. Тату болсаң балдай бол,
Араз болсаң, мұздай бол.
4243. Тату болсаң, балдай бол,
Ащы болсаң, тұздай бол.
4244. Татулық — табылмас бақыт.
4245. Татулықта табыс мол.
4246. Тау ағашсыз болмас,
Ел ұрыссыз болмас.
4247. Тау белгісі тас болар,
Бай белгісі ас болар.
Бұзылған елдің белгісі,
Бура терісі бас болар.
4248. Тау белгісі тас болар,
Жомарт белгісі ас болар.
4249. Тау белгісі — таста,
Бай белгісі — аста.
4250. Тау дарақсыз болмас,
Жау жарақсыз болмас.
4251. Тау көшті дегенге нан,
Әдет қалды дегенге нанба.
4252. Тау мен тасты жел бұзар,
Адамзатты сөз бұзар.
4253. Тау мен тасты су бұзады,
Адамзатты сөз бұзады.

4254. Тау тауға қосылмас,
Ел елге қосылар.
4255. Тау тауға қосылмас,
Кісі кісіге қосылар.
4256. Тау тауға қосылмас,
Адам адамға қосылар,
Абайла, біреу біреуге керек болар.
4257. Тауға қарап тау болмассың.
4258. Тауға тау қосылмайды,
Елге ел қосылады.
4259. Тауда жүрген киіктің
Көзінен басқа айыбы жоқ.
4260. Тауда өскен баланың екі көзі таста,
Жетім қалған баланың екі көзі жаста.
4261. Тауда туған баланың екі көзі таста,
Ашаршылықта туған баланың екі көзі аста.
4262. Тауда туған құлынның
Екі көзі таста болар.
Ашаршылықта туған баланың
Екі көзі аста болар.
4263. Таудағы ешкі ыңғай берсе,
Сайдағы теке дедекпен жетеді.
4264. Таудағы қар — көлдің басы,
Күздегі күйек — төлдің басы.
4265. Таудағы түлкіні табындағы тазы алады.
4266. Таудай талап бергенше,
Бармақтай бақ бер.

4267. Таудай талап бергенше,
Бармақтай бақ-бақыт бер!
4268. Таудан бұлақ аққанмен,
Құяды барып теңізге.
Қанша малы болса да,
Бай қуанар егізге.
4269. Тауды арқанмен байлап болмас.
4270. Тауды биік демендер,
Талаптансаң, шығасың.
Жауды мықты демендер,
Ерлік етсең, жығасың.
4271. Таудың басы желсіз болмас.
4272. Таудың етегі жақын, төбесі алыс,
Жақсының атағы жақын, денесі алыс.
4273. Тауды-тасты жел бұзар,
Адамзатты сөз бұзар.
4274. Таулы жер бөрісіз болмас,
Елді жер ұрысыз болмас.
4275. Тауық құсқа ұшу жоқ,
Там үйлерге көшу жоқ.
4276. Тауыңдағы түлкіні
Табыңдағы тазы алар.
4277. Тауына қарай түлкісі,
Заманына қарай күлкісі.
4278. Тауып айтсаң, алтынсың.
4279. Тауып алған олжаның,
Жылап жүр ғой иесі.

- Сұрастырып білдің бе,
Бар ма алар бересі?
4280. Таяқ еттен өтеді,
Сөз сүйектен өтеді.
4281. Таяқ оқтағанға шоқпар оқта.
4282. Таяқ тайға жеткізер,
Тай атқа жеткізер,
Ат мұратқа жеткізер.
4283. Таяқ тайға жеткізер,
Тай құнанға жеткізер.
Құнан атқа жеткізер,
Ат мұратқа жеткізер.
4284. Таяққа сүйенген таймас.
Қуәге сүйенген бітпес.
4285. Таяқсыз жүрсең далада,
Жерде жатқан тас артық.
4286. Тәжірибесіз табыс жоқ,
Шыныққан жетер жеңіске.
4287. Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жер.
4288. Тәрбие алтыннан да қымбат.
4289. Тәрбиенің тегі болмас.
4290. Тәтті — дәмімен.
4291. Тәуекел дариясына сал кеме,
Не шығарар, не шығармас, қам жеме.
4292. Тәуекел ет те, тас жұт,
Ажалың жетпей өлмек жоқ.

4293. Тәуекелшіл түйедей бәледен құтылады,
Үндемеген үйдей бәледен құтылады.
4294. Тәуекел қыл да, тас жұт,
Ажал жетпей өлмек жоқ.
4295. Тәуіп пен балшы біреудің қатынын құшар,
Міндетін көпшілік көтереді.
4296. Тәуір көрген достыңа
Тәуір көрген малың бер,
Көре-көре сүйінсін.
Жаман көрген достыңа
Жаман көрген малың бер,
Көре-көре күйінсін.
4297. Тегін жеген мал тесіп шығады.
4298. Тегін кепен табылса, өлген жақсы.
4299. Тек жүрген тоқ жүреді.
4300. Теке еті ем болар,
Ешкі еті жел болар.
4301. Тексіз жерден қыз алма.
4302. Телегей-теңіз байлығы бар мырзалар
Тырнақтай тарту алады.
4303. Темекі тегін келмейді,
Теңгеге келеді.
4304. Темекі тегінге емес, теңгеге келеді,
Жігіт қызға емес, жеңгеге келеді.
4305. Темірді қызғанда соқ.

4306. Темірді от,
Ағашты мөр,
Адамды сөз балқытады.
4307. Тентек ұялып қоймайды, қорқып қояды.
4308. Темірші көміршіге үйір.
4309. Тентегін тыйған ел берекелі,
Жаңбыр жауған жер берекелі.
4310. Тентек молла телмірген өгіз.
4311. Тентек те болса, ұлың зор болсын.
4312. Тентек терісін бермес.
4313. Тентекке күнде бір ем.
4314. Тентекке тек отырмақ машақат.
4315. Тентекке тіл жаңғырық,
Шапқан атқа жел жаңғырық.
4316. Тентектен тез хабар,
Тілдіден зор хабар.
4317. Тентекті тентек десең,
Бөркі қазандай болар.
4318. Тентектің ақылы түстен соң түсер.
4319. Тентектің тобасы болмас,
Ақымақтың обасы болмас.
4320. Тең атаның баласы
Теңдікке тұрса да,
Кемдікке көнбейді.

4321. Тең теңімен, тезек қабымен.
4322. Теңгелі жерде теңдік жоқ.
4323. Теңі келсе, тегін бер.
4324. Теңізге кетер күні үшін,
Құрыға келер жемі үшін.
4325. Тер төгіп, еңбек етсең, дүр тересің.
4326. Тер төкпеген ер емес,
Қол тимесе, жер емес.
4327. Терең судың ағысы білінбес.
4328. Тесік кішкене болса,
Тығынды үлкен тық.
4329. Тигенге тиіп, тимегенге кесек атпа.
4330. Тиімді болса, тіке ұмтыл,
Тиімсіз болса, тез құтыл.
4331. Тобан сөздің түбі бір,
Түп атасы — Майқы би.
4332. Төбеңе қарап, шүкір ет,
Жоғарыға қарап, пікір ет.
4333. Тоғай аралаған үйші болады.
4334. Тоғыз қабат торқадан,
Тоқымағым тоны артық.
4335. Тозған қазды топтанған қарға алады.
4336. Тозған қазды топтанған қарға жем қылады.

4337. Той — Тәңірдің қазынасы.
4338. Той — тоқшылықтың нышаны.
4339. Той — әнмен ажарлы,
Өлім — өксімен азалы.
4340. Той дегенде қу бас домалайды.
4341. Той өткен соң домбыра.
4342. Той тондыға жарасады,
Ас аттыға жарасады.
4343. Той — тондынікі,
Ас — аттынікі.
4344. Тойға барсаң, бұрын бар,
Бұрын барсаң, орын бар.
4345. Тойға барсаң, тойып бар.
4346. Тойға барсаң, тойып бар,
Жамандығыңды қойып бар.
4347. Тойға барсаң, тойып бар,
Төрт тоныңды киіп бар.
4348. Тойға барсаң, тойып бар,
Қойныңа наның қойып бар.
4349. Тойған жерге тоғыз кел.
4350. Тойған қыз төркінін танымас.
4351. Тойған үйге тоғыз бар.
4352. Тойған үйге тоғыз келер.

4353. Тойдың болғанынан «болады» дегені қызық.
4354. Тоқ айырған май жейді,
Дос айырған боқ жейді.
4355. Тоқал әйел жамаумен тең,
Қыз тілінбеген дарбызбен тең.
4356. Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп,
Құлағынан айрылған.
4357. Тоқал тоқал тоқтамас,
Тоқал байын жоқтамас.
4358. Тоқалға жанын берер,
Бәйбішеге малын берер.
4359. Тоқалдың күні де күндес,
Күлі де күндес.
4360. Тоқсан тоғыз сұлулықтың бірі — еңбек.
4361. Толмасқа құйма,
Тоймасқа берме.
4362. Тоны жаманды ит қабар,
Көңілі жаманды Құдай табар.
4363. Тоңғанға отын жақтырма,
Қарны ашқанға қазан астырма.
4364. Топ жылқыдан тұлпар шығады,
Көп бүркіттен сұңқар шығады.
4365. Топтан ажыраған торға түседі.
4366. Топтан бөлінген торға түседі,
Тордан құтылғанмен орға түседі.

4367. Торғай жаңбыр жауса, баласын қорғар,
Бұршақ жауса, басын қорғар.
4368. Торғын орамал кепкенше кек сақтама.
4369. Төбесіне жан шықпаған асқардың,
Шаңғы ойнар жері болды жастардың.
4370. Төгілгеннен жалап қал,
Төгілмесе, қарап қал.
4371. Төгілсе маңдай терің,
Өнімді болар жерің.
4372. Төзе алмасаң бейнетке,
Қолың жетпес зейнетке.
4373. Төзімді еңбек бәрін де жеңбек.
4374. Төре аяғы — маймақ,
Төбе басы — сайғақ.
4375. Төре берген елін арқалайды.
4376. Төреге ерсең, ер арқаларсың,
Моллаға ерсең, тері арқаларсың.
4377. Төренің төлеңгіті қодаң,
Байдың жалшысы қодаң.
4378. Төрең соқыр болса,
Бір көзіңді қысып сөйле.
4379. Төрешіден қалмайды,
Айтушыдан қалады.
4380. Төркін десе қыз төзбейді,
Көкпек десе түйе төзбейді.

4381. Төркінге сенгеннің төбесі тесік.
4382. Төркіні жақынның төсегі жиылмайды.
4383. Төрт аяғы тең жорға
Сүдігерде саспайды.
Жаман адамға сөз айтсаң,
Алдайды деп сенбейді.
4384. Төрт аяқтыда бота тату,
Екі аяқтыда құрдас тату.
4385. Төрт кісіге шай құйғанша,
Төртпен бірге қос айда.
4386. Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді.
Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді.
4387. Төрімнен көрім жақын.
4388. Төсегіңе көре аяғың соз.
4389. Төсектен шошыған күйек оңбайды,
Көнектен шошыған бие оңбайды.
4390. Туасы жаман туғанын жамандайды.
4391. Туған елдің тезегі де дәрі.
4392. Туған жердің туын тік.
4393. Туған мен туған табысар,
Тумағанға таудай бәле жабысар.
4394. Туғаныңа жыламаймын,
Өлгеніңе жылаймын.

4395. Туғаныңдай үмітті дос,
Айырылысқанда жылатар.
4396. Тумағанның түбі шикі.
4397. Туманың туарын айтпа, тұарын айт.
4398. Тура ағаш үйге тіреу,
Тура жігіт елге тіреу.
4399. Тура биде туған жоқ,
Бұрған биде иман жоқ.
4400. Тура жүрсең, лебің күймейді.
4401. Тура жүрсең, өніп-өніп гүл боларсың,
Қисық жүрсең, бықып жатқан құл боларсың.
4402. Тура сөздің тоқпағы көп.
4403. Турашыл дос тұрақты туған бауырың.
4404. Туып білмей, жүріп біледі.
4405. Туысы жаман туғанын жамандайды.
4406. Тұз-дәмін тат, расыңды айт.
4407. Тұз шелекке жеке қапқаш.
4408. Тұзды көп сақтама, су болар;
Қызды көп сақтама, құл болар.
4409. Тұздың дәмін білген кісі,
Ащы мен тұщыны айырады.
Сөздің мәнін білген кісі,
Жауабын дұрыс қайырады.
4410. Тұзсыз ас ауқат болмас ішкенменен,
Май түспес, қара суды піскенменен.

4411. Тұқымды жерін тауып сеп.
4412. Тұлпар бітпейді,
Бітсе, кетпейді.
4413. Тұлпар тобын табады.
4414. Тұлпар түбін табады.
4415. Тұлпардың оттауы бір болса да, жусауы басқа.
4416. Тұлпардың өз тұяғы өзіне дәрі.
4417. Тұтқын болғанша өлген артық.
4418. Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Қияғы бүтін сұңқар жоқ.
4419. Түбі бірге тұтас.
4420. Түбі бірге тұтпайды.
4421. Түбі бірге түтпейді.
4422. Түзде бұзау өлсе,
Үйдегі сүтке ит тиеді.
4423. Түзде бұзауы жамырағанның,
Үйде айраны төгіледі.
4424. Түздегі май жесе, үйдегі қан құсады.
4425. Түйе алатын жерімнен ат алғанмын,
Ат алатын жерімнен тай алғанмын.
Тай алатын жерімнен қой алғанмын,
Қой алатын жерімнен ешкі алғанмын.
Ешкі алатын жерімнен лақ алғанмын,
Лақ алатын жерімнен мат алғанмын.
Мен сөйтіп сапалы ат алғанмын.

4426. Түйе баласы — төре баласы.
4427. Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты.
4428. Түйе бір теңге, қане, бір теңге,
Түйе мың теңге, міне, мың теңге.
4429. Түйе көп болса, жүк симайды.
4430. Түйе қараған жауға жолығар,
Сиыр қараған тойға жолығар.
4431. Түйе қашып жүктен кете алмас.
4432. Түйе құрғақтағы кемемен тең.
4433. Түйе өлген жерде жүк қалады.
4434. Түйе сойған ешкі сойғаннан үміт етеді.
4435. Түйе сілкінсе, есекке жүк шығар.
4436. Түйе үлкен болса да,
Құмалағы үлкен емес.
4437. Түйеге мінген қой ішінде жасырына алмас.
4438. Түйелік жерде тұт болмас,
Түкіменді жерде жұрт болмас.
4439. Түйенің танитыны — жапырақ.
4440. Түйенің үлкені көпірде таяқ жер.
4441. Түйін-түйін сырыңды,
Түбінде келіп сыр ашар.
4442. Түкіретін болған соң,
Алтын астау не керек.

4443. Түлен мені түртмесе,
Түнде жүгім тұрар ма?
4444. Түлкі алған итте сын жоқ.
4445. Түлкі өз құйрығын куәлікке тартады,
Ерке бала әкесіне қолын артады.
4446. Түлкі өз інінде үрсе құтылар.
4447. Түлкінің бір айласы тауық үшін.
4448. Түлкінің өз терісі өзіне жау.
4449. Түлік төлден өседі.
4450. Түрлі-түрлі заман бар,
Заманға қарай амал бар.
4451. Түрікпен төрін бермес.
4452. Түсе алмасыңды білген соң,
Түйеге неге мінесің?
4453. Түсі игіден түңілме.
4454. Түсі игіден түңілме,
Аса қызыл тез оңар.
4455. Түстік өмірің болса,
Сәскелік әрекет ет.
4456. Түсі қара болса да, іші сара.
4457. Тым биік болма,
Құлап сүйегің сынады.
Тым аласа болма,
Төбеңнен әркім жүреді.

- Орташа болсаң,
Ешкім жемейді.
4458. Тыңдаусызды жіберсең,
Тыңдай-тыңдай өзің барарсың.
4459. Тыңдаушы дана деген.
4460. Тырнамен құда болсаң,
Басыңнан қиқу кетпес.
4461. Тырысқақтың балғасы тасқа шеге қағады.
4462. Тышқаққа шыбын үймелегіш,
Күлекеш қызға жігіт үймелегіш.
4463. Тышқан ініне кіре алмай жүріп,
Құйрығына қалбыр байлапты.
4464. Тышқан ініне кіре алмаса,
Құйрығына қалжауыр байлайды.
4465. Тышқанды түлен түртсе,
Мысықтың құйрығын тістеп оятар.
4466. Тіл — ақылдың өлшемі.
4467. Тіл буынсыз, ой түпсіз
4468. Тіл ерді қабырға салады,
Нарды қазанға салады.
4469. Тіл тас жарады,
Тас жармаса, бас жарады.
4470. Тілазар бала мойныңдағы тұзағың.
4471. Тілге тиек жоқ.

4472. Тілемейінше болмас,
Тікпейінше өнбес.
4473. Тілеушінің бір беті қара,
Бермеушінің екі беті қара.
4474. Тілі жеткенше сөйлеген шешен,
Қолы жеткенше нұсқаған көсем.
4475. Тілі төтті,
Бауыры қатты.
4476. Тілінің тиегі жоқ адам хайуанша күйсейді.
4477. Тіліңменен жүгірме, біліммен жүгір.
4478. Тірлік — бірлікте.
4479. Тірліктің күші — бірлікте.
4480. Тірі болып санда жоқ,
Өлі болып жерде жоқ.
4481. Тіріде сыйласпаған, өліде жыласпас.
4482. Тірік басым сау болса,
Тікелімгім қолайлы.
4483. Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас.
4484. Тісің барда ет же.
4485. Тісің барда малыңды же,
Тісің жоқта жаныңды же.
4486. Тісің барда ысқыр,
Мұрның барда пысқыр.

У

4487. Уайым түбі — теңіз,
Батасың да, кетесің.
Тәуекел түбі — қайық,
Мінесің де, өтесің.
4488. У ішкен бір өледі,
Ант ішкен мың өледі.
4489. Уағда — Құдай аты.
4490. Уайым ердің қорғаны.
4491. Уақыт — алтын, оның қадіріне жет.
4492. Уақыт — қадірін білгенге қазына.
4493. Уақыт бағаламағанның ұтылысы көп.
4494. Уақыт деген бәйгенің аты емес пе!
4495. Уақыт өткен соң, кінә қою не керек.
4496. Уақыт тас екеш тасты да тоздырады.
4497. Уақыттан озғаның — бақытқа жеткенің.
4498. Уақытың кетті — бақытың кетті.
4499. Уәде — Құдай аты.
4500. Уәдесіз сертіне жетпес,
Жүзе білген суға кетпес.
4501. Уды у алар.
4502. Удың азы пайдалы,
Көп болса, өміріңді үзеді.

4503. Улы жыланның терісі жұмсақ.

Ұ

4504. Ұзақтан үрген ит қаппас,
Төбеге төменнен су ақпас.

4505. Ұзап кеткен кісінің қайтуы қиын.

4506. Ұзын шапан аяғыңа оралар,
Ұзын тіл мойныңа оралар.

4507. Ұйқы менен өлу тең.

4508. Ұйқы төсек талғамайды.

4509. Ұйқы тынықтырады,
Еңбек шынықтырады.

4510. Ұйқыға көзді жеңдірме,
Таппассың онда оңай жол.

4511. Ұйықтаған ұйқы алады,
Ұйықтамаған жылқы алады.

4512. Ұйықтамай, ашылмайды қабағың,
Еңбек етпей, ағармайды тамағың.

4513. Ұқпа құлаққа айтса, ұғып алады.

4514. Ұқсамасаң, тумағыр.

4515. Ұқыпты жас елге өрнек,
Ұқыпсыз жас лайлы келмек.

4516. Ұқыптының тоны тозбайды,
Ұқыпсыздың жұмысы оңбайды.

4517. Ұл берсең, адам бер,
Бермесең, ала бер.
4518. Ұл он беске келгенше,
Қолыңдағы қобызың,
Он бес жастан асқан соң,
Тіл алмаса, доңызың.
4519. Ұл таппаған қатыннан лақтаған ешкі артық.
4520. Ұл туғанға күн туады.
4521. Ұлға бір керек болса,
Қызға мың керек.
4522. Ұлға отыз үйден тыю,
Қызға қырық үйден тыю.
4523. Ұлдың бір көзі жоқ.
4524. Ұлу көрсе барыс жүгірмес.
4525. Ұлы ащы алма жесе,
Әкесінің тісін қамар.
4526. Ұлы көптің ұзыны көп еді,
Малы көптің тұқымы көп еді.
4527. Ұлы сөзде ұят жоқ.
4528. Ұлық болсаң, кішік бол.
4529. Ұлым, қайда барасың?
Бардың малын шашамын,
Жоқтың абыройын ашамын.
4530. Ұлым менің, үгіт үйрен, тәлім ал,
Ел ішіне білім үйрет, ғалым бол.

4531. Ұлым-қызым дедім,
Не боқтарды жедім.
4532. Ұлың болса қой бақтыр, адам болар,
Көп бақтырма, аз бақтыр, надан болар.
4533. Ұлың жақсы болса, еліне бас болады,
Жаман болса, еліне қас болады.
4534. Ұлың өссе, ұлы жақсыменен ауыл бол,
Қызың өссе, қызы жақсыменен ауыл бол.
4535. Ұлың өссе, ұлы өскенмен ауыл бол,
Қызың өссе, қызы өскенмен ауыл бол.
4536. Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол,
Қызың өссе, қылықтымен ауыл бол.
4537. Ұлың өссе, үлгілімен ауыл бол,
Қызың өссе, қылықтымен ауыл бол.
4538. Ұлыңа қалың берсең,
Төменнен бер.
Қызыңа қалың берсең,
Жоғарыдан бер.
4539. Ұлыңа ұлтарақ бол,
Келіңіңе кепшік бол.
4540. Ұлыңды алып, қыз берсе,
Қорлағаны Құдайдың.
Қызыңды алып, ұл берсе,
Сыйлағаны Құдайдың.
4541. Ұмайға сиынса, ұл табар.
4542. Ұмтылған иілмес.
4543. Ұнды пәтір құртады,
Ерді қатын құртады.

4544. Ұны жоқтың құны жоқ.
4545. Ұра алмаған үлкен таяқ көтереді.
4546. Ұран көтерілсе, ру жиналар.
4547. Ұрғашы қырық шырақты.
4548. Ұрлаған бір жазықты,
Ұрлатқан мың жазықты.
4549. Ұрлық қылсаң, жалғыз қыл,
Екеу қылсаң, бірі айғақ.
Өткел өтсең, бұрын өт,
Артта қалсаң, жол тайғақ.
4550. Ұрлық түбі — қорлық.
4551. Ұрлық,
Ұрлықтың түбі — қорлық.
4552. Ұры байымас,
Сұқ семірмес.
4553. Ұры басынып қылар,
Қонақ таңдап қонар.
4554. Ұры басынып ұрлайды,
Қонақ таңдап қонады.
4555. Ұры ит тойса да, тіміскіленгенін қоймас.
4556. Ұры көті қуыс.
4557. Ұры өз малын жейді.
4558. Ұры өле-өлгенше ақпын дейді.
4559. Ұрығында болса, ұрпағына өтеді.

4560. Ұрымен жолдас болма.
4561. Ұрыншақ ат арық болады,
Көңілшек жігіт жарлы болады.
4562. Ұрыншақ атта жал болмас,
Көңілшек жанда мал болмас.
4563. Ұрыны қарақшы ұрады.
4564. Ұрының бір беті қара,
Айғақтың екі беті қара.
4565. Ұрының малын тауып алсаң, адал.
4566. Ұрыс басы боқ жеме.
4567. Ұрыс ырысты қашырар.
4568. Ұрыспай айрылған жараспаққа жақсы.
4569. Ұрыспас ұл болмас,
Көріспес көңіл болмас.
4570. Ұрыспасаң нетеді,
Ұрыссаң, сәнің кетеді.
4571. Ұрысы күшті болса, иесі өлер,
Айғыры күшті болса, биесі өлер.
4572. Ұсақты қадірлемеген,
Нан қадірін қайдан білсін.
4573. Ұста — ұстадан нұсқа.
4574. Ұста көрмеген шәкірт әр саққа бір жүгіреді.
4575. Ұста тағаға жарымайды.

4576. Ұстаз болсаң, ақиқат,
Сыйла, үйрен қорықпай.
4577. Ұстаз ұқтыра алмағанды,
Өмір өзі ұқтыра алады.
4578. Ұстазы жақсының ұсталығы жақсы.
4579. Ұстамен жақын болсаң, ісің бітеді.
4580. Ұстаздан шәкірт озар,
Балта сабынан озбас.
4581. Ұсынған мойынды қылыш кеспес.
4582. Ұшқан құс, жүгірген аң тамағынан.
4583. Ұшқан құстың жолы жоқ,
Өтірік сөздің жөні жоқ.
4584. Ұяда нені көрсең,
Ұшқанда соны аларсың.
4585. Ұялған тек тұрмайды.
4586. Ұялмаған бұйырмағаннан жейді.
4587. Ұялшақ сыбағасынан құр қалады.
4588. Ұят — зор қасиет.
4589. Ұят — иман белгісі.
4590. Ұят келсе, қартқа келеді,
Жастардың несі кетеді.
4591. Ұятсыз қатын —
Тұзсыз ас көбік.

Ү

4592. Үй алдында төбе болса, ерттеулі аттай,
Ауылында қария болса, жазып қойған хаттай.
4593. Үй арасына жау келсе,
Батырлығың заңды да.
4594. Үй артында кісі бар,
Үй менікі деменіз.
4595. Үй болмаса, күй болмайды.
4596. Үй иесі тойғызса, қонағы жолға қарайды.
4597. Үй менікі деменіз,
Үй артында кісі тұр.
4598. Үй ішінен жау шықса,
Тұра қашқан құтылмас.
4599. Үйге құтты қонақ келсе,
Қой егіз табады.
Құтсыз қонақ келсе,
Қойға қасқыр шабады.
4600. Үйде бір күн ұрыс болса,
Қырық күндік береке (ырыс) кетеді.
4601. Үйде кісі көп болса,
Далада кісі тимейді.
4602. Үйде он сиырдың мүйізі сырқыраса,
Қырда қырық сиырдың мүйізі сырқырар.
4603. Үйде өскен бұзау түзде өгіз болмас.
4604. Үйде сиыр мөңіресе,
Тауда бұғының мүйізі сырқырайды.

4605. Үйдегі нарық көшеге тура келмейді.
4606. Үйдің жылы, суығын
Қыс түскенде білерсің.
Кімнің алыс, жақынын
Іс түскенде білерсің.
4607. Үйдің көркі — сандық.
4608. Үйленудің қуанышы — бір айлық,
Уайымы — өмірлік.
4609. Үйлену — оңай,
Үй болу — қиын.
4610. Үйленудің қуанышы — мәңгілік.
4611. Үйрек берген қаз күтер.
4612. Үйренбесең өмірді,
Шөктіресің көңілді.
4613. Үйреніскен жау атысқанға жақсы.
4614. Үйінде асы жоқтың,
Түзде досы болмайды.
4615. Үйінде екі қатының болса,
Ойран болар.
Екі сиырың болса,
Айран болар.
4616. Үйірлі қойдан қасқыр да қорқады,
Үйренген көңіл өртенсе де қоймас.
4617. Үйірі басқаны ноқта қосады.
4618. Үкімшіден үкім қалмайды,
Сөйлеушіден сөз кем қалады.

4619. Үлгілі бала алғыс келтіреді,
Көргенсіз бала көңілді өлтіреді.
4620. Үлгісізден би қойсаң,
Өсиеті болмайды.
Қаһары жоқтан хан қойсаң,
Қасиеті болмайды.
4621. Үлкен құрметте, кіші ізетте.
4622. Үлкен өзен көпірсіз болмас.
4623. Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без,
Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без,
Ана тұрып, қыз сөйлегеннен без.
4624. Үлкен ұрысса, жек көрме,
Ақылмен әрқашан шыңға өрле.
4625. Үлкен үйге не керек,
Кіші үйге де сол керек.
4626. Үлкен үйдегі отырып күлсе,
Кішкене үйдегі отырып, езу тартады.
4627. Кішіні алдап үйренгеннің
Үлкенге де тісі батады.
4628. Үлкенге жол бер,
Өзің де қартаясың.
4629. Үлкенге сәлем бер,
Кішіге қалам.
4630. Үлкенде нақыл бар.
4631. Үлкенді зордан, кішіні дүрден деген.
4632. Үлкенді үйретсең,
Кіші өзі үйренеді.

4633. Үмітсіз сайтан.
4634. Үндемеген үйдей пәледен құтылады.
4635. Үндемесең, құдаша, үнің өшсін,
Өткір қайшы сумандап, тіліңді кессін.
4636. Үндеместе бәле бар,
От басында шала бар.
4637. Үрген ит кісі қаппас.
4638. Үре білмеген ит үйіне қонақ келтіреді.
4639. Үреген ит кісі қаппас.
4640. Үрейден асқан үлкен сор жоқ.
4641. Үркер үйден көрінсе,
Үш айдан соң жаз болар.
4642. Үркерлі айдың бәрі қыс.
4643. Үркерлі айдың бәрі қыс,
Саратан сенен не қорқыныш.
4644. Үш нәрсе кісіні қартайтады:
Жүрмейтін ат, өтпес пышақ, жаман қатын.

X

4645. Хакімге қарсы болма,
Күніңе кемшілік болар.
Молдаларға қарсы болма,
Дініңе кемшілік болар.
4646. Халқы жаманның биі азады,
Қатыны жаманның үйі азады.

4647. Халық айтпас,
Халық айтса, қате айтпас.
4648. Халық айтса, қалып айтпас.
4649. Халық ұнатса, хан түйесін сояр.
4650. Хан — қазық,
Қараша — азық.
4651. Хан — шаңырақ,
Халық — уық.
Хан ғаділ болса,
Қараша оған жуық.
4652. Хан кетсе — құт,
Келсе — жұт.
4653. Хан көп болса, жау көп болады.
4654. Хан қарашасыз болмас.
4655. Хан — шаңырақ,
Халық — уық.
4656. Хан қасында қара паң болса,
Қара жерден кеме тартарсың.
4657. Хан қасында қарашаң болса,
Қара жерден кеме жүргізер.
4658. Хан қасында уәзір білгіш болса,
Қара жерден кеме жүргізеді.
4659. Хан сыртынан жұдырық.
4660. Хан ханға жыласа,
Хан қатынына жылайды.

4661. Хан істеген зұлымды,
Жан істемес өмірде.
4662. Ханға бергісіз қара бар,
Қилымға бермейтін ара бар.
Сол қараның сөздері
Хан сөзіне барабар.
Және бір сөзім және бар,
Қыспаған көтке пәле бар.
4663. Ханға деген ерін құшақтар.
4664. Ханда қырық кісінің ақылы бар.
4665. Ханды кім сөкпейді.
4666. Ханды Құдай қарғаса,
Қарашасымен қас болар.
Байды Құдай қарғаса,
Дәулетіне мас болар.
4667. Ханды Құдай ұрғанда,
Қарашасымен қас болар.
Байды Құдай ұрғанда,
Дәулетіне мас болар.
4668. Хандікі қазынада.
4669. Ханнан қазық,
Биден тоқпақ.
4670. Хиуада малы бардың,
Бұхарада қарны тоқ.

III

4671. Шабанға таяқ өтпес,
Жаманға сөз өтпес.

4672. Шабысы жоқ төбелден,
Терісі кең жабы артық.
4673. Шағала келмей, жаз болмас,
Шаңқан болмай, бөз болмас.
Тоқалдан туған би болмас,
Тобылғыдан үй болмас.
4674. Шағыр таста от болмас,
Қырма жазда бет болмас.
4675. Шайнаған күмән, жұтқан рауан.
4676. Шайтан жаманынан қорықпа,
Адам шайтанынан қорық.
4677. Шайтанға сенген бақсыны тыңдағанша,
Шындыққа сенген жақсыны тыңда.
4678. Шайтанды қанша құбыжық десең де,
Қорқатын түгі жоқ.
4679. Шайтанның шатағынан,
Патшаның қаһарынан сақта.
4680. Шақырғанға бар,
Қуғаннан қаш.
4681. Шақырғаннан қалма,
Шақырмаған жерге барма.
4682. Шақырмай барған жеріңнен,
Қайтуың керек жауапсыз.
4683. Шақырмасаң, көршің де көмек көрсете
алмайды.
4684. Шақырусыз тойға барғанша, қазулы көрге бар.

4685. Шақырусыз тойға барғанша, қаяуға көрге кір.
4686. Шал болғанмен, қария болмас,
Шалшық су жиналғанмен, дария болмас.
4687. Шала молда жалтақ келеді,
Сөйлер сөзге шорқақ келеді.
4688. Шала молла шарқ етер.
4689. Шалбары жыртық дамбалы тесікке күліпті.
4690. Шалдарда да шалдар бар,
Шалдан артық бала бар.
4691. Шалдықты ұстап алып, сабай берсем,
Жіпке байлап, бір тамға қамай берсем,
Отыз бен жиырманы жұлып алып,
Жетпістің арасына жамай берсем.
4692. Шалқайғанға шалқай,
Пайғамбардың ұлы емес,
Еңкейгенге еңкей,
Атаңнан қалған құл емес.
4693. Шалқайғанға шалқай,
Басың көкке тигенше.
Еңкейгенге еңкей,
Басың жерге тигенше.
4694. Шам жарығы түбіне түспес.
4695. Шамның жарығы түбіне түспес,
Жақсының қадірі жақынына білінбес.
4696. Шапқан алмас, бұйырған алар.
4697. Шапқанда байдың ұлы,
Тоқтағанда есіңе түседі.

4698. Шарифат — ағып жатқан бұлақ,
Бұрынғылардың сөздері —
Жағалай біткен құрақ.
4699. Шаруаның түбі — кеңес,
Саудагердің түбі — қарын.
4700. Шаруаның түбі — кеніш,
Саудагершіліктің түбі — борыш.
4701. Шаруасы сай колхоздың өмірі бай.
4702. Шаршап жүріп мінген есек аттай болар.
4703. Шатадан айғыр сал.
4704. Шаш көркі — шаштараз.
4705. Шашы өскеннің жұрты гәуір,
Мұрты өскеннің аузы гәуір.
4706. Шебер көптің апасы,
Шешен көптің опасы.
4707. Шеберден олжа,
Шешеннен сауға.
4708. Шеберден шебер шықса,
Бірін-бірі күндейді.
4709. Шебердің қолы ортақ,
Жомарттың малы ортақ.
4710. Шебердің қолы ортақ,
Шешеннің тілі ортақ.
4711. Шебердің қолы ортақ,
Ақынның сөзі ортақ.

4712. Шеберлік — шегі жоқ байлық.
4713. Шегір ат атқа теңелер.
4714. Шегірткеден қорыққан егін екпес.
4715. Шегірткеден қорыққан егін екпес,
Барымтадан қорыққан мал жимас.
4716. Шегірткелер егін жер,
Екпей, отырғызбай тегін жер.
4717. Шекараң берік болмай,
Басыңда ерік болмайды.
4718. Шердің баласы жиырма бесте жаспын дер,
Ораздының баласы он бесінде баспын дер.
4719. Шешеге қарап қыз өсер,
Әкеге қарап ұл өсер.
4720. Шешен көптің опасы,
Шебер көптің апасы.
4721. Шешеннің сөзі дәмді келер,
Ақыл берер мәнді келер.
4722. Шешеннің тілі — шебердің бізі.
4723. Шешеннің тілі ортақ,
Шебердің қолы ортақ.
4724. Шешесі бар жетімнің
Басында тарақ қол ойнар;
Шешесі жоқ жетімнің
Басында бит пен сірке ойнар.
4725. Шешесін көріп қызын ал!

4726. Шешесін көр де, қызын ал,
Әкесін көр де, ұлын ал.
4727. Шешесін көріп, қызын ал,
Әкесін көріп, қызыңды бер.
4728. Шешінген судан тайынбас.
4729. Шоқпарды сала алмаған өзіне тигізеді.
4730. Шортанның өзі өлсе де, тісі өлмес.
4731. Шотты өткірлеген білер,
Жерді істеген білер.
4732. Шоттың басың бассаң, өзіңе тиер.
4733. Шошқа сөйлейін деп тұрса да,
Қорсылдауын қоймас.
4734. Шөл жағалап қонба,
Көл жағалап қон.
4735. Шөлде жүрген, шөл таныр,
Жолда жүрген, жол таныр.
Шөлдеп ішкен сусының,
Сол минутта тер болар.
4736. Шөлдегі шұқанақ суға тоймас.
4737. Шөлдесең, шопан қасына бар,
Аш болсаң, диқан қасына бар.
4738. Шөлмек мың күн сынбайды, бір күн сынады.
4739. Шөп болса, ат өлмес.
4740. Шүберек тозады,
Тай озады.

4741. Шығарып салған жолдастың сандығы жоқ.
4742. Шығарып салған жолдасың,
Жолдастыққа саны жоқ.
4743. Шығасыға иесі басшы болады.
4744. Шығысы жаман қамысты
Су ішінде өрт алады.
Туысы жаман баланы
Анасының құрсағында дерт алады.
4745. Шыққан жан қайтып келмес.
4746. Шыққан қыз үйден тысқары.
4747. Шыққан қыз шиден тысқары.
4748. Шымшық құтырса, бүркітке шабар,
Ит құтырса, иесін қабар,
Қасқыр құтырса, қораға шабар.
4749. Шымшық сойса да, қасап сойсын.
4750. Шымшықтан қорыққан тары екпес.
4751. Шын берілген дос болса,
Бірін-бірі алдамас.
4752. Шын би сөзіне бағады,
Сұм би көзіне бағады.
4753. Шын достықтың белгісі — жиі-жиі келгені.
4754. Шын жақсы сиымсыз сөз болмайды.
Дүниеде бас-аяқ тегіс емес,
Екі жақсы бір жерде кез болмайды.
4755. Шын орақшы орақ таңдамайды,
Шын батыр құрал таңдамайды.

4756. Шын тұлпар шаппай қалмас, арығанмен,
Сыпайы сөзден қалмас, қарығанмен.
4757. Шындық — шынайы тәрбиеші.
4758. Шыншыл болсаң, қол жетпес,
Шында өскен шынарсың.
Адал болсаң, аңқылдақ,
Ізгілікке құмарсың.
Әділ болсаң, ақжарма,
Жақсы іске билік қыларсың.
4759. Шыны қырық күнде сынбайды,
Бір күнде сынады.
4760. Шыныменен жыласаң,
Соқыр көзден жас шығар.
4761. Шідерлі атың — өз атың,
Тұсаулы атта күмән жоқ.
4762. Шідерлі атың — өз атың,
Тұсаулы атың — бос атың.
4763. Шіңгірлеген сәуірікті үйірге беріп көр.
4764. Шіренгенмен шымыр атанбас.
4765. Шіркін, менің өз үйім,
Кең сарайдай боз үйім.
4766. Шіріген болса да, отын болсын.

Ы

4767. Ықыласпен жыласаң, соқыр көзден жас шығар.
4768. Ықпалсыз болса, ұлына ата сөзі,
Беделсіз болғаны ғой оның өзі.

4769. Бім білген ер өлмес.
4770. Бінжық ықтасынды іздейді.
4771. Бінтасыз іс өрге баспайды.
4772. Бінтызарлық өлімнен де жаман.
4773. Бінтымақсыз ел тату болмас.
4774. Бінтымақты елмен дос болсаң,
Берекелі боларсың.
Ала ауыз елмен дос болсаң,
Келекелі боларсың.
4775. Бінтымақтық — елдің ырысы.
4776. Бірғай ағаштың иілгені — сынғаны,
Ер жігіттің ұялғаны — өлгені.
4777. Бірыздық Аллаға міндетті.
4778. Бірыс алды — ынтымақ.
4779. Бірыс қашса да, туыс қоймайды.
4780. Бірысыңа жақсы қатын жолықса,
Аузыңнан сөзің шыққанша,
Алдыңа келіп, тақ болар.
4781. Бістан — көйлек болмас, кигенменен,
Жаман — қатын болмас, сүйгенменен.
4782. Бістық — сүйек сындырмас,
Суық — жаңды тындырмас.
4783. Бістықтан ет күйеді,
Ұяттан бет күйеді.

I

4784. Изгі іске илансаң,
Құдай сені сүйер.
Жауыз іске илансаң,
Құдай төбеңнен ұрар.
4785. Издеген табар.
4786. Издегенге сұраған.
4787. Изденістің бір түбі — іркіліс.
4788. Изетке арзымаған қонақ төсек былғайды.
4789. Ілгері басатын жасты,
Кейін қайтатын көрі қайтарады.
4790. Ілгері басқанның иті оттайды.
4791. Ілгері басқанның иті отлайды,
Кері кеткеннің келіні ұры қылады.
4792. Ілім-білім мың түрлі,
Тоқсан тоғызы — әдеп, біреуі — білім.
Әдебің болмаса, білімді ұстау қиын.
4793. Ілімді еңбексіз иелеп болмас.
4794. Ілімді ұры да ұрлай алмайды,
Өлмейді де, ажалы да болмайды.
4795. Ілімнен күшті сәуле жоқ,
Ілімсіз өтер әуре боп.
4796. Ілімсіз адам басын қасиды,
Жағымсыз адам өсек тасиды.

4797. Ілімі барды жас деме,
Ілімі жоқты бас деме.
4798. Инген ыңыранса, бота боздайды.
4799. Ініңнің ақтығына қарама,
Маңдайының бақытына қара.
4800. Інісі бардың тынысы бар,
Ағасы бардың жағасы бар.
4801. Іргенді таяма,
Хафтада атыңды аяма.
4802. Іреп қойған — сойғылыққа жақсы,
Айтып қойған — соңғылыққа жақсы.
4803. Іріген ауыздан шіріген сөз шығады.
4804. Ісек қойдың басы үлкен,
Саулық қойдың жасы үлкен.
4805. Істегенің еліңе жақсы,
Үйренгенің өзіңе жақсы.
4806. Істі бастауға асықпа,
Тындырып тастауға асық.
4807. Істің ағы білмес, жігіттің бағы білер.
4808. Ісі оңға бармайды,
Алғаны болса, бос, жаман.
Зерігіп кетер ағайын,
Бір үйде болса қос жаман.
4809. Ісім өнсін десеңіз,
Сол істің маманы болыңыз.

- Даңқым шықсын десеңіз,
Көпшіліктің адамы болыңыз.
4810. Ісің ақ болса, көпке сал,
Жорғаң қатты болса, төске сал.
4811. Ісің ақ болса,
Тәңірің жақ болар.
4812. Ісің ақ болсын,
Құдайың жақ болсын.
4813. Ісіңді аяқтамасаң, еңбегің екі болар.
4814. Ішек-қарын ет болмайды,
Өсекшіде бет болмайды.
4815. Ішек-қарын ет болмас,
Дұшпан, сірә, дос болмас.
4816. Ішері жаманның
Тышары жаман.
4817. Ішкенің — ірің, жегенің — желім.
4818. Ішпей-жемей бол бақыл,
Байымасаң, маған кел.
4819. Ішпек-жемек байдан,
Өлім келсе — Құдайдан.
4820. Іштарлық өзгені көздейді,
Өзіне тиерін білмейді.
4821. Іші өткеннің өзі біледі.
4822. Іші тар әйел ұл тумас.

4823. Ішінде боқтан көп қайынаға,
Ат жығылғанда қайда едің?
4824. Ішінде бір балығың жоқ.
4825. Ішің ауырса, тамағыңды тый,
Көзің ауырса, қолыңды тый.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

«Бабалар сөзі» сериясының 68-томына енген мақал-мәтелдер Л.З.Будагов, Н.И.Березин, П.М.Мелиоранский, И.И.Крафт, А.В.Васильев, Ә.Диваев, С.Шорманов, Ғ.Жәнібеков, З.Ташкенди, А.Баржақсин, Қ.Саттаров, Қ.Қалиасқарұлы, Ж.Арғынбай, З.Шәмеш, Ү.Ақтышқан, Н.Қалел сынды зерттеуші, ғалым, ағартушы-мұғалім, халық мұрасының жанашырлары жинап, жариялаған еңбектер бойынша дайындалды. Олар ХІХ ғасырдың ортасынан ХХ ғасырдың соңына дейінгі мерзімді қамтиды. Бұл мәтіндердің қомақты бөлігі — 1869-1923 жылдар аралығында кітаптарда, баспасөз беттерінде жарық көрген мақал-мәтелдер. Ол басылымдар қазіргі кезде сирек кітаптар мен қолжазбалар қорларында ғана сақталып, жалпы оқырман үшін тарихи жәдігерге айналған. Мақал-мәтелдердің тағы бір бөлігі — өткен ғасырдың 70-80 жылдарынан бері жиналып, ғылыми тұрғыдан сұрыпталып, оқулықтарда, хрестоматияларда, жинақтарда жарық көріп жатқан мұралар. Айта кететін жайт — олар Қазақстанмен шектес Моңғолия мен Өзбекстан қазақтары арасынан жиналған.

Томға енген халық мұралары үлгілері туралы алғашқы мәліметтер 1890-1900 жылдары жарық көрген фольклортанушы-библиограф, зерттеушілер А.Е.Алекторовтың, А.Н.Харузиннің библиографиялық көрсеткіштері арқылы анықталды. А.Е.Алекторов 1900 жылы Қазанда жарық көрген *«Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах»* атты танымал еңбегінде мақал-мәтелдерге байланысты ондаған әдебиеттерді көрсетіп, оларды жинаушылар мен жариялаушылар туралы көптеген мәлімет берген. Бүгінгі отандық филолог-

тар мен қоғамтанушы ғалымдарға И.Березин, П.Мелиоранский, А.Васильев, Ә.Диваев есімдері белгілі болғанымен, Л.Будагов, М.Терентьев, И.Крафт жөнінде, олардың жинауындағы мақал-мәтелдер туралы зерттеулер өте аз. Ал ХХ ғасырдың басында осы жанрдың үлгілерін жинауға атсалысып, жариялануына айрықша ден қойған ұлт азаматтары: Ғ.Балғымбаев, Б.Сарыбатыров, И.Меңдіханов, А.Қаратаев, С.Шорманов, Ғ.Жәнібеков, З.Ташкенди есімдері библиографиялық әдебиеттерден сырт қалып келді. Қысқасы, томға енген Ресей зиялы өкілдері мен қазақ азаматтары бастырған жүздеген мақал-мәтелдердің жариялану тарихына көз салсақ, олардың хатқа түсіп, жарыққа шыққанына 140 жыл толғанын көреміз.

Осы ретте ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ мақал-мәтелдерінің жиналып, жариялануындағы бірнеше ерекшелікті атап көрсетуге болады. Олар мыналар:

Біріншіден, олардың негізгі бөлігінің қазақша мәтіні орыс әрпінде хатқа түсірілген. Яғни қазіргі қолданыстағы әліпбиді білген кез келген адам оларды оқып-біле алады. Қазақтар сол тұста негізінен араб әліпбиін қолданғанымен, оларды орысша хатқа түсіру Ресейдің отаршылдық оқу-ағарту ісінің саясаты болатын. Сондықтан қазақ мәтіні кирилл қарпінде жазылып, орысша аудармасымен қатар берілді. Аталған жинаушы-зерттеушілер қай басылымда болмасын мәтіндердің алдымен қазақшасын, одан соң орысшасын жіберуге тырысты. Кейін осы тәсілді В.Катаринский, В.Ф.Герн, И.Лаптев, Н.Пантусов, Я.Лютш т.б. қолдады.

ХХ ғасырдың басында қазақ мақалдарын аудармасымен жариялаудың үздік үлгісін көрсеткен ағартушы В.В.Катаринский болды (Ол жинап, жариялаған мәтіндер осы серияның 66-томында берілді). Жинау жұмыстарында зерттеуші С.Бақтыгереев, И.Жұмалиев сияқты қазақ жастарының көмегіне сүйенсе, оның әріптесі А.Васильев Ғ.Балғымбаев, Б.Сарыбатыров, И.Меңдіханов, А.Қаратаев сынды қазақша әрі орысша сауатты азаматтарды ғылыми жұмысқа тартып, жұмылдыра білген. Соның нәтижесінде В.Катаринский 1500-дей, ал А.Васильев 700-ден астам асыл мұраларды жинап алуға қол жеткізген.

Екіншіден, кейде мақал-мәтелдің түпнұсқасы берілмей, орыс тіліндегі аудармасы ғана жіберіліп отырған. Бұндай күрделі ғылыми жұмысты қазақша жақсы білетін орыс және түркі тілдес халықтардан шыққан ғалым-зерттеушілер, аудармашылар, сондай-ақ қазақтың алғашқы ғалымдары, мұғалімдері, оқыған жастары жасаған. Олар өз аудармаларын қазақтың тарихы мен халық әдебиетіне қатысты зерттеу еңбектерінде пайдаланды. Қазақ мақал-мәтелдерінің орысша мәтіндерін И.М.Ибрагимов, А.Алекторов, Н.Катанов, Н.Остроумов, Н.Гродеков, И.Крафт т.б. зерттеушілер сол кезеңде шығып тұрған: «Туркестанские ведомости», «Киргизская степная газета» «Оренбургский край», «Оренбургский листок», «Астраханский вестник», «Этнографическое обозрение», «Правительственный вестник», «Самарские губернские ведомости», «Тургайские областные ведомости», «Тургайская газета», «Туркестанский курьер» сияқты мерзімді баспасөз беттерінде, сонымен бірге «Ежегодник Туркестанского края», «Памятная книжка Тургайской области», «Судебная часть в Туркестанском крае и степных областях» секілді басылымдарда жариялап отырды. Мысалы, И.М.Ибрагимов «Киргизские пословицы» деген айдармен Ташкентте шығып тұрған «Туркестанские ведомости» газетінің алғашқы нөмірінен бастап, халық мұрасының мүмкіндігінше жиі жарияланып отыруына, А.Алекторов «Астраханский вестникте» «Қазақ мақалдары» атты мақала жазып, мәтіндердің түпнұсқасы мен аудармасын қоса беруге талпыныс жасаған.

Қазақ мақалдарына зор көңіл бөлген ғалымдардың бірі — түркітанушы Н.Катанов. Ол 1890-1891 жылдары Сібір мен ШығысТүркістанаймағынағылымиіс-сапарменбарып, оралған соң «Қытай қазақтарының мақалдары туралы мағлұматтар» («Несколько данных о пословицах китайских киргиз-казахов») атты зерттеуін жариялады. Одан соң Ә.Диваевтың «Киргизские пословицы и поговорки» деген еңбегіне қатысты сын мақала, сондай-ақ В.Катаринскийдің қазақ мақалдары жинағына алғысөз жазып берді. Ғалымның Татарстан Республикасы Ұлттық мұрағатында жатқан «Бөкей қазақтарының мақалдары» т.б. материалдары өз зерттеушілерін күтіп жатыр (*Жиеналина Ж.С. Взаимодействие научных обществ Запад-*

ного Казахстана и Волго-Уральского региона во второй половине XIX — 30-е годы XX веков. — Уральск, 2008. С. 22).

Үшіншіден, аталған жанрдағы фольклорлық мұраларымыз XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында қазақтың төл ағартушы-оқымыстылары, халық мұраларының жанашырлары жинап, жазуында жарияланды. Олар мақал-мәтелдерді көптеп жинауға және жариялауға ерекше қызығушылық танытып, араб және кирилл қарпінде хатқа түсуіне өз үлестерін қосты. Ұлтымыздың төл перзенттері Ы.Алтынсарин жинаған мәтіндер «Қазақ хрестоматиясында» (1879), ал С.Бабажанов «Түркістан уалаятының газетінде» (1877) жарияласа, Ш.Уәлиханов жинаған (1855-1865) жәдігерлер мұрағат қорларында қалып қойды. Еуропаша білім алған кейбір қазақ жастары орыс зерттеушілеріне көмекшілік қызмет атқарды, сонымен қатар өз бетінше рухани қазыналарды жинап, жариялауға ұмтылды. Белгілі этнограф-аудармашы М.Бекімовтің мәтіндері орыс қарпінде «Туркестанский курьер» т.б. баспасөз беттерінде шыққан.

Л.Будагов сөздігінде және И.Березиннің мұрағатында арабша жазылған мәтіндер — өзге ұлт өкілдерінің қазақтарға орыс қарпі билік күшімен таңылмай тұрған кезінде жиналғанын көрсететін айғақ. Сондай-ақ С.Шорманов, Ғ.Жәнібеков, З.Ташкенди, А.Баржақсин сынды кейінгі қазақ баспагерлері, жазушылары жинаған мұралар қазақтың дәстүрлі әліпбиі — араб графикасында жазылды. Аталған кезеңде кирилл графикасында жасалған қазақ әліпбиі әлі дәстүрлі әліпбидің орнын ауыстыра алмайтын, сондықтан олардың арабша жетуі біз үшін қымбат рухани олжа болып табылады.

И.Н.Березин мұрағатындағы мақал-мәтелдер. Томға енген бұл мәтіндер мақал-мәтелдердің ескі нұсқалары болып табылады. Олардың түпнұсқасы С.-Петербургтағы ғалымның жеке қорында сақталған. Мәтіндерді алғаш тауып, қазіргі әліпбиге түсіріп, Қазақстанға әкелген фольклортанушы ғалым Б.Адамбаев болатын (Қазір бұл жәдігерлердің көшірмесі ӘӨИ қолжазба қорында «И.Н.Березин архивінен» деген белгімен (1016-бума) сақтаулы тұр.). Б.Адамбаев өзінің 1996 жылы шыққан «Мақал-мәтелдер» атты жинағына И.Березин жинаған мұраларды іріктеп енгізіп, мәтіндердің жазылу төркінін «Қазан, 1850» деп көрсетеді. (*Мақал-мәтелдер (Қазақтың*

халық әдебиеті: көп томдық). Құрастырған, алғысөзін және түсініктерін жазған Балтабай Адамбаев. — Алматы: Ғылым, 1996). Яғни бұл аталған мақал-мәтелдердің 1850 жылдары жиналып, хатқа түскенін айғақтайды.

Томға мәтіндер 1016-бума негізінде алынып, өзгеріссіз жіберілді.

Л.З.Будагов сөздігінен алынған мақал-мәтелдер. Томға берілген бірқатар мәтіндер түркітанушының С.-Петербургте бастырып, шығарған «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» атты екі томдық (I, II томдар) сирек басылымы бойынша (*Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, с применением употребительнейших слов арабских и персидских с переводом на русский язык. Составил Лазар Будагов. Том I. — Санкт-Петербург, типография императорской Академии наук. 1869 г.; Том II. 1870-1871 гг.*) ұсынылды.

Түркі тілдерінің алғашқы салыстырмалы тарихи сөздіктерінің бірі ретінде белгілі басылым — тілдік тұрғыдан ғана емес, түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты ортақ рухани мұраларымызды жинақтаған қымбат тарихи жәдігер. Онда түркі тілдес халықтардың тұрмысы, тәрбиесі, физиологиясы, психологиясы, рухани тіршілігі, жер-суы, астрономиясы, мәдениеті мен тарихына қатысты мол деректер қамтылған. Сөздікті тілтану тұрғысынан зерттеген шығыстанушы Б.А.Атабайдың мәліметіне сүйенсек, Л.Будагов мақал-мәтелдерді Қазақстанның батыс аймағы — бұрынғы Астрахань губерниясы қазақтарынан жазып алған. Кітапта қазақ халқына ғана қатысты 6000-нан астам сөз және 200-ден астам қазақ мақал-мәтелдері қамтылған (*Атабай Б.А. Л.З.Будагов және қазақ тілі. — Алматы: Қазақ университеті, 2001*). Сөздікте қазақ мақалдарымен қатар, татар, башқұрт, алтай, түрік, ұйғыр, өзбек т.б. түркі халықтарының мақалдары кездеседі. Кітапқа қазақ мақал-мәтелдерін белгілі бір атау сөзге мысал ретінде ала отырып, оның түпкі мәніне талдау жасайды. Сөздіктің және бір ерекшелігі — мәтіндердің түпнұсқасы араб әліпбиімен теріліп, орысша аудармасы және қай халықтың мұрасы екені көрсетілген.

Томға енген мақал-мәтелдер қазіргі әліпбиге түсіріліп, осы сөздік бойынша өзгеріссіз берілді.

М. Терентьевтің оқулығынан алынған мақал-мәтелдер. Томға 1875 жылы жарық көрген «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» атты оқулықта жарияланған мәтіндер ұсынылды (*Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. Книга первая. Составил Михаил Терентьев. — С.-Петербург, типография императорской Академии наук, 1875*). Оқулық М.Терентьевтің Түркістан өлкесінде қызмет істеген 1860-1870 жылдары жергілікті орыс-тузем мектептеріне оқу құралы ретінде құзырлы мемлекеттік мекеменің тапсырысымен жазылған. Бұл — орыс әрпінде (кирилше) жазылған шығыс тілдерінің алғашқы оқу құралдарының бірі. Сонымен бірге 1876 жылы кітаптың «Хрестоматия турецкая, персидская, киргизская и узбекская» деген қосымшасы да басылым көрген. Автор оқулықтағы тапсырмаларды хрестоматиялық құралы бойынша толықтыруға кеңес береді. М.Терентьевтің «Хрестоматиясы» қолға түспегендіктен, біз оқулықтағы мәтіндермен ғана шектелдік. Зерттеушінің оқулық кіріспесіне жазған: «Прилагаемая грамматика составлена мною по материалам Ильминского, проверена живою речью и, наконец, рассмотрена полковником Султаном Джангир Букеевым и г. Ибрагимовым, которым и приношу свою благодарность» деген қысқаша деректері, оған қазақ азаматтары қолғабыс бергенін аңғартады. Оқулықтағы түрік, парсы тілдерінен кейін берілген «Киргизская грамматика» деген тарауда (119-159-бб.) қазақ тілін оқытудың заңдылықтарын, әдіс-тәсілдерін мысалдар арқылы түсіндіру үшін айырым сөздер, сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер алынған.

Томға жоғарыда көрсетілген беттерде жарияланған 19 мақал-мәтел сол қалпында кіргізілді.

П.М. Мелиоранский жинаған мақал-мәтелдер. Томға зерттеушінің 1890 жылы қазақ жерінен жазып алған 91 мақал-мәтелі берілді. Ол мәтіндер алғаш «Записки Восточного отделения Императорского Русского археологического общества» журналында «Қазақ мақалдары мен жұмбақтары» деген тақырыппен («*Киргизские пословицы и загадки. Том VII. 1892 г. — СПб., типография императорской Академии наук,*

1893 г. С.39-50) жариялаған. Кіріспе сөз ретінде жазылған көлемді зерттеуде мақал-мәтелдерді 1890 жылы Орск қаласы (қазір Ресей федерациясы аумағына қарайды) маңындағы Меңдібай, Ор өзендерінің бойын мекендеген уез бастығының кіші көмекшісі, сол елдің беделді биі Дербісәлі Беркімбаевтың ауылына келіп жатқан саудагерлер мен молдалардың, саяхатшылар мен қонақтардың, ел адамдарының арасындағы «шешендердің» айтуынан жазып алғанын айтады. Бұл ретте П.М.Мелиоранскийдің мақаласы XIX ғасырдың соңында жарық көрген қазақ мақалдарын жанр ретінде арнайы зерттеген сирек ғылыми еңбектердің қатарында атап өткен орынды. Басылымда жарияланған 91 мақал әр беттің сол жағына түпнұсқасы, оң жағына аудармасы беріліп, реттік санмен нөмірленген.

Томға ұсынылған мәтіндер түпнұсқа негізінде алынды.

И.И. Крафт жинаған мақал-мәтелдер. Бұрынғы Торғай облысы губернаторының аға кеңесшісі И.И.Крафтың 1900 жылы Орынборда жарық көрген «Из киргизской старины» атты (*«Из киргизской старины»*. — Оренбург, 1900. — 157 с.) еңбегінің 96-бетінде қазақтың 14 мақалы берілген. Жинақ қазақтың құқық тарихына, билік-сот ісіне арналғандықтан, бұл әдеби материалдар дәстүрлі қазақ қоғамның әлеуметтік сипатын таныту үшін таңдап алынған. Автор қазақтың «құл» деген ұғымын жеке қарастырып, оған қатысты мақалдарды ғана топтастырады. Сол арқылы қазақ қоғамындағы құлдың рөлі, оның тарихы мен маңызы жөнінде пікір қорытады. И.Крафт та жоғарыда аталған зерттеушілер сияқты мақалдардың қазақша-орысша мәтіндерін қатар берген. Олардан бір ерекшелігі — мақалдарды өзі аударып, халық мұраларын жинаушы замандастарымен ғылыми қарым-қатынас жасап, олардың фольклортанушылық еңбектерімен арнайы танысқан. Зерттеуші «Судебная часть в Туркестанском крае и степных областей» (1898) атты кітабында мақалдарды В.Катаринскийдің өзі ұсынғанын, қалғандарын М.Максимов, Ә.Диваевтардың еңбектерінен алғанын айтады.

Томға көрсетілген еңбекте жарияланған 14 мақал түпнұсқа негізінде енгізілді.

А.В. Васильевтің жинағынан алынған мақал-мәтелдер. Серияның 66-томында зерттеушінің 1892 жылы жарық көрген «Торғай облысы қазақтары айтуынан жазып алынған мақалдар»

(«Пословицы, записанные со слов киргиз Тургайской области. На киргизском и русском языках») атты жинағынан алынған мақал-мәтелдер берілген болатын. Бұл томға оның ҚР Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорында сақталған қолжазба жинағындағы 473 мақал-мәтел кіргізілді. Өкінішке орай, А.Васильевтың жинаған мақал-мәтелдері бұл материалдардан анағұрлым қомақты екендігі белгілі. Әзірше олардың бәріне қол жеткізу мүмкін болмағандықтан, келешекте оның жинаған рухани мұраларына арнайы тоқталу қажет екенін айта кеткіміз келеді. А.Васильев өзінің сан-салалы ғылыми-ағартушылық қызметінде халық мұраларын өзі ғана жинаумен айналыспай, өзінің шәкірттерін, таныстарын, қазақ жастарын, мұғалімдерін халық ауыз әдебиетін, фольклорын жинау, зерттеу жұмысына тартты. Оның замандастары: В.Катаринский, А.Алекторов, Н.Пантусов, Ә.Диваев т.б. осылай жұмыс істеп, сол арқылы жүздеген жауһар қазынамыз бүгінге жоғалмай жетті. Төменде А.Васильевтің фольклор жинаушылық қызметінде көмекші болған Ғ.Б.Балғымбаев, Б.Сарыбатыров, И.Меңдіханов және С.А.Қаратаев туралы қысқаша өмірбаяндық деректер алғаш рет берілді.

А.В.Васильев XIX ғасырдың соңынан бастап қазақ халық әдебиеті үлгілерін жүйелі түрде жинап, олардың басылып шығуына үлкен еңбек сіңірді. Ал түрлі себептермен жарияланбаған жеке мұрағатындағы қолжазбаларын 1935-1936 жылдары Қазақстанның Ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институты қорына тапсырды. Олардың бірқатары кейін ҚР Орталық ғылыми кітапхана қорына түскен, олар қазір «**Киргизские пословицы. Из собрания А.В. Васильева. г. Казань**» деген атаумен сақтаулы (ОҒК, 1166-бума). Буманың екінші бетінен «Мақалдар. Пословицы» деген тақырып басталып, қазақша мәтіндер және оның орысша аудармасы төрт адамның қолымен жазылған. Жинақтың 2-12 беттерінде 1-ден 90-ға дейін нөмірленген мұралардың аяғында: «Окончание будет. Учитель Иргизского 2-х классного училища Б.Сарыбатыров», 13-20 беттеріндегі 78 мақалдың соңында: «Переводил И.Мендыханов», 21-38 беттердегі 145 мақал-мәтелден кейін «Перевел учитель Г.Балгимбаев» деген мәліметтер келтірілген. Ал буманың 39-54-беттерінде орналасқан 1-ден 150-ге дейін нөмірленген мәтіндерді аударған адамның аты-жөні қиылған.

Жинақтың 55-56-беттеріндегі тақырыпсыз 16 мақалдың 10-ы ғана орыс тіліне аударылып, төменіне: «Записано А.Васильевым со слов С.А.Қаратаева (Уральской обл.). 1905 г.» деген мәлімет жазылған.

Томға аталған жинақтан алынған мәтіндер түпнұсқа негізінде ұсынылды.

«Аушы» жинағынан алынған мақал-мәтелдер. «Аушы» жинағы С.Шормановтың бастыруымен 1907 жылы Қазан қаласында жарық көрген. Кітапша шағын екі бөлімнен тұрады, алғашқысы «Ау құстары» деген тақырыппен құс аулаудың әдіс-тәсілдері, құстардың түрлері, оларды баулып, аң аулаудың, саяткерлік кәсіптің қазақ өміріндегі орны туралы айтылса, екінші бөліміне ел арасынан жиналған тақпақтар, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер енгізілген. Атап айтқанда, жинақтың 14-15-беттерінде «Тақпақ, мақалдар» деген тақырыппен қазақтың 18 мақалы берілген. Олар негізінен — бірлік, адамгершілік, әділдік, азаматтық және елдік жайындағы мұралар.

Томға «Аушы» жинағында жарияланған мәтіндер түпнұсқа негізінде, өзгеріссіз жіберілді.

«Жұмбақ уа мақаллар» жинағында жарияланған мақалдар. Томға Ақмола облысы қазақтары арасынан жиналып, Қазан қаласындағы «Шараф» баспасынан жарық көрген «*Жұмбақ уа мақаллар*» (*Құраст. — Ғұмар Жәнібеков. Омск, 1908*) жинағында басылым көрген мақалдар түпнұсқа негізінде ұсынылды.

«Шопан ата» жинағынан алынған мақал-мәтелдер. Томға «*Шопан ата*» (*Құрастыр. — Зариф бин Ғабдул Қадыр. Қазан, 1909*) жинағында жарық көрген мақал-мәтелдер түпнұсқа негізінде, өзгеріссіз енгізілді.

«Мың бір мақал» жинағынан алынған мақал-мәтелдер. «*Мың бір мақал*» атты жинақты 1923 жылы Мәскеу қаласындағы «Күншығыс халықтарының Орталық баспасы» жарыққа шығарған. Жинаушысы — Ахмет Баржақсы баласы. Жүйелі түрде берілген алғашқы төл жинақтан алынған кейбір мәтіндер 1990-жылдардың басында баспасөз бетінде, мақал-мәтелдерге арналған жинақтарда жарияланғаны болмаса, жеке жинақ болып жарық көрген емес. Соның бір өтемі ретінде ұсынылып отырған мыңнан астам халық мұрасы томға түпнұсқа негізінде толық енгізіліп отыр.

Ә. Диваев жинаған мақал-мәтелдер. 66-томда Ә.Диваев жинаған мақал-мәтелдердің бір парасы академик В.В.Бартольдке арналған жинақта жарияланған нұсқалары бойынша берілген еді. Зерттеуші Б.Адамбаев мұралары арасында Ә.Диваевтың 1924 жылы шыққан «Тарту» жинағының көшірмесі және 1927 жылы В. Бартольдқа арналған жинақтың көшірмесі сақталған.

Ұсынылған томға фольклоршының «Тарту» жинағының нұсқасын және ҚР Орталық ғылыми кітапханасы сирек кітаптар мен қолжазба қорында сақталған «*Киргизские пословицы*» атты қолжазбасындағы мәтіндер түпнұсқа негізінде кіргізілді.

Моңғолия қазақтарының мақал-мәтелдері. «Бабалар сөзі» сериясының 67-томы шетел қазақтары фольклорының үлгісі ретінде «Қытай қазақтарының мақал-мәтелдері» деген атпен баспаға ұсынылған еді. Осы жолы сол дәстүрді жалғастырып, осы томға әдебиеттанушы Қ.Қалиасқарұлының «Моңғолиядағы қазақ әдебиеті» атты зерттеу еңбегінде (*Моңғолиядағы қазақ әдебиеті. 5 томдық зерттеу-топтама. Өзірлеген—Қ. Қалиасқарұлы.—Өлгий, 1995. 69-73-бб.*), сондай-ақ Баян-Өлгийде жарық көрген «Ана тілі» оқулықтарында (*Ана тілі. Екінші класқа арналған оқулық. Жетілдірілген программаға сай қайта өңделген төртінші басылымы. Өлгий, 1986. Авторлары: Ж.Арғынбай, З.Шәмеш; Ана тілі. Төрт-жылдық бастауыш мектептің 4-класына арналған. Бірінші басылымы.—Өлгий, 1991. 148-150 бб.*) басылым көрген мәтіндер ұсынылды.

Өзбекстан қазақтарының мақал-мәтелдері. Олар алғаш жүйелі түрде «Ақылдың көзі» атты жинақта топтастырылды (*Ақылдың көзі. Мақал-мәтелдер. Құраст.—Қ. Саттаров.—Алматы: Жазушы, 1990*). Жинақтың алғы сөзінде халық мұраларының Ташкент маңы және Сырдария өзені жағалауында, сондай-ақ Қазығұрт, Қаратау тауларының бөктерлерінде тұратын, сол жерді ежелден қоныстанып, атамекен еткен қазақтардан ауызекі тілде қалай айтса, солай жазып алынғаны айтылады (3-б.).

Професор Қ.Саттаров араға он бес жыл салып «Ташкент қазақтарының ауызша айтып жүрген мақал-мәтелдері» атты жаңа жинақ құрастырып, оған енген мәтіндер Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық институтының

КСРО халықтары әдебиеті кафедрасы 1968-1972 жылдары, ал Қазақ әдебиеті кафедрасы 1973-1989 жылдары ұйымдастырған фольклорлық-этнографиялық экспедицияларында жинаған материалдары негізінде дайындалғанын сөз етеді (*Ташкент қазақтарының ауызша айтып жүрген мақал-мәтелдері. Хрестоматия. Құраст. — Саттаров Қ. — Ташкент, 2006. 32 бет*).

«Бабалар сөзі» сериясының 68-томына аталған жинақтар негізінде алғаш Өзбекстан аумағында тұратын қазақтардың қолданысында жүрген мақал-мәтелдер енгізілді.

Хронологиялық тәртіп бойынша берілген мәтіндер төмендегідей ретпен орналасқан:

И.И. Березин жинаған мақал-мәтелдер — 88, 262, 351, 381, 404, 412, 419, 542, 567, 573, 589, 599, 622, 658, 672, 805, 809, 878, 911, 953, 956, 965, 1048, 1059, 1084, 1159, 1169, 1177, 1180, 1216, 1217, 1242, 1243, 1248, 1258, 1281, 1301, 1332, 1433, 1434, 1518, 1575, 1626, 1732, 1750, 1754, 1763, 1796, 1838, 1881, 1882, 2004, 2007, 2011, 2018, 2020, 2194, 2270, 2334, 2507, 2531, 2556, 2670, 2687, 2699, 2798, 2861, 2872, 2914, 2954, 2997, 3014, 3065, 3078, 3109, 3127, 3143, 3197, 3207, 3273, 3296, 3308, 3312, 3379, 3445, 3504, 3509, 3560, 3572, 3776, 3777, 3783, 3819, 3838, 3882, 3909, 3914, 3937, 3971, 3973, 3986, 4103, 4124, 4130, 4153, 4257, 4318, 4332, 4388, 4307, 4584, 4591, 4611, 4680, 4715, 4730, 4884;

Л.З. Будагов жинаған мақал-мәтелдер — 73, 75, 114, 241, 387, 396, 443, 486, 513, 557, 594, 694, 776, 782, 810, 815, 914, 929, 977, 1023, 1080, 1083, 1107, 1206, 1382, 1543, 1646, 1696, 1755, 1826, 1905, 1920, 1926, 2082, 2089, 2151, 2202, 2263, 2313, 2315, 2326, 2345, 2429, 2443, 2520, 2542, 2611, 2664, 2695, 2846, 2869, 2928, 2930, 2947, 2970, 2974, 2992, 2993, 3001, 3053, 3068, 3076, 3129, 3144, 3151, 3254, 3259, 3272, 3290, 3307, 3354, 3362, 3368, 3386, 3436, 3585, 3897, 3950, 3953, 3975, 4061, 4062, 4106, 4134, 4145, 4146, 4154, 4193, 4254, 4267, 4305, 4341, 4384, 4483, 4657, 4741, 4762, 4763, 4767;

М.А. Терентьев жинаған мақал-мәтелдер — 504, 1017, 2281, 2403, 4071, 4147, 4438, 4581, 4812;

П.М. Мелиоранский жинаған мақал-мәтелдер — 40, 126, 231, 248, 274, 318, 319, 382, 424, 461, 463, 465, 541, 644, 664,

695, 718, 742, 797, 799, 808, 817, 924, 941, 969, 1086, 1192, 1202, 1218, 1287, 1292, 1298, 1347, 1474, 1532, 1588, 1685, 1760, 1775, 1798, 1815, 1845, 1861, 1951, 1991, 1993, 2013, 2029, 2047, 2078, 2154, 2178, 2241, 2460, 2502, 2552, 2631, 2667, 2854, 2917, 2927, 3046, 3073, 3165, 3204, 3295, 3302, 3336, 3372, 3475, 3488, 3571, 3653, 3799, 3927, 3948, 3976, 4042, 4060, 4068, 4099, 4105, 4143, 4293, 4425, 4433, 4615, 4645, 4651, 4695, 4810;

И.И. Крафт жинаған мақал-мәтелдер — 653, 1144, 2121, 2264, 2416, 2417, 3318, 3319, 3347, 3367, 3815, 4408;

А.В. Васильев жинаған мақал-мәтелдер — 11, 19, 20, 47, 82, 87, 90, 102, 103, 104, 116, 121, 132, 149, 165, 166, 184, 194, 212, 216, 225, 246, 270, 283, 289, 301, 334, 335, 336, 354, 358, 359, 360, 363, 366, 369, 378, 379, 386, 415, 420, 423, 428, 466, 505, 509, 533, 536, 543, 560, 564, 565, 568, 574, 575, 583, 630, 639, 643, 662, 668, 674, 676, 682, 703, 704, 717, 722, 730, 733, 741, 761, 818, 827, 838, 840, 865, 870, 871, 892, 902, 905, 916, 919, 930, 944, 949, 951, 952, 961, 963, 989, 993, 995, 1013, 1026, 1031, 1062, 1078, 1087, 1088, 1096, 1100, 1104, 1121, 1131, 1153, 1167, 1170, 1176, 1198, 1269, 1275, 1279, 1286, 1289, 1310, 1315, 1337, 1341, 1356, 1366, 1385, 1395, 1399, 1400, 1401, 1464, 1465, 1467, 1469, 1483, 1492, 1515, 1517, 1522, 1552, 1579, 1580, 1593, 1611, 1619, 1630, 1637, 1670, 1739, 1744, 1761, 1762, 1769, 1778, 1804, 1819, 1821, 1822, 1828, 1842, 1855, 1863, 1879, 1903, 1937, 1946, 1947, 1952, 1963, 1980, 1999, 2002, 2005, 2010, 2017, 2024, 2028, 2052, 2054, 2084, 2101, 2115, 2124, 2128, 2134, 2142, 2146, 2150, 2182, 2185, 2195, 2207, 2217, 2255, 2257, 2261, 2266, 2282, 2289, 2291, 2298, 2003, 2308, 2312, 2352, 2359, 2371, 2426, 2431, 2433, 2435, 2436, 2450, 2463, 2472, 2475, 2489, 2491, 2505, 2511, 2541, 2558, 2564, 2602, 2617, 2634, 2640, 2642, 2644, 2651, 2661, 2665, 2688, 2696, 2698, 2707, 2736, 2743, 2750, 2777, 2790, 2794, 2797, 2806, 2809, 2820, 2838, 2849, 2858, 2902, 2903, 2916, 2940, 2944, 2956, 2959, 2960, 2968, 2971, 2976, 2977, 2987, 2998, 3020, 3029, 3032, 3047, 3050, 3106, 3119, 3155, 3178, 3190, 3211, 3244, 3289, 3293, 3294, 3306, 3326, 3329, 3330, 3332, 3333, 3335, 3350, 3358, 3376, 3381, 3393, 3407, 3419, 3429, 3437, 3455, 3482, 3496, 3497, 3498, 3501, 3507, 3511, 3540, 3541, 3552, 3562, 3578, 3581, 3584,

3527, 3533, 3646, 3654, 3662, 3673, 3792, 3802, 3817, 3821, 3829, 3831, 3840, 3841, 3859, 3910, 3915, 3917, 3924, 3930, 3932, 3940, 3964, 3970, 3978, 3987, 3988, 3989, 3990, 3991, 4003, 4004, 4006, 4047, 4050, 4057, 4064, 4067, 4140, 4152, 4165, 4183, 4188, 4196, 4204, 4223, 4229, 4242, 4252, 4258, 4266, 4280, 4282, 4291, 4292, 4314, 4317, 4345, 4356, 4367, 4406, 4427, 4440, 4456, 4460, 4465, 4508, 4517, 4524, 4528, 4529, 4535, 4548, 4551, 4552, 4557, 4561, 4565, 4580, 4583, 4586, 4588, 4589, 4623, 4633, 4634, 4648, 4675, 4694, 4696, 4718, 4727, 4738, 4747, 4754, 4759, 4807, 4811, 4813, 4825;

С. Шорманов жинаған мақал-мәтелдер — 26, 206, 374, 444, 848, 1440, 1605, 1748, 1906, 2526, 2712, 2913, 2946, 3111, 4592, 4692;

«Жұмбақ уа мақаллар» жинағынан — 10, 31, 34, 46, 140, 159, 175, 197, 328, 375, 391, 400, 408, 576, 582, 619, 660, 688, 690, 755, 779, 791, 939, 885, 889, 917, 925, 946, 958, 964, 1009, 1018, 1024, 1119, 1179, 1199, 1213, 1227, 1290, 1318, 1345, 1471, 1524, 1612, 1615, 1654, 1656, 1669, 1679, 1691, 1694, 1698, 1782, 1799, 1858, 1959, 1979, 2043, 2048, 2053, 2056, 2057, 2088, 2098, 2117, 2120, 2043, 2048, 2053, 2056, 2057, 2088, 2098, 2117, 2120, 2172, 2232, 2262, 2271, 2276, 2297, 2301, 2400, 2423, 2452, 2469, 2476, 2500, 2516, 2601, 2616, 2663, 2697, 2741, 2756, 2764, 2767, 2783, 2802, 2845, 2850, 2862, 2870, 2945, 2979, 3004, 3011, 3039, 3077, 3087, 3093, 3136, 3181, 3189, 3201, 3233, 3304, 3334, 3349, 3394, 3400, 3442, 3464, 3492, 3663, 3670, 3671, 3786, 3803, 3818, 3836, 3842, 3854, 3872, 3905, 4087, 4093, 4104, 4108, 4109, 4144, 4158, 4191, 4205, 4247, 4276, 4336, 4340, 4368, 4397, 4422, 4486, 4499, 4507, 4536, 4556, 4566, 4698, 4703, 4707, 4720, 4723, 4777, 4802;

«Шопан ата» жинағынан алынған мақал-мәтелдер — 2, 3, 13, 18, 21, 25, 27, 30, 32, 39, 50, 72, 74, 78, 91, 94, 118, 123, 124, 127, 134, 141, 142, 144, 145, 152, 156, 158, 161, 176, 186, 199, 200, 215, 221, 222, 224, 226, 227, 232, 293, 320, 326, 355, 365, 368, 370, 377, 383, 384, 392, 394, 398, 399, 410, 413, 417, 435, 442, 446, 457, 458, 459, 467, 475, 478, 500, 507, 522, 530, 531, 537, 539, 549, 552, 558, 561, 562, 566, 590, 593, 601, 604, 605, 609, 610, 611, 612, 615, 620, 621, 623, 693, 697, 698, 699, 700, 706, 724, 725, 746, 747, 756, 772, 773, 774, 777, 783, 785,

807, 811, 812, 813, 814, 874, 875, 876, 880, 881, 895, 896, 900, 918, 920, 926, 928, 932, 935, 940, 942, 972, 976, 979, 1000, 1016, 1032, 1035, 1040, 1042, 1046, 1047, 1052, 1058, 1073, 1075, 1089, 1090, 1091, 1093, 1106, 1108, 1109, 1110, 1111, 1127, 1136, 1137, 1139, 1140, 1143, 1152, 1162, 1182, 1183, 1195, 1210, 1214, 1221, 1240, 1241, 1250, 1256, 1263, 1264, 1276, 1277, 1282, 1285, 1291, 1297, 1316, 1317, 1322, 1328, 1335, 1342, 1348, 1355, 1357, 1359, 1368, 1375, 1379, 1381, 1396, 1461, 1462, 1512, 1523, 1525, 1531, 1539, 1546, 1556, 1602, 1603, 1604, 1613, 1617, 1628, 1629, 1632, 1634, 1635, 1639, 1641, 1649, 1650, 1651, 1652, 1658, 1659, 1665, 1673, 1677, 1683, 1688, 1690, 1733, 1740, 1741, 1742, 1752, 1757, 1766, 1768, 1771, 1772, 1773, 1776, 1780, 1785, 1786, 1795, 1797, 1801, 1803, 1806, 1813, 1820, 1827, 1829, 1830, 1832, 1840, 1841, 1843, 1846, 1847, 1848, 1850, 1854, 1864, 1866, 1869, 1875, 1880, 1883, 1885, 1888, 1895, 1896, 1904, 1908, 1909, 1924, 1962, 1967, 1971, 1976, 1984, 1994, 1997, 2031, 2033, 2037, 2055, 2068, 2091, 2106, 2114, 2116, 2118, 2126, 2132, 2147, 2153, 2159, 2165, 2179, 2190, 2200, 2210, 2213, 2214, 2222, 2225, 2226, 2227, 2223, 2234, 2235, 2236, 2237, 2238, 2240, 2245, 2251, 2252, 2253, 2259, 2265, 2267, 2268, 2272, 2277, 2295, 2296, 2300, 2304, 2307, 2319, 2324, 2329, 2336, 2337, 2338, 2342, 2343, 2346, 2360, 2361, 2364, 2384, 2389, 2395, 2397, 2405, 2419, 2424, 2428, 2437, 2457, 2477, 2488, 2519, 2527, 2537, 2538, 2547, 2560, 2561, 2562, 2569, 2570, 2574, 2579, 2594, 2613, 2615, 2623, 2627, 2630, 2637, 2638, 2639, 2645, 2649, 2650, 2658, 2675, 2679, 2680, 2886, 2690, 2693, 2713, 2715, 2716, 2720, 2752, 2762, 2766, 2771, 2801, 2817, 2819, 2821, 2824, 2825, 2828, 2833, 2835, 2843, 2844, 2847, 2875, 2880, 2887, 2890, 2891, 2892, 2897, 2898, 2899, 2900, 2904, 2907, 2909, 2915, 2919, 2933, 2941, 2948, 2955, 2958, 2961, 2962, 2969, 3013, 3019, 3028, 3030, 3033, 3034, 3040, 3042, 3045, 3054, 3062, 3069, 3092, 3110, 3114, 3123, 3125, 3130, 3131, 3132, 3145, 3146, 3148, 3150, 3153, 3154, 3156, 3158, 3163, 3164, 3174, 3177, 3182, 3186, 3187, 3191, 3214, 3215, 3217, 3224, 3230, 3236, 3237, 3239, 3245, 3251, 3252, 3256, 3264, 3269, 3277, 3291, 3309, 3310, 3316, 3317, 3322, 3323, 3342, 3346, 3351, 3352, 3355, 3356, 3357, 3361, 3365, 3375, 3383, 3388, 3390, 3391, 3395, 3397, 3398, 3402,

3406, 3415, 3447, 3454, 3456, 3459, 3466, 3493, 3502, 3503, 3508, 3510, 3513, 3645, 3666, 3668, 3678, 3687, 3781, 3784, 3790, 3804, 3805, 3808, 3809, 3811, 3823, 3830, 3832, 3833, 3837, 3843, 3844, 3851, 3853, 3855, 3860, 3861, 3908, 3911, 3916, 3926, 3928, 3929, 3936, 3939, 3942, 3965, 3980, 3981, 3984, 3993, 3997, 4009, 4010, 4014, 4019, 4035, 4053, 4056, 4073, 4075, 4076, 4081, 4083, 4094, 4098, 4129, 4137, 4162, 4174, 4182, 4197, 4203, 4207, 4211, 4216, 4219, 4222, 4225, 4230, 4232, 4236, 4240, 4256, 4260, 4275, 4296, 4299, 4302, 4310, 4311, 4312, 4313, 4315, 4316, 4321, 4331, 4337, 4348, 4352, 4357, 4358, 4374, 4378, 4381, 4382, 4394, 4404, 4415, 4419, 4426, 4429, 4430, 4434, 4443, 4449, 4453, 4458, 4464, 4471, 4475, 4482, 4505, 4526, 4534, 4553, 4582, 4590, 4594, 4598, 4602, 4618, 4626, 4639, 4642, 4644, 4656, 4673, 4684, 4693, 4697, 4705, 4725, 4728, 4732, 4742, 4760, 4779, 4791, 4809, 4804, 4816, 4819, 4823;

«Мың бір мақал» кітабынан алынған мақал-мәтелдер —

14, 16, 22, 23, 28, 37, 56, 69, 85, 117, 128, 129, 130, 135, 138, 139, 143, 146, 150, 188, 191, 193, 203, 204, 205, 207, 208, 209, 214, 218, 230, 243, 251, 288, 290, 297, 304, 317, 331, 333, 337, 357, 373, 380, 385, 390, 403, 406, 407, 414, 418, 430, 437, 439, 456, 462, 470, 481, 493, 498, 501, 508, 517, 521, 525, 532, 535, 540, 547, 559, 563, 569, 571, 572, 579, 580, 581, 585, 591, 592, 595, 597, 598, 600, 606, 607, 613, 616, 625, 626, 632, 640, 646, 649, 650, 652, 657, 678, 679, 695, 702, 713, 720, 721, 723, 727, 728, 729, 736, 739, 744, 748, 751, 764, 770, 771, 778, 790, 792, 803, 816, 824, 843, 851, 860, 861, 863, 869, 872, 873, 877, 883, 891, 906, 908, 913, 921, 927, 933, 934, 938, 945, 947, 948, 954, 962, 970, 971, 973, 980, 982, 1008, 1011, 1020, 1021, 1028, 1038, 1041, 1057, 1061, 1065, 1072, 1074, 1076, 1081, 1082, 1094, 1095, 1102, 1103, 1105, 1113, 1122, 1135, 1138, 1149, 1157, 1184, 1186, 1190, 1191, 1193, 1201, 1207, 1222, 1226, 1228, 1232, 1238, 1239, 1254, 1257, 1261, 1265, 1266, 1267, 1271, 1272, 1323, 1324, 1343, 1346, 1350, 1373, 1374, 1376, 1407, 1411, 1421, 1475, 1477, 1478, 1485, 1487, 1496, 1510, 1528, 1530, 1545, 1555, 1557, 1559, 1636, 1638, 1657, 1660, 1661, 1663, 1671, 1675, 1681, 1684, 1686, 1689, 1697, 1707, 1715, 1721, 1728, 1731, 1738, 1746, 1749, 1753, 1756, 1759, 1764, 1765, 1767, 1774, 1783, 1816, 1817, 1823, 1825, 1834, 1844,

1865, 1871, 1874, 1884, 1892, 1911, 1913, 1914, 1915, 1917, 1919, 1922, 1927, 1928, 1929, 1934, 1935, 1939, 1942, 1944, 1945, 1950, 1953, 1960, 1965, 1969, 1972, 1974, 1975, 1977, 1981, 1986, 1987, 1988, 1989, 1990, 1992, 1995, 2008, 2009, 2016, 2019, 2022, 2023, 2026, 2027, 2030, 2032, 2034, 2040, 2041, 2046, 2049, 2063, 2069, 2071, 2072, 2071, 2079, 2080, 2086, 2090, 2092, 2104, 2112, 2113, 2119, 2131, 2133, 2137, 2139, 2141, 2155, 2157, 2162, 2163, 2167, 2184, 2187, 2188, 2189, 2197, 2198, 2199, 2201, 2203, 2208, 2219, 2221, 2223, 2224, 2229, 2250, 2254, 2256, 2258, 2269, 2278, 2283, 2285, 2287, 2303, 2314, 2320, 2321, 2331, 2341, 2350, 2372, 2390, 2394, 2409, 2414, 2421, 2427, 2438, 2440, 2454, 2461, 2464, 2467, 2468, 2471, 2473, 2486, 2487, 2492, 2495, 2498, 2499, 2501, 2504, 2506, 2514, 2518, 2533, 2534, 2536, 2544, 2545, 2550, 2553, 2590, 2592, 2595, 2596, 2600, 2608, 2614, 2620, 2632, 2633, 2635, 2636, 2647, 2648, 2653, 2655, 2657, 2660, 2666, 2668, 2669, 2673, 2674, 2681, 2684, 2685, 2691, 2692, 2701, 2702, 2703, 2704, 2705, 2714, 2717, 2724, 2727, 2737, 2751, 2760, 2768, 2782, 2782, 2785, 2795, 2815, 2823, 2832, 2852, 2853, 2859, 2863, 2866, 2867, 2876, 2877, 2879, 2881, 2888, 2893, 2901, 2918, 2921, 2925, 2929, 2935, 2939, 2896, 2991, 2994, 3000, 3008, 3009, 3012, 3031, 3035, 3038, 3044, 3051, 3052, 3056, 3058, 3063, 3064, 3071, 3072, 3084, 3095, 3097, 3103, 3105, 3112, 3117, 3118, 3121, 3135, 3142, 3147, 3160, 3161, 3175, 3179, 3180, 3183, 3185, 3188, 3192, 3194, 3195, 3198, 3206, 3216, 3226, 3231, 3234, 3238, 3240, 3241, 3243, 3246, 3258, 3263, 3270, 3279, 3282, 3283, 3298, 3303, 3305, 3320, 3324, 3325, 3327, 3328, 3331, 3337, 3339, 3340, 3341, 3343, 3344, 3345, 3348, 3359, 3364, 3369, 3373, 3374, 3380, 3384, 3401, 3416, 3418, 3425, 3430, 3434, 3440, 3453, 3457, 3458, 3460, 3478, 3490, 3491, 3495, 3500, 3518, 3544, 3546, 3555, 3558, 3561, 3563, 3564, 3567, 3569, 3576, 3580, 3632, 3650, 3661, 3690, 3774, 3787, 3789, 3796, 3797, 3807, 3847, 3852, 3856, 3857, 3858, 3862, 3871, 3875, 3888, 3894, 3899, 3918, 3922, 3925, 3947, 3949, 3968, 4015, 4016, 4018, 4020, 4021, 4024, 4026, 4037, 4038, 4040, 4048, 4049, 4051, 4065, 4072, 4088, 4089, 4092, 4125, 4128, 4138, 4148, 4151, 4155, 4175, 4186, 4192, 4214, 4215, 4218, 4224, 4237, 4238, 4243, 4249, 4253, 4261, 4265, 4277, 4287, 4294, 4323, 4344, 4350,

4351, 4353, 4354, 4359, 4361, 4362, 4363, 4375, 4377, 4379, 4380, 4386, 4396, 4399, 4405, 4412, 4414, 4416, 4418, 4420, 4431, 4439, 4444, 4450, 4457, 4468, 4469, 4473, 4479, 4481, 4487, 4488, 4489, 4490, 4520, 4522, 4523, 4527, 4537, 4538, 4547, 4549, 4550, 4554, 4558, 4563, 4569, 4571, 4585, 4601, 4603, 4613, 4637, 4638, 4646, 4647, 4649, 4650, 4654, 4655, 4658, 4663, 4664, 4667, 4669, 4671, 4685, 4688, 4700, 4706, 4710, 4714, 4724, 4729, 4740, 4743, 4744, 4789, 4800, 4803;

Ә. Диваев жинаған мақал-мәтелдер — 17, 24, 29, 77, 89, 98, 115, 120, 137, 167, 168, 192, 242, 271, 237, 324, 338, 353, 356, 506, 510, 553, 588, 614, 634, 637, 641, 648, 669, 692, 743, 794, 800, 836, 910, 931, 936, 943, 1064, 1070, 1115, 1178, 1197, 1203, 1223, 1233, 1246, 1253, 1273, 1314, 1325, 1333, 1336, 1367, 1377, 1378, 1397, 1409, 1416, 1418, 1443, 1583, 1664, 1745, 1800, 1849, 1860, 1872, 1925, 1936, 1978, 1982, 1983, 2000, 2012, 2025, 2081, 2093, 2136, 2145, 2160, 2176, 2231, 2260, 2280, 2309, 2330, 2335, 2451, 2456, 2490, 2509, 2513, 2528, 2548, 2659, 2676, 2682, 2683, 2689, 2711, 2746, 2765, 2774, 2781, 2812, 2860, 2865, 2882, 2886, 2889, 2908, 2920, 2995, 3002, 3049, 3066, 3067, 3083, 3086, 3116, 3173, 3199, 3200, 3221, 3235, 3249, 3285, 3392, 3439, 3461, 3465, 3590, 3780, 3782, 3791, 3820, 3827, 3974, 3998, 4008, 4043, 4080, 4086, 4126, 4139, 4166, 4184, 4195, 4233, 4262, 4268, 4273, 4274, 4301, 4333, 4334, 4343, 4347, 4389, 4411, 4421, 4451, 4454, 4519, 4570, 4593, 4597, 4599, 4504, 4631, 4662, 4681, 4748, 4790, 4808;

«Моңғолия қазақ әдебиеті» (5 томдық зерттеу-топтама) жинағынан алынған мақал-мәтелдер — 45, 65, 97, 235, 239, 249, 491, 397, 464, 483, 491, 503, 512, 577, 638, 719, 753, 832, 1288, 1312, 1361, 1455, 1473, 1609, 1616, 1623, 1868, 1916, 2074, 2105, 2110, 2228, 2242, 2286, 2292, 2503, 2540, 2546, 2557, 2841, 2873, 2922, 3090, 3104, 3113, 3172, 3227, 3299, 3311, 3483, 3506, 3514, 3517, 3556, 3579, 3686, 3814, 3877, 3954, 4002, 4179, 4180, 4376, 4423, 4617, 4709, 4722;

«Ана-тілі» оқулығынан алынған мақал-мәтелдер — 38, 157, 219, 240, 247, 268, 275, 276, 287, 555, 608, 617, 627, 798, 825, 834, 1027, 1060, 1124, 1204, 1220, 1293, 1294, 1296, 1300, 1542, 1655, 1668, 1704, 1709, 1714, 1737, 1747, 1788, 2003, 2109, 2387, 2448, 2578, 2740, 2749, 2791, 2857, 2975, 2983,

3023, 3060, 3548, 3675, 3677, 3680, 3682, 3685, 3689, 3824, 3825, 3826, 3886, 3920, 3992, 4778, 4805;

«Ақылдың көзі» кітабынан алынған мақал-мәтелдер — 1, 4, 5, 6, 7, 8, 15, 33, 35, 41, 43, 48, 49, 51, 52, 53, 54, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 66, 67, 68, 70, 71, 76, 79, 80, 81, 84, 86, 92, 93, 95, 96, 99, 100, 101, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 119, 122, 125, 131, 133, 136, 148, 151, 153, 154, 155, 160, 162, 163, 164, 171, 174, 177, 178, 179, 180, 181, 183, 185, 187, 189, 190, 195, 196, 198, 202, 210, 211, 213, 217, 220, 223, 228, 229, 233, 234, 236, 237, 238, 244, 245, 250, 252, 253, 254, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 263, 266, 267, 269, 272, 278, 280, 281, 282, 284, 285, 292, 294, 295, 296, 299, 300, 302, 306, 307, 309, 310, 311, 312, 313, 314, 315, 316, 321, 323, 325, 329, 330, 332, 339, 340, 341, 342, 343, 345, 346, 347, 348, 350, 352, 361, 362, 364, 367, 371, 372, 376, 388, 389, 393, 395, 401, 402, 405, 411, 416, 421, 425, 426, 427, 429, 434, 438, 440, 441, 445, 447, 449, 450, 451, 452, 453, 454, 455, 460, 468, 469, 471, 473, 474, 477, 479, 480, 482, 484, 485, 489, 490, 492, 495, 496, 497, 499, 502, 511, 515, 518, 519, 520, 523, 524, 526, 527, 528, 529, 534, 538, 544, 545, 546, 548, 550, 554, 570, 586, 587, 618, 624, 628, 629, 631, 647, 651, 661, 665, 666, 667, 670, 673, 675, 677, 691, 701, 705, 707, 708, 709, 710, 712, 714, 715, 716, 726, 731, 732, 734, 735, 737, 738, 745, 749, 750, 754, 757, 758, 759, 760, 762, 763, 765, 766, 767, 769, 780, 781, 784, 786, 787, 788, 789, 793, 795, 796, 801, 802, 804, 806, 8159, 821, 822, 826, 828, 829, 830, 831, 833, 835, 837, 841, 842, 843, 844, 845, 847, 849, 850, 853, 856, 858, 859, 862, 866, 868, 879, 882, 884, 886, 888, 890, 893, 894, 897, 898, 899, 901, 903, 904, 907, 909, 912, 915, 922, 923, 939, 950, 955, 957, 959, 960, 966, 967, 968, 975, 978, 981, 983, 984, 985, 986, 987, 988, 990, 991, 992, 994, 996, 997, 998, 999, 1001, 1003, 1005, 1006, 1007, 1015, 1019, 1022, 1029, 1033, 1034, 1036, 1037, 1039, 1043, 1044, 1045, 1049, 1050, 1051, 1053, 1054, 1055, 1056, 1063, 1066, 1067, 1068, 1069, 1071, 1085, 1092, 1098, 1099, 1101, 1112, 1114, 1116, 1117, 1120, 1123, 1126, 1129, 1130, 1132, 1133, 1134, 1141, 1142, 1145, 1146, 1147, 1148, 1150, 1151, 1154, 1155, 1156, 1158, 1160, 1161, 1163, 1164, 1165, 1166, 1168, 1171, 1172, 1173, 1174, 1175, 1181, 1185, 1187, 1188, 1189, 1194, 1196, 1200, 1205, 1208, 1209, 1212, 1215, 1219, 1224, 1225, 1229, 1230, 1231, 1234, 1235,

1237, 1244, 1245, 1247, 1249, 1251, 1252, 1259, 1260, 1262,
1268, 1270, 1274, 1278, 1280, 1284, 1295, 1299, 1302, 1303,
1304, 1305, 1306, 1307, 1309, 1311, 1313, 1319, 1320, 1321,
1327, 1329, 1330, 1331, 1334, 1338, 1339, 1340, 1344, 1349,
1351, 1352, 1353, 1354, 1358, 1360, 1362, 1363, 1364, 1365,
1369, 1370, 1371, 1372, 1380, 1383, 1384, 1386, 1387, 1388,
1389, 1390, 1391, 1393, 1394, 1398, 1402, 1403, 1404, 1405,
1406, 1408, 1412, 1413, 1414, 1415, 1415, 1419, 1420, 1422,
1423, 1424, 1425, 1426, 1427, 1428, 1429, 1430, 1431, 1431,
1432, 1435, 1436, 1437, 1438, 1439, 1441, 1442, 1442, 1444,
1446, 1447, 1448, 1450, 1451, 1452, 1453, 1451, 1452, 1453,
1454, 1456, 1457, 1458, 1459, 1460, 1463, 1466, 1468, 1470,
1476, 1479, 1480, 1481, 1482, 1484, 1486, 1488, 1489, 1491,
1493, 1494, 1495, 1497, 1498, 1499, 1500, 1501, 1502, 1503,
1504, 1505, 1506, 1507, 1508, 1509, 1513, 1514, 1516, 1519,
1520, 1526, 1527, 1529, 1533, 1534, 1535, 1536, 1537, 1538,
1540, 1541, 1544, 1547, 1548, 1549, 1550, 1551, 1553, 1554,
1558, 1560, 1561, 1562, 1563, 1564, 1565, 1566, 1567, 1568,
1569, 1570, 1571, 1572, 1573, 1574, 1576, 1577, 1581, 1582,
1582, 1584, 1585, 1586, 1587, 1589, 1590, 1591, 1592, 1594,
1598, 1600, 1601, 1606, 1607, 1608, 1614, 1618, 1620, 1621,
1622, 1625, 1627, 1631, 1640, 1642, 1643, 1644, 1645, 1647,
1648, 1653, 1662, 1666, 1667, 1672, 1676, 1678, 1680, 1682,
1687, 1692, 1693, 1695, 1699, 1700, 1701, 1702, 1703, 1705,
1706, 1708, 1710, 1711, 1712, 1716, 1717, 1718, 1719, 1720,
1722, 1723, 1724, 1725, 1726, 1727, 1729, 1730, 1734, 1735,
1736, 1743, 1751, 1770, 1779, 1784, 1789, 1891, 1792, 1794,
1805, 1807, 1808, 1809, 1810, 1811, 1812, 1814, 1818, 1824,
1831, 1833, 1835, 1836, 1837, 1851, 1852, 1853, 1856, 1857,
1859, 1862, 1867, 1870, 1873, 1876, 1878, 1886, 1887, 1889,
1890, 1893, 1894, 1897, 1898, 1899, 1900, 1901, 1902, 1910,
1918, 1921, 1923, 1930, 1931, 1933, 1938, 1940, 1943, 1948,
1949, 1954, 1955, 1956, 1957, 1964, 1966, 1968, 1973, 1985,
1996, 1998, 2001, 2006, 2014, 2015, 2035, 2038, 2039, 2042,
2044, 2045, 2050, 2051, 2058, 2060, 2061, 2062, 2064, 2065,
2066, 2067, 2070, 2073, 2075, 2083, 2085, 2095, 2096, 2097,
2099, 2100, 2102, 2103, 2107, 2108, 2111, 2129, 2130, 2135,
2138, 2143, 2144, 2148, 2149, 2152, 2156, 2158, 2161, 2164,
2166, 2168, 2169, 2170, 2171, 2173, 2174, 2175, 2180, 2181,

2183, 2186, 2190, 2192, 2193, 2196, 2205, 2206, 2211, 2212, 2215, 2216, 2218, 2220, 2230, 2243, 2244, 2246, 2247, 2273, 2288, 2290, 2293, 2299, 2306, 2310, 2311, 2318, 2322, 2323, 2325, 237, 2328, 2332, 2333, 23389, 2340, 2344, 2348, 2349, 2351, 2353, 2354, 2355, 2356, 2357, 2362, 2363, 2365, 2366, 2367, 2368, 2369, 2370, 2373, 2374, 2375, 2376, 2377, 2378, 2380, 2381, 2385, 2386, 2393, 2396, 2398, 2399, 2401, 2402, 2404, 2406, 2407, 2408, 2410, 2411, 2412, 2413, 2415, 2418, 2420, 2422, 2425, 2432, 2434, 2439, 2441, 2442, 2444, 2445, 2446, 2447, 2449, 2453, 2458, 2459, 2462, 2465, 2466, 2470, 2474, 2478, 2479, 2480, 2481, 2482, 2483, 2484, 2485, 2493, 2494, 2496, 2497, 2508, 2510, 2512, 2515, 2517, 2521, 2522, 2523, 2525, 2529, 2530, 2532, 2539, 2543, 2551, 2554, 2555, 2559, 2563, 2567, 2568, 2571, 2572, 2473, 2575, 2576, 2577, 2580, 2581, 2582, 2583, 2584, 2585, 2586, 2587, 2588, 2589, 2591, 2593, 2597, 2598, 2599, 2603, 2604, 2605, 2606, 2607, 2609, 2610, 2612, 2618, 2619, 2621, 2622, 2624, 2625, 2626, 2628, 2629, 2641, 2643, 2646, 2652, 2656, 2662, 2671, 2677, 2694, 2700, 2706, 2708, 2709, 2710, 2718, 2719, 2721, 2722, 2723, 2725, 2726, 2728, 2729, 2730, 2731, 2732, 2733, 2734, 2735, 2738, 2742, 2744, 2745, 2747, 2748, 2753, 2755, 2758, 2761, 2763, 2769, 2770, 2772, 2775, 2776, 2778, 2779, 2786, 2787, 2788, 2789, 2792, 2793, 2796, 2799, 2803, 2804, 2805, 2807, 2808, 2810, 2811, 2813, 2814, 2816, 2818, 2822, 2829, 2830, 2834, 2839, 2840, 2842, 2848, 2851, 2856, 2864, 2871, 2874, 2878, 2883, 2884, 2885, 2894, 2895, 2896, 2905, 2910, 2912, 2923, 2924, 2931, 2932, 2937, 2938, 2942, 2943, 2949, 2953, 2957, 2963, 2964, 2966, 2967, 2980, 2981, 2982, 2984, 2985, 2988, 2990, 2999, 3003, 3007, 3010, 3015, 3016, 3017, 3021, 3022, 3024, 3025, 3027, 3036, 3037, 3041, 3043, 3048, 3055, 3057, 3059, 3061, 3070, 3074, 3075, 3079, 3080, 3081, 3085, 3088, 3089, 3091, 3094, 3096, 3098, 3099, 3101, 3102, 3107, 3108, 3115, 3120, 3122, 3124, 3126, 3133, 3137, 3139, 3140, 3141, 3152, 3157, 3159, 3162, 3166, 3167, 3168, 3170, 3171, 3176, 3184, 3193, 3196, 3203, 3205, 3208, 3209, 3210, 3212, 3213, 3218, 3219, 3220, 3222, 3223, 3225, 3228, 3242, 3247, 3248, 3250, 3253, 3255, 3257, 3260, 3261, 3262, 3265, 3267, 3268, 3271, 3274, 3275, 3276, 3278, 3281, 3286, 3287, 3288, 3292, 3297, 3300, 3301, 3314, 3315, 3321, 3354, 3360,

3363, 3366, 3370, 3371, 3377, 3378, 3382, 3387, 3389, 3396,
3403, 3404, 3405, 3408, 3410, 3411, 3412, 3420, 3422, 3426,
3427, 3431, 3432, 3438, 3441, 3443, 3447, 3449, 3450, 3452,
3462, 3463, 3467, 3468, 3469, 3470, 3473, 3476, 3477, 3479,
3480, 3481, 3484, 3485, 3486, 3487, 3489, 3494, 3499, 3505,
3615, 3616, 3519, 3520, 3521, 3522, 3523, 3524, 3526, 3527,
3528, 3529, 3530, 3531, 3532, 3533, 3534, 3535, 3536, 3537,
3538, 3539, 3542, 3543, 3545, 3547, 3549, 3550, 3551, 3554,
3557, 3559, 3565, 3566, 3568, 3570, 3573, 3574, 3575, 3577,
3582, 3583, 3586, 3587, 3588, 3589, 3591, 3592, 3595, 3596,
3597, 3598, 3599, 3601, 3602, 3603, 3604, 3605, 3606, 3607,
3608, 3609, 3610, 3611, 3612, 3613, 3614, 3615, 3617, 3618,
3619, 3620, 3621, 3622, 3623, 3624, 3625, 3626, 3628, 3630,
3631, 3634, 3635, 3636, 3637, 3638, 3639, 3640, 3641, 3642,
3643, 3644, 3647, 3648, 3649, 3651, 3652, 3655, 3656, 3658,
3659, 3660, 3664, 3665, 3667, 3669, 3672, 3674, 3676, 3679,
3681, 3683, 3684, 3688, 3691, 3692, 3694, 3695, 3696, 3698,
3699, 3700, 3701, 3702, 3703, 3704, 3708, 3710, 3714, 3716,
3719, 3720, 3724, 3725, 3727, 3728, 3729, 3730, 3733, 3734,
3735, 3736, 3737, 3738, 3742, 3743, 3747, 3754, 3766, 3771,
3772, 3773, 3775, 3778, 3779, 3785, 3788, 3793, 3798, 3800,
3806, 3812, 3813, 3816, 3822, 3828, 3835, 3845, 3846, 3848,
3849, 3850, 3863, 3864, 3865, 3866, 3867, 3868, 3869, 3870,
3873, 3874, 3876, 3878, 3879, 3880, 3881, 3883, 3885, 3886,
3887, 3889, 3890, 3891, 3893, 3895, 3896, 3898, 3900, 3901,
3902, 3903, 3904, 3906, 3907, 3912, 3913, 6919, 3921, 3923,
3931, 3933, 3934, 3935, 3938, 3941, 3943, 3944, 3945, 3946,
3951, 3955, 3956, 3957, 3958, 3959, 3961, 3962, 3963, 3966,
3967, 3972, 3977, 3979, 3982, 3983, 3985, 3994, 3995, 3999,
4000, 4001, 4005, 4007, 4011, 4012, 4013, 4017, 4022, 4023,
4025, 4027, 4029, 4032, 4033, 4036, 4044, 4045, 4046, 4052,
4054, 4055, 4059, 4063, 4069, 4070, 4074, 4077, 4079, 4082,
4084, 4085, 4090, 4091, 4095, 4096, 4097, 4100, 4101, 4102,
4107, 4110, 4111, 4112, 4113, 4114, 4115, 4116, 4118, 4119,
4121, 4123, 4131, 4132, 4133, 4135, 4136, 4141, 4142, 4149,
4150, 4156, 4157, 4159, 4160, 4161, 4163, 4164, 4167, 4168,
4169, 4170, 4171, 4173, 4176, 4178, 4185, 4187, 4189, 4190,
4194, 4198, 4200, 4201, 4206, 4212, 4213, 4217, 4220, 4221,
4226, 4227, 4228, 4231, 4234, 4239, 4244, 4245, 4246, 4248,

4250, 4251, 4259, 4263, 4264, 4270, 4272, 4278, 4279, 4281, 4285, 4286, 4288, 4289, 4290, 4293, 4295, 4297, 4298, 4303, 4304, 4306, 4307, 4308, 4309, 4319, 4320, 4322, 4324, 4325, 4326, 4327, 4329, 4330, 4335, 4338, 4339, 4342, 4346, 4349, 4360, 4364, 4365, 4366, 4369, 4370, 4371, 4372, 4373, 4383, 4385, 4387, 4390, 4391, 4392, 4393, 4395, 4398, 4400, 4402, 4403, 4409, 4410, 4413, 4417, 4428, 4432, 4441, 4442, 4445, 4447, 4448, 4452, 4455, 4459, 4461, 4462, 4463, 4466, 4467, 4470, 4474, 4476, 4477, 4478, 4491, 4492, 4493, 4494, 4495, 4496, 4497, 4498, 4500, 4501, 4502, 4503, 4504, 4506, 4509, 4510, 4511, 4512, 4513, 4514, 4515, 4516, 4518, 4521, 4530, 4531, 4532, 4539, 4540, 4542, 4543, 4544, 4545, 4555, 4559, 4560, 4562, 4567, 4568, 4572, 4573, 4574, 4575, 4576, 4577, 4578, 4579, 4587, 4600, 4605, 4606, 4607, 4609, 4610, 4612, 4614, 4616, 4619, 4620, 4621, 4622, 4624, 4625, 4627, 4628, 4629, 4630, 4632, 4635, 4636, 4640, 4641, 4643, 4652, 4653, 4659, 4660, 4661, 4665, 4666, 4668, 4670, 4672, 4676, 4677, 4678, 4679, 4682, 4683, 4686, 4687, 4689, 4690, 4691, 4699, 4701, 4702, 4704, 4708, 4711, 4712, 4716, 4717, 4721, 4731, 4733, 4734, 4735, 4736, 4737, 4745, 4749, 4750, 4751, 4752, 4753, 4755, 4756, 4757, 4758, 4761, 4764, 4766, 4768, 4770, 4771, 4772, 4773, 4774, 4775, 4776, 4781, 4782, 4783, 4785, 4786, 4787, 4788, 4792, 4793, 4794, 4795, 4796, 4797, 4798, 4799, 4806, 4809, 4814, 4815, 4818, 4820, 4821, 4822, 4824;

«Ташкент қазақтарының ауызша айтып жүрген мақал-мәтелдері» жинағынан алынған мақал-мәтелдер — 12, 36, 42, 44, 55, 83, 147, 169, 170, 172, 173, 182, 264, 265, 279, 286, 298, 303, 305, 308, 349, 409, 422, 431, 432, 433, 436, 448, 472, 476, 487, 488, 494, 514, 516, 551, 556, 578, 584, 596, 602, 603, 656, 680, 681, 686, 687, 711, 740, 752, 768, 775, 820, 823, 846, 852, 854, 855, 857, 864, 887, 937, 974, 1002, 1010, 1012, 1014, 1025, 1030, 1077, 1079, 1097, 1125, 1128, 1211, 1236, 1255, 1283, 1308, 1392, 1312, 1361, 1410, 1417, 1445, 1472, 1490, 1511, 1512, 1578, 1595, 1596, 1597, 1599, 1610, 1633, 1674, 1713, 1758, 1777, 1781, 1787, 1790, 1802, 1839, 1877, 1891, 1907, 1912, 1932, 1941, 1958, 1961, 1970, 2036, 2059, 2076, 2087, 2094, 2122, 2123, 2125, 2127, 2140, 2140, 2177, 2204, 2209, 2231, 2239, 2248, 2249, 2274, 2275, 2279, 2284, 2294, 2305, 2316, 2317, 2347, 2358, 2379, 2382, 2388, 2391, 2392, 2430,

2455, 2524, 2549, 2565, 2566, 2654, 2672, 2678, 2754, 2757,
2759, 2773, 2780, 2784, 2800, 2826, 2827, 2831, 2855, 2868,
2906, 2911, 2926, 2934, 2936, 2950, 2951, 2952, 2965, 2972,
2973, 2978, 2889, 2996, 3005, 3006, 3018, 3026, 3082, 3128,
3134, 3138, 3149, 3202, 3229, 3232, 3266, 3284, 3313, 3338,
3385, 3399, 3409, 3413, 3414, 3417, 3421, 3423, 3424, 3428,
3433, 3435, 3444, 3446, 3451, 3471, 3472, 3474, 3512, 3525,
3553, 3594, 3600, 3629, 3657, 3795, 3801, 3810, 3839, 3892,
3952, 3960, 4028, 4030, 4031, 4034, 4058, 4078, 4117, 4121,
4127, 4172, 4177, 4181, 4199, 4102, 4109, 4210, 4235, 4241,
4255, 4269, 4271, 4283, 4284, 4300, 4328, 4355, 4424, 4435,
4436, 4437, 4446, 4472, 4480, 4484, 4485, 4525, 4533, 4541,
4546, 4595, 4596, 4608, 4674, 4713, 4719, 4725, 4726, 4739,
4746, 4765, 4769, 4780, 4817.

Қ. Орынғали

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла еш нәрсеге мұқтаж емес, әр нәрсе Оған мұқтаж. Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»¹.

Исламдық сенім бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін жұмаққа, енді біреулерін тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сөждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал құлшылықтың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан құдіретті Алла түсірген қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Ақбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

¹ Құран Кәрім. 112-«Ықылас» сүресі.

Аяз би Жаманұлы (шамамен XII-XIII ғғ.) — қазақ халқының ежелден елге аты мәшһүр болған, аты аңызға айналып кеткен ақылгөй абыз, шешен, биі. Аяз бидің ғұмырнамасы жөнінде әртүрлі деректер бар. Кейбір деректер бойынша, Аяз би мен оның серігі Құмырсқа батырды Майқы би дәуірінде өмір сүрген дейді. Аяз би өзінің даналығы арқасында Мадан ханның бірнеше сынынан өтіп, оның уәзірі болады. Аяз бидің Құмырсқа деген әрі би, әрі батыр жан серігі болыпты. Ол екеуі көбінесе ел мен ел арасындағы елшілік, бітімгершілікпен айналысады. Сондықтан Майқы би халық тағдыры, ел жағдайы жөнінде олармен ақылдасып, ой-пікір алысып отырады.

Әзірейіл — Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періште есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла тағаланың өсіп тұрған ағашынан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Әзірет Әлі (ғ.с.) — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халиф. Әзірет Әлі — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли орасан, алып күш иесі. Фольклорлық туындыларда оның «зұлпықар», «қамқам», «самсам» деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс қиссаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Қайып хан, Ғайып Мұқамбет (17 ғасырдың ортасы-1719) — қазақ ханы, Қазақ хандығының Тәуке ханнан кейінгі билеушісі, кейбір зерттеушілердің пікірінше, Орта жүз ханы. Жәдік әулетінен шыққан. Оның хандық құрған кездегі ішкі

және сыртқы саяси қызметі туралы деректер тым аз. Қайып хан тұсындағы қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы өте шиеленісті болды. Оған шығыстан жоңғарлар, батыстан башқұрт пен қалмақ билеушілері үнемі қауіп төндіріп отырды. Қайып тұсында Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы саяси қарым-қатынастардың жандануы Жоңғарияға қарсы күресте екі жақты күш біріктіру мақсатына байланысты болды.

Ленин В.И. (1870-1924) — саясаткер, кеңес мемлекет және қайраткері, Кеңес үкіметінің негізін қалаушы. 1917 жылы 7 қарашада төңкерісті ұйымдастырып, Кеңес одағын құрды. 1917-1924 жж. Кеңес үкіметін басқарды.

Мұхаммед (с.а.с.) — ең соңғы пайғамбар, ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (с.а.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Әбділмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед (с.а.с.) 610 жылдары 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басын көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

СӨЗДІК

Абадан /п/ — 1. гүлденген бай жер; 2. бай, ауқатты; 3. қасқыр әуегінің көсемі бастаушысы

Адат /а/ — әдет

Ақжалау — малдың ауруы

Ақыреп, ақырап /к.с./ — қазан айының ескіше аты

Ақырет, ахирет /а/ — ақырет күні. Бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабыр азабын тартатын күні; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

Алуа /п/ — шырынды, тәтті тағам; халуа

Аулыққан /ж.с./ — асыққан

Аямейіз—наурыз айындағы бір жетілік уақытты «аямейіз алты күн, қаһарлы келсе қатты күн» деп атайды.

Әсет /п/ — 1. арыстан; 2. тамыз айы

Бадам /п/ — раушангүлділер тұқымдасына жататын ағаштың жемісі

Бәлек /ж.с./ — арбаға екі ат жегу үшін қолданылатын құрал

Бәракалла /а/ — бәрекелді

Бек /т/ — ел билеуші ресми тұлға

Гәп, кәп, кеп /п/ — сөз; әңгіме

Ғарық /а/ — бату, суға кету

Ғауға /п/ — айқай-шу

Дарақ—/ж.с./ ағаш

Жандарал /о/ — генерал

Жарамазан, (жарапазан) — ораза айында үй аралап, базарлық жинап жүріп айтатын салт өлең.

Жауза, зауза /а/ — мамыр айы

Жәркеленіштену /ж.с./ — жағымпаздану

Заһар /п/ — у

Зайығ /а/ — зая, бекер

Зият, зияд /а/ — артық

Зымыстан /п/ — 1. қыс; 2. адам төзгісіз, қатты

Кәл — бүркітті шақырғанда айтылатын ишарат сөз

Кепен /ж.с./ — қырман бастырғанда алатын аздаған астық

Қарамық — егістік жерлерде өсетін, бір жылдық арам шөп

Қауыр /ж.с./ — ию-қиу, қарбалас, абыр-сабыр

Құрысу /ж.с./ — кебу

Қырым — алыс жер, қия шет

Мала — жыртылған жердің топырағын майдалау үшін пайдаланылатын қарапайым құрал.

Мәнзүр /а/ — лайық

Мәрт /п/ — жомарт, қолы ашық

Мизам, мизан /а/ — ескіше ай атауы бойынша, 8-ай, яғни тамыз

Мүрит /а/ — ишпан, қазы сияқты дін жолындағы белгілі адамдардың көмекшісі, кейін солардың ізбасары

Наубет /а/ — апат, кесапат, ауыртпалық

Омаш /к.с./ — ерте заманда жер жыртуға пайдаланылған ағаш соқа.

Пахса /ж.с./ — пісірілген лай

Пәлек — қауын-қарбыз, асқабақ, қияр, төрізді өсімдіктер мен жеміс дақылдарының көлбей өскен өркені.

Пәтір /ж.с./ — жұқа нан

Пейіш /п/ — ұрмақ, жанат

Порт /о/ — кеме, пароход тоқтап, жүк тасып, жүк түсіретін айлақ.

Пөстек /ж.с./ — қой терісінен жасалған төсеніш

Пропал /о/ — жоғалды

Самиян — жер жырту кезінде өгіздің мойнына салынатын ағаш.

Сәурік — үйірге түсе қоймаған жас айғыр

Сүдігер — дөңді дақылдар егу үшін күзде жыртылған жер

Сүрме — кірпік, қасты бояйтын қынадан жасалған бояу

Сүрістіру /ж.с./ — жарыстыру

Такрар /а/ — қайталау

Там /ж.с./ — үй, жай

Тарат, таһарат /а/ — дәрет алу, жуыну

Тәуше — жеміс ағашының гүл ашып, жеміс салатын бүршігі;
түйін

Тәшпінш /ж.с./ — шатақ, дау, өкпе

Теберік, тәбәрік /а/ — көп жасаған адамның қазасына қаты-
сушыларға ырымдап берілетін зат

Уәлі /а/ — айтқаны келетін қасиетті, дуалы (ауыз)

Хата /а/ — қате

Шалпы /қырғ./ — ұрысқақ, бейпіл ауыз

Шаулі /ж.с./ — ас дайындауда қолданылатын ыдыс

Шоғыл — шоғырлану, топтану

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Астрахан (Аштархан) — Ресейдің облыс орталығы. Еділ өзенінің екі жағалауын ала Каспий теңізінен 150 км қашықтықта орналасқан. 3 ғасырда хазардың (Атель итиль, әтель) астанасы болып, Шыңғысхан ұрпақтары биледі. 1556 жылдан Ресей империясының қоластына көшті.

Бұхара (санскритше вихара — монастырь) — б. з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазірде Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Еділ — Еуропадағы ең үлкен өзен. Ұзындығы — 3530 шақырым. Еділ өзені бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды.

Қаратау — Жамбыл, Шымкент облыстарының аумағындағы ежелгі тау жоталары. Қазақтардың ұғымында Қаратау киелі жер ретінде саналған. Әсіресе аңыз әңгімелер мен эпостық жырларда Қаратау жиі аталады.

Қоқан — Шағатай ұлысы ыдырағаннан кейін және Ақсақ Темір үстемдігінен соң бұрынғы бір орталыққа шоғырланған өзбек елі бірнеше хандықтарға бөлініп кетеді. Олардың бастылары деп: Хиуа, Қоқан, Бұқар хандықтарын атауға болады.

Қоқан хандығы XIX ғ. ерекше күшейе бастайды да, маңайындағы елдердің мазасын алып, шапқыншылыққа ұшыратады. XIX ғ. екінші жартысына қарай қазақ жерінің оңтүстік өңірлері (Қазіргі Оңтүстік Қазақстанның Жамбыл, Алматы және Қызылорда облыстарының бір бөлегі) Қоқан хандығына бағынышты болады. Қоқан билеушілері қазақтардан түрлі салық және зекет жинап отырған.

Самарқан — Өзбекстанның Самарқанд облысының орталығы, қала. Заравшан өзенінің аңғарында орналасқан. 1868 жылы патша әскерлері басып алды да, Ресей империясының құрамына енді. 1924-1930 жылдары Өзбек ССР-ның астанасы, 1938 жылдан облыс орталығы. Самарқандта тарихи ескерткіштер өте көп: Шаһи Зинда, Бибі ханым мешіті, Регистан т.б.

Түркістан — Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, Сырдарияның оң аңғарында орналасқан. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы тойланды. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шавгар (арабша Шавагар) мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан «Ясы» деп аталған. Қожа Ахмет Иасауи ғимараты салынғаннан кейін түркілердің діни орталығына айналды.

Хиуа — Өзбекстанның Хорезм облысындағы қала, Амудария өзенінің сол жағалауында. Хиуа туралы деректер X ғасырдағы араб географтарының шығармаларында кездеседі. Хиуа хандығы — XVI ғасырдың бас кезінен XX ғасырдың басына дейін Орта Азияда өмір сүрген феодалдық мемлекет.

Шам — Сирияны арабтар осылай атаған. Теңеу ретінде «шәріп» сөзі қосылып, көбінесе «Шам шәріп» делінген. «Шәріп» /а/ — құрметті, қадірлі, жоғары мәртебелі деген мағынаны білдіреді.

ТОМҒА ЕНГЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ЖИНАУШЫЛАР ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТ

Адамбаев Балтабай (1909-1996) — белгілі фольклортанушы — ғалым, халық әдебиеті мұраларын жинаушы. Филология ғылымының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1945-1996 жылдары аралығында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба, фольклортану бөлімдерінде қызмет істеді. Қазақстанның барлық аймақтарына ұйымдастырылған ғылыми-фольклорлық экспедицияларға қатысып, Ресей, Өзбекстан, Татарстан мұрағаттарындағы халық мұралары үлгілерін жинады. Шешендік сөздер, тарихи аңыздар, мақал-мәтелдер жанрлары бойынша қазақ фольклортануына арналған ондаған кітаптары жарық көрді. Ғалымның ӘӨИ қолжазба қорына (Ш.1016) тапсырған материалдарында С.-Петербургтағы И.Н.Березин архивіндегі, Ә.А.Диваевтың 1924 жылы жарық көрген «Тарту» жинағындағы мақал-мәтелдер сақталған.

Арғынбай Ж., Шәмеш З., Ақтышқан Ү., Қалел Н. — Моңғол Халық Республикасында жарық көрген «Ана тілі» оқулықтарының авторлары. Оқулық Баян-Өлгий аймағында тұратын қазақ мектебі оқушыларына арналған. Онда елдік, ерлік, өнер-білім, ақыл, денсаулық, достық, ынтымақ, адамдық, еңбек, бірлік, төрт түлік мал т.б. тақырыппен мақал-мәтелдер берілген.

Балғымбаев Ғабдолғали Балғымбайұлы (1866-1942) — белгілі қоғам қайраткері, ағартушы, зерттеуші, жазушы. Қазақтың тұңғыш ағартушысы Ы.Алтынсариннен білім алған шәкірті әрі оның ағартушылық қызметін жалғастырушы. 1886 жылы Орск мұғалімдер мектебін бітірген соң, Ы.Алтынсариннің қамқорлығымен Қарабұтақ, Қостанай

және Ақтөбе уезіндегі орыс-қазақ мектептерінің мұғалімі, мектеп меңгерушісі қызметтерін атқарды. Торғай халық училищелерінің инспекторы М.П.Рогинскийдің «Қырғыз ауылдық мектептеріне арналған әліппе» атты оқулығын (1905) жазуға көмектесті. Халық ақыны Сейіт-Ахметтің әдеби мұраларын жинап, баспадан шығаруға атсалысты. XX ғасыр басында белгілі ағартушы, жерлесі Ахмет Байтұрсынұлымен жақын қарым-қатынаста болып, ол ұйымдастырған «Қазақ» газетіндегі мақалаларды орысшадан қазақшаға және қазақшадан орысшаға аудару жұмыстарына қатысты. 1920 жылдан өмірінің соңына дейін республикалық Орталық музейде, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалында ғылыми-ағартушылық жауапты қызметтер істеген. Ағартушы А.Васильевтің ғылыми көмекшілерінің бірі. Артында ғылыми-шығармашылық мол мұра қалдырған.

Баржақсин Ахмет (Баржақсы баласы, Баржақсы ұлы) (1894-1935) — қоғам қайраткері, ағартушы, аудармашы. Атбасардағы орыс-қазақ мектебін, Омбы мұғалімдер семинариясын (1918), Омбы ауыл шаруашылық институтын (1922), Мәскеу Әдебиет институтын (1926) бітірген. XX ғасыр басында Омбыда «Бірлік» жастар ұйымын құруға қатысқан. «Тройцкыйшіл» деген айыппен екі рет Батыс Сібірге жер аударылған. Жазасын өтеп келген соң Омбы институтында оқытушы болып жүрген кезінде қайта айыпталып, 1935 жылы сталиндік саяси репрессияның құрбаны болды. Ол 1913-1914 жж. қазақтың 1710 мақал-мәтелін жинап, оларды 1915 жылы қазақ және орыс тілдерінде «Мың бір мақал» деген атпен жарыққа шығарды. Мәскеуде «Мың бір мақал» (1923) атты мақалдар жинағы жарық көрді. Әдеби, ғылыми мұралары сталиндік саяси қуғын-сүргін жылдары тәркіленіп, оқуға тыйым салынды.

Березин Илья Николаевич (1818-1896) — көрнекті орыс шығыстанушы ғалымы. Ғылыми жұмыстары түркі, моңғол халықтарының тарихы мен мәдениетіне, философия, тілтану және археология саласына арналған. «Русский Энциклопедический словарь» атты 16 томдық басылым (1873-1882) шығарды. И.Н.Березин Шыңғыс хан құрған Моңғол империясы мен Алтын Орда тарихына арналған «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» деген топтамамен Әбілғазы Баһадүрхан, Рашид ад-Дин, Шейбани хан, Қадыр Әли Жа-

лайыр еңбектерін бастырды. Рашид ад-Диннің «Жами атауарих» атты еңбегін орыс тілінде жариялады. Үш томдық «Түрік хрестоматиясы» атты іргелі еңбегіне Қазтуған жырау Сүйініш ұлының шығармасы, «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жыры, «Нұрату мен Мақтым», «Ахмет» деген қазақ ертегілері енген. Омбы кадет корпусының оқытушысы Н.Ф.Костылецкийдің қазақ даласының жазып алған Қозы Көрпеш дастанын және Тоқтамыс пен Мамай туралы аңызды орыс тіліне аударды. Ғалым мұрағатында қазақтың «Қамбар батыр» жырының бір нұсқасы сақталған. Ол Н. Костылецкий арқылы қазақ ғалымы Ш.Ш. Уәлихановпен байланыс жасады.

Будагов Лазар Захарьевич (т.ж.б. –1878) — шығыстанушы, филолог. Армян ұлтының өкілі. Астрахань гимназиясында, Москва, Қазан университеттерінде оқыды. Тифлис гимназиясында 3 жыл мұғалімдік қызметте парсы және татар тілдерінен дәріс оқыды. Ұзақ жылғы ғылыми ізденістері нәтижесінде екі томдық «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» атты түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігін (СПб., 1869-1871) жариялады. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының зиялы өкілдерімен жақын араласып, қызметтес болды.

Васильев Александр Васильевич (1861-1943) — Ресей ғалым-ағартушысы, шығыстанушы, түркітанушы. Араб және бірқатар түркі тілдерін жетік меңгерген. 1887-1894 жж. А.Васильевтің ұйымдастыруымен отыздан астам орыс-қазақ мектептері, алты орыс мектебі, үш уездік училище және қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлайтын педагогикалық кластар ашылды. Ол Н.Ильминский мен Ы.Алтынсариннің орыс әліпби негізіндегі жасаған қазақ әліпбиін одан әрі жетілдіру жұмысымен айналысты. Жеке мұрағатында сақталған көптеген қолжазбаларын 1935-1936 жылдары Қазақстанның Ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институтының қорына тапсырды. Қозы Көрпеш, Бозжігіт, Базай батыр т.б. туралы халық мұраларын жинап бастырды. Қазақ тарихына байланысты «Шыңғыс хан мен Темірлан тарихы» атты тарихи шығарманы шағатайшадан (*шәжірті Ғабдолғали Балғымбаевпен бірге*) орысшаға аударды, Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» кітабының (I бөлімі) 3-басылымын

(1913) дайындап, баспадан шығарды. Ол оқу-ағарту саласында жаңа толқын жастарды тәрбиелеуге үлкен үлес қосты.

Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы (1856-1932) — башқұрт халқынан шыққан көрнекті этнограф, фольклортанушы. Ресей империясындағы белгілі оқу орны Орынбор Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген соң, 1876 жылдан Түркістан өлкесіне әскери қызметке жіберіліп, бүкіл өмірін Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген түркі, мұсылман халықтары тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнады. Ташкент қаласында әскери-халықтық басқармада, Орта Азия университетінде, қазақ ағартушылары құрған «Талап» ғылыми зерттеу қоғамында қызмет етті. «Бекет батыр» жырын, эпостық жырларды, ертегілер, балалар фольклоры, шешендік сөздер үлгілерін жинап, «Этнографиялық материалдар. Сырдария облысы қазақтары» деген сериямен Ташкент, Қазан, Орынбор, Астрахан қалаларындағы мерзімдік баспасөзде, ғылыми қоғамдардың басылымдарында жариялады. Қазақтардың ежелгі наным-сенімдері, күнтізбесі, астрономия туралы халық ұғымдарын, аңыз-әңгімелерін т.б. жинады.

Крафт Иван Иванович (1859-1914) — патшалық Ресейдің мемлекет және қоғам қайраткері, шығыстанушы, қазақ азаматтық және құқық тарихын зерттеуші, жазушы. Айдаудағы бұрынғы поляк дворяны отбасында туған. Буряттар арасында тәрбиеленгендіктен, олардың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетін, әсіресе бурят тілін жақсы біліп өскен. Археологиялық институттың екі жылдық курсы бітірген. «Тургайская газета» мерзімдік басылымының редакторы қызметінде қазақ халқының тарихы мен этнографиясына, құқық тарихына қатысты материалдар жариялады.

Қабидаш (Қабидолда) Қалиасқарұлы (19...) — белгілі фольклортанушы, Моңғолия қазақтарының әдебиеті тарихын зерттеуші ғалым. Филология ғылымының докторы, профессор. Моңғолиядағы жоғары оқу орындарында ғылыми-оқытушылық қызметпен айналысты. Моңғолиядағы қазақтардың халық әдебиеті мұраларын жинастырып, «Халық жырлары» деген әдеби жинақ пен «Халық ақындары» деген хрестоматиялық жинақтар құрастырды. Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңінде Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ақыт Үлімжіұлы сынды өмірбаяны өлкемен байланысты ірі тұлғалар мен Ақтан

Бабиұлы сияқты әдебиет өкілдері мұраларын зерттеуге үлкен үлес қосты. Соңғы жылдары «Моңғолиядағы қазақ әдебиеті» атты бес томдық зерттеу-топтамасын жарыққа шығарды.

Қаратаев Арон Бейсәліұлы (шамамен 1870-1930 жж.) — әскери қызметкер, қазақтың халық мұраларын жинаушы. Бұрынғы Орал облысы, Жымпиты өңірінде туған. Кіші жүздің сұлтаны Қаратайдың ұрпағы, көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері, сұлтан Бақытжан Қаратаевтың (1860-1933) туған інісі. Сұлтан Арон Қаратаев патшалық Ресей тұсында әскери білім алған, жоғары әскери қызмет атқарған зиялы азаматтың бірі. 1911-1913 жылдары Астраханда, кейін Орал қаласында шығып тұрған алғашқы қазақ мерзімді басылымдарының бірі «Қазақстан» газетіне құқықтық, материалдық қамқорлық көрсетіп тұрды. С.А.Қаратаев — ағартушы А.Васильевтің ғылыми көмекшілерінің бірі.

Мелиоранский Платон Михайлович (1868-1906) — орыс шығыстанушысы, түркітанушы ғалым. С.-Петербург университетінің шығыстану факультетінің араб-парсы-түрік-татар тілдері бөлімін (1891) бітірген соң, түрік-татар тілдері кафедрасында оқытушы болды. 1894 жылдан бастап, шығыс тілдерінен дәріс оқыды. Ол атақты түркітанушы В.В.Радловтан түркі тілдері бойынша жеке сабақ алды. Негізгі еңбектері түркі сөздерінің тарихы мен грамматикасына арналған. Ғалым ХІХ ғасырдың соңында қазақтар арасына келіп, қазақтың тілі мен мәдениетімен тікелей танысады. Осы кезеңде Орск қаласы маңындағы қазақтар арасында болып, олардан мақал-мәтелдер жазып алады. Оларға көлемді алғысөз жазып, ғылыми журналда жариялайды. П.Мелиоранскийдің Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріне және қазақ тіліне қатысты бірқатар еңбектері бар.

Меңдіханов Ишанғали (1872-1919) — қоғам қайраткері, қазақтың алғашқы драматургтерінің бірі. Әкесі Меңдіхан 1888 жылдары белгілі күйші Сейтек Оразалиевпен бірге қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікке қарсы шығып, патша әкімшілігінің бұйрығымен заңсыз Сібірге жер аударылды. Ишанғали Орынбор мұғалімдер семинариясын бітірген соң, Ақтөбе уезінде мұғалім болды. ХХ ғасырдың 10-жылдарынан бастап оның «Малдыбай», «Үйшік-Үйшік», «Байғұстар», «Тамырлар», «Кедейдің күні» атты пьесалары Ордада, кейіннен

Қызылордада, Ташкент, Орынбор, Орал, Семей театрларында жергілікті халық театрлары сахнасында қойылды. Кезінде ұлы жазушы, академик М.О.Әуезов И.Меңдіхановтың өмірі мен драмалық шығармашылығына көңіл аударып, оның жиналуына ат салысқаны белгілі. И.Меңдіханов ағартушы А.Васильевтің ғылыми көмекшілерінің бірі.

Сарыбатыров Бөлебай (шамамен 1860-1930 жж.) — ағартушы-мұғалім, халық әдебиеті үлгілерін жинаушы. Ы.Алтынсариннің алғашқы шәкірттерінің бірі, Ырғыз қаласының алғашқы мұғалімі. Ол бұрынғы Торғай облысында (қазіргі Ақтөбе облысы аумағында) туып өскен. Торғай облысындағы Красноуфимск училищесінің ауылшаруашылық бөлімін, одан соң 1892 жылы Орск мұғалімдер мектебін бітіріп, Ырғыз қаласындағы екі кластық орыс-қазақ училищесінде мұғалім болды. Өз үйінен мектеп ашып, елді сауаттандыруға жол ашты. Б.Сарыбатыров ағартушы А.Васильевтің ғылыми көмекшілерінің бірі.

Саттаров Қыдырәлі (1937 туған) — белгілі фольклортанушы, ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы. Филология ғылымының докторы, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің, Түркістандағы Қазақ-түрік халықаралық университетінің профессоры. Халық мұраларын жинау үшін ғылыми-практикалық фольклорлық экспедициялар ұйымдастырып, Өзбекстан, Қарақалпақстан аймағында тұратын қазақтардың мәдени мұраларын, Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі халық мұраларын жинады.

Терентьев Михаил Африканович (1837-190..) — орыс әскери қайраткері (генерал-майор), шығыстанушы. Николай патша атындағы әскери академияның бас штабы курсын, Азиялық істер департаменті жанындағы шығыс тілдері оқу бөлімін және Әскери-заң академиясын бітірген. М.Терентьев қазақ әдебиеті тарихына қатысты «Грамматика турецких, персидских, киргизских и узбекских языков» және «Хрестоматия турецких, персидских, киргизских и узбекских языков» атты еңбектер жазды. Өз заманындағы алдыңғы қатарлы қазақтан шыққан зиялылармен араласты. Томға М. Терентьевтің «Грамматика турецких, персидских, киргизских и узбекских языков» атты кітабы бойынша материалдары пайдаланылды.

Шорманов Сәдуақас (XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. басы) — қоғам қайраткері, халық мұраларын жинаушы. Қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы аумағында өмір сүрген. Атасы — қазақтың белгілі қайраткері Шорман би, әкесі — Баянауыл округінің аға сұлтаны, полковник Мұса Шорманов. Өз заманында мұсылманша-қазақша, орысша оқу оқып, білім алған зиялы азамат. Ел ішіндегі халық әндері мен күй сауықтарын, айтыс, алтыбақан, саятшылық, аңшылық сияқты дәстүрлі мәдениеттің түрлерін қолдап, насихаттауға атсалысқан. Ол қазақтың ескі сөздерін, қазақ ақындарының өлеңдерін жинастырып, оларды кітап етіп басып шығаруға тапсырған. Оған Абайдың, М.Ж.Көпеевтің, Арыстан Тобылбайұлының т.б. шығармалары енді. Ш. Уәлихановтың портреті жөнінде Г.Н.Потанинге жазған хаттары сақталған. С.Шормановтың Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жинастырып, орыс ғалымы П.М.Мелиоранскийге жібергені жөнінде деректер бар. С.Мұсаұлының бір қолжазбасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы. 1907 жылы Қазанда «Аушы» деген кітабы жарық көрді.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дөп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/ж.с./ — жергілікті сөз

/к.с./ — көнерген сөз

/қырғ./ — қырғыз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен Қазан төңкерісіне дейін шыққан кітаптар

1. *Адамбаев Б.* тапсырған мұралар // ӘӨИ қолжазба қоры. Бума № 1016.
2. *Васильев А.* Пословицы, записанные со слов киргизов Тургайской области (На киргизском и русском языке). — Оренбург, 1892.
3. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. Книга первая / Составил *Михаил Терентьев*. — С.-Петербург, 1875.
4. *Диваев А.* Киргизские пословицы // ҚР Орталық ғылыми кітапханасы сирек кітаптар мен қолжазба қоры.
5. *Крафт И. И.* Из киргизской старины. — Оренбург, 1900.
6. *Крафт И. И.* Судебная часть в Туркестанском крае и степных областей. — Оренбург, 1898.
7. Мақалдар // *Н. И. Березиннің* архиві. Петербург. Шығыс секторы, опись 1, 2 (267-135), 1849-1852.
8. *П. Мелиоранский.* Киргизские загадки и пословицы // Записки Восточного отделения Императорского Русского археологического общества. Том VII. 1892 г. — СПб., типография императорской Академии наук, 1893 г.
9. Пословицы, записанные со слов киргиз Тургайской области. На киргизском и русском языке / Составитель — *А. Васильев*. — Орынбор, 1892.
10. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, с применением употребительнейших слов арабских и персидских с переводом на русский язык / Составил *Л. Буда-*

гов. Том I. — С.-Петербург: типография императорской Академии. 1869 г. Том II, 1870-1871 гг.

***Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық
жинақтар, сөздіктер***

1. *Адамбаев Б.* Мақал-мәтелдердің тұрақтылық сипаты // Қаз ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1975. №1. 65 б.

2. *Адамбаев Б.* Халық даналығы. — Алматы: «Мектеп», 1969.

3. *Айтбаев Ө.* Мақал-мәтелдердің жазуымыз бен сөйлеуіміздегі қызметі // Сөз өнері. — Алматы, 1978.

4. *Ақмуқанова Б.* Қазақтың мақал-мәтелдері. — Алматы, 1950.

5. Ақылдың кені / Құрастырған *Қ. Жарықбаев.* — Алматы: «Қазақстан», 1991.

6. Ақылдың көзі. Мақал-мәтелдер / Ел аузынан жинап, құрастырған, алғы сөз, түсініктерін жазған филология ғылымының кандидаты — *Қыдырәлі Саттаров.* — Алматы: «Жазушы», 1990.

7. Ана тілі. 2-класс. — Өлгий, 1986.

8. Ана тілі. 4-класс. — Өлгий, 1991.

9. *Атабай Б. А. Л. З.* Будагов және қазақ тілі. — Алматы: «Қазақ университеті», 2001.

10. *Әлімбаев М.* Өрнекті сөз — ортақ қазына. — Алматы: «Қазақстан», 1967.

11. *Әуезов. М. О.* Эпос и фольклор казахского народа // Мысли разных лет. — Алма-Ата, 1961.

12. *Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч. в пяти томах. Т.3. — Алматы, 1964.

13. *Диваев Ө.* Қазақ мақалдары. — Ташкент, 1927.

14. *Диваев Ө.* Тарту. — Ташкент, 1924.

15. Қазақ мақал-мәтелдері / Жинап, құрастырған *Ө. Турманжанов.* — Алматы: «ҚМКӘБ», 1957.

16. Қазақ мақал-мәтелдері / Жинап, құрастырған *Ө. Турманжанов.* — Алматы: «Жазушы», 1980.

17. Қазақ мақал-мәтелдері / Құрастырған, алғы сөзін және түсініктерін жазған *Б. Адамбаев.* — Алматы: «Ғылым», 1996.

18. *Қайдаров Ә., Тұрабаева Ғ.* Қазақ мақал-мәтелдерінің авторлық-стильдік инварианттары жайында // ҚазССР ҒА хабарлары. «Тіл мен әдебиет» сериясы. — Алматы, 1962.

19. *Қашқари М.* Түбі бір түркі тілі. — Алматы: «Ана тілі», 1993.

20. *М. Әлімбаев.* Мақал-мәтелдер және аударма // «Жалын», 1972. №1.

21. Мақал-мәтелдер. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. — Алматы: «Ғылым», 1996.

22. Мақал-мәтелдер / Құрастырған: *О. Құспанғалиұлы.* — Алматы: «Рауан», 1997.

23. Моңғолиядағы қазақ әдебиеті. 5-том / Өзірлеген — *Қ. Қалиасқарұлы.* — Өлгий, 1995.

24. Мың бір мақал. — Москва, 1923.

25. *Нұрышев С. Н.* Қазақтың мақалдарының даму тарихынан. — Алматы, 1959.

26. *Саттаров Қ.* Ташкент қазақтарының ауызша айтып жүрген мақал-мәтелдері. Хрестоматия. — Ташкент, 2000.

27. Сөз атасы. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер. (V-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары бойынша құрастырған жинақ) / Көне түркі тілдерінен аударып, баспаға дайындаған *Ә. Құрышжанов.* — Алматы: Жазушы, 1987.

28. *Сүйіншәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. — Алматы, 1967.

29. *Төреқұлов Н.* Қанатты сөздер. — Алматы: «Жазушы», 1977.

30. Турецко-русский словарь. — Москва: «Русский язык медиа», 2005.

31. *Тұрманжанов Ә.* Қазақ мақал-мәтелдері. — Алматы, 1935.

32. *Хайдар Ә.* Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). — Алматы: «Толғанай Т», 2004.

33. Арабско-русский словарь / Составитель *Х. К. Баранов.* — Москва, 1968.

34. Древнетюркский словарь. — Ленинград: «Наука», 1969.

35. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.

36. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Құрастырғандар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: «Дайк-Пресс», 2001.

37. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / Құрастырған: *І.К. Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.

38. Персидско-русский словарь / Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — Москва, 1970.

39. Татарско-русский словарь. — Москва: «Советская энциклопедия», 1966.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова продолжает работу по подготовке к изданию стотомного научного издания Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі» («Слова предков»), выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»). На сегодняшний день изданы тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов религиозно-нравственного содержания и одиннадцать томов дастанов романического (любовного) содержания, одиннадцать томов исторических поэм, двадцать томов героического эпоса, один том загадок, а также три тома пословиц и поговорок (65, 66, 67 тома) рекомендованы к печати, настоящий том (четвертый) продолжает публикацию пословиц и поговорок.

Об идейно-тематических и жанровых особенностях пословиц и поговорок было изложено в первоначальном томе (65). В этот том вошли пословицы и поговорки по изданиям У.Турманжанова, а второй по счету том представлен пословицами и поговорками древнетюркских памятников до средневековья, собранных А.Курышжановым, а также собранные во второй половине XIX и начале XX века Ч.Ч.Валихановым, М.Бабажановым, И.Алтынсариним, А.Диваевым, М.Ишмухамедовым, М.Искаковым и русскими исследователями В.В.Катаринским, Н.Н.Пантусовым, А.В.Васильевым и др. В третий том вошли пословицы и поговорки казахов, проживающих в Китайской Народной Республике.

В предлагаемый четвертый по жанру том «Бабалар сөзі» (68) войдут образцы народных пословиц и поговорок с середины XIX века до конца XX века, собранные Л.З.Будаговым, И.Н.Березиним, М.А.Терентьевым, П.М.Мелиоранским,

И.И.Крафтом, А.В.Васильевым, А.А.Диваевым, а также С.Шормановым, З.Ташкенди, Г.Жанибековым и А.Баржаксиным, вышедшие в свет в период с 1869 по 1923 гг., хранящиеся в редких фондах республиканских библиотек и музеев. При подготовке тома мы опирались на библиографические указатели известных фольклористов-библиографов, исследователей А.Е.Алекторова, А.Н.Харузина и др. Таким образом, мы полагаем, что высвечена еще одна малоизвестная сторона в систематизации и публикации народного достояния.

Начинается том с материала из опубликованного издания «Сравнительного словаря турецко-татарских наречий» (I, II тт.), выпущенного в 1869-1871 гг. в С.-Петербурге тюркологом Л.Будаговым, и завершается пословицами и поговорками современной казахской диаспоры в Монголии и Узбекистане.

Материалы взяты из старинных рукописей, словарей, учебников, хрестоматий, научных отчетов, материалов научных экспедиций и зарубежных изданий, а также вышедших в последние годы сборников по фольклористике.

В томе использованы материалы русских исследователей И.Н.Березина, П.М.Мелиоранского, М.А.Терентьева, И.И.Крафта, А.В.Васильева и наших соотечественников Г.Балгинбаева, Б.Сарыбатырова, И.Мендыханова. Учтены и использованы литературные сборники Садвакаса Шорманова «Аушы» (1907), Гумара Жанибекова «Жұмбақ уа мақаллар» (1908), Зарифа Ташкенди «Шопан ата» (1909).

В предыдущие тома включены материалы из сборника А.Васильева «Пословицы, записанные со слов казахов Тургайской области» (1892), в этот том впервые вошли около 480 пословиц и поговорок, хранящиеся в редком фонде Центральной научной библиотеки РК, и ранее не опубликованные рукописи «Из собрания А.Васильева». Если в 66 томе были представлены пословицы и поговорки, собранные и опубликованные А.Диваевым в 1927 году в сборнике «В.В.Бартольд. Туркестанские друзья, ученики и почитатели», то этот том дополнен собранными им пословицами из сборника «Тарту», изданного в Ташкенте (1924).

Часть материала, представленная в томе, была записана кириллицей и опубликована на русском языке. Эти пословицы и поговорки собирались А.Е.Алекторовым, Н.Ф.Катановым,

Н.Остроумовым, И.М.Ибрагимовым и М.Бекимовым и публиковались в таких периодических изданиях как: «Туркестанские ведомости», «Киргизская степная газета», «Оренбургский край», «Оренбургский листок», «Астраханский вестник», «Этнографическое обозрение», «Правительственный вестник», «Самарские губернские ведомости», «Тургайская газета», «Туркестанский курьер», а также в официальных изданиях «Ежегодник Туркестанского края», «Памятная книжка Тургайской области», «Судебная часть в Туркестанском крае и степных областях» и др.

Впервые после первого издания с начала XX века использован труд Ахмета Баржаксина «Мың бір мақал» («Тысяча и одна пословица»), который, к сожалению, не опубликован отдельным изданием.

Том снабжен научным приложением, которое включает в себя: научный комментарий о публикуемых текстах в томе, данные о собирателях и издателях, справки о топонимических, исторических и религиозных терминах, список использованной литературы, а также резюме на русском, английском языках.

Объем тома — 25 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art continues the work on preparation for publication of the one hundred volume scientific publication of Collection of Kazakh folklore «Babalar sozi» («Words of ancestors») performed in the frame of the State Program «Madeni Mura» («Cultural Heritage»). At present thirteen volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious and moral dastans, eleven volumes of dastans with romantic (love) content, eleven volumes of historical poems, twenty volumes of heroic epic, one volume of riddles and three volumes of proverbs and sayings (volumes 65, 66, 67) are recommended for publishing and this is the fourth volume which continues the publication of proverbs and sayings.

The initial volume (65) includes the ideological-thematic and genre features of proverbs and sayings. This volume includes proverbs and sayings taken from the editions of U. Turmanzhanov and the second volume is represented by proverbs and sayings from the ancient monuments to the middle ages collected by A. Kuryshzhanov and collected in the second half of the XIXth century and beginning of XXth century by C.C. Valikhanov, M. Babazhanov, I. Altynsarin, A. Divaev, M. Ishmukhamedov, M. Iskakov and Russian researchers V.V. Katarinsky, N. Pantusov, A.V. Vasiliev and others. The third volume includes proverbs and sayings of the Kazakh people who live in People's Republic of China.

The proposed volume «Babalar sozi» (68) which is the fourth according to the genre will include patterns of folk sayings and proverbs from the middle of XIX century to the end of XX century, collected by L.Z. Budagov, I. Berezin, M.A. Terentiev, P.M. Melioransky, I.I. Kraft, A.V. Vasiliev, A.A. Divaev and

S. Shormanov, Z. Tashkendi, G. Zhanibekov and A. Barzhaksin which were published in the period from 1869 to 1923, stored in the rare foundations of the Republic libraries and museums. In preparing the volume we relied on the bibliographic references of the famous folklorists-bibliographers and researchers such as A.E. Alektorov, A.N. Haruzin and others. So, we believe that one of the unknown aspects of collection and publication of national value has been highlighted.

The volume begins with material from publication «Comparative Dictionary of the Turkish-Tatar Dialects» (I, II vol.) released in 1869-71 in St. Petersburg by Turkic studies specialist L. Budagov and it is concluded with proverbs and sayings of the Kazakh Diaspora in Mongolia and Uzbekistan.

Materials are taken from ancient manuscripts, dictionaries, textbooks, reading books, research reports, materials of scientific expeditions and foreign publications as well as works on folklore studies published in recent years.

The volume includes materials of Russian researchers such as I.N.Berezin, P. Melioransky, M.A. Terentyev, I. I.Kraft, A.V.Vasiliev and our compatriots G. Balginbaev, B. Sarybatyrov, I. Mendy Khanov. The literary collections of Sadvakass Shormanov «Aushy» (1907), Gumar Zhanibekov «Zhumbak ua makaldar» (1908, «Riddles and proverbs»), Zarif Tashkendi «Shopan ata» (1909) were used and taken into consideration.

The previous volumes include texts from the collection of A.Vassiliev «Proverbs, recorded from the words of Kazakh man in Turgay region» (1893) and this volume includes about 480 proverbs and sayings that are stored in a rare fund of the Central Scientific Library of the Republic of Kazakhstan and manuscripts which haven't been previously published from the so-called «From the collection of A.Vassiliev». So, the 66th volume includes proverbs and sayings, collected and published by A. Divaev in 1927 in the book «Kyrgyz proverbs» and this volume is added by proverbs collected by him from the book «Tartu» published in Tashkent (1924).

Part of the materials presented in the volume were written in Cyrillic and published simultaneously in Russian. These proverbs and sayings were collected by A.E. Alektorov, N.F. Katanov, N. Ostroumov, I.M. Ibragimov and M. Bekimov and published

in such periodicals as: «Turkestan Gazette», «Kirghiz Steppe Gazeta», «Orenburg Region», «Leaflet of Orenburg», «Astrakhan Herald», «Ethnographic Review», «Official Gazette», «Samara Provincial News», «Turgay Gazeta», «Turkestan Courier», as well as in official publications «Yearbook of Turkestan area», «Notebook of Turgay region», «The Trial in Turkestan area and steppe areas», etc.

For the first time since the release of the first edition, from the beginning of the XXth century the work of Akhmet Barzhaksin «Myn bir makal» («Thousand and one saying») was used, which unfortunately was not published as a separate publication.

The volume has a scientific annex which includes: a scientific comment on the published texts of the volume, data on collectors and publishers, information on toponymic names, historical and religious terms, list of used literature and summaries in Russian and English.

Size of the volume — 25 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер

Мақал-мәтелдер 11

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме 349

Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 372

Сөздік 375

Жер-су атаулары 378

Томға енген мақал-мәтелдерді жинаушылар
жөнінде мәлімет 380

Шартты қысқартулар 387

Пайдаланылған әдебиеттер 388

Резюме 392

Summary 395

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

68 том

КАЗАХСКИЕ ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*
Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*
Техникалық редакторы: *Ә. Заманбек*
Компьютерге терген: *М. М. Меңлібаева*
Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы
ИБ № 2503

Теруге 14.02.11 жіберілді. Басуға 05.04.11 қол қойылды. Пішіні 60x90^{1/16}.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 25,0. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №256.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-292-199-1



9 786012 921991